"КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»

"Рухани жаңғыру" қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында өткізілетін Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.
29 қараша, 2018

I Том

«ФИНАНСОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА ПРИКАСПИЙСКИХ ГОСУДАРСТВ»

материалы Международной научно-практической конференции проводимой в рамках Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру»
29 ноября, 2018

Том I

"FINANCIAL, ECONOMIC AND LEGAL ASPECTS OF INTERNATIONAL COOPERATION OF THE CASPIAN STATES»

materials of International scientific-practical conference held in the framework of the Program of modernization of public consciousness "Spiritual revival".
November 29, 2018

Tom I

АКТАУ 2018

"КАСПИЙ МАҢЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»

"Рухани жаңғыру" қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында өткізілетін Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.

29 қараша, 2018

I Том

«ФИНАНСОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА ПРИКАСПИЙСКИХ ГОСУДАРСТВ»

материалы Международной научно-практической конференции проводимой в рамках Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру»

29 ноября, 2018

Том I

"FINANCIAL, ECONOMIC AND LEGAL ASPECTS OF INTERNATIONAL COOPERATION OF THE CASPIAN STATES»

materials of International scientific-practical conference held in the framework of the Program of modernization of public consciousness "Spiritual revival".

November 29, 2018

Tom I

Актау

УДК 339.5
ББК 65.428
К 21

Под общей редакцией ректора Yessenov University
Б.Б. Ахметова

Редакционная коллегия:
Б.С. Саубетова, А.И. Омарова, Д.Д. Абдешов, Р.О.Сутбаева (отв. секретарь сборника)

К 21 **"Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық ынтымақтастығының қаржы-экономикалық және құқықтық аспектілері»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары=**«Финансово-экономические и правовые аспекты международного сотрудничества прикаспийских государств»** материалы Международной научно-практической конференции=**"Financial, economic and legal aspects of international cooperation of the Caspian States»** materials of the International scientific-practical conference-Актау: КГУТИ им. Ш. Есенова, 2018, том I -411 с.-Казахский, русский, английский.

ISBN 978-601-261-149-6

"Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық ынтымақтастығының қаржы-экономикалық және құқықтық аспектілері" атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында ғылыми зерттеулер, ғылым мен білім беруде инновациялық технологияларды дамыту мен пайдаланудың практикалық нәтижелері қарастырылады, "Рухани жаңғыру" ұлттық бағдарламасын іске асыру мәселелері, сондай-ақ Каспий маңы мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы өзекті мәселелер, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту бағыттары бойынша мәселелер талқыланады, интеграциялық процестерді құқықтық реттеу, логистика, энергияның қолжетімді түрлерін іздестіру мүмкіндіктері.

В сборнике материалов Международной научно-практической конференции **«Финансово-экономические и правовые аспекты международного сотрудничества Прикаспийских государств»** рассматриваются научные исследования, практические результаты развития и использования инновационных технологий в науке и образовании, обсуждаются вопросы дальнейшей реализации национальной программы «Рухани жаңғыру», а также вопросы по актуальным проблемам в области социально-экономического развития Прикаспийских государств, перспектив развития торгово-экономического сотрудничества, правового регулирования интеграционных процессов, логистики, возможностей изыскания доступных видов энергии.

УДК 339.5
ББК 65.428

© Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, 2018

ISBN 978-601-261-149-6

ӘОЖ 37.037

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ұлықманова А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ,
Ақтау қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада жас ұрпақтың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру проблемалары туралы баяндалады. Демек, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан гуманизм мен патриотизм сияқты биік адами қасиеттер, ізгілік пен әдептілік, байсалдылық пен сыпайылық, оң пиғыл мен ақ ниеттілік, шыншылдық пен әділеттілік, қайырымдылық пен адамсүйгіштік және т.б. сияқты қарым-қатынас мәдениеті мен мінез-құлық мәнері көрініс табады.

Түйінді сөздер: этнос, ұлтаралық, қарым–қатынас мәдениет, толеранттылық, тұрақтылық, ынтымақтастық, ұлтшылдық, төзбеушілік, ұлттық ар-намыс, менталитет, жалпыадамзаттық.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті дәрісін барша қазақстандықтар тыңдады деуге болады [1]. Елбасы аталмыш мақалаларында тәуелсіздік жылдары мен бейбіт кезеңдегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта түрленуіне толыққанды талдау жасаған болатын. Сондай-ақ, Президенттің қазақстандық табысқа қол жеткізудің үш Түйіндіі туралы ережені қарастыра келе, оны терең тұрғыдан мазмұндауында да үлкен теориялық және практикалық мән жатыр. Бұл, біріншіден, 135 этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы, яғни ұлтаралық қарым–қатынас мәдениетті реттеу болса, екіншісі – толеранттылық болса, ал үшіншісі – тарихи тағдырлардың қауымдастығы еді.

Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI-сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған еді [1]. Сол себепті, ұлтаралық қатынастарды жетілдірудің өзекті мәселелерінің бірі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оған тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Ұлтаралық қатынастардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани аспектілерінен бөлек, жалпы қарым-қатынас мәдениетінсіз және, әсіресе, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінсіз ұлтаралық қатынастарды салауаттандыру мүмкін емес.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттық шынайы дүниедегі пікірлер мен көзқарастардың әралуандығы жағдайындағы білімдер, дүниетанымдар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, сезімдер, т.б. күрделі жүйесінің бай қорын қамтиды.

Демек, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан гуманизм мен патриотизм сияқты биік адами қасиеттер, ізгілік пен әдептілік, байсалдылық пен

сыпайылық, оң пиғыл мен ақ ниеттілік, шыншылдық пен әділеттілік, қайырымдылық пен адамсүйгіштік және т.б. сияқты қарым-қатынас мәдениеті мен мінез-құлық мәнері көрініс табады.

Яғни, осының барлығы берілген мәселенің таңдап алынуын бірқатар ой-пайымдар шарттастырғанын айғақтайды, олар: біріншіден, көпұлтты қоғамымыздағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің теориялық және тәжірибелік аспектілерін тұжырымдаудың маңыздылығы; екіншіден, «ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті» сияқты күрделі категорияны саясаттанулық-тұжырымдамалық талдаудың күрделілігі; үшіншіден, әрбір адамның саналы іс-әрекеті ретіндегі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ережелерін бекіту талабы; төртіншіден, қоғамның саяси-рухани өмірінің, оның мәдениетінің, соның ішінде, адами қатынастар мәдениетінің табиғи құрамдас бөлшегі ретіндегі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және бекіту процесін ашу қажеттігі; бесіншіден, «қоғамдық тұрақтылық пен ынтымақтастық», «ұлтшылдық пен шовинизм көріністеріне төзбеушілік», «ұлттық ар-намысты құрметтеу», «мінез-құлық мәдениеті», «халықтардың өзара түсіністігі», «толеранттық және ұлтаралық келісім» сияқты ұғымдардың ажырағысыздығын көрсетуге ұмтылыс; алтыншыдан, ұлттық қатынастардағы ұлттық пен жалпыадамзаттықты үйлестіруде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің қызметі мен орнының маңыздылығын ашу қажеттігі туындайды.

Белгілі ғалым Р.Б.Әбсаттаровтың дұрыс атап көрсеткеніндей, «Бұл мәселені барынша толыққанды зерттеу үшін ұлттық даму және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті тұжырымдамасын жасаудың зор маңызы бар. Бұндай тұжырымдама Қазақстан халықтарының дамуы мен бірлесуінің жаңа сапаларын ашуға жағдай туғызып, сонымен бірге, олардың сана-сезімінің өсуіне септігін тигізер еді». Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті көпұлтты қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттықты үйлестірудің маңызды шарты болып табылады. Яғни, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті біздің өмір салтымыздың барлық қырларымен тығыз байланысты.

Жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін, патриоттық сезімін қалыптастыру жөнінде ғалымдар мен саясаттанушылар Р.Б.Әбсаттаров, Л.Н.Коган, Т.С.Сәрсенбаев, Ғ.Е.Есім, Д.К.Кішібеков, Г.Р.Нұрымбетова және т.б. өздерінің еңбектерінде қарастырады [2,3].

Жас ұрпақты толеранттылыққа, ұлтаралық татулыққа, ұтаралық қарым-қатынасқа тәрбиелеу мәселелері гуманитарлық ғылымдар жүйесінде М.Қозыбаев, А.Айталы, Ә.Кекілбаев, Р.Әбсаттаров, С.Борбасов, С.Піралиев, С.Ұзақбаева, Е.Жұматаева т.б. ғалымдар өз еңбектерінде зерттеген болатын [4,5].

ҚР Президентінің 2002 жылғы 26-сәуірдегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы және ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында ұлтаралық және патриоттық тәрбие беру жүйесін нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойында жоғары ұлттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен Конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеуді, білім жүйесінің ұлттық үлгісін тиімді дамытуды көздейді.

Біздің пікірімізше, «ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы – бұл әрбір халықтың мәдениеті, тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрлеріне деген саналы сый-құрметі, интеллектуалды күш-қайратымен өзінің ғана емес, сондай-ақ, басқа да халықтардың мәдени, рухани құндылықтарын тануға ұмтылысы, ұлттық сезімге, ар-намысқа деген сыйластықты қатынасы, өзге ұлт адамдарына деген ізгі ниет, жоғары мәдениет пен сый-құрметі. Жалпы қарым-қатынас мәдениетінің сыпайылық, әдептілік сияқты кішігірім талаптарын бұзушылық, басқа ұлт адамдарына дөрекілік, немқұрайлылық,

рақымсыздық танытушылық ұлтаралық қарым-қатынасқа ұлтшілік қарым-қатынасқа қарағанда, зор моральдық кесірін тигізеді.

Жалпықазақстандық менталитет, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерді ескере отыра, ұлттың интелектуалды, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңарту үшін жағдай жасалуда. ҚР Конституциясы, бала құқықтары туралы Конвенция ережелері іске асырылуда, халықаралық заңнама ескерілген, оқыту және тәрбие мәселелерін реттейтін: «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы» заң шығару құжаттары үнемі жетілдірілуде, «Саламатты Қазақстан» мемелекеттік денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы қабылданды. «Атамекен», «Балбөбек», «Дәстүр», «Гражданин», «Кәусар бұлақ», «Люби и знай свой край» және тағы басқа адамгершілік идеалдарды тәрбиелеуге, патриот-адам азаматтық көзқарасын, ұлттық қарым қатынас мәдениетін қалыптастыруға, ұлттық мәдениетке, әлемдік құндылықтарға бағдарланған бағдарламалар табысты іске асырылуда.

Соған жастарды демократиялық, азаматтық қоғамның бар мәнісі халықтар достығы және жалпыадамзаттық үйлесімділік пен ынтымақтастық негізінде ұлттық рухани дамуға, ұлттық мәдениеттер мен тілдер бостандығына, әрбір ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне тәрбиелеуге бағытталады.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мәдени жағдайды үшке бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, бұл барлық ұлттық рухани бастауларды біріктіретін дүниежүзілік мәдениет; екіншіден, елімізде тұратын әр түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің ынтымақтастығы негізінде бұнда туындайтын жалпықазақстандық мәдениет; үшіншіден, еліміздің байырғы халқының ұлттық мәдениеті. Осыған орай, оқушы жастарды қалыптасқан мәдени ахуал бірде-бір мәдениет жеке, шектеулі әлемде тіршілік ете алмайтынын, бірде-бір ұлт тек бір ғана өзінің мәдениетінің күш-қарымымен өмір сүріп, дами алмайтындығын түсіндіруіміз қажет.

Оқушы жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда білім беру ұйымдарында тәрбиенің басым бағыттарын атап көрсетуге болады.

Ұлтаралық қарым–қатынас мәдениетіне тәрбиелеу Отанымыздың тағдыры үшін жауапты, елді бейбіт және әскери жағдайда қорғауға жауапты Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын; әр оқушыда өмірге, қоғамның дамуына, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін түсінуге ықпал ететін белсенді азаматтық позициясын; қазақстандық демократиялық қоғамда азаматтық құқықтар мен міндеттердің тұтас кешенін белсенді, жауапкершілікпен және тиімді іске асыруға жауапты даярлық пен қабілеттіліктің жиынтығын, өз білімі мен білігін практикада саналы қолдануды қалыптастыруы және дамытуы тиіс.

Олар келесі мақсаттарда көзделеді:

- ұлтаралық татулық, толеранттылық, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениет, адам құқықтары, демократия негіздері салаларына жаңа педагогикалық технологиялар енгізу;
- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мен құқықтық тәрбие бағдарламаларын енгізу;
- оқушы жастарға ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын, әлеуметтік, психологиялық көмек қызметінің (консультациялық орталықтар) желісін кеңейту;
- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыра отырып, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы, қадағалаусыздығы мен панасыздығының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу;
- ұлтаралық татулық, ұлттық мүдде мен қарым-қатынасты қалыптастыратын Конституция сабақтарын, құқық сабақтарын, құқықтық білім берудің тақырыптық

онкүндіктерін, «Оқушы жастардың ұлтаралық татулығы мен қарым-қатынасын қалыптастыру» дебат апталықтарын өткізу;

- білім беру ұйымдарында оқушы жастарға мемлекеттік және қоғам қайраткерлері, мемлекеттік басқару органдары өкілдері, Қазақстан Республикасы парламенті депутаттары, соғыс және еңбек ардагерлерінің және т.б. қатысуымен кездесулер, «дөңгелек үстелдер», конференциялар, интернет-форумдар ұйымдастыру;

- білім беру ұйымдарында оқушыларға ұлтаралық қарым-қатынасты қалыптастыру бағытындағы балалар мен жастар бірлестіктерін, жас заңгерлер клубтары, жас жол қозғалысы инспекторлары, оқушылар арасында ұлтаралық татулықты қамтамаыз ететін кеңестер қызметін дамыту;

- ұлтаралық қарым-қатынас саласында қоғамдық ұйымдардың тәрбиелік ресурстарын қолдану.

Демек, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мен рухани-адамгершілік тәрбие тұлғаның жан-жақты даму жүйесінің жетекші компоненті ретінде адамгершілік сана, адамгершілік идеалдар, адамгершілік және этикалық құндылықтар, нормалар, адамгершілік сезімдер мен қасиеттер: гумандық, ар, парыз, жолдастық, қайырым, ұят, принциптіліктің қалыптасуын, ұлтаралық келісім, татулық, толеранттылық, діни құндылықтарды игеруді, адамгершілікті жауапты қоғам мүшесінің қалыптасуын, оқушыларды ана тіліне, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне, ынтымақтастық, ұлттық келісім, басқа ұлттардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу және сыйлау рухында тәрбиелеу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам, «Егеменді Қазақстан», 2012ж. 10 шілде, 3б.

2. Сарсенбаев Т.С. Культура межнационального общения. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 72с.

3. Піралиев С.Ж. Жаһандану үдерісіндегі жастарға ұлттық тәрбие берудің рөлі Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты. Монография. – Семей: Семей пед-қ институты,1995.–180 б.

4. Нұрымбетова Г.Р. Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің өзекті мәселелері // Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – Алматы: 2010. - № 3(31). – 32-35 бб.

ӘОЖ 371.32

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Егенисова А.Қ., Теңізбаева С., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мәселелері сөз қозғалад. Құзіреттілік, құзірет ұғымдарына сипаттама беріліп, осы мәселені зерттеген ғалымдардың еңбегіне тоқталады. Құзыреттілік түрлері: интеллектуалдық, азаматтық-құқықтық, коммуникативтік, ақпараттық, мәдениеттанымдық т.б. түрлеріне сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: құзырет, құзыреттілік, интеллектуалдық, азаматтық-құқықтық, коммуникативтік, ақпараттық, бағдарлы құзіреттілік, мәдениеттанымдылық

құзіреттілік, оқу-танымдық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [1].

Ел президентінің жолдауында көрсетілгендей қазіргі шәкірттеріміз ертеңгі күн әлем кеңістігіне еркін ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып және әлемдік білім берудің кеңістігіне бағыт алып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу қолға алынуда.

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ҚР 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында орта білім беру жүйесінде оқытудың 12 жылдық білім беруге көшуі іске асырылады, ол он жыл ішіндегі жалпыға міндетті білім беруді және екі жыл ішінде бейінді білім беруді қарастырады. Бұл ретте оқу бағдарламаларының мазмұны өмірде және мамандықта аса қажетті құзіреттіліктерді дамытуға бағытталатын болады деп көрсетті [1].

12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты – әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірге белсене қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындау. Бұл Елбасы Жолдауы талаптарымен ұштасады және жаңа саты маманын даярлайтын оқу орындарының міндетін айқындайды. Осыған сәйкес жаңа формация маманының басты міндеті- өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсендіруге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл болу [2].

Жалпы алғанда, «Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан:

Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім кабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы [3].

Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар.

«Құзырет» және «құзыреттілік» адамның тіршілік қызметінің басқа салаларында да кеңінен қолданылып жүр және олар кәсіби іс-әрекеттің жоғары сапасын көрсетеді.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары алдағы уақытта оқушылардың мәдениеттанымдық іс-әрекетінің күрделі құрылымын бейнелеп, білім беру мазмұнының өзін дамытуға жаңаша сипат беруі мүмкін.

Біз «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын нақты мазмұнмен толықтыру арқылы білім беруді, оның ішінде оқушының білімділігін жаңаша сипатта жандандыруға мүмкіндік береді деп есептейміз [3].

Жалпы құзыреттіліктің мәні, кәсіби құзыреттілік және оның жіктелуі мәселелерін Г.Селевко, Л.А.Петровская, Т.Е.Исаева, А.В.Хуторской, Н.В.Кузьмина, И.Я. Лернер, В.Я. Ляудис, А.К. Маркова,Г.Ж.Менлибекова, Б.Т.Кенжебеков, Ш.Таубаева және т.б. өз еңбектерінде қарастырады.

Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзыреттілік мәселесі саласында М.Ж.Жадринаның, Д.П.Мучкиннің, А.Арғымбаеваның, К.Л.Кабдолова мен Г.У.Кунакованың, Р.Дәулетованың еңбектерін атауға болады[3].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталатын Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «... осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту, сонымен қатар білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез-келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қызметке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Әр-бір білімгердің алдында тұрған мақсаты - әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу жөніндегі нақты қадамдарға өз үлесін қосу, қоғамымыздың жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңа сапалық қарым-қатынастарды бойына сіңіре отырып, нарықтық қатынастар жағдайында жемісті қызмет ету, мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілік қадір-қасиетері бар, өмірге деген жеке дүниетанымдық көзқарасы бар, рухани дүниесі бай, жалпы білімі мен кәсіби біліктілігі жоғары, әрі жан-жақты жетілген, кәсіби жағынан білімдар және құзыретті маман болу.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екенін анықтай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Осы мақсатта ғалымдар (А.В.Хуторской т.б.) негізгі құзыреттілік түрлерін былайша анықтайды: интеллектуалдық, азаматтық-құқықтық, коммуникативтік, ақпараттық, мәдениеттанымдық т.б.[4]

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

– бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

– мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

– оқу-танымдық құзыреттілік – білім алушының дербес танымдық іс-әрекет арнасындағы құзыреттіліктер жиынтығы: білім мен мақсаткерлік, жоспарлау, талдау, оқу-танымдық әрекетті өзіндік бағалау. Білім алушы жаңа шығармашылық әрекет дағдыларын меңгереді: нақты жағдайда іс-әрекет тәсілдерін біледі, мәселені шешуде эвристикалық әдістерді қолданады. Бұл құзыреттілік аумағында білім алушының

сауаттылық талаптары анықталады: шындықты, фактіні анықтай білу, өлшеу дағдыларын игеру, статистикалық, мүмкіндік және басқа таным тәсілдерін білуі;

– коммуникативтік құзыреттілік – тілдерді білу, айналасындағы адамдармен сөйлесу, топта жұмыс істей білу дағдысы, түрлі әлуметтік рольдерді меңгеруі. Білім алушы өзін таныстыра білуі, хат жазу, сауалнама толтыру, өтініш жазу, сұрақ қою, пікірталасқа қатыса білуі т.б. керек;

– ақпараттық құзыреттілік – білім алушының оқу пәніндегі және білім алу шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысаналар (теледидар, үнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, таспа, электрондық почта, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді;

– әлеуметтік-қызмет құзырлылығы – азаматтық-қоғамдық әрекет шеңберіндегі (азамат, бақылаушы, сайлаушы, өкіл т.б. рөлін орындау), әлеуметтік-қызмет аумағында (тұтынушы, сатып алушы, өндіруші), отбасы қатынастары мен міндеттері көлемінде, экономика және құқық сұрақтарында, кәсіби бағдар бойынша білімдері мен тәжірибелерін меңгеруін көрсетеді;

– жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзырлылығы – білім алушының дене, рухани және интеллектуалдық өзіндік дамуы, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруге бағытталады. Білім алушы өз қызығушылығы мен мүмкіндіктері арқылы өзіндік танымын, қазіргі кезеңдегі қажетті жеке тұлғалық қасиеттерін дамытып, психологиялық сауаттылығын, ойлау мәдениеті мен мінез-құлық мәдениетін меңгереді. Сондай-ақ бұл құзыреттілік қа жеке бас гигиенасы, өз денсаулығы мен экологиялық мәдениет кіреді;

– ұлттық құндылықтарға негізделген мәдени құзыреттілік – жалпы адамзаттық мәдениет, ұлттық мәдениет аймағындағы адамның іс-әрекет тәжірибесі, адамзат қоғамы мен жеке халықтардың, адам өмірінің рухани-адамгершілік түсінігінің болуы. Оған адам өміріндегі ғылым мен діннің ролі, әлеуметтік құбылыстар мен дәстүрлер, отбасы мәдениеті, олардың қоршаған әлемге әсері, білім алушының оны игеруі мен мәдени тұтастықты сезінуі.

Мәдени құзыреттіліктің құрамы төмендегідей: құзыреттіліктің көп қырлылығы: барлық көріністерінің біртұтастығын сақтай отырып түрлі мекемелерде байқалуы; әлеуметтігі: жоғары дәрежедегі мәдени құзыреттілігінің тұлғалық сипаты(әріптестері мен жолдастары ортасындағы беделі), сонымен бірге қоғамдық ортадағы мәні; реттеушілігі: тұлғаның өзін - өзі реттеуі мен өзін - өзі тануына мәдени құзыреттіліктің ықпалы; дарашылдық: шығармашылық даралыққа қалыптастыруды жүзеге асыру; үздіксіздік: субъектінің өзін дамытуға үнемі қажетсінуін және үздіксіз білім алуға тұлғалық ұмтылысы. Біз мәдени құзыреттілікті үнемі қозғалыстағы әрі ашық жүйе деп қарастырып отырғандықтан, үздіксіздік бұл жүйенің ең маңызды құрамы.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл білім, білік, дағдының жаңаша жай ғана жиынтығы емес, сонымен бірге ол білім алушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық

үдеріске енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

«Құзыреттілік», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады: білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады. Дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет. Біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Қазіргі кезеңдегі мұғалімнің міндеті – оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп білім алушының жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.ҚРПрезидентінің 2010 жылғы 7желтоқсандағы №1118ж.

2. 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы ГОСО РК 2.003.1 - 2008

3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критериі // 2008. 30- 32 б. «Ғасыр мектебі» // 2009. №5 26-29 б.

4. Хуторской В.А.Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003. 58-94-б

ӘОЖ 159.99

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИЯНАЛЬДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ЗЕРТТЕУ

Егенисова А.Қ., Серикбаева А.К. Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Мақалада студенттердің эмоционалды интеллектінің теориялық аспектілері қарастырылады. «Эмоциялық интеллект» ұғымының мәні, дамуы, оның құрамдас бөліктері мен құрамдас бөліктері, сондай-ақ студенттердің эмоциялық интеллектін дамыту мүмкіндіктері талданады.

Түйінді сөздер: эмоциональды интеллект, эмоция, эмоционалдық компонент, даму, студент, мінез-құлық, компонент, зерттеу

Қазіргі кезде кәсіптік білім беру студенттердің жоғары ұтқырлығын дамытуға, әлеммен бірдей байланыс орнатуға, үнемі өзгеретін еңбек жағдайына тез бейімделуге, жауапты шешімдер қабылдауға және түрлі жағдайларда мінез-құлықты өзін-өзі реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған. Эмоциялық интеллектіні адамның өзіндік эмоцияларын және эмоцияларын түсінуді және реттелуді қамтамасыз ететін когнитивті, мінез-құлықты және эмоционалды қасиеттер жиынтығын қоса алғанда, эмоциялық интеллектіні дамытуға үлкен мән беріледі.

Қазіргі әлемде әртүрлі білім беру мекемелеріне қойылатын талаптар, сапалы мамандар даярлау мен білімді қалыптастыру деңгейі тез өзгеріп отырады. Қазіргі өмірде жоғары бағаланған эмоционалдық ақыл. Жоғары білім беру жүйесі студенттердің рухани, моральдық және кәсіби мағынада қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Кәсіби қызметінің адамдармен өзара әрекеттесуіне байланысты студенттерді дайындау үдерісінде эмоционалды интеллект ерекше маңызды болып табылады. Сол

себепті студенттердің эмоционалды интеллект проблемасы ғалымдардың, оқытушылардың, психологтар және басқа зерттеушілердің жеткілікті дәрежеде қызығушылығын тудырады.

И.Н. Андрееваның эмоционалдық ақыл-кеңестің келесі анықтамасы берілген: «... бұл адам өмірінің эмоционалдық саласын тиімді түсіну қабілеті (айналаңыздағы адамдардың эмоцияларын түсініп, қарым-қатынастар мен мотивацияға байланысты мәселелерді шешу үшін эмоцияларды қолданыңыз)» [1].Адамның эмоциялық ақыл-ойы - бұл өте мультифакторлық құндылық. Ол адамның әлеуметтік әлеуетін, оның жеке қасиеттерін және мамандықтағы табысты айқындайды . «Эмоциялық интеллект» ұғымы 1990 жылы P. Saloway және J. Meyer тарабынан енгізілген, осыған бастап көптеген ғалымдар басқаша түсіндіреді. D. Mayer және P. Salovey «эмоциялық интеллект» түсінігін эмоциялардың мағынасын тани білу және проблемаларды шешу жолдарын және олардың шешімдерін анықтау үшін осы білімді қолдану мүмкіндігін анықтайды.P. Salovey, J.Meyer және D. Caruso анықтамасына сәйкес, эмоционалдық интеллект өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын (қабілеті моделін) түсіну мен түсінуге көмектесетін ойлау қабілеттерінің тобына жатады [2].

«Эмоциялық интеллект» ұғымы сонымен қатар мінез-құлқың, жеке қасиеттеріңізді және айналаңыздағы адамдардың ішкі жағдайларын, сондай-ақ өзіңізді (Калинина Т. В) дұрыс қабылдау және түсіну қабілетінен тұратын «перцептивтік құзыреттілік» тұжырымдамасымен тығыз байланысты [3].

Люсин Д. В. бұл тұрғыда «интеллектуалдық эмоционалдылық» ұғымын пайдаланып, оны «сыртқы әлеммен үйлесімде қажеттіліктер мен тілектерді қанағаттандыруға, сондай-ақ жеке және әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ойлар, сезімдер мен әрекеттердің үйлесімді тіркесімі» деп түсіндіреді [4].

Көптеген ғалымдар бұл мәселені әртүрлі аспектілерде зерттеді. Біздің ойымызша, ең маңызды үлес келесі ғалымдар: Першина А.В., Соловьева А.В. (эмоционалды құзыреттілік теориялары), Р.Бар-Он («эмоционалдылық коэффициенті»), С.Л. Рубинштейн Л.С. Выготского жататын идеяны дамытты интеллектуалды үдерістер (интеллектуалды үдеріс эмоциялардың қатысуынсыз мүмкін емес) және А. Н Леонтьев (эмоционалды реттеу ойлау) [5]

Біз өзімізді «эмоциялы.қ интеллект» өзін-өзі тану және эмоционалдық мінез-құлық жиынтығы ақпараттандыруға, өзгелердің эмоцияларын және басқа эмоцияларын түсінуге, сондай-ақ жеке дамуына және тұлғааралық қарым-қатынастарына әсер ететін ұлттық қасиеттер.

Эмоциялық интеллект туралы зерттеулерді талдау оның дамуының алғышарттарын қалыптастыруға мүмкіндік берді:

– биологиялық (эмоционалды қабілеттіліктің мұрагерлік қабілеті, ойлау түрі және т.б.);

– әлеуметтік (өзін-өзі ақпараттылықты дамыту дәрежесі, эмоционалды түрде жақсы қарым-қатынас, гендерлік сипаттамалар, эмоциялық білім және дағдылар және т.б.).

Майер мен Саловей эмоциялық интеллекттің төрт компонентін анықтады:

– эмоцияларды қабылдау басқа адамдардың эмоцияларын тану, сондай-ақ өздерін анықтау.

– ойлауды ынталандыру үшін эмоцияларды қолдану адамның ойлау процесін бейсаналық түрде белсендіру қабілеті, эмоцияны мотиватор ретінде пайдалану арқылы өз шығармашылық қабілеттерін ояту.

– эмоцияларды түсіну эмоцияның пайда болу себебін анықтауға, эмоциялар мен ойлар арасындағы қарым-қатынасты анықтауға, эмоциялардың уақыттың пайда болуын болжауға мүмкіндік береді.

– эмоцияларды басқару - сіздің эмоцияларыңызды және басқа адамдарды басқаруға қабілетті, оларды белгілі бір мақсаттарға жетуге бағыттау.

Эмоциялық интеллекттің алғышарттарын, сондай-ақ гуманитарлық білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін талдауға негізделген эмоционалдық интеллект құрылымын, оның ішінде келесі құрамдас бөліктерді қарастыра аламыз:

– танымдық компонент - өзін-өзі бағалау; эмоционалдық өзін-өзі тану; эмоциялық қасиеттер туралы хабардар болу; рефлексия.

– эмоционалдық компонент - басқа адамдардың эмоцияларын тану, эмоционалдық тұрақтылық, жетістікке жету үшін ынталандыру, сондай-ақ эмоционалды жауап беру.

– мінез-құлық компоненті - сіздің эмоцияларыңызды басқаруға, байланыстарды сақтауға және қарым-қатынас жасау қабілетіне ие болу; әртүрлі жағдайларда түрлі адамдармен ортақ тіл табуға қабілеттілік.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, эмоциялық интеллекттің төмен деңгейі білімді қабылдаудағы қиындықта, сондай-ақ жеке қарым-қатынаста оқшауланға әкелуі мүмкін, әрі бұл адамның социализациясының бұрмалануына әсер етуі мүмкін. Студенттің жоғары сапалы ақыл-ой түйіндерінің қалыптасуына сыртқы әлеммен және құрдастармен эмоционалды түсті өзара әрекеттесу арқылы ғана қол жеткізіледі. Студенттердің эмоционалдық интеллектін дамыту белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, тренингтер өткізу арқылы жүзеге асырылады. Эмоциялық интеллекттің дамуы бойынша тренинг «ауызша», ауызша және ауызша емес, сезімнің толық көрінісін ынталандыруға бағытталуы мүмкін; бұрын репрессияланған және бұрмаланған тәжірибені тану; сенсорлық объектілерді саралау және тану. Тренингтің мақсаты – бұрыннан зерттелмеген тәжірибелерді (жеке өсуді оқыту) игеру, өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту, рефлексия, жеңіл түрде студентке әсер ету және эмпатия (дағдыларды үйрету) арқылы өзін-өзі тануды қайта құру.

Оқу барысында эмоциялық интеллект когнитивті және эмоционалдық деңгейде ұжыммен тікелей өзара әрекеттесу кезінде проблеманы ұжымдық талқылау арқылы дамыды. Эмоциялық интеллектінії дамытудың тағы бір тиімді тәсілі – ойын, арт-терапия, психо-гимнастика, мінез-құлық терапиясы, талқылау әдісі, модельдеу, рөлдерді ойнау, кері байланыс, демонстрациялар, дизайн және басқалар. Осылайша, эмоциялық интеллект – хабардарлықты, өз сезімдерін түсінуді және өзгелердің эмоцияларын түсінуге, сондай-ақ жеке даму мен тұлғааралық қарым-қатынасқа ықпал ететін мінез-құлық танымдық және эмоционалды қасиеттер жиынтығын қамтитын кешенді білім. Эмоциялық интеллекттің құрылымы белсенді оқыту әдістерін қолданып топтық сабақтарда қалыптасатын танымдық, эмоционалды және мінез-құлық құрамдастарынан тұрады.

Қорыта келе, эмоциялық интеллект оқу орнында студенттерге өздерінің психикалық жай-күйімен байланыс орнатуға көмектеседі, эмоциялар мен мінез-құлықты саналы түрде реттеуге, негізгі идеяны, олардың қызметінің мағынасын түсінуге көмектеседі. Оны таныстырудың ерекшеліктері оқытушының әр адамға жеке көзқараста, студенттердің жеке және психофизиологиялық ерекшеліктеріне негізделуі керек. Бұл студенттерге шығармашылық қабілеттерін арттыруға және олардың шығармашылық әлеуетін кәсіби оқыту үдерісінде ең жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. – Новополоцк: Полоцкий государственный университет, 2011. – 388 с.

2. Мэйера, П. Сэловея, Д. Карузо «Эмоциональный интеллект» (MSCEIT v. 2.0): Руководство. – М.: Институт психологии РАН, 2010 г. – 174 с.

3. Калинина Т. В. Инновационный подход к профессиональной подготовке педагогов-психологов в условиях модернизации профессионального образования/ Модернизация системы профессионального образования на основе регулируемого эволюционирования: Материалы VВсероссийской научно-практической конференции: – Челябинск: Изд-во Образование», 2006. – С. 179–188.

4. Люсин Д. В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова. М.: Институт психологии РАН, 2004. 260 с. С. 29–36.

5. Першина А. В., Соловьева А. В. К проблеме изучения эмоционального интеллекта студентов // Молодой ученый. – 2016. –№4. – С. 703-704. – URL https://moluch.ru/archive/108/26201/ (дата обращения: 25.11.2018).

ӘОЖ 376.22

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ

Лыконова А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Мақалада инклюзивті білім беру яғни, мүгедек және дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: инклюзивті оқыту, мүмкіндігі шектеулі бала, әлеуметтендіру, дефектолог, логопед.

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту және балалардың оқу-танымдық әрекеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып жеке бағытта оқыту әдістерін қолдану негізінде, жалпы білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы білім беруге бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ететін кешенді үдеріс.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады [1]. Осы заң шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларға білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2000 жылдардың басында педагогтардың 80%-ы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49% ғана қолдамаған. Қазіргі уақытта, бұл жүйені педагогтар қауымы толықтай қолдауда. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Біздің мемлекетіміз, 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Осы мәселені талқылаған халықаралық конференциялар, түрлі симпозиумдар мен семинарлар ұйымдастырылуда. Мамандар «Қазақстан инклюзивті білім беруді дамытуға дайын» деп есептейді. Мемлекетіміз алғашқы қадам жасай отырып, Мемлекетік білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасына бірінші рет инклюзивті білім беруді дамытуды қосқан болатын [2]. Бірақ біздің елімізде жұмыс істеп тұрған арнайы мектептердің жүйесі сақталады. Себебі қаншама айтсақ та, барлық мүгедек балаларды бірден партаға отырғызып, оқытып алып кету мүмкін емес. Сондықтан бұл процесті мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру кабинеттерін ашудан бастап, біртіндеп кеңейте түсу қолға алынуда.

Сондықтан, бүгінгі таңда іс-тәжірибе көрсетіп отырғандай, елімізге мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің ұлттық бағдарламасы қажет. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы мекемелерде оқытылатындықтан, олар өзге балалардан бөлектенген. Бұл мекемелерде көбінесе медициналық әдістемелер қолданылады. Қазір оларда бір жағынан кемістік болғанымен, екінші жағынан олардың да дені сау екендігін түсіндіріп, оларды дені сау балалармен қатар, жалпы ортаға бейімдеу қажет. Тек олардың сырқаты мен өзгешеліктерін ескере отырып, жай мектептің оқу бағдарламасына кіріктірген жөн. Ол үшін мемлекеттік деңгейде стратегиялық реформа жүргізу керек. Мемлекеттік деңгейде мектептерге және мектепке дейінгі ұйымдарға жаңа стандарттар енгізіліп, жүйе өзгертілгеннен соң ғана құрал-жабдықтар, ғимараттар да дайындалады.

Инклюзивті оқыту:

Біріктірілген – оқушы дені сау балалар сыныбында, тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады.

Уақытша – арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі.

Жартылай – жеке балалар күннің 1- ші бөлігін арнайы топтарда, ал 2-ші бөлігін қарапайым топтарда өткізеді.

Толық – дамуында ауытқулары бар балалар бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар да көрсетеді

Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мекемеде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттелген абзал. Атап айтқанда:

– жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;

– мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;

– мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Біздің аймағымызда инклюзивті білім беруді дамытуда ең негізгі қиындықтардың бірі. Бұл кадрмен қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқтығы, себебі облыстағы ешбір оқу орны арнайы педагогтарды (логопед, дефектолог) дайындамайды немесе педагогтардың өздері келіспей, мұндай жауапкершілікті алудан қорқады. Бұның себебі неде? Мүмкіншілігі шектеулі балаларға

өз зияның тигіземіз деп ақталады. Осы мәселені талқылаған халықаралық конференциялар, түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Бірақ та шешімін таппаған мәселелер көп. Солардың бірі – инклюзивті білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын педагогтарды дайындау.

Сондықтан инклюзивтік білім беру тек жалпы мектептердегі педагог мамандардың арнайы дайындықтары мен қайта даярлықтары бар болған жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Мұндай дайындықтардың мақсаты жалпы мектеп, балабақша педагогының дене және ақыл-есінің дамуында кемшілігі бар балаларды толық біліммен қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудің негізгі әдістерін игеруі болып табылады.

Инклюзивтік оқыту жағдайындағы арнайы түзетім көмектерін беретін педагог-дефектологтар жалпы білім беретін мектептердің тәрбиешілері мен мұғалімдеріне нұсқаушылар болулары керек.

Қазіргі кезде мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда [3]. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына бірнеше міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою.
3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындық байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Қазір мектептерде коррекциялық сабақтар жүргізіле бастады. Коррекция дегеннің өзі «түзету» деген мағына береді. Бұның басты мақсаты – бала бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету. Ол баланың өзіне 1) сенім; 2) көз жеткізу; 3) кеңес беру; 4) психоанализ; 5) логотерапия; 6) аутотренинг сияқты методикаларды қабылдау арқылы жүзеге асырады. Үйден оқитын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойынның, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді әдістмелерді, тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет. Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқы санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасын ашып, қабілетін арттырып отырған. Баланың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тақпақ ертегілерді көп қолданған.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасы көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзу кабинеттері мен сыныптарға балаларын бергісі келмесе, жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ң ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуға толық құқылары бар. Ол үшін жалпы мектептер ПМПК-ң қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен мүмкіндіг шектеулі балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер болмаған жағдайда мұғалімдерді мүмкіндігі шектелген, кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1.Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетісітіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастырының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету- өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асырады.

Сонымен, біздің қоғамымызға инклюзивті білім беру жүйесі арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашқанымыз деп білеміз. Демек, мүмкіндігі шектелген балалар, денсаулығына байланысты тұрақты немесе уақытша білім беру ұйымдарына баруға мүмкіндігі жоқтар, үйден жеке бағдарлама немесе толық жалпы білім беру бойынша білім алуына қажетті жағдай жасауға міндетті. Орнын келтіретін қозғалыс және басқа реті бұзылған (мысалы, есту, көру қабілеті бұзылған), арнайы техникалық жабдықтың пайда болуына байланысты олардың сәтті әлеуметтік интеграция, мүгедектерге сапалы білім алуына мүмкін болады. Үйден оқыту – бұл білім беру формасы, яғни бала үй жағдайында алатын, ал оқыту үрдісі жекеше оқыту жоспары бойынша іске асады. Бұл медициналық көрсеткіштері бойынша білім беру ұйымдарында тікелей оқи алмайтын балаларға ұсынады. Электрондық білім беру ресурстары, мамандандырылған компьютерлік құрал-жабдықтарды білім беру үрдісінде қолданатын интерактивтік элементтерді қолдану, көрнекілік құралдарды арттыру есебінде дидактикалық мүмкіншілікті кеңейтуіне оқу материалдық жолымен мүгедек балалардың жақсы қабылдауына бағытталған.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде:

– арнайы білім беру бағдарламаларын, әдістерді және оқытуға қажетті техникалық құралдарды қолдану;
– арнайы дайындаған педагогтар, психологтар, дефектологтар және басқа мамандардың жұмыстары;
– оқытуды қажетті медициналық және профилактикалық, емдеу шараларымен қатар жүргізу;
– арнайы білім беру мекемелерінің материалды - техникалық базасын құру және оларды ғылыми - әдістемелік қамтамасыз ету.

Қазіргі уакытта арнайы білім беру мекемелері әр түрлі қызмет атқаруда. Балалар мұкият тексеруден кейін ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен арнайы оқыту бағдарламасымен білім алатын мектепке дейін мекемелер мен арнайы мектептерден басқа, мемлекеттік емес мекемелер, оналту орталықтары, дамыту орталықтары, аралас топтар және т.б. ашылып жасалуда. Мұндай мекемелерде кемістіктің түрлері мен жас ерекшеліктері әр түрлі балалар болады. Оларды бірдей бағдарламамен оқыту мүмкін емес, сондықтан, әр баланы жеке психологиялық - педагогикалық оқыту мүмкіндігі артады [4].

Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагогтың, психологтың, дефектолог маманның ролі ерекше. Бұл саладағы оқушылар ерекше назарда болады. Даму мүмкінділігі шектеулі балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы: кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту әлеуметтік педагог пен әрбір мұғалімнің міндеті.

Қорыта айтқанда, инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Кемтар балаларды элеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы ҚР заңы-11 шілде 2002 г. № 343-П

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР президентінің 2010ж. 7 желтоқсандағы №1118 жарлығы - Астана. 2010 ж.

3. Оразаева Г.С., Фурсова Л.М., Анализ результатов мониторинга психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательных организациях республики. 2012 г.,С.2-7

4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 5 февраля 2007 г. №81 «Об утверждении Плана мероприятий по социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями»

ӘОЖ 37.037

ЖАС ҰРПАҚТЫ ЭТНОМӘДЕНИЕТ РУХЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ

Егенисова А.Қ, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Мақалада жас ұрпақты этномәдениет рухында тәрбилеу проблемалары сөз болады. Жастарды этномәдениет рухында тәрбие беру үшін, «этнос», «мәдениет», «этномәдениет», «ұлт», «ұлттық құндылықтар», «салт-дәстүрлер», «этникалық сәйкестілік» және т.б. ұғымдарға талдау жасалынды.

Түйінді сөздер: этномәдениет, көпмәдениет, этномәдени білім беру, этномәдениет, этномәдени білім, этномәдени білім беру, этнос, тайпа, халық, мәдениет, этникалық мәдениет

Қай уақытта да қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып жүрген өзекжарды мәселелердің бірі өсіп келе жатқан жастарға – ұлттық тәрбие беріп, этномәдениет рухында тәрбиелеу. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, баланы сол ұлттық тәрбиесімен тәрбиеленуі тиіс» деп Мағжан Жұмабаев ұлттық тәрбиенің бағытын көрсеткен болатын. Қай кезде де ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты, ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол, мәдени –ғылыми өрісі кең ұрпақты тәрбиелеу –қоғам алдындағы ең басты міндет болып табылады.

Қазақ елінде 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Бұл яғни, әр этнос өкілінің өз мәдениетін, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтауға мүмкіншілік туғызады. Сонымен қатар, төл мәдениетімен қоса өмір сүріп жатқан Отанға, мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру, халықтың этностық-

мәдени мүдделерін іске асыру – білім беру саласындағы аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта этномәденит рухында дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, ұлтжанды, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған этнос субъектісін қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі міндеті болып отыр. Мұның барлығы қазіргі уақытта қазақ жастарын этномәденит рухында тәрбиелеу керек екендігін көрсетеді.

Мемлекетімізде қабылданған «Қазақстанның ел бірлігі доктринасында» ... Қазақстан этностарының мәдениетін әрі қарай өзара байытуға бағытталған мәдени-ағарту мекемелердің жұмысын жандандыру; Қазақстанның әрбір этносының мәдениетін, тарихи мұрасын, дәстүрі мен ерекшеліктерін сақтауды қамтамасыз ету..." деп елбасымыз айтқан болатын [1]. Бұдан халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық салт-дәстүрге, ұлттық құндылықтар мен мәдениетке, тілге, ділге сүйенетіндігі айтылып, көрсетілген. Сондықтан да бұл доктринада мемлекет алдына оларды жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту міндеті қойылып, еліміздің, әр азаматтың, қазақ жастарының жауапкершілігі анықталады. Біздің елімізде этномәдени білім беру мен тәрбие беру басты принциптері Үкіметтік қаулы-қараларда, құжаттарда көрініс тапқан. Олар: «Қазақстан-2030»және «Қазақстан-2050» стратегиялары, ҚР президентінің әр жылдарда жолданған Жолдаулары, ҚР «Тілдер туралы» заңы (1997), 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (1995) [2], ҚР этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы (1996) [3] және ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" Заңы [4]. «Этномәдени білім беру», «этномәдениет рухында тәрбиелеу» ұғымын біз қалыптасқан ғылыми көзқарастан кеңірек қарап, бұл мәселеленің ауқымы халық педагогикасы құндылықтарын, этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениеттану ғылымдарының мазмұнын қамтитынын ескердік. Зерттеу жұмысында «этномәдениет», «этномәдениет рухында тәрбиелеу», «этномәдени білім», «этномәдени білім беру» ұғымдарын қолдану, елімізде ұлттық-мәдени тәрбие беру ісінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді, әрі қазіргі уақытта этносаяси бағыттарға сәйкес келеді. Жиырмасыншы ғасырдың ортасынан бері қарай және жиырма бірінші ғасырдың басында ұлттық педагогика, этнопедагогика ғылымы дамып, этномәдениеттік тәрбие беру проблемалары дамытылды. Атап айтсақ, М.Х.Балтабаев, Ж.Ж.Наурызбай, С.Т.Иманбаева, С.Қалиев, К.Ж.Қожахметова, Қ.Жарықбаев, Ә. Табылдиев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Қ.Сейталиев т.б. Ә.Табылдиев және т.б. зерттеулерінде кеңінен көрініс тапты [5,6,7]. Зерттеуіміз Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім беруге арналғандықтан, жалпы білім беретін мектептер және ондағы оқу-тәрбие үдерісінің түрлі аспектілерін қарастырған еңбектер де назардан тыс қалған жоқ. Дегенмен, жоғарыдағы ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне жасалған талдау біздің елімізде қазақ жастарын этномәдениет рухында тәрбиелеу проблемасының жете зерттелмегенін көрсетті. Қазіргі жастарды этномәдениет рухында тәрбиелеу жөнінде ғалым- педагогтармен қатар философтар, тарихшылар: Д.К.Кішібеков, М.Қозыбаев, А.Қалмырзаев, А.Айталы, Г.Р.Нұрымбетова және т.б. өздерінің еңбектерінде қарастырады.

Демек, жастарға мемлекетіміздің соны стратагиялық ұстанымы – «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде төмендегідей мәселелерді меңгерту болып табылады:

– бірінші, білім беру, қазақ халқының тарихы жайында Қытай, Египет, Ресей, Өзбекстан және т.б. алыс және жақын шет елдерден жәдігерлер мен мұрағаттарды табу;

– екінші, еліміздегі және кейбір шет елдердегі қазақтың тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру;

– үшінші, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, ұлттық әдебиет пен өткен ғасырлардағы жазуларымызды зерттеп, кітаптар шығару;

– төртінші, қол жетпеген ең үздік әлемдік классикалық шығармаларды қазақ тіліне аудару жұмыстары жүзеге асырылады.

Осы «Мәдени мұра» бағдарламасының стратегиялық ұстанымына арқау болатын жастарға сал-серілік дәстүр негізінде этномәдени тәрбие беруде «Халық педагогикасына» – халықтың ғасырлар бойы өріс алып, жинақталған тәжірибесін жан-жақты бағамдаудың берері мол. Халықтық педагогика тәрбиеге орай халықтың ақыл-тәрбиесі, халық педагогикасын зерттегенде халық ауыз әдебиетінің шығармаларын, этнографиялық материалдарын, халықтық тәрбие дәстүрлерін, халықтық ойындарды, отбасы тәрбиесінің тәжірибелерін т.б. тірек етпеу мүмкін емес.

Жастарды этномәдениет рухында тәрбие беру үшін, «этнос», «мәдениет», «этномәдениет», «ұлт», «ұлттық құндылықтар», «салт-дәстүрлер», «этникалық сәйкестілік» және т.б. терминдердің ұғымдық деңгейлерін, қолданылу аясын анықтап алған дұрыс.

«Этнос» термині бұрынғы грек тілінде «топ», «үйір», «тайпа», «халық» мағынасында қолданылған, ғылыми қайнар көздерде XVIII ғасырдан бергі кезеңде көріне бастады. Алғашқы кезде ғалым-зерттеушілер «этнос» сөзін «тайпа», «ұлт», тіпті «нәсіл» мағынасында қолданды. Әсіресе, «этникалық» деп келетін туынды сөздің мән-мағынасы XIX ғасырдың соңына дейінгі ғылыми еңбектерде бір ізге түсе қойған жоқ. XX ғасырдың екінші жартысында әр салалы этнологиялық зерттеулер «этнос» сөзінің аясын едәуір кеңейтті. Атап айтсақ, этностық сана-сезім (М.Г.Левин), этностардың тарихи типологиясы (С.А.Токарев), этностардың биологиялық ерекшелігі (Л.Н.Гумилев), этностың даралығы (Н.Н.Чебоксаров), этностың аймақтық және экономикалық байланыстылығы (В.И.Козлов), этносаралық, синхроникалық және диахроникалық байланыстардың маңызы (С.А.Арутюнов), этносаралық ассимиляциялану (В.К.Гарданов, И.С.Гурвич) т.б. тақырып өрістері «этнос» сөзінің мағынасын тереңірек мағлұмат берді.

«Мәдениет» терминінің де ғылыми еңбектерде анықтамасы алуан түрлі. Әсіресе, мәдениеттің жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық аядағы мәні мен болмысы туралы пікірлер сан сала. Тек қана ағылшын тіліндегі еңбектерде 50-ші жылдардың бас кезінде «мәдениетке» 150-тан аса анықтама беріліпті. Ал жалпы, батысеуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 260-ден астам анықтамасы бар екені айтылады.

Этникалық мәдениет (этномәдениет) – мәдениеттің базасы және құрамдас бөлігі, ол белгілі бір қызмет атқарады және өзіне тән мазмұндық компоненттері бар.

Этникалық мәдениет тарихи қалыптасқан іс-әрекет тәсілі, соның нәтижесінде түрлі этностардың өздерін қоршаған табиғат пен әлеуметтік орта жағдайына бейімделуін қамтамасыз етеді.

Этномәдениет бір этносты екіншісінен ажыратып тұратын, әлеуметтік өмірдің күрделі де көп аспектілі құбылысы, оны тек жалғыз элемент арқылы ғана сипаттау мүмкін емес. Сол себепті, қарапайым этникалық белгі жоқ немесе болуы да мүмкін емес. Этностың ерекшелігі оның мәдениетінің барлық деңгейлерімен анықталады. Этникалық мәдениет көне заманнан бүгінгі уақытқа дейінгі түрлі дәуірлердегі мәдениетті қамтиды.

Жастарды этномәдениет рухында тәрбиелеу мақсатында – 1996 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Өкімімен мақұлданған *«Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім» тұжырымдамасы»* (авторы Ж.Ж.Наурызбай) атты құжаттарда қарастырылған болатын [5].

Этномәдени білім беру эволюциясын зерттеудің тұжырымдамалық тұғырларын анықтауда біз П.В.Плеханов ұсынған *әдіснамалық қағидаларды* ұстанамыз:

1. Идеялардың (ой-пікірдің) қоғамның әлеуметтік даму үрдісіне тәуелді екендігін анықтау.

2. Ғылымның, әлеуметтік психологияның, әдебиеттің, өнердің даму тарихын қоғамның даму үрдісімен ұштастыра қарастыру.

3. Тарихтың әр кезінде ғылымның даму барысы біркелкі болмайтынын және әр елдің саяси, экономикалық, кәсіби, мәдени, психологиялық өзіндік ерекшелігі бар екенін ескеру.

Жастарды этномәдени рухында тәрбиелеуде педагогтардың жұмысы ауқымды, бағыты да әр алуан Оған негізінен мына төмендегідей бағыт- бағдарларды жатқызуға болады:

– сыныпта, топта, жатақханада, қоғамдық бірлестіктерде және мектептен тыс білім мекемелерінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

– жеке бастың психо-педагогикалық ерекшелігін, ата-анасының жағдайын, қызығушылығын, талап-тілектерін, қиындықтарын, кездейсоқ жағдайларын, тәртіп бұзушылығын тексеріп, зерттеу және дер кезінде тиісті педагогикалық көмек көрсету;

– салауатты өмір салтын насихаттау, олардың еркіндігіне, денсаулығына қамқорлық жасау, қауіпсіз өмір сүруге көмектесу, жасы келгендерді білім алуға тарту;

– бос уақытта дарын қабілетінің дамуына, ақыл-ой және дене құрылысының өсуіне жағдай жасау;

– жасөспірімнің жеке басының дамуы мен тәрбиесін отбасымен бірлікте шешу;

– жасөспірімдердің жеке басына тән ерекшеліктерін мұғалімдермен бірлесіп шешу, кемістігі бар балаларға қажетті мүмкіндіктерді жасау.

Сонымен қатар, оқушы-жастарға этномәдениет рухында тәрбие беруді проблемасымен С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева, С.Иманбаеваның «Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» атты еңбегінде қарастырады.

Оқушы-жастарға этномәдениет рухында тәрбие беруде педагогтар мынадай бағытты ұстануы тиіс:

– тәрбиелік жұмыстар тәрбиенің барлық саласын қамтуы қажет;

– мұғалімдер ұжымы тәрбие жұмысына оқушы-жастардың барлығын қатысуын қамтамасыз етуі тиіс;

– тәрбиелік шаралар оқушылардың қоғамдық қызығушылығы мен белсенділігін және өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, шығармашылық ізденістерін дамытуына жол ашуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы әзірлеген «Ел бірлігі доктринасының жобасы» 26 қараша, 2009ж.
2. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы
3. ҚРэтникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы, ҚР Президентінің Өкімі 1996 жылғы 15 шілде.
4. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы,
5. Наурызбай Ж.Ж. Этнокультурное образование: теоретический и инновационный опыт.-Жезказган:ЖезУ, 2001, -55с.
6. Табылдиев Ә., Қазақ этнопедагогикасы., -Алматы, Санат, 2001. -116 б.
7. Қалиев С.Қ., Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы, -Алматы, 1998.128 б.

ӘОЖ 371.2

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕПТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аманбек Ж., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада ұстаздық педагогикалық әдебі, оны қалыптастыру жолдары туралы сөз қозғалады. Педагогикалық әдептің категориялары: кәсіби педагогтық борыш, педагогтық әділеттілік (әділдік), абырой, педагогтық беделділік, педагогикалық техникаға сипаттама беріледі

Түйінді сөздер: педагогтық әдеп, мінез-құлық, этика, моральдық сенім, ынта, ықылас, талғам, кәсіби педагогтық борыш, педагогтық әділеттілік (әділдік), абырой, педагогтық беделділік, «такт», «тактика», шеберлік, педагогтық талант, педагогтық техника

Педагогтық әдеп – мұғалімнің ең жақын кәсіптік белгісі. Ол әртүрлі әрекет саласында педагогтың балалармен дұрыс қарым-қатынас жасауы. Жалпы әдеп «жұғысу», «адамдар арақатынасының түрі» мағынасында қолданылады. Ал этикалық сөздікте «әдеп» адамдар арасындағы қатынастың адамгершілік сипатын қамтамасыз ететін, мінез-құлық кодексін айтады. Бірақ бұл анықтама толық емес.

Педагогтық әдеп – этика ғылымының салыстырмалы дербес бөлімі. Ол педморальдің ерекшеліктері мен кәсіптік ортадағы өнегелік қатынастарды зерттейді. Педагогтық әдеп – мұғалімдер арасында пайда болған қарым-қатынастың ерекшеліктерін, мінез-құлық манераларын, киінуін, балалармен қарым-қатынасын және т.б. жиынтығын білдіреді. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогтық әдебінде жатады. Әнші немесе музыкант үшін музыканы ұғу қандай қажет болса, мұғалім үшін педагогтық әдеп сондай қажет [1].

Педагогтық әдеп оқуда да тәрбиеде де өте қажет. Оның ролі тәрбие жұмысында тіпті ерекше. Әдеп әлемінен алыстау мұғалімнің шәкірттермен тіл табысуы қиын. Ал ондай мұғалімнің тәрбиесінен нәтиже шықпайды. Моральдық сенім, ынта, ықылас, талғамды күштеп қалыптастырмайды. Қалыптастыру үшін амал біреу: балалар мұғалімдерін шексіз сүйіп, құрмет тұтуы керек. Балалар көбінесе ескертпе жасағыш, сол арқылы өздерінің артықшылықтарын көрсетуге, үстемдік жүргізуге тырысатын мұғалімдерді жүре тыңдайды.

Жалпы әдеп және педагогтық әдеп бар. Кез-келген тәрбиеші, мәдениетті адамның бойынан педагогтық әдеп табыла бермейді. Педагогтық әдеп – медицина қызметкерлерінің дәрігерлік этикасы сияқты мұғалімнің кәсіптік белгісі. Педагогтардың кейбіреулері педагогтық әдеп – мұғалімнің балаларды баурап алатын табиғи қабілеті десе, енді біреулері – мұғалімнің жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі, ал үшіншілері – пәнді жетік білу және оның әдістемесін жақсы меңгеру деп есептейді. Педагогтық әдеп мұғалімнің барлық жақсы қасиеттерімен жымдасып жатады, бірақ өзіндік ерекшелігі болады.Педагогтық әдеп тек қана педагогтық мораль принциптерінің мәнін қарастырып қоймай, олардың категорияларының мәнін де қарастырады.

Категориялары:

1. Кәсіби педагогтық борыш.
2. Педагогтық әділеттілік (әділдік), абырой.
3. Педагогтық беделділік.

Кәсіби борыш – педагогтық әдептің ең маңызды категорияларының бірі. Бұл түсінікке мұғалімнің жеке басына қоғамның қоятын талаптары мен моральдық ұйғарымының жиынтығы туралы, кәсіби міндеттерді орындауы туралы, яғни анықталған еңбек функциясын жүзеге асыру, оқушылар және олардың ата-аналарымен, әріптестерімен дұрыс өзара қарым-қатынас орнату, таңдаған кәсібіне деген өзінің қатынасын терең сезінуі.

Педагогтық әдепте әділдік түсінігінің ерекшеліктері бар. Әділдік педагогтық моральда мұғалімдердің объективтілігін, балалардың қылықтарын, олардың оқуға және қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатынасын бағалауда көрінетін адамгершілік тәрбиелілігінің деңгейінің өлшемін білдіреді.

Әділдік бір жағынан мұғалімнің адамгершілік қасиеті ретінде, екінші жағынан оқушылардың іс-әрекетін бағалау өлшемі ретінде қабылданады. Әділеттілік педагогтық қызметте оқушылардың оқу процесіндегі еңбегін әділ бағалау арқылы жүзеге асады. Бағаны дұрыс, орында пайдаланудың тәрбиелік мәні зор. Баға балалардың сана-сезіміне, психикасына, қылықтарына үлкен әсер етеді. Әрбір «бестік» бағаны алу сәтті оқиға емес, ол үшін көп еңбек етуін, материалды толық игеру керек екендігін дағдыландыру қажет. Сол сияқты «екілік» баға оқушыларды мұқатуға қолданылатын, яғни мұғалімнің субъективтік көңіл-күйінің нәтижесі емес, оқушының жеке басындағы ұқыпсыздық немесе жалқаулығының салдары екендігін көрсететіндей болуы қажет. Әрбір әділ қойылмаған баға балаға моральдық соққы. Бағаны артық, кем қою мұғалімнің әділетсіздігінің кепілі. Оқытушының әділетсіздігі, дөрекілігі, оның сөзі мен ісі арасындағы алшақтығы баланың моральдық ұғымына теріс әсер етеді.

Әділеттілік пен абыройдың арасында біте қайнасқан бірлік бар. Себебі, әділетті мұғалім оқушылар арасында абыройлы келеді. Бірақ абырой тек әділетті болу ғана емес, педагогтың өз жұмысына шебер келіп, көп еңбек сіңіруге байланысты келеді. Мысалы, кейбіреулер балаларға қатал көзбен қарау арқылы абыройлы боламын деуі де ықтимал. Осындай жағдайда оқушы сырттай ұстаздың тілін алып, сөзін тыңдайтын болғанымен, іштей оны жақсы бағалай бермейді. Кейбір мұғалімдер сабақты асқан шеберлік, бағдарламалық материалды жақсы игерген, білімдарлықпен, шеберлікпен өткізуі мүмкін, бірақ оқушылар арасында беделі болмауы мүмкін. Педагогтық әдепте педагогтық беделдің маңызды ерекшелігі бұл мұғалімнің өзінің ісіне жақсы сүйіспеншілігі. Өз пәнін сүйетін мұғалім мұндай сезімді шәкірттеріне де жұқтырады және көптеген шәкірттер өз ұстазының ізімен кетеді. Бұл еліктеу авторитеті болып табылады [2] .

Педагогтық беделдің деңгейі – білімнің тереңдігімен, әдептілігімен, шеберлігімен, жұмысқа қатынасымен мұғалімнің қоғамдық белсенділігін, педагогикалық тактикасымен айқындалады.

Педагогтық әдеп жаттау, еске сақтау және жаттығу жолымен жасалмайды. Педагогтық әдеп әр мұғалімде әр түрлі және әр қалай көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жас мөлшеріне, темпераментіне, мінез-құлқына т.б. ерекшеліктеріне байланысты.

Мұғалімнің әдебін құрайтын компоненттер көп. Олардың бастылары: педагогтық оптимизм, педагогтық такт, педагогикалық техника, шеберлік, байқағыштық, психологиялық қырағылық, күшті ерік-жігер, сөйлеу және сезім мәдениеттілігі, қылық сұлулығы, ұстамдылығы, талант, бейімділік, ұйымдастырушылық т.б.[3]

Оқушылармен дұрыс іскерлік және эмоциялық қарым-қатынас орнату – күрделі іс. Ол педагогтардан жоғары шеберлікті, кәсіби білгірлікті, іскерлік пен дағдыны қажет етеді. Педагогтық әдеп түптеп келгенде педагогтық тактика болып табылады. «Такт» - латынша «жанасу», «түйсіну», дегеннен, ал «тактика» - грекше «тәртіпке келтіру» деген сөзден шыққан. Біз көбіне осы бір терминді екіншісімен алмастырып жібереміз,

педагогтық тактикамен істес бола отырып, педагогтық әдеп жайлы айтамыз. «Педагогтың әдебі нашар», қайырымдылығы, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар т.б. деумен бірдей. Ал педагогтық тактика тым күрделі – жақсыдан жаманға, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсіндікке және тәрбие талаптарына сай еместікке мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы қолдана береді, бірақ онда педагогтық әдебінің болмауы ықтимал [4]. Былайша айтқанда, оқытушы бір сыныптың оқушыларын бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалауы, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы бар, бірақ ол педагогтық әдеп бола алмайды. Кейбір ұстаздар балаларға ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, әдепті болғанымен, олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабағында тәртіпсіздік үстем етеді, балалар үй тапсырмасын орындамайды, айтқан ақылын тыңдамайды, яғни оны сыйламайды. Мұндай оқытушының әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал-тәсілдердің қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ.

Педагогтық тактика мұғалімнің бір сөз тіркесін сан құбылтып айтатын алуан түрлі дауыс ырғағы, күлімсіреу, әсерлі көзқарас, ым-қимылдарының жинақталған шоғыры. Сан құбылтатын дауыс ырғағының ішінен тек бажылдауды, ал бар сөздік құралдардан: «Қимылдама», «Үніңді шығарма», «Сөйлемей отыр» деген сияқты мезі болған сөздер жиынтығын қолданатын «техникалық» жағынан қаруланбаған мұғалімдердің табысқа жетуі шамалы болады. Әсер етудің құралдарын ұзақ уақыт пайдалана беруге болмайтындығы белгілі. Олар «тозады». Егер, ондай педагог тактикасын өзгертпесе, ол өз оқушыларының көңілінен шықпайды.

Оқытушы педагогтық техниканы да меңгеруі тиіс. Ол қалай тұру, қалай отыру, орындықтан қалай тұру, дауысты қалай көтеру, қалай жымию, қалай қарау, дауысты ұстай білу, сыңай білдіру, көз тастау өнері т.б. Педагог үшін дауысты билей білудің маңызы зор. А.С. Макаренко дауысты мұғалімнің жұмыс аспабы деді.

Енді педагогтық талант, шеберлікке тоқталайық. Нағыз талантты мұғалімдер онша көп емес. Жалпы барлық саладағы сияқты педагогтық істе де талант сирек кездеседі. Әрбір мұғалім талантты болмауына да болады. Алайда ол өз ісінің шебері бола алады және болуға тиіс. Шебер мұғалім қандай сапалармен ерекшеленуі тиіс. Біріншіден, көп білетіндігімен. Қазіргі уақытта бір жүйедегі жаттанды әдіс-тәсілдермен өткізілетін сабақ, оқулық шеңберінен шықпау мұғалімнің беделін түсіреді. Ең бастысы – терең эрудиция, есеппен жүру, мәдениеттілік, көп қырлылық. Шебер мұғалім оқушылар ойын оятып, кез-келген сұраққа ерекше жауап тауып отырады. Шебер мұғалім сыныпта жұмыс жасауға жағымды жағдай туғыза біледі, оқу-тәрбие процесінің қазіргі заманғы әдіс-тәсілдері мен технологияларын дұрыс қолдана біледі [5].

Шебер мұғалімнің келесі бір жақсы сапасы – бұл оқу процесінде әртүрлі тәрбие жұмысын тиімді өткізу, яғни оқушылардың іскерлік, дағдыларын, дүниетанымын, қазіргі әдеби талғамын, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштіктігін, өзбетінділігін қалыптастыра біледі. Шебер мұғалім сабағында жағымды эмоциялы жағдайды қалыптастыра отырып, қызықты мысалдар, әділ, орынды ескертулер, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана біледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пидкасистый П.И., Портнов М.Л. Искусство преподавания,Ростпедагенство - М., 2008 г.

2. Синица И.Е. Педаготық әдеп және ұстаздық шеберлік, Алматы, Мектеп, 2011ж.

3. Егенисова А.Қ. Педагогикалық шеберлік: Оқу құралы, КМТИУ, 2018, -184б.
4. Зезюн И.А., «Основы пед мастерство» - Киев, 1997ж.
5. Чернокозова В.Н, «Этика учителя» - Киев, 1993ж.

ӘОЖ 930.23

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Мавлешова А.А., Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы
Ғылыми жетекші: Абдиева С.Р., Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

Аңдатпа: Мақалада туризмның негізгі маңызын, Туризм саласының дамуына ықпал ететін факторларын, Маңғыстау облысының тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштері туристік дамытудың басты кепелі ретінде қарастырылды.

Түйінді сөздер: туризм, турист, халықаралық туризм, Маңғыстау ескерткіштері

Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі. Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көз ретінде маңызы артуда. Елдердің шикізат көзі азайлады, ал туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істеген. Туризмнің басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ыкпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейманхана кешендері, демалыс үйлері, санаториялар, ұлттық парктер, тамақтану сферасы, т.б.). Бұл дегеніміз -әлемдік өндірісте әр 9 адамның жұмыс орны деуге болады. Туризм индустриясының мемлекеттік бюджетке түсіретін валюталық түсімі, орта және шағын бизнеске көмегі, тауар мен қызмет көрсету нарығы арқылы аймақтардың экономикасының дамуына ықпалы өте зор. Сонымен қатар, туризмнің қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады. Ішкі және халықаралық туризмнің жалпы шығыны әлемдік ұлттық ішкі өнімнің 12%-ін құрайды, жыл сайын 1,5млрд. Ішкі және халықаралық саяхаттау тіркелді.Халықаралық туризмнің үлесіне жыл сайын әлемдік экспорттың 7% және қызмет көрсетудің 25-30% келеді. Халықаралық туризмнің жылдық өсуі 4,0%, ал болашақта бұл көрсеткіш көтерілмек. Туризм саласының дамуына ықпал ететін факторлар:

- кез-келген елде, Қазақстанда да туристік рекреациялық ресурстың болуы;
- туризмге тура немесе жанама салалардың және кәсіпорындардың дамуы;
- сыртқа шығу туризмнің елге шетелдік валютаны тартуы;
- аз мөлшерде шығын шығарып табыс табу;
- алғашқы өндіріс факторын қамтамасыз етудегі шығынның болмауы; -халықты жұмыс орнымен қамтамасыз ететін орта және шағын бизнестің дамуы;
- қызмет көрсету секторының өсуі;
- елдің әлемдік қауымдастыққа белгілі болуы және бет-бейнесінің қалыптасуы [1].

Батыс Қазақстан - Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарын қамтиды. Өңір Республиканың қиыр батысы мен оңтүстік батысында орналасқан. Оның үлкен аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км және батыстан шығысқа 1 300 км созылып жатыр.

Маңғыстау аумағы бойына 2000 жыл бойына Ұлы Жібек Жолы өтті, қазір бұл өте қызықты туристік бағдар. Үстірт қорының түрлі жануарларымен бірге бірегей жер

бедері, бірегей табиғат ескерткіштері мен тарихи және мәдени ескерткіштерінің көптігі, Каспий жағалауының әсем орындары әлеуетті турист үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Маңғыстаудың киелі жері – тек қана қазба байлықтары емес, Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасының ішінде Маңғыстау ескерткіштерінің алатын орны ерекше. Маңғыстаудың ескерткіштерін діни сәулет, азаматтық сәулет, тарихи, табиғи, монументтік, археологиялық ескерткіштер тобы құрайды. Аталған ескерткіштердің уақыттары тас ғасырынан бастап, қазіргі заман кезеңдерін қамтиды. Маңғыстаудың тас сәулет өнері туындыларының бүкіл Еуразия құрлығында қайталанбауы қазақ халқы ғасырлар бойы жасаған сәулет ескерткіштерінің өте ерте заманнан тамыр тартатын ерекше құбылыс екенін айғақтай түседі. Басқа аймақтарда әлдеқашан бүлініп, қирап, топыраққа айналған көне заман жәдігерліктерінің осы өлкеде мұрты бұзылмай әлі күнге сақталып келуіне бұл ғимараттардың ерекше сапалы жергілікті тастармен өрілуі себеп болса керек. Сондай-ақ осындай қайталанбас бірегей өнер туындыларының қалыптасуына бірнеше табиғи және тарихи факторлар себеп болды:

- Бір жағы Каспий теңізімен, екінші шеті Үстірт шоқыларымен көмкерілген Маңғыстаудың географиялық оңашалануы діни сенімдер мен рухани, материалдық мәдениетке негізделген осы өлкеге ғана тән қайталанбас төл дәстүрлі мәдениеттің ұзақ дәуірлер бойы сақталуына себеп болды;
- Тарихи дәуірлерде табиғаттың жиі өзгерістерге ұшырауы, экологиялық қалыпты жағдайлар мен қолайсыз қуаңшылықтың ауысып отыруы аймақта көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуына себеп болып, оның өзі көшпелілер мәдениетінің ерекше болмысын қалыптастырды;
- Арал-Каспий теңізді аймағының ежелден Солтүстік пен Оңтүстіктің, Шығыс Европа мен Орталық Азияның мәдениет әлемін, отырықшылық дәстүр мен көшпелілер өркениетін байланыстыратын орталық аймақ болуының өзі Маңғыстау мен Үстіртте ерекше мәдени-тарихи ескерткіштердің қалыптасуына ықпал етті.

Маңғыстауда тас дәуірімен белгіленетін адам тұрақтарының молынан табылуы бір кезде түбектегі ауа-райының неғұрлым жұмсақ, табиғаты адам тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы болғанын айғақтайды. Сол заманнан бастап-ақ жергілікті тұрғындар табиғи тасты үй, әртүрлі шаруашылық құрылыстар салуға пайдалана бастаған.

Тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштеріді қорғау – ел азаматтарының, келешек ұрпақтың борышы. Маңғыстау ескерткіштері өзінің тарихы, сәулет өнері жөнінен әлемде теңгесі жоқ деп айтуға болады. Осы ескеркіштер - ата-бабамыздың бізге тартқан сыйы, елдің өсіп-өкендеу дәуіріндегі сәулет өнерінің інжу-маржаны.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://rusnauka.com/1_NIO_2014/Economics/6_154028.doc.htm

ӘОЖ 821.512.122

ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛІКТЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУДА
(Ежелгі қазақ әдебиетіндегі мінәжат жыры туралы)

Абдразакова Руза Жагигеровна, Қазақ тілі мен әдебиетінің екінші санаттағы оқытушысы Түркістан индустриалды педагогикалық колледжі, Түркістан қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты

мақаласында атап айтқандай, ұлттық әдебиет пен жазбаларымызды толықтыру мақсатында жұмыстар әлдеқашан басталып кетті. Бұл мақалада әдеби жәдігерліктеріміз, оның ішінде ежелгі қазақ әдебиетіндегі мінәжат жыры туралы айтылады. мінәжат өлеңдерінің қалыптасқан болмыс-бітімі, жүйеленуі сөз болады.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, ұлттық әдебиет, әдеби жәдігерліктер, мінәжат жыры.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес» [1], - деп атап айтты. Шынында, рухани жаңғырудың басы бүгін басталған жоқ. Елбасымыздың тікелей тапсырмасымен 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асты. Бұл бағдарлама аясында еліміздің және шет елдердегі тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғырды. Халықтың үлкен әдеби мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін, ұлттық тарихымыз үшін де ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, ұлттық әдебиет пен жазбаларымызды толықтыру мақсатында қаншама іс-шаралар атқарылды. Бұл – рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, яғни стратегиялық ұлттық маңызы бар жоба.

Көне тарихтың куәсіндей болып, ежелгі заманнан бүгінгі күнге жеткен әдеби жәдігерліктерді жан-жақты ой зердесінен өткізу негізінде сан ғасырлар бойы халық даналығы тудырған асыл көркем мұраны тәуелсіз еліміздің игілігіне айналдыру арқылы қазіргі қазақ әдебиетімен тығыз байланыстыра зерттеу, қазіргі қазақ поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрлері туралы көркем процестің жалпы заңдылықтарын ежелгі және қазіргі заман үрдісінің дәуірнамалық айқын көріністері мен құбылыстары мысалында кезеңдік поэзиялық туындылардың жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін шығармашылық үндестік, сабақтастық тұрғысында тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде талдап пайымдау ұлттық әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Татар әдебиеттанушылары мінәжат жырын жүйелеу әдісін негіз ете отырып, бірқатар зерттеулерді дүниеге келтірді. А.Байтұрсынұлының жоғарыдағы пікірі аталған зерттеулер нәтижесімен қабыса бермейді. Татар әдебиетіндегі жанрлар табиғаты ұлт әдебиетінің жанрларымен үнемі сәйкес келе бермейтіндіктен, анықтамаларда да айырмашылық болуы заңды. Дей тұрсақ та, мінәжат жанрына қатысты бірқатар толымды теориялық тұжырымдардың негізінен татар әдебиетінде жасалғанын да атап айтуға тиіспіз. «В основе жанра мунаджата лежит трагическое начало… В мунаджате трагическое выражается в мотиве разлуки: Разлуки с Родиной, разлука матери со своим ребенком, предстоящая разлука человека с жизнью» [2, 163], - деп жазады белгілі әдебиет зерттеушісі А.Шарипов. Екінші бір татар ғалымы Х.Ю.Миннегулов: «Суть мунаджата составляет или обращенное к богу повествования о горестях человека, или изложение чувств и переживаний попавшегося в несчатье лирического героя» [2, 163] деген тұжырым айтады.

Мінәжат өлеңі дербес композициялық бірлік ретінде көрініс тапқан ортағасырлық туындылардың бірі - Хорезмидің «Мұхаббатнамасы». Түркі әдебиетіндегі «нама» жанрының бастаушысы саналатын автордың әдеби сауаты жоғары болғаны дастанның тілінен, құрылымынан, көркемдік деңгейінен аңғарылады. Дастандағы сегіз хат («нама») түркіше, үш хат парсы - тәжік тілінде жазылған. Дастан құрылымында намадан өзге ғазал, мәснәуи, қытға, фард секілді жанрлық түрлермен жазылған бәйіттер қамтылған. Ортағасырлық түркі дастандарына тән композициялық құрылым белгілері толық көрініс тапқан «Мұхаббатнамада» мінәжат жыры намалардың соңында, соңғы сөзден бұрын орналастырылған:

Илаһи, ақту қылғыл жанымызны,

Халалдың сақлағыл иманымызны...
Айа фәрханда талиғ талъати күн,
Сені теңрі мұрадыңа тегүрсүн [3, 174].

Жеті бәйіттен тұратын Хорезми мінәжаты дәстүрлі теңеу, тіркестермен өрнектелген. Дегенмен автор тарапынан «мінәжат» деп дербес атаумен берілген бұл бөлікте де мазмұн тұтастығы сақталмаған: келтірілген алғашқы үш бәйіттен кейін мадақ секілді дүнияуи тақырып сөз етілген. Мұның өзі мінәжатты дербес құрылымдық бөлік ретінде оқшаулаудың шарттылық іспетті қабылдануы ортағасырлық әдебиетке де тән екендігін аңғартады.

Құтыптың «Хұсрау-Шырыны» – «Тәңірі тағаланың мінәжаты» деген атпен мінәжатты дербес жанрлық түр ретінде қамтыған туындылардың бірі. Дастан құрылымын арнайы зерттеген Қ.Сейтжановтың жазғанындай, «Құтып Алланың атына мінәжатты Хорезми секілді шығарманың соңына таман емес, басында тәуһид бөлімінен кейін айтады» [4, 13]. Ортағасырлық келесі бір ақын - Сайид Ахмадтың «Таашшуқнамасында» (1435-1436 жылдары жазылған) 6 бәйіттен түратын мінәжат бар. Лутфийдің «Гүл мен Наурыз»дастанында (XIV – XV ғғ.) да мінәжат дербес жанрлық түр ретінде кездеседі [3, 461].

Жыраулар поэзиясының негізгі бөлігінің ауызша сақталып жетуінің өзі мінәжат мәнді өлеңдер тағдырына тікелей әсер еткен. Жыраулар поэзиясы мадақ өлеңдермен, жорық жырларымен және насихат толғауларымен көбірек сипатталады. Алланы бір, пайғамбарды хақ деп білген мұсылман – қазақ жырауы сөздің басы мен соңын Аллаға қаратқанымен, ішкі мазмұнын түгелдей өз дәуірінің, өз қоғамының өзекті мәселелеріне арнаған. Осы ерекшелікті әдебиет тарихында аты қалған әрбір жыраудың дерлік туындысынан көре аламыз.

Жыраулар поэзиясында мінәжат өлеңдері тұтастай жанрлық түр ретінде емес, толғау жырлар құрамындағы негізгі сарындардың бірі ретінде көрініс береді. Мәселен: Дұшпаннан көрген қорлығым, Сары су болды жүрекке. // Он жетіде құрсанып, Қылыш ілдім білекке.// Жауға қарай аттандым, Жеткіз деп құдай тілекке! (Ақтанберді жырау) [5, 59].

Осы тектес сыйыну мәнді толғаулардағы негізгі мән-мақсат елдікті, еркіндікті аңсар тұтып, Жаратушыдан сол тілекке жеткізуді сұраған дүнияуи тақырыптарға көбірек ойысқан. Сопылар мінәжатындағыдай күнәһар құлдың күйзелісті зары, Тәңірі алдында тәубаға келіп, сан қайтара кешу сұрауы, ақырет азабынан арылтып, дидар көрсетуін тілеуі сынды сарындар қазақ жырауларының шығармаларында жоққа тән. Дегенмен даңғайыр дәстүрдің дәулескерлері болып табылатын жыраулар поэзиясы өздеріне дейінгі сопылық әдебиеттің басты идеяларының бәрін сіңіріп, өміршең насихаттарын өнеге тұтқаны толғаулардың өн бойынан аңғарылып отырады.

«Мінәжат» сөзінің «тілек» сөзімен түбірлес, мәндес екенін, екеуінің де Жаратушы иеге бағытталатын арман-лебіз болып табылатынын ескерсек, жыраулыр поэзиясындағы мінәжаттың типтік үлгісі ретінде Бұқар жыраудың «Тілек» атты толғауын атап кетуге болады.

Алла атымен басталап, дәстүрлі мінәжаттарға тән бірқатар сарындарды қамтитын бұл толғау да ары қарай қазақы құндылықтарды тарата өрбітіп, солардың сыны бұзылмай сақталуын Тәңірден тілеуді насихат етеді. Мінәжат, дұға, тілектердің насихатпен астаса өрілуі жыраудың «Айтар болсаң, Алланы айт», «Алла деген ар болмас, Ақтың жолы тар болмас» деп басталатын толғауларына да тән.

Төл әдебиетіміздегі мінәжат жанрының дамуы – әдебиет тарихының өн бойына созылып жатқан құбылыс. Алғашқы ауызекі әдебиет үлгілерінен бастап, бүгінгі жаңа ғасыр жырларына дейін жалғасып жатқан мінәжат өлеңдерінің қалыптасқан болмыс-бітімі, мәнер-машығы, көркемдік әдістері бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Шарипов А.М. Зарождение сиситемы стихотворных жанров. Казань: Издательство Казанского университета, 2001. – 256 с.
3. Узбек адабиети. Биринчи том. (Тахрир. В.Зохидов). – Тошкент, УзССР бадий адабиет нашриети, 1959. – 154 б.
4. Сейтжанов Қ. Алтын орда дәуірі түркі классикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері және қазақ әдебиетімен дәстүр сабақтастығы («Мұхаббат-нама», «Хұсрау-Шырын» поэмалары негізінде). Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Астана, 2003- 39 б.
5. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1989. – 380 б.

УДК 007.3

ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ ИННОВАЦИОННО ОРИЕНТИРОВАННЫХ КАДРОВ ДЛЯ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА

Кулмурадов А.С.- магистрант, КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель к.э.н., профессор Аманиязова Г.Д., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация: В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты обеспеченности инновационного развития национальной промышленности трудовыми ресурсами, анализируются современные проблемы подготовки кадров для экономики.

Ключевые слова: инновационный потенциал, образование, наука, подготовка кадров, экономика, трудовые ресурсы.

В современном мире уровень развития инновационного потенциала – науки и техники, непрерывного образования, наукоемких отраслей, мировых рынков технологий - определяет границы между богатыми и бедными странами, создает основу динамичного экономического роста, является важнейшим фактором формирования центров силы. Как отмечает Президент РК Н.А. Назарбаев, «все глобальные перемены грядущих столетий, обеспечение экономического роста и повышение качества жизни населения связаны с инновационной деятельностью, которая является ведущим фактором развития человечества» [1].

Согласно В.В.Мартемьянову, инновационный потенциал рассматривается, как «реализуемые возможности отраслей промышленности, т.е. способность достигать при имеющихся в наличии возможностях поставленных инновационных целей» [2].

С 2016 года Республика Казахстан приступила к воплощению в жизнь задач второй пятилетки индустриально-инновационного развития, в число которых входят следующие важнейшие задачи (рисунок 1).



Рисунок 1 - Основные ориентиры ГПИИР до 2019 года [3]

Согласно представленной схеме, одной из приоритетных задач повышения конкурентоспособности экономики Республики Казахстан на сегодняшний день является повышение качества трудовых ресурсов. Инновационная экономика диктует свои условия всем сферам деятельности, в том числе системе подготовки кадров.

Рассмотрим состав кадрово-научно-интеллектуального потенциала инновационного развития экономики Казахстана.

Научный потенциал, по нашему мнению, включает в себя:

-государственные научные организации - организации министерств, ведомств, организации органов управления республики, областей, городов, местных органов управления;

-университеты и другие вузы, НИИ, конструкторские и проектно-конструкторские организации высших учебных заведений;

-отраслевые НИИ, промышленные предприятия, малый и средний бизнес, занимающийся научными исследованиями.

К научному потенциалу примыкает интеллектуальный потенциал, который рассматривается с точки зрения уровня образования и культурного развития как важнейших составляющих национального достояния. Интеллектуальный потенциал отражает совокупную способность его трудовых ресурсов к производству максимально возможного объема инновационных продуктов или услуг, необходимых для развития инновационной экономики.

Кадровый потенциал характеризует «обеспеченность инновационной деятельности квалифицированным персоналом, наличие и содержание системы обучения и повышения квалификации работников промышленных предприятий, системы мотивации научно-технических специалистов» [4].

Человеческий (кадровый) капитал в инновационной экономике становится все более чувствительным фактором производства, когда ситуация, связанная с его недообеспечением по качеству или количеству, может быть критической для производства.

Инновационная ориентированность кадрового потенциала может быть описана с помощью следующих показателей:

-численность и доля населения с высшим образованием.

-численность исследователей, имеющих ученую степень, из них: доктора наук; кандидаты наук

-численность работников, выполнявших НИР, человек;

-численность преподавательского и студенческого контингента;

-уровень производительности труда в обрабатывающей промышленности.

В последние годы инфраструктура подготовки кадров в нашей стране представлена системой подготовки специалистов в области технологического и научного менеджмента и системой повышения квалификации персонала в области инноваций. В качестве примера можно привести «Назарбаев Университет».

С 2011 года получение ученой степени в республике стало возможным в рамках института докторантуры PhD. Особенностью докторантуры PhD, в отличие от магистратуры, является то, что она предполагает более узкую и глубокую специализацию, направленную на будущую педагогическую и научно-исследовательскую деятельность.

При этом каждый университет, реализующий программы подготовки докторов PhD получил право самостоятельно разрабатывать и утверждать рабочие учебные планы, академические календари, определять траектории обучения и проведения исследований, разрабатывать индивидуальную программу обучения [5].

В настоящее время в Вузах Республики Казахстан проводится институциональная и международная аккредитация. В международном рейтинге высших учебных заведений - ARES-2016 (AcademicrankingEuropeanstandards) приняло участие 95 Вузов Республики Казахстан по категории «В», которая предусматривала надежное качество преподавания, научную деятельность и востребованность выпускников работодателями [6].

В тоже время, Казахстану присущи определенные проблемы формирования инновационной среды и использования инновационного кадрового потенциала.

Во-первых, переход к «новой экономике, основанной на знаниях» у нас формируется на накопленной базе старых советских школ. Переход же таких стран как Южная Корея, Сингапур, Бразилия, Малайзия происходил на «пустом» месте. В Казахстане имеется традиционная организация промышленного, научного и образовательного сектора, но остро стоит вопрос об эффективности функционирования этих связей. Необходимо производство уникальных технологий и продуктов.

Во-вторых, наблюдается низкая активность университетов в исследованиях и разработках, основное направление их деятельности – предоставление образовательных услуг.

В-третьих, отсутствует согласованность интересов государства, промышленного сектора, научно-образовательного общества и населения.

В 2016-2017 гг, согласно рейтингу ВЭФ, по Казахстану отмечаются ухудшения по таким показателям, как повышение квалификации персонала (76-е место против 62-го), профессиональная подготовка (62-е место против 54-го) и др.(таблица 1).

Таблица 1 - Индикаторы ГИК Республики Казахстан, по которым наблюдается значительное снижение рейтинга страны

Индикаторы		2014	2017	Изменение
1	Среднее образование, доля обучаемых (стат. данные)	29	42	-13
2	Высшее образование и профессиональная подготовка	54	62	-8
3	Повышение квалификации персонала (76-е	62	76	-14

	место против 62-го)			
4	Оплата труда и производительность (22-е место против 16-го)	16	22	-6
5	Использование технологий на уровне предприятий	78	90	-12
Примечание – составлено автором по источникам [7]				

Государство должно ориентироваться на увеличение доли внутренних затрат на образование, науку, в валовом внутреннем продукте до 1,5 -2%, что является пороговым значением этого показателя, при котором обеспечивается минимально допустимый уровень национальной экономической безопасности. Сейчас эта доля составляет в Казахстане - 0,8% (для сравнения – в Японии 3,04%, в США - 2,64%, в Германии - 2,8%, в Франции - 2,7%, в Италии - 2,5%, в странах СНГ в России - 1,06%, в Азербайджане - 0,4%, в Туркмении - 0,6%, в Узбекистане - 0,7%, в Таджикистане - 0,2%, в Киргизии - 0,1%) [7].

Поэтому на данном этапе именно государственный заказ должен оставаться главным источником финансирования подготовки инновационно настроенных кадров.

К источникам финансирования развития системы подготовки кадров также относятся различные международные фонды, гранты по международным программам и иные источники, в том числе финансирование подготовки специалистов за счет средств работодателей.

Качество высшего образования может быть повышено на основе расширения стратегического партнерства высших учебных заведений с предприятиями, поскольку и вузы, и предприниматели заинтересованы в подготовке высококвалифицированных специалистов, обладающих необходимыми для успешной трудовой деятельности профессиональными компетенциями, то есть совокупностью теоретических знаний и практических умений и навыков, определяемых рамкой Национальной системы квалификаций и профессиональными стандартами.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 30 ноября 2015 г.

2. Мартемьянов В.В. Методика оценки эффективности повышения экономического потенциала региона на основе модернизации его технологической базы // Известия Тульского государственного университета. Экономические и юридические науки. – 2017г. – №2-1.

3. Презентация Проекта ГПИИР// ж. Личный счет. - http://lsm.kz/

4. Быкова О.Н., Мусатова Ж.Б. Роль высшей школы в подготовке кадров для инновационной экономики. Человеческий капитал и профессиональное образование. №1(1), 2018. С. 42-46.

5. Ситенко Д.А. Перспективные направления инновационного развития Казахстана //Саясат-Policy. – 2016. - №2(187). – С.8-12.

6. Бишимбаев В. Инновационная инфраструктура: опыт и пути развития // Казахстанская правда, 15.03.2013, www.kazpravda.kz

7. Аубакирова Ж.Я. Формирование инновационной экономики в Республике Казахстан: использование зарубежного опыта [Текст] / Ж. Я. Аубакирова // К,аз¥У хабаршысы. Экономика сер. Вестник КазНУ. Сер.экономическая. 2017. №2. С. 33-36.

УДК 338.432

РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ БЕЗОПАСНОСТИ НА ПРОДОВОЛЬСТВЕННОМ РЫНКЕ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Нурнепесов Ш.К., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель к.э.н., профессор Аманиязова Г.Д., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация: В статье представлены результаты статистического исследования состояния продовольственного рынка в Мангистауской области, выявлены особенности состояния продовольственной безопасности в регионе.

Ключевые слова: продовольственный рынок, безопасность, продукты питания, регион, потребление.

Безопасность продуктов питания или, другими словами, продовольственная безопасность (далее – ПБ) выступает неотъемлемой частью национальной безопасности каждого конкретного государства и одновременно является фактором сохранения его целостности и суверенитета, важнейшей составляющей демографической политики, необходимым условием реализации стратегического национального приоритета - повышения качества жизни своих граждан путем гарантирования высоких стандартов жизнеобеспечения.

Под безопасностью на продовольственном рынке принято понимать положение, включающее следующие составляющие:

– физическую доступность продовольствия, под которой понимается наличие продуктов питания на всей территории страны (региона, области, города) в каждый момент времени и в необходимом ассортименте;

– экономическая доступность продуктов питания, состоящая в том, что уровень доходов независимо от социального статуса и места жительства гражданина позволяет ему приобретать продовольствие, по крайней мере, на минимальном уровне потребления;

– безопасность продовольствия для потребителей, то есть возможность предотвращения производства, реализации и потребления некачественных пищевых продуктов, способных нанести вред здоровью населения [1].

В целях проведения международных сравнений, согласно позиции Продовольственной и сельскохозяйственной организацией Объединенных Наций (ФАО) состояние продовольственной безопасности принято оценивать двумя показателями – объемом переходящих до следующего урожая запасов зерна и уровнем его производства на душу населения.

Региональная продовольственная безопасность представляет собой способность региональной системы формирования и распределения продовольственных ресурсов стабильно обеспечивать все категории населения на территории региона продуктами питания, по крайней мере, на уровне норм минимальной потребительской корзины [2].

В Республике Казахстан две столицы и 16 областей, и каждый регион характеризуется своими особенностями продовольственного обеспечения. Наиболее интересной спецификой отличаются сравнительно малонаселенные, но в тоже время индустриально развитые западные области республики, в число которых входит Мангистауская область с населением 587,4 тыс. чел. на начало 2018 г.

Состояние продовольственного рынка в Мангистауской области (как и в любом другом регионе страны) во многом определяется объемами потребления основных

видов продуктов питания и уровнем расходов населения на продовольствие в целом (таблица 1).

Таблица 1 – Показатели выпуска и потребления продовольственных (сельскохозяйственных) продуктов в Мангистауской области за 2013-2017 гг

№	Показатели	Ед. измер.	2013	2014	2015	2016	2017
1	Доля продовольственных товаров в структуре потребительских расходов	%	48,1	49,3	49,5	53,4	56,1
2	Расходы населения области на продовольственные товары (ПТ)	Тенге в год в сред. на душу населения	202,2	215,3	221,7	253,7	269
3	Расходы на ПТ в среднем по Республике Казахстан		180,4	191,9	206,4	229,8	259,1
4	Валовой выпуск (ВВ) продукции сельского и рыбного хозяйства	Млрд. тенге	8,6	9,5	12,3	13,0	14,4
5	Доля ВВ сельского хозяйства Мангистауской обл. в ВВ АПК РК	%	0,3	0,3	0,37	0,35	0,35
6	Потребление продуктов питания на душу населения в год, кг.						
6.1	Мясо и овощи		171	172	165	160	164
6.2	Молоко и молочные продукты		250	229	251	240	236
6.4	Хлеб, крупа, макароны		132	125	120	119	116
Примечание – составлено автором на основе обработки источников [3],[4]							

Анализ представленных в таблице 1 данных показывает, что денежный объем расходов населения области на приобретение продовольствия увеличивается ежегодно в среднем на 10%. Особенно значительный рост показателя наблюдался в 2016 г. (114%), а всего за пятилетний период увеличение расходов жителей на продукты питания в Мангистауской области составило 133%.

Соответственно, имеет место увеличение удельного веса продовольственной корзины в общем объеме расходов домохозяйств: если в 2013 на нее приходилось 48,1% всего потребительского бюджета, то в 2017 году 56,1% (рост в 1,16 раза). Мировой же опыт показывает, что доля расходов на питание по мере повышения уровня доходов на душу населения обычно сокращается, варьируясь от 60% (страны с низким уровнем доходов) до 15% и ниже (страны с высокими доходами) [5].

Нужно также заметить, что уровень продовольственных расходов в Мангистау ежегодно превышает среднереспубликанский показатель, что объясняется более высокими ценами на продукты питания, чем во многих других областях страны. В свою очередь, причинами «дороговизны» продовольствия в регионе являются: слабая обеспеченность собственным сельскохозяйственным и пищевым производством, высокая составляющая транспортных расходов в составе себестоимости ввозимых продуктов.

При изучении динамики валового выпуска продукции агропромышленного комплекса Мангистауской области было выявлено, что, несмотря на ежегодный рост данного показателя в регионе, в целом его вклад в сельское хозяйство республики крайне незначителен, на протяжении последних пяти лет на Мангистау приходится

менее 1% общеказахстанской продукции АПК. Региональные производители продуктов питания не в состоянии полностью обеспечить область необходимыми для полноценного питания продуктами. Так следовательно, в области назревает проблема роста собственного производства сельскохозяйственного сырья и продовольствия, решение которой поддержит ПБ в регионе.

Қарақалпақ халқы қазақтармен сан мыңдаған жылдар бойы бір туыс, бір тудың астындағы халық. Олар қазақ елі құрамынан, Кеңестер одағы кезінде Сталиннің бұйрығымен алынып, Өзбекстанға күні кеше ғана (1936 жылы) берілді. Сонау тарих

түпкірінен бері қарақалпақ пен қазақтың атамекендері Арал теңізінің жағалаулары, Амудария мен Сырдария өзендерінің төменгі жағы болып табылады. Қарақалпақ халқын құрайтын тайпалардың құрамы да қазақтармен бірдей: үйсін, қаңлы, кыпшақ, арғын, керей, найман, алшын, қоңырат т.б. болып табылады. Тілдері де бізбен бірдей. Қарақалпақтың белгілі ақыны Бердақ өзінің «Шежіре» атты дастанында екі елдің туыс екендігін былайша жырлапты:

«Анес, Малик-икки киши,
Пайғамбардың сахабасы,
Анес қазақтың баласы,
Шуннан «Алаш» болған екен.
Маликтің улы Разы хақ,
Яшлығында қойды гулпак,
Кийген екен каракалпак,
Шуннан «калпак» болган екен».

Бұл жырдың мағынасы «Анес пен Мәлік, екеуі де қазақтың баласы. Мәліктің баласы Разының бас киімінің атауына байланысты, оның ұрпақтары «қарақалпақ» аталған» дейді.

Нұрым ақын:
«Бір туған Қазақ, Созақты
Қазақ пен Қарақалпағың
Бірге туған ар жағың» - деп түйеді [3].
«Түменнен Айырқалпақ-ты,
Айырдан Қазақ, Созақ-ты,
Созақтан Қарақалпағың,
Қазақ пенен Қалпағың
Тумалас болад аржағы» (Ұзақбай Қазжанұлы (1897-1976).
«Сыбан менен Өзбек-ті,
Сыбаннан туған ер Қалпақ
Ер Қалпақ ұлын сұрасаң,
Қазақ пенен Созақ-ты.
Созақтан туған жарандар
Қара мынау Қалпақты,
Қазақ пенен бір туып,
Хорезмде қалам деп,
Өзі іздейді азапты [4].
«Майқы бидің баласы,
Жиен менен Өзбекті.
...Баласы сол жиеннің қазақ, созақ,
Созақтан жеке туды айырқалпақ,
Баласы Айырқалпақтың Қарақалпақ:
О дағы бірталай ел жатқан жалпақ.
Қарақалпақ баласы үшеу екен:
Қоңырат, Манғыт, Кенегес» [5].
«Туыпты Қазақ пенен Созақ бірге
Әкесі Айырқалпақ бір дейді ана.
Созақтан Толағай мен Сүйір туып,
Мекені аталады екен «бес қала»,
Үргеніш, Төрткүл, Шымбай, Тақтакөпір,
Қонысы Толағайдың тап сол ара.
Толағай әуелде аты болғанымен,

Атанған Қарақалпақ бара-бара [6]. Қазақтың ежелгі аңыз, ертегі, шежірелеріндегі көп айтылатын әйгілі Толағай (алып) батырдың елі (ұрпақтары) осылар.

Жалпы қарақалпақ халқы бізбен туыс, кезінде сан ғасырлар бойы, тіпті күні кешегі 1936 жылға дейін олар қазақ құрамында болды. Олар қоңырат, он төрт ру деген бірлестіктерден тұрады. Қоңырат бірлестігі өз кезегінде шуулық (9-8 ру) және жауынгер (7 ру) болып бөлінеді. Он төрт ру да екі топқа бөлінеді: біріншісі қытай мен қыпшақ (қытай-қыпшақ), екіншісі - кенегес пен маңғыт (кенегес-маңғыт).

Бұл жерде ноғай мен қарақалпақтың ұқсастығы екеу - қыпшақ пен кенегес, сондай-ақ маңғыт рулары. Сол сияқты қазақ-қарақалпақ ұқсастығы да екеу - қыпшақ, қоңырат, сондай-ақ қоңырат ішіндегі маңғыт пен қытайдың қосындысы - маңғытай.

Қазіргі Қарақалпақ жеріндегі Әмударияның бір саласы Қазақдария деп аталса, Қазанкеткен атты елді мекен, Қарабауыр, Қаражар, Қараөзен атты микротопонимдер кездеседі.

Бұдан шығатын қорытынды қазағы да, ноғайы да, қарақалпағы да бәрі бір халық, Шыңғыс хан одан да арғы сан мыңдаған жылдар бұрын құрылған қазақ мемлекеттігіне қараған елдер.

«Қарақалпақ халқының құрамындағы қазақтың белді рулары үйсін, балғалы және қайшылы (жалайыр), қаңлы, қарамойын (қыпшақ), ашамайлы және шереуші (керей), бағаналы, терістамғалы, қара-керей және садыр (төртеуі де наймандар), байбақты, адай, сумұрын, беріш және таз (бесеуі де алшын)» [7]. «Өзімізден айрылған қарақалпақ деген ел бар. Ол тіпті қазақ атанған соң айрылған. Олар Сырдарияға барып, орнығып, бұрынғы сарт атанып тұрғандармен бірге сарт атанған» [8].

Жалпы түрік халықтарының тегі (түбі) бір екендігін және олардың бәрі Маңғыстаудан бастау алатындығын айғақтайтын басты деректердің бірі «Алпамыс батыр» дастаны болып табылады. Жырда айтылатын оқиға желісі Маңғыстауда болып өткен. Соған сәйкес жырдың дүниеге келген жері де осы Маңғыстау. Жырдағы аттары аталған жер, су, тау, елді мекен атаулары әлі сол бұрынғы күйінде Маңғыстауда сақталған. Бұл жырды (эпос пен ертегілер циклі) Қазақтар мен қарақалпақтар «Алпамыс», өзбектер «Алпамыш», башқұрттар «Алпамыпі пен Барсын Хылуу», татарлар «Алпамша», алтайлықтар «Алый Манаш», қырғыздар «Манас» деп атайды. Бұл эпостың барлық (оғыз, қоңырат, қыпшақ) нұсқаларында да, олардың пайда болған уақыты айтылмайды. Алайда жырдың Дешті Қыпшақ даласында пайда болып, дамығаны анық аңғарылады.

Алпамыстың қоңырат тайпасынан шыққаны эпоста айқын көрсетілген, тіпті батыр шыққан Лақай руы да көрсетіледі. Эпоста Қоңырат тайпасының Орта жүзге жататыны, сондай-ақ осы тайпаға біріккен рулар саны отыз екі («отыз екі ата қоңырат») екені де айтылады. Эпостағы мәліметтерге сәйкес, Алпамыстың шыққан тегін былай деп есептеуге болады. Эпоста Арыстан баб туралы айтылады, аңыздарға сәйкес, ол мұсылмандар дүниесінде атағы мәлім, әулиелік және діндарлық қызметімен әйгілі Қожа Ахмет Иассауидің рухани ұстазы болған. Ескерте кететін жағдай екеуі де бір өңірде, яғни Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтаған жерде ғұмыр кешкендерімен араларын бірнеше ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бөліп жатыр.

Оның кесенесі (бұрыштарында төрт мұнарасы бар екі күмбезді) Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданындағы Қоғам селосының маңында, Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасында орналасқан. Эпосқа қарағанда, баласы жоқ Байбөріге ұлы Алпамыс пен қызы Қарлығаштың дүниеге келуі туралы басқа әулие-әнбиелермен бірге Арыстан баб та аян берген.

«1936 жылы большевиктер (Москва) Қарақалпақ Автономиялық Республикасын (165 мың км^2) Қазақ ССР-інен ешқандай негізсіз, заңсыз тартып алып өзбектерге қосты.

Олар қарақалпақ халқының бұл жайлы не ойлайтынымен санасқанда жоқ. Ал, біздер өзбекке емес, қазаққа туыс халықпыз. 14 желтоқсан 1990 жылы Қарақалпақ АССР-ы Жоғарғы Кеңесінің сессиясы «Тәуелсіздік Декларациясын» жариялады. Бірақ бізді Ташкент зорлықпен ұстап отыр [9].

«Өзбек өрістес ел,
Қырғыз қоныстас ел,
Қарақалпақ қарындас ел,
Түрікпен тамырлас ел». Халық сөзінен.

Қарақалпақтар Кеңестік Мәскеу билігінің зорлығымен қазақтан бөлінген ең соңғы туыс ел [10].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Күнқожа Қайрулла. Бесқала бастауы. 2018
2. Ф.Беарамберг. Краткие сведения о караванной дороге из Мангышлаке в Хиву «Записи по отделение этнографии» 1 т 1867 г. 321 б.
3. Ө.Озғанбай «Ұлы Бесін» Алматы 2010. 268 б.
4. Әбубәкір Кердері. «Жолдас болсаң жақсыға мәртебеге жетесің» Ақтөбе-2011. 161.
5. Ыбырай Ақұн Құлбайұлы «Алтынды Орда қонған жер» Ақтөбе - 1994. 12 б.
6. Ш. Жұбанұлының шежіресі. Хамит Маданов «Кіші жүз шежіресі». Алматы, 1994. 13 б.
7. М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» Ташкент. - 1925. 27 б.
8. Ш.Құдайбердіұлы «Түрік, Қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбор. - 1911. 65 б.
9. Ерназар Коныратов. Пресс секретарь Партии национального возрождения Каракалпакстана "Еркин Каракалпакстан". freekarakalpakstan@gmail.com 15.03.2008
10. Қожырбайұлы Мұхамбеткәрім. Қарақалпақтар - қазақтың баласы

ӘОЖ 323(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЖАҺАНДАНУ ҮРДІСІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Ережепова Р.Г., Ш.Есенов атындағы КМУТИ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы бағыттарды қазіргі жаһандану үрдісімен сабақтастыра отырып, ұлттық мәдениет және білім мәселесінің өзектілігі қарастырылады. Сондай-ақ, әлемдегі жаһандану үрдісінің түсінігіне шолу жасалып, оның ұлттық мәдениет пен рухани болмысқа ықпалына, жастардың білім алуына баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, жаһандану, үрдіс, ұлттық код, ұлттық болмыс, тіл, білім.

Сонау ғасырлардан бері қазақ тарихында ел тізгінін ұстаған мемлекет қайраткерлері мен басшыларының ел іргесін берік ұстаудағы қадамдары аз болмағаны тарихтан белгілі. Мысалы, «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» , Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» сияқты дала заңдары қазақ қоғамын біріктірді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қазақстандық қоғамның реформалардан өткені белгілі. Сол реформалардың ішінде ең құндысы-Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы-болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал, ең бастысы –еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жетікізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды.

Бұл идеядан кейінгі Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің өміршеңдігінің жаңа бастауы деп бағалауға болады. Елбасымыздың 2017 жылдың 31-ші қаңтарында жарияланған Жолдауында айтылғандай: «Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз»[1].

Жаһандану, немесе Глобализация (ағылш. *Global* —«әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген американдық экономист - Теодор Левитт[2,616].

Қазақстан қоғамы немесе басқа мемлекеттердің саяси жүйесі болса да үнемі түрлі ішкі және сыртқы әсерлердің, құбылыстардың, үрдістер мен күштердің ықпалына ұшырайды. Соған сәйкес, жаһандану үрдісінде қазақстандық қоғамға әсер ететін деструктивті және тұрақсыздандыратын факторлардан сақтануы керек. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық-мәдени құндылықтарының әлсіреп немесе жойылу қаупі төнгенде және жаһандық құндылықтардың қоғамымызға дендеп енер кезінде ұлттық код және рухани құндылықтарымыздың белгілерін қайта қарау қажеттілігі туындайды. Қазіргі қоғамда орын алып жатқан трансформациялық процестер ұлттық рух пен мәдениетімізге және оның мазмұнына өзгерістер енгізуде.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың XXI ғасырдағы ұлттық сананы кеңінен дамытудың, жаңғыртудың бірнеше бағытын ұсынды: соның ішіндегі ең маңыздыларының бірі - ұлттық бірегейлікті сақтау және білімнің салтанат құруы болып табылады. Себебі, жетпіс жыл бойы кеңестік идеологияның қыспағында тұншығып келген қазақ мәдениеті, тілі, діні мен менталитеті өзгерістерге ұшырамай қоймады. Тәуелсіздік алғаннан кейін елдің рухани құндылығы енді жаңғырып келе жатырғанымен, жаһандану үрдісіне ұшырамай қоймады. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс[3]. Бұл жерде ұлттық рухтың сақталуы үшін Елбасы екі ережені ұстануды ұсынады: біріншісі-ұлттық код, екіншісі-ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Бірінші қағида-ұлттық кодқа келетін болсақ, ол ұлттық мәдениетімізге байланысты айтылған мәселе. Ұлттық кодқа біз мыналарды жатқыза аламыз: ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, тіл мен діл, дін. Осы аталған код сақталмай ұлттың жаһандану үрдісіне жұтылып кету қаупі бар. Мысалы, БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) XXI ғасырдың соңына қарай жер бетіндегі ұлт тілдерінің жартысына жуығы жойылып кетеді деп болжады. Олардың көпшілігі бұрынғы КСРО құрамында болған елдердегі тілдер. 2010 жылы ЮНЕСКО жоғалу алдында тұрған әлем тілдерінің атласын жасады. Атласқа 2500 тіл мен диалект енген. Бір ғана Еуропада

жойылу қаупінде тұрған 212 тіл бар екен. Тағы 13-і таяу арада мүлдем жоқ болады деп болжанды. Ал, КСРО құрамында болған елдер аймағында жойылу алдында тұрған 5 тіл бар екен: ғағауыз,ливиялық, саам,вод, қарайым тілдері[4].

Рухани жаңғырудың жолында жүріп жатқан бірнеше жоба бар. Соның бірі әрі бірегейі, елбасының «жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы. Ең бірінші, Біріккен ұлттар ұйымындағы ең беделді алты тілді меңгеру. Аталған алты тілді меңгеру арқылы ұлттың жаһандық бәсекедегі қабілетін көрсете аламыз. Ол тілдер: ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілі. Екіншіден, жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін өз мәдениетіміз қалыптасу керек. Біздің қалыптасқан мәдениетіміз емес, қазір жүріп жатқан, іргесі қаланып жатқан мәдениетті ұсына білуі керек. Еліміздің мақтанар мәдениеті көп. Оны өзіміз ғана біліп қойғанымыз жеткіліксіз. Себебі елді ел тану үшін оның мәдениетін тану керек. Бұл мәселе туралы да Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласында да атап өтеді: «біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды» [5].

Тіл - кез-келген ұлттың қайталанбас символы, баға жетпес байлығы. Тіл бар жерде ұлт та, ел мен жер бар. Ғабит Мүсірепов айтқандай: "Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді".

Рухани жаңғыру бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі - білімнің салтанат құруы. Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Елбасымыз барлық Жолдауларында білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздейді[6]. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді[7].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту.

Білім беру әріп танып, жазумен ғана шектелмейді. Жастарға қажеті – сапалы білім. Ақпараттармен толық танысу үшін, технологияларды дұрыс меңгеру үшін, әлемдік рейтингте жоғары көрсеткішке жету үшін де тұрақты білім беру жүйесін орнатуымыз қажет. Сол себепті де қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты құрал – сапалы білім. Білім алуда жақсы деңгей көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей жататын кездер жиі кездеседі.

Білім беру жүйесінің сапасына қатысты әлем елдерінде бірқатар тәуелсіз зерттеулер жүргізген орталықтардың атап айтқанда, PISA-ның (Programme for International Student Assessment-Оқушылардың білім жетістігін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама) 2009 жылғы зерттеулеріне сәйкес, Финляндияның білім-ғылым саласын жоғары бағалаған. Фин елінің білім беру үлгісіндегі басты ерекшелік - білім берудің үздіксіз жүйесін қолдануында болса керек. Финляндия Білім министрлігі педагогикалық кадрлар құрамын жасарту саясатын үнемі жүргізеді, нәтижесінде мектепке талантты әрі жас мамандар көп тартылады. Білім берудің осындай икемді

жүйесі арқылы Финляндия Еуропада халқының сауаты жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Сондықтан да, Қазақстанның әлемдегі озық үлгі орнатқан елдердің жолымен жүруі тиіс. Бұл жайында былтырғы Фин еліне сапары барысында Елбасы:«Финляндиямен қарым-қатынас Қазақстан үшін аса қажетті. Себебі, бұл ел әлемде өзіндік орны бар, білім-ғылым саласында, инновация бағытында алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі. Егерде біз бәсекеге сай ел болғымыз келсе, Финляндияның жүрген жолымен өтіп, тәлім-тәрбие алғанымыз өте пайдалы болады», - деп атап өткен еді.

Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ. XYII - XYIIIғ.ғ. өмір сүрген ағылшын ойшылы Ф.Бэконның «Күш-білімде» атақты тезисі әлі күнге дейін өзектілігін жойған емес. Сондықтан қазіргі жаһандану үрдісінде қоғамдағы өскелең ұрпақтың ұлттық код пен білімді ұштастыра отырып, алға қарай талпынғаны дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Саяси түсіндірме сөздік. 616-бет, – Алматы, 2007.
3. www.zakon.kz. сайтындағы Президент мақаласы.12.04.2017ж.
4. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/32657/
5. https://massaget.kz/mangilik_el/48589/.21.11.2018ж.
6. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
7. www.zakon.kz. сайтындағы Президент мақаласы.12.04.2017ж.

УДК 338.2 33.643.47

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В РАМКАХ ПРОГРАММА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - НОВЫЙ ПОДХОД К РЕШЕНИЮ ЗАДАЧ

Естурлиева А.И., доцент КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация: Проблема развития конкурентоспособного технологического потенциала страны является одной из ключевых в ряду проблем сегодняшнего Казахстана. Инновационный путь развития заставляет искать новые подходы к реализации научно-технического потенциала регионов.

Приоритетными направлениями экономического и социального развития регионов Республики Казахстан являются выравнивание уровня социального развития регионов в целях обеспечения в них гарантированных государством единых минимальных социальных стандартов.

Ключевые слова: экономического и социального развития, регион, 100 шагов, модернизация, конкурентоспособгость, программы, Рухани Жангыру, Стратегия индустриально-инновационного развития, диверсификации отраслей экономики, задачи

В соответствии с поручением Президента РК Н.А. Назарбаева в Казахстане разработана Стратегия индустриально-инновационного развития, которая нацелена на достижение устойчивого развития путем диверсификации отраслей экономики и отхода от сырьевой направленности развития.

Направления экономического и социального развития регионов Республики Казахстан на перспективный период связаны с полным преодолением последствий экономического кризиса и переходом к устойчивому экономическому росту.

В перспективе должны сформироваться и на практике подтвердить свою эффективность все элементы современной рыночной экономики, включая механизм регулирования отношений собственности, рыночных форм организации производства, создания свободных экономических зон и т.д.

Обеспечение процесса устойчивого развития базируется как на глобальных факторах, так и на учете специфики каждого региона, ее человеческого потенциала, природных, транспортных и других условий, в общем, всего того, что обеспечивает воспроизводственный процесс - основу системы устойчивого развития. Экономический механизм, используемый при этом, должен обеспечить управление устойчивостью национальной экономики, защиту собственности во всех ее формах, создание надежных условий и гарантий для предпринимательской активности, сдерживание факторов, способных дестабилизировать ситуацию.

В настоящее время еще многие регионы Казахстана относятся к разряду депрессивных, наблюдается опасная тенденция углубления разрыва в степени социально-экономического развития субъектов государства. В этих условиях необходимо сосредоточение усилий на выработке и реализации эффективных мер социально-экономических преобразований. Такие меры должны содержать совокупность экономических, социальных, правовых, экологических и прочих стимулов, которые должны быть направлены на обеспечение и защиту интересов всего населения, а эти интересы, в свою очередь, необходимо увязать на решение главной задачи - создание единого рыночного экономического и социально ориентированного пространства [1].

Во многих регионах РК разрабатываются собственные стратегии социально-экономического роста, реализуются свои особые методы и механизмы обеспечения устойчивого и поступательного развития. Вместе с тем, методологическая база реализации этих сложных и многоаспектных задач в полной мере еще не разработана, в регионах существуют различные условия и трудности как объективного, так и субъективного характера.

К числу насущных проблем, требующих скорейшего решения, относятся, прежде всего, такие, как обеспечение системного подхода к управлению социально-экономическими процессами в регионе, упорядочение государственного регулирования регионального развития, обоснование направлений реструктуризации регионального хозяйства и ряд других.

Все эти обстоятельства убедительно свидетельствуют о том, что изучение социально-экономических процессов, происходящих в регионах, является необходимой и актуальной задачей.

Поставленная цель определила постановку и реализацию следующего комплекса задач:

- рассмотреть сущность и критерии социально-экономического развития региона;
- изучить методические аспекты управления социально-экономическим развитием региона;
- рассмотреть инструменты управления экономическим развитием региона;
- провести анализ социально-экономического развития регионов Республики Казахстан;
- проанализировать результаты реализации Программы «Развитие регионов»;
- выявить основные проблемы социально-экономического развития регионов;

- разработать направления совершенствования социально-экономического развития региона [2].

- провести оценку конкурентоспособности регионов Республики Казахстан;

Под развитием обычно подразумевается любое прогрессивное изменение, прежде всего в экономической сфере. Если изменение количественное, говорят об экономическом росте. При качественном изменении речь может идти о структурных изменениях или об изменении содержания развития, или о приобретении экономической системой новых характеристик.

Наряду с чисто экономическими характеристиками нередко рассматривают социальные параметры развития. Более того, социальные характеристики давно уже стали полноправными показателями, оценивающими степень развития любого региона.

Развитие всегда имеет направленность, определяемую целью или системой целей. Если эта направленность положительна, то говорят о прогрессе, если отрицательна, то о регрессе, или о деградации. Иными словами, природа развития регионов всегда предполагает определенную цель или несколько целей.

Развитие региона - многомерный и многоаспектный процесс, который обычно рассматривается с точки зрения совокупности различных социальных и экономических целей. Даже если речь идет только об экономическом развитии, оно обычно рассматривается совместно с развитием социальным. Социально-экономическое развитие включает в себя такие аспекты, как:

- рост производства и доходов;

- перемены в институциональной, социальной и административной структурах общества;

- перемены в общественном сознании;

- перемены в традициях и привычках.

В настоящее время основной целью экономического развития большинства стран мира и их регионов является улучшение качества жизни населения. Поэтому процесс социально-экономического развития включает в себя три важнейшие составляющие:

- повышение доходов, улучшение здоровья населения и повышение уровня его образования;

- создание условий, способствующих росту самоуважения людей в результате формирования социальной, политической, экономической и институциональной систем, ориентированных на уважение человеческого достоинства;

- увеличение степени свободы людей, в том числе их экономической свободы.

Развитие любого региона - многоцелевой и многокритериальный процесс. Содержание развития регионов может сильно различаться.

В качестве целей социально-экономического развития региона используются такие, как увеличение доходов, улучшение образования, питания и здравоохранения, снижение уровня нищеты, оздоровление окружающей среды, равенство возможностей, расширение личной свободы, обогащение культурной жизни. Некоторые из этих целей идентичны, но в определенных условиях они могут иметь существенные различия. Так, ограниченные средства можно направить либо на развитие здравоохранения, либо на охрану окружающей среды. Возникает конфликт между целями развития. В то же время понятно, что чем более чистой будет окружающая среда, тем здоровее будет население и тем в большей степени будет достигнута конечная цель — здоровье людей. Поэтому в данном случае конфликт между целями не носит абсолютно неразрешимого характера. Однако в других случаях конфликт целей развития требует особого рассмотрения и специальных методов разрешения.

Соответственно целям развития регионов строится система критериев (характеристик развития) и показателей, которые измеряют эти критерии. Международные организации оценивают степень развития регионов по некоторым универсальным интегральным показателям. Одним из таких показателей является индекс развития человека, разработанный в рамках Программы развития ООН. При этом для расчета используются три показателя экономического развития:

- ожидаемая продолжительность жизни при рождении;
- интеллектуальный потенциал (грамотность взрослого населения и средняя продолжительность обучения);
- величина душевого дохода с учетом покупательной способности валюты и снижения предельной полезности дохода.

В межрегиональном сравнении, точно так же, как и в международном анализе, можно использовать индекс развития человека и другие аналогичные показатели.

Наряду с интегральными показателями можно использовать и отдельные частные показатели развития региона. Среди них:

- национальный доход на душу населения;
- уровень потребления отдельных материальных благ;
- степень дифференциации доходов;
- продолжительность жизни;
- уровень физического здоровья;
- уровень образования;
- степень счастья населения.

Целесообразно выделять долгосрочные и краткосрочные цели и соответствующие им критерии экономического развития страны. Среди долгосрочных целей - становление и развитие постиндустриального общества, создание рабочих мест высшей квалификации для будущих поколений, повышение уровня жизни всех граждан страны, включая уровень здравоохранения, образования и культуры. В качестве краткосрочных целей можно рассматривать преодоление кризиса и достижение конкретных величин прироста валового национального продукта в следующем году, квартале, месяце и пр. Долгосрочные и краткосрочные цели по своему содержанию достаточно сильно различаются, меры по их достижению также неодинаковы.

Критерии экономического развития не всегда играют роль целей или целевых ориентиров, и наоборот. Нередко в качестве тактических целей регионального развития выступают промежуточные задачи, играющие роль необходимых условии успешного развития. Среди таких тактических целей развития региона можно назвать:

- привлечение новых видов бизнеса;
- расширение существующего бизнеса;
- развитие малого бизнеса;
- развитие центра города;
- развитие промышленности;
- развитие сферы услуг;
- повышение уровня занятости населения региона.

Особое значение в определении уровня экономического развития региона имеют традиционные показатели, оценивающие уровень производства и потребления благ и рост этого уровня в расчете на душу населения (валовой национальный доход (ВНП), валовой внутренний продукт (ВВП), реальный ВНП на душу населения, темпы роста этих показателей).

Для оценки динамики развития целесообразно использовать показатели, оценивающие темпы экономического роста в регионе: темпы роста душевого дохода,

производительности труда, а также темпы структурной трансформации производства и общества. Воздействие на темпы экономического роста - жизненно важный вопрос для экономической политики как страны в целом, так и отдельного региона.

Чисто экономические показатели, какими являются ВВП, душевой доход, производительность труда и темпы их роста, не могут в полной мере оценить социально-экономическое развитие региона. Не менее важны показатели продолжительности жизни, уровня здоровья населения, степени его образования и квалификации, а также показатели структурных изменений в производстве и обществе.

Экономическое развитие многих регионов сопровождается изменением структуры общественного производства, в частности, на смену индустриальному обществу постепенно приходит постиндустриальное. Все большая часть занятых работает в нематериальном секторе, все меньшая часть - непосредственно в промышленности и сельском хозяйстве.

Так называемые базовые отрасли перестают быть таковыми и никогда не станут базовыми опять. Потребление индивидуализируется, тиражность производства падает, происходит так называемая демассификация производства. Углубляется его интеллектуализация, основными факторами производства становятся информационные ресурсы. Добавленная стоимость создается главным образом в нематериальной сфере, при этом труд приобретает новые черты: в нем начинают преобладать творческие функции, превалирующим типом работника становится творческая личность, приверженная своему делу и стремящаяся привнести в свою работу новые элементы. Стираются различия между низко- и высокотехнологичными отраслями: все отрасли становятся наукоемкими, абсорбируя поток управленческих, финансовых и коммерческих инноваций. Навыки работников и наличие прогрессивной технологии становятся важнее низких затрат на рабочую силу и других обычных факторов конкурентоспособности. Традиционные преимущества регионов начинают утрачивать былое значение. Все названные тенденции проявляются почти во всех странах мира в большей или меньшей мере.

Нематериальное производство становится парадигмой экономического развития, что заставляет по-новому оценивать степень богатства стран и регионов. Традиционно регионы оцениваются с точки зрения богатства лесом, полезными ископаемыми, почвами, климатическими условиями, основными фондами, географическим положением. Новые представления о нематериальном производстве как о сфере, где создается большая часть стоимости, меняют критерии оценки богатства стран и регионов. На первое место выдвигаются такие факторы, как богатство людьми и их квалификацией, управленческими технологиями, рыночной инфраструктурой, сетью бизнеса, культурой организаций. Новые представления об источниках и факторах экономического развития позволяют по-новому посмотреть на образование, науку, медицину, телекоммуникации, навыки менеджмента как на те сферы общественной жизни, которые оказывают решающее влияние на темпы и направление экономического развития страны в целом.

Итак, на уровне региона можно рассматривать следующие критерии и соответствующие им показатели социально-экономического развития:

- ВНП или ВВП (абсолютная величина и на душу населения) и темпы роста этих показателей;
- средний уровень доходов населения и степень их дифференциации;
- продолжительность жизни, уровень физического и психического здоровья людей;
- уровень образования;

- уровень потребления материальных благ и услуг (продуктов питания, жилья, телефонных услуг), обеспеченность домашних хозяйств товарами длительного пользования;
- уровень здравоохранения (обеспеченность поликлиниками, аптеками, больницами, диагностическими центрами и услугами скорой помощи, качество предоставляемых медицинских услуг);
- состояние окружающей среды;
- равенство возможностей людей, развитие малого бизнеса;
- обогащение культурной жизни людей.

Стандартным способом оценки экономического развития региона является оценка уровня производства (к тому же, как правило, материального производства). Такая оценка является сегодня односторонней и недостаточной. Разработанные международными организациями подходы к оценке экономического развития стран заставляют при оценке уровня развития региона рассматривать не только объем производства, но и такие, например, аспекты, как образование, здравоохранение, состояние окружающей среды, равенство возможностей в экономической сфере, личная свобода и культура жизни. Вполне уместно в качестве интегрального показателя развития региона использовать индекс развития человека, разработанный и применяемый Программой развития ООН для оценки развития отдельных стран.

При управлении экономическим развитием отдельного региона целесообразно выделять все вышеперечисленные относительно самостоятельные цели и осуществлять мониторинг их достижения. В частности, наряду с мониторингом состояния регионального производства и динамики денежных доходов населения необходимо отслеживать и другие важнейшие параметры экономического развития.

Наличие и уровень качества школ, детских садов, других образовательных учреждений и их доступность, а также уровень образования и квалификации людей - важнейшие параметры уровня развития любого региона. Снабжение продуктами питания, контроль за их качеством, соблюдение прав потребителей на розничном рынке - это также параметры оценки уровня регионального развития. Уровень физического и психического здоровья населения, продолжительность жизни, уровень развития системы здравоохранения и ее доступность, состояние окружающей среды - также важные оценочные критерии социально-экономического развития региона.

Даже если предположить, что большая часть регионов, выйдет из экономического кризиса в узком смысле этого слова, т.е. возобладает положительная динамика роста производимой продукции, то вряд ли еще можно будет говорить о позитивных сдвигах в динамике социально-экономического развития в современном понимании, так как экологическая составляющая будет тормозить продвижение регионов вперед.

Многие города характеризуются многократным превышением допустимых норм загрязнения воды и воздуха. Значительные площади плодородных земель ежегодно безвозвратно утрачиваются и навсегда выводятся из сельскохозяйственного оборота.

В понятие социально-экономического развития региона входит и такая трудно измеримая субстанция, как культура жизни населения. Положительная динамика экономического развития региона возможна лишь при условии обогащения культурой жизни населения данного региона. Социально-экономическое развитие региона лишь тогда имеет положительную динамику, когда при прочих равных условиях расширяется личная свобода каждого, в том числе и в экономической области, что возможно при эффективной поддержке малого и среднего бизнеса, антимонопольных мерах, защите прав потребителей, обеспечении реальной свободы передвижений, которая обеспечивается развитым рынком жилья.

ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента Республики Казахстан. Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность

2. Программа Президента Республики Казахстан. План нации - 100 конкретных шагов.

3. Озеров, Г.М. Стратегия организации: от корпоративных намерений к плану действий / Г.М. Озеров/ Управление персоналом.2002. - № 4.с.46-50

4. Бовыкин В.И. Новый менеджмент: управление предприятием на уровне высших стандартов; теория и практика эффективного управления. М.: ОАО «Издательство «Экономика», 1997. - 368 с.

ӘОЖ 332.33 (045)

ЖЕР РЕСУРСТАРЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Жанимхан Индра, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қаласы

Аңдатпа. Мақалада ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану көрсеткіші табиғи-климаттық жағдайлармен және шаруашылықтардың қолданатын технологияларының даму деңгейімен, әлемдегі жер ресурстарын пайдалану жетістіктері қарастырылған. Қазақстан жерінің басты қасиеті - минералды шикізат көзі ретіндегі қазба байлығыда ашылып отыр. Сондай-ақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері республиканың табиғи көрікті өңірлеріне де назар аударылып, туристік инфрақұрылымдарды дамыту арқылы да табысқа жету жайы да қарастырылған.

Түйінді сөздер: жер, жер қойнауы, жер қойнауын пайдалану, жер қоры санаттары, жер қойнауының мемлекеттік мониторингі, мемлекеттік жер кадастры.

Ағылшын экономисі Уильям Петти жердің ролі жайлы келесі нақыл сөзді айтты: «Еңбек байлықтың әкесі, Жер – оның анасы». Еліміздің ұлттық байлығы – жер қойнауындағы минералдық шикізаттар ресурстарына қарай, оларды шығаруға жұмсалатын шығынға қарай бағаланады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаны қорғауға қойылатын негізгі талаптар:

- кен орнын игерудің арнаулы тәсілдерін қолдану есебінен жердің үстіндегі қабатын сақтау;
- жердің техногендік шөлейттенуін болдырмау;
- жер қойнауын пайдалану операциялары басталмай тұрып, табиғатты қорғау органдарымен келісілген автомобиль жолдарын салудың тиімді сызбасын жасау, соңдай-ақ ұңғыларды бұрғылауда тармақты әдісті қолдану, ішкі үйінділер жасау технологиясын пайдалану арқылы бұзылатын және бүлінетін жерлердің аумағын азайту;
- топырақтың, аршу жұмысы үйінділерінің жел эрозиясына ұшырауын және өндіріс қалдықтарының тотықтануын және зиянды әсерінің ауаға таралуын болдырмау;
- сіңірме және тұщы су қабаттарын ластанудан сақтау үшін оқшаулау;
- жер асты суларын сарқылудан және ластанудан сақтау;
- жуғыш сұйықтарды дайындағанда реагенттерді пайдалану;
- бұрғылау ертінділерін тазалау мен қайталап пайдалану;

- айналадағы табиғи ортада бұрғылау мен жанар- жағармай материалдарының қалдықтарын экологиялық қауіпсіз тәсілмен жою;
- мұнай кен орындарында қабатаралық қысымды сақтау жүйесінде мұнай өндірісінің сарқынды суларын тазалау және қайыра қолдану.

Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі - жер қойнауының мемлекеттік қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, олардың өзгеруін уақтылы анықтау және бағалау, келеңсіз процестердің зардаптарының алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін бақылаудың қалыптасқан жүйесі болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

– Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
– Елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
– Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер;
– Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және табиғи- мәдени мақсаттағы жер;
– Орман қорының жері;
– Су қорының жер;
– Босалқы жер.

Жер - ауыл шаруашылығының ең басты өндіріс құрал-жабдығы. Жер-ресурстық потенциалдың маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Жер халық шаруашылығының барлық саласында пайдаланылады, алайда оның ролі барлық жерде бірдей, емес. Мәселен, өнеркәсіпте жер тек кәсіпорындарды орналастыратын орын ретінде ғана, ал ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құрал-жабдығы ретінде көрінеді. Өнеркәсіп орындарының шаруашылық кызметінің нәтижелері түгелдей технология және өндірісті ұйымдастыру деңгейіне, олардын негізгі және айналым құралдары мен қамтамасыз етілу дәрежесіне, өндірісті басқару жүйесіне және басқа факторларға байланысты.

Еліміздің егістік жерінің келешек мүмкіндігі жоғары екендігін мына мысалдан көруге болады. Әлемнің әртүрлі елдерінде халықтың егістік алқаптармен қамтамасыз етілу көрсеткіші мынандай: Канадада 1 тұрғынға – 1,48 гектар, АҚШ-та – 0,63 гектар, Қытайда – 0,08 гектар, Жапонияда – 0,03 гектар жерден келсе, біздің Қазақстанда 1 тұрғынға 1,51 гектар жерден айналады [2].

Қазіргідей әлем халықтарының аралас-құраластығы артып отырған тұста жердің транзиттік мүмкіндіктерінің болуының өзі үлкен байлық көзі деп есептеледі. Қазақстан Еуразия кеңістігінің кіндік тұсында қоныс тепкендіктен Еуропа мен қайнап өсіп келе жатқан Қытайды, Оңтүстік-Шығыс Азияны құрлық арқылы байланыстыратын көлік дәлізі ретінде де қызмет ете алады. Сонда бұл істен де үлкен экономикалық пайдаға кенелуге болады.

Осы айтылған жайттар кең-байтақ жеріміздің қасиеті уақыт өткен сайын әр қырынан ашыла түскендігін көрсетеді.

Бүкіл әлем бойынша алғанда адамдардың жермен қамтылу көрсеткіші уақыт өткен сайын төмендеу үстінде. Бұдан 10-15 жыл бұрын әлем бойынша егістік жер 1 адамға 0,45-0,5 гектардан айналса, қазіргі уақытта осы көрсеткіш бар болғаны 0,25 гектарды ғана құрайды. Осыдан барып жердің материалдық игілік көзі ретіндегі бағасы да артқан үстіне артуда.

Елбасы жер ресурстарының қоғам дамуындағы айрықша рөліне тоқтала келе «Жер табиғи байлықтармен және жылжымайтын мүлікпен қатар экономиканы көтеріп тұрған киттердің бірі болып табылады» деп тұжырымдаған болатын.

Қазақстан Республикасының жер қоры 272,5млн.га құрайды. ТМД елдерінің арасында оның территориясы Ресей Федерациясынан кейін 2-ші, ал дүние жүзінде 9-шы орын алады. Қазақстан Республикасының аумағы Еуразия матиригінің ортасында орналасқан, батысында – Волганың төменгі жағынан, шығысында Алтайға дейін және оңтүстігінде – солтүстіктен Тянь-Шаньнің Іле Алатауы жотасының, солтүстігінде – Батыс Сібір ойпатына дейін созылып жатыр. Қазақстанның бүкіл жер қоры өте қуаң климатпен сипатталатын табиғи аймақта орналасқан. Арнайы жер қорына кіретін жердің көлемі реформаның басында республика бойынша 7млн.га астам болды және бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп отырды.

Қазіргі уақытта республиканың аумағы 272490,2 мың га құрайды. Қазақстан Республикасының жер қоры 14 облыспен республикалық мәндегі екі қала – Астана мен Алматының аралықтарында үлестірілген. Әкімшілік құрылым жүйесіне 160 ауылдық әкімшілік аудан, 303 облыстық, аудандық мәндегі қалалар мен поселкелер, 7202 ауылдық елді мекендер кіреді.

Қарағанды (42798,2 мың га), Ақтөбе (30062,9 мың га), Шығыс Қазақстан (28322,6 мың га), Батыс Қазақстан (15133,9 мың га), Оңтүстік Қазақстан (11724,9 мың га), Солтүстік Қазақстан (9799,3 мың га) сияқты облыстардың аумағы көлемі жағынан Еуропаның көптеген дамыған елдерінен бірнеше есе үлкен. Себебі Республиканың аумағы 10 табиғи-шаруашылық аймақта орналасқан, жер қорының құрамы мен құрылымы облыстар бойынша айрықшалынады [3].

Қазақстан мемлекеттік жер кадастрының мәні көбінесе оның объектсіне байланысты. Мемлекеттік жер кадастрының объектісі болып, Қазақстан Республикасының барлық жерлерін қамтитын бірыңғай мемлекеттік жер қоры жатады. Жерге мемлекеттік меншіктік барлық жерлерді, олардың мақсаты мен міндет атқаруы және шаруашылық пайдалануына қарамастан, бірыңғай мемлекеттік жер қорына бірігуіне нақты себепші болды.

Экономикалық көзқараспен алғанда, еліміздің барлық жерін біріктірудің болуымен алғы шарты маңызды. Халық шаруашылығының тұтастығы, ол осы негізде, жерге мемлекеттік меншікті өзі жүзеге асырады. Мемлекет бұл меншікті мемлекеттік жер кадастры жүйесі арқылы есепке алады және бағалайды. Жер қорының бірлік принципі басты заң - Конституция негізінде өзінің көрінісін тапты, онда Қазақстан Республикасының барлық жерлері бірыңғай мемлекеттік жер қорын құрады деп көрсетілген.

Сурет 1. Мемлекеттік жер қорының құрылымы

Сонымен адамзат қауымы дамыған сайын оның тіршілігінің негізгі көзі – жердің маңыздылығы да арта беретіндігінің куәсіміз. Сондықтан әлемнің дамыған көптеген елдері жер ресурстарын пайдалану мен игеруді реттеу және бақылау мәселелерінде мемлекеттің рөлін күшейте түсіп отыр. Көптеген елдерде жер жеке және мемлекеттік меншіктің қолында. Жердің жеке меншігінде адамдардың оны қалай пайдаланам десе де еркі бар. Бірақ мемлекет жер телімдерінің қандай меншік түріне жататындығына қарамастан, олардың жалпыхалықтық маңызын, ұлттың негізгі стратегиялық ресурсы екендігін ескере отырып, жер телімінің тиімділікпен пайдаланылуын және жер туралы заңдылықтардың дұрыс сақталуын қадағалау жөніндегі өз рөлін бір сәт те босаңсытпай, қайта күшейте түсуде [4].

Еліміз егемендік алып, күллі әлем өркендеп келе жатқан жолға түсу барысында экономика салаларының барлығында жаппай реформа басталды. Сол реформалардың ішіндегі ең бір маңыздысы әрі күрделісі жер қатынастары саласындағы реформа еді. Ең басты мәселе ауыл шаруашылығы жерлеріне қаржы және технологиялық инвестициялардың келуіне жол ашу болғандығы анық. Оның үстіне жермен жұмыс істейтін ауылшаруашылық құрылымдарының жерге деген құқықтық қатынасы мен оларды ұйымдастыру жүйесін нақты белгілей отырып жер күтімі, топырақ құнарлылығын сақтау мен жерді ақылы пайдаланудың негізін қалыптастыру, ауылшаруашылық жерлерінің құндылығын арттыру мәселелері шешімін табуы да қажет болды. Өкінішке қарай, ауыл шаруашылығында жаппай жекешелендіру басталғанда мал, техника, өндіріс құралдарының барлығы халыққа бөлініп берілгенде, жер мәселесі шешілмей қалған болатын. Осы мүлік бөлу мен жер реформасы қатар жүрген жағдайда бұрынғы ұжымдар негізінде кооперативтер тез қалыптасып кетуі де әбден мүмкін еді.

Қоғамды толғандыратын осындай мәселелер жүйелі түрде сатылап шешімін тауып отырмаса, жер ресурстарына бай Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы дамудың заманауи деңгейіне дейін көтеріле алмайтындығын уақыт талабы дәлелдей түсуде. Біздегі көптеген адамдардың бойында қазір *жеке меншік* нарықтың жаны деген ұғым пайда болды. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ, мұның өзі медальдің бір ғана жағы. Өйткені, егер біз осы бір қағидамен ғана шектеліп, қалыптасқан мемлекеттік қызмет құрылымдарының барлығын тоз-тозын шығарып, барлық билікті жеке меншікке үлестіріп беріп, енді қалған мәселенің бәрін нарықтың өзі реттейді десек, нағыз анархияға тап болар едік.

Ал жедел даму жолындағы шығыстық мемлекеттер басшыларының қай-қайсысы болмасын экономиканы дамытудағы мемлекеттік саясаттың маңызын жеке меншіктің рөлінен кем санамаған. Мемлекеттік рөл қазіргі жағдайда даусыз жоғары деңгейде. Бұл екеуі медальдің екі жағы секілді. Екеуі қосылып, заңмен белгіленген шеңберде өзара үйлесімді әрекет жасаған жерде ғана дамудың тұрақтылығы мен жүйелілігі пайда болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейфуллин Ж.Т. Земельный кадастр: Управление земельными ресурсами. Алматы: казНИИЭОАПК, 2001 г.
2. Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т. Управление земельными ресурсами. – А.: яказНАУ. – Агроуниверситет, 2004 г.
3. Научно- практический журнал: Қазақстанның жер ресурстары/ 2005 – 2012 ж.ж.
4. https://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=2&id=641

ӘОЖ 394

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қабылов Ә.Д., ф.ғ.к., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Мақалада рухани жаңғырудың концептуалды негізі ұлттық құндылықтар екендігі қарастырылып, соның ішінде ана тілі мен әдебиетінің ұлттық сананы дамытудағы ролі пайымдалады. Көрнекті қайраткерлердің осы бағыттағы ойлары қазақ ауыз әдебиеті мен ақындық поэзия мысалдарымен көрсетіледі.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, поэзия, ана тілі, әдебиет, адами капитал, ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында барша қазақстандықтарға «мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа бірге қадам басуды, бұқаралық сананы өзгертуді» ұсынды. «Рухани жаңғыру» бағыты еліміздің еңсесін көтеріп, ұлттық құндылықтарға назар аударуға зор серпін тудырып отырғаны баршаға аян. Осы мақалада мемлекет басшысы «ұлттық код» туралы мәселеге тоқталып, оны рухани жаңғырудың негізгі тұғыры ретінде сипаттайды: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай». Бұдан әрі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей, жақсы мен жаманды жіті қадағалап, озық пен тозықты саралай білуге үндейді: «Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық», – дей келе: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп нақтылайды [1].

Ұлттық код – сол ұлттың жаратылысын, болмысын, рухани бітімін, дүниетанымын, өмір салтын айқындайтын негізгі белгілерді жинақтайтын жүйе десек болады. Яғни, халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесінен сұрыпталып жеткен ең жоғары бағаланатын қасиеттерінің, ұлттық құндылықтар жүйесінің, тұжырымдалған дүниетанымының сығымдалған формуласы.

Халқымыз қашан да материалдық қазынадан гөрі рухани байлықты, адами құндылықтарды жоғары қойған. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның сабағасы», – дейтіні сондықтан. Адами рухани құндылықтардың басында ар, намыс, ұят категориялары тұрады. Күллі жақсы қасиеттердің бәрі осы ұғымдардан бастау алмақ. Қазақ балаға жастайынан «ұят болады» деп жаман әдеттерге шектеу қойып, «арлы бол» деп, намысын қамшылап өсірген. Ұлттық сананы қалыптастыратын елдік, тектілік, адалдық, әділдік, шыншылдық, ізгілік, имандылық, парыз, әдеп, обал-сауап, ақыл-парасат секілді адамдық қасиеттер ар-ұят, ар-намыс үстемдік еткен жерде ғана пайда болып, өз тұғырында бекиді. Бұған қазақтың мақал-мәтелдерінен көптеген мысалдар табуға болады: «Ел намысы – ер намысы», «Ер жігіт – елінің ұлы, намысының құлы», «Ерді намыс өлтіреді», «Рух пен намыс – егіз», «Ұят – иманның қабы», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Арсыз – адамның қоры», «Ердің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы» т.б. [2, 173-177].

Адам болмысындағы ар-намыстың жетекші орнына Абай да ерекше мән беріп, оның кісілік келбетіндегі маңызына тоқталып өтеді: «Тегінде адам баласы адам

баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі – ақымақтық» [3,114].

Ұлы ақын ұяттың ішкі мәніне де зер салады: «Шын ұят сондай нәрсе: шариғатқа теріс я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады» [3,133]; «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіннен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты» [3,134]. Өзінің «Отыз тоғызыншы қарасөзінде бұрынғы ата-бабаларымыздың «бұл замандағылардан артық екі мінезін» атап өтеді, олардың бірі – «ол заманда ел басы, топ басы деген кісілері» болғаны болса, екіншісі – намысқорлығы деп, «арлылық, намыстылық, табандылықтан келетін» осы қасиетінен айырылып бара жатқанына налиды [3,155-156].

Ұлттық кодтың қайнары – ана тілі, салт-дәстүрі, тарихи жады, мәдениеті мен ұлттың ділі. Жалпы, ұлттың қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық қатынастарындағы барша өзекті танымдар, көзқарастар мен ұстанымдар ұлттық сананың негізін құрайды. «Ұлттық сана – **әр ұрпақтың ұлттық мүдде деңгейіндегі ойлау жүйесі, ұрпақты ұлт ретінде біріктіруші құбылыс, даналық білімдердің, тәжірибелердің, құндылықтардың ұлттың рухани әлеміндегі бірігуі»;** «Ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу» [4].

Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі болса, ұлттық код – оны түрлі салалар бойынша толықтырып тұратын құрауыштары. Ұлттық код – ұлттық сананың өзегіне апаратын, оның негізін құрайтын мән-мазмұнын ашатын Түйіндіі. Ұлттық құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық тәрбие, тарихи жады, салт-дәстүр, тарихи тұлғалар тағылымы, ілім-білім мен әдеби мұралар арқылы беріліп отырады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызы ұлттық код арқылы қоғамдық сананы жаңғыртып, ұлттық рухты көтеруде жатыр. Рухы биік ұлт заманның талабына сай болып, қатал уақыттың тәуекелдеріне төтеп беріп, алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелестікте дами алады. «Ұлттық рухты ояту, қалпына келтіру деген ескіні көксеу, консерватизм емес. Мысалға, Жапония ұлттық рухты берік сақтап қалғанының арқасында жаһандану көшінен қалмай экономикасы, мәдениеті дамыған мемлекет ретінде қалыптасып отыр. Бізде де заманның ағымына қарай белгілі бір жүйеге, логикаға, ұлттың негізгі мақсатына сәйкес ұлттық рухты жандандыру, ояту жұмысын жүргізу керек.., – деп жазады ғалым Ұ.Сыдықов – Біздің ұлттық мүддеміз не? Ол қазіргі кезде заман талабынан туындап отырған, жаһандану заманында жұтылып қалмай, керісінше экономикасы, әлеуеті, мәдениеті мен салт-дәстүрі берік қалыптасқан, жан-жақты дамыған әлемдегі озық 30 елдің қатарына кіру. Қазіргі кездегі ұлттық рухты көтерудің өзектілігі де осында тұр» [5].

Ұлттық кодтың жиынтық қазығы, тұғыры – тіл. Тіл – ұлттық дүниетаныммен, ұлттық санамен тығыз байланысты күрделі ұғым. Ана тілі – сол ұлттың күллі асыл қасиеттерін, қастерлі ұғымдарын бойына жинап, сақтайтын алтын өзегі. Ұлттық код ұлттың ана тілі арқылы сақталады, дамиды, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Қазақ халқы да ана тілін аса қадірлі рухани мұрасы ретінде қастерлеп, ғасырлар бойы сақтап, жетілдіріп, дамытып келеді. Қазақтың ұлттық кодын оның ана тілінен іздегенде, негізінен, шартты түрде алғанда дерек көздерінің үш түрлі формасына үңілеміз, олар: сөз бен сөз тіркесі, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер және әдеби мәтіндер.

Әрбір этностың тек өзіне ғана тән дүниетанымдық ұғымдары мен түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным – қандай да бір этностың басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі, өмір сүру дағдысы, адам және оның өзін қоршаған дүниеге деген көзқарасы десек, ұлттық дүниетаным да осындай ментальды түсініктерге орай қалыптасып, бірегейленеді. Ұлт тілі мен мәдениеттің өзара байланысы туралы В.В.Воробьев: «Тіл

дегеніміз – қарым-қатынас пен ойды білдірудің аса маңызды құралы ғана емес, ол сондай-ақ мәдениет білімдерін жинақтау құралы болып табылады. Күрделі таңбалық жүйе бола отырып, тіл ақпарат беру, сақтау, пайдалану және иелену құралы да бола алады», – деп жазады. [6,12-13].

Елбасы мақаласында атап көрсеткен бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы, сананың ашықтығы секілді алты бағыттың бәрі де – қоғамның болашақ дамуы үшін маңызды алғышарттар. Мұның бәрі қоғамдағы адами капиталдың қалыптасып, өркендеуінде маңызды роль атқарады.

Адамзат өркениеті қарыштап дамыған сайын білім мен интеллект әлемдік дамудағы негізгі күш ретінде өзінің мәртебелі орнын айқындап, адами капиталдың шешуші ұғымға айналып отырғаны сөзсіз. Жаңа ғасыр көгінде әр елдің экономикасын, әлеуметтік-саяси алапатын, қоғамның жалпы дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін сол елдің адами капиталының әлеуеті айқындайтынына көз жетіп отыр.

«Адам капиталы дегеніміз адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Осыған байланысты білім енді экономикалық категорияға айналды, ақшалы адам емес, білімді адамның мәртебесі жоғары болады. «Білім экономикасы», «Парасатты экономика», «Ақылды экономика» деген тіркестер пайда болды. «Адами капитал» деп тек білімді, парасатты, дәулетті адамды айтамыз. Бұл ерекше капитал, ол адамнан бөліне алмайды, алып-сатуға келмейді, көзге көрінбейтін капитал, оның ықпалы, игілігі бірден көрінбейді де», – дейді көрнекті қоғам қайраткері, ғалым А.Айталы [7].

«Адами капитал» деген термин кейін пайда болып, өркениетті елдерде кеңінен қолданысқа енгенімен, халқымыздың рухани мәдениетінде «адам болу», «азаматтық», «ер жігіт» ұғымдары ежелден халық санасында елге тұтқа болар азаматтың орнын айқындап, өзектілігін ешқашан жоғалтпаған. «Ер-азамат белгісі – түзде мырза, үйде – құл», «Ер жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын», «Тура ағаш үйге тіреу, Тура жігіт елге тіреу», «Кемер белбеу – бел сәні, Кемел жігіт – ел сәні», «Азаматын көр де, ауылын таны», «Жігіттің түсін айтпа, ісін айт», «Қыран бүркіт асырар ердің даңқын, Қыран жігіт асырар елдің даңқын» деген мақал-мәтелдерден азамат болар балаға жас кезінен жоғары талап қойып, оның кемел тұлға болып қалыптасуына зор мән бергенін көреміз. Осындай ел тілегін:

Жылқыда да жылқы бар,
Қазанаты бір бөлек.
Жігітте де жігіт бар,
Азаматы бір бөлек, –
немесе:
Айырдан туған жампоз бар,
Нар емес десе нанғысыз.
Қарадан туған жігіт бар,
Ханға күнін салғысыз, –
деп тұжырымдап, қоғамдағы азаматтың ролін айқындап берген.

Жеке адами капиталды сипаттайтын көрсеткіштер жүйесіндегі өмір сүру сапасы мен тұрмыс жағдайларының алатын орны ерекше. Адамның денсаулық жағдайы, білім-парасат және іскерлік пен ұйымдастырушылық қабілет адамның жас кезінен қалыптасып, дамиды. Жеке адамның қоғамның болашақ толыққанды, зиялы азаматы болып қалыптасуы үшін жас кезінен өз бойына жақсы дағды-машықтар қалыптастырып, алдына айқын мақсат қоюы, өмір жолындағы барлық кедергілер мен қиындықтарға мойымай, білімі, ақыл-ойы мен ерік-жігерін жұмсап алға ұмтылуы, өмір бойы білімін жетілдіріп, рухани дамып отыруы лазым.

Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі – өркениеттің даму өзгерістеріне орай заман мен қоғам талаптарына сай келетіндей іс-әрекет дағдыларының болуы. Бұл – қандай жағдайда да қоғамнан өз орныңды тауып, оның сұраныстарына жауап бере білу қабілеті. Жастарымыз жаһандану жағдайында өзінің өмір сүру жағдайын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік саясат пен ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет етіп, өмір шындығына белсенді ықпал жасап, жақсы жағына қарай өзгертетін білім, білік және дағдыларға ие болулары керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», – деп атап өткен болатын [1].

Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі – өркениеттің даму өзгерістеріне орай заман мен қоғам талаптарына сай келетіндей іс-әрекет дағдыларының болуы. Бұл – қандай жағдайда да қоғамнан өз орныңды тауып, оның сұраныстарына жауап бере білу қабілеті. Жастарымыз жаһандану жағдайында өзінің өмір сүру жағдайын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік саясат пен ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет етіп, өмір шындығына белсенді ықпал жасап, жақсы жағына қарай өзгертетін білім, білік және дағдыларға ие болулары керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 26 сәуір, 2017.
2. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. – Алматы: 2016. – 632 б.
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: 1986. – 200 б.
4. Сәрсембин Ү.Қ. Ұлттық сана қазақ елін мәңгілік ел етеді // Абай. kz ақпараттық порталы. 22 қараша, 2016.
5. Сыдықов Ұ. Ұлттық рух, сана және уақыт // Қазақ әдебиеті. 20 қараша, 2015.
6. Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы. Москва, РУДН, 1997, – 331 с.
7. Айталы. А. Төрт жасқа дейінгі баланың бойына сіңірген білім мен тәрбие ісіне жұмсалған қаржы ең тиімді ұлттық инвестиция // Алаш айнасы. 28 шілде, 2017.

ӘОЖ 004.2(075.30)

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

Джумадиева Ш.А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Қазбекова Б.Қ., м.ғ.к., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының жұмысы – ынтымақтастықта, яғни бірлесіп пайда болған қиыншылықтарды жеңіп шығуға, ой

алмастыруға, алған білімдеріне сүйене отырып талқылауға мүмкіндік беретін жолдар көрсетілген.

Түйінді сөздер: Интерактив интерактивті оқыту, он-лайн оқыту, интерактивтік тақта, компьютер, файл.

Оқу - тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде мұғалім басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін алдымен мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, өз мамандығын барынща жетілдіру және психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаналықтар мен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып отыруы тиіс. Сонда ғана мұғалім қызметінің жемісі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі бүгінгі күннің көтеріңкі талабына үн қосады. Үздіксіз іздену - бүгінде мұғалімдерге қойылып отырған басты талаптардың бірі. Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды студенттің жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, студент білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі өнімдер жасауы тиіс [1]. Нәтижесінде студенттің дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі - әдістеме саласындағы ғылыми жаналықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру. Демек сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген сабақ - ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы. Білім алудағы белсенділігін арттыруға бағытталған іс-әрекеттерді интерактивті әдістер деп атайды. Сабақты интерактивті әдіспен өткізген кезде студенттер арасындағы, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынас жоғары деңгейде болады. Мұндай өзара қарым-қатынастар әдетте талқылау, пікір-талас түрінде өтеді, онда туындаған проблемаларды қалай шешу керек және ұсынылған шешім қаншалықты дұрыс деген мәселелер қарастырылады. Бұл жерде проблеманы шешу үрдісі алынатын жауаптан гөрі маңыздырақ болатынын ұғыну керек. Өйткені, интерактивті әдістің мақсаты жай ғана ақпарат беру емес, білім алушылар бойында түрлі проблемалық мәселелерге өз бетімен жауап табу дағдыларын калыптастыру болып табылады.

Елімізде интерактивті онлайн оқытуға қол жеткізу республикамыздың мектептерін қамтудың арқасында мүмкін болды.

Интерактивті тақта – бұл байланыстырылған компьютер, бейнені тақтада проектор арқылы көрсететін, сенсорлық экран. Тақта бетіне қол жүргізіп, компьютермен жұмысты бастауға болады. Интерактивті тақтаға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету мәтіндермен, объектілермен, аудио және видеоматериалдармен, Интернет-қорлармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді, ашық құжат үстіне қолмен жазуға және ақпарат сақтауға болады.

Тақтада слайд, видео көруге, белгілер қоюға болады, қарапайым тақта сияқты сурет салуға, түрлі сызбалар сызуға болады, нақты уақытта экранда үлкейтіп көрсетілген бейнеге белгілер қоюға, кез келген өзгерістерді енгізіп және оларды келешекте өңдеу үшін компьютерлік файл түрінде сақтауға, басып шығарғыштан шығаруға, факс немесе электронда пошта арқылы жіберуге болады.

Интерактивті тақтаға арнайы электронды қаламмен (қаламұшпен) немесе саусақтармен [2] жазу керек. Баяндамашы арнайы байрақша арқылы экрандағы бейнемен жұмыс жасайды: белгілейді, астын сызып, маңызды жерлерін көрсетіп, сызбаларды салып немесе оларды түзеп, мәтінге түзетулер енгізеді. Сенсорлық құрылғы қол тиген кезде оны «сезеді» және жазу кезінде қозғалысты бейнелейтін

лайықты электронды сигналға таратады. Тақта түрлі түсті үш байрақшасы бар қағаз бергімен және өшіргішпен жабдықталған. Баяндаушы алдын ала өзіне керекті байрақша түсін белгілеп қойса, сонда интеактивті тақта лезде қағаз бергіден, мысалы, жасыл түсті байрақша немесе өшіргіш алынғанын білдіреді.

Оқушының ашық ақпараттық-білім беру кеңістігіне кіруі нақты коммуникативті ептілікті, басқа мектептердегі құрбы-құрдастарымен ынтымақтастықта түрлі мәселелерді шешудегі икемділікті қалыптастырады.

Онлайн күйдегі интерактивті тақтамен жұмыс жасау оқушылардың түрлі ақпарат көздерімен, сонымен бірге Интернет желісімен белсенді өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Негізгі мақсаты ақпараттпен сауатты жұмыс жасау, яғни дамыту:

– пәнге зейіннің шоғырлану қабілеті;
– ақпаратты қисынды өңдеуге қабілеттілігі;
– алынған ақпараттың ақиқаттығы мен пайдалылығын бағалау ептілігі;
– дербес маңызды ақпаратты таңдау ептілігі;
– қажетті ақпаратты тұған тілде және шет тілде, сонымен қатар оны өңдеу әдістері туралы білімді меңгеру ептілігі.

Мектеп оқу үрдісіндегі интерактивті оқыту – бұл оқушылардың тұлғаға-бағдарланған оқытуға шығу түрін болжамжамдайтын, ауылдық білім беру ортаның мұнан ары байуы. Оқу-танымдық және оқыту ақпараты ағымында және өз білім траекториясын табуда өзін өзі бағдар етуге жақындайды.

Адамгершілік педагогикасының негізгі принциптерін бейнелеп көрсететін тұлғаға-бағдарланған тәсіл әлем педагогикалық ынтымақтастығының қазіргі заманғы білім беру жүйесінің барлық формаларына басым екені мойындалған. Бұл оқу үрдісінде оқушының жеке мүмкіншілігі мен қабілетін есепке алатын танымдық іс-әрекеті жататынын білдіреді.

Оқу үрдісіне интерактивті оқытуды енгізу білім алуда өз қажеттігі бар жаңа ұрпақ оқушыларының, шығуына себеп болады, жаңа ой өрісі ептілігі, білім алуда жаңа мәдениет қалыптасады. Мұғалімге оқу үрдісінде көбінесе тьютор ролі беріледі.

Интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының жұмысы – ынтымақтастықта, яғни бірлесіп пайда болған қиыншылықтарды жеңіп шығуға, ой алмастыруға, алған білімдеріне сүйене отырып талқылауға мүмкіндік береді [2,3]. Оқушыға түрлі табиғи, физикалық процестерді модельдеу, түрлі жағдайдағы құбылыстарды, олардың қасиеттерін сипаттайтын шамаларын өзгерте отырып меңгеру мүмкіндігі беріледі. Білімнің интерактивті электронды негізімен оқу, іздеу-танымдық іс-әрекеті маңызды мектептік, пәндік зерттеулерінің элементтеріне ие болады.

Оқу-тәрбие үрдісінің дұрыс жүргізілуіне сабақта мұғалімнің әр алуан оқыту әдіс – тәсілдерінің тиімдісін оқушылардың мүмкіндіктері мен жеке жағдайларына байланысты таңдап алуы көп әсер етеді.

Педагогика ғылымы мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту тәсілдерінің бәрін де еркін меңгеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ. Білім жүйесінде болып жатқан өзгерістерге сәйкес болашақ мамандарды дайындау бағыттары да жетілдірілуі тиіс. Білім беру жүйесін қайта құру кезеңінде оқытушылардың біліктілігіне ерекше көңіл бөлу деген - жаңа технологияның негізінде оқу үрдісін қайта құру деген сөз деп түсінемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009.
2. Жанпейісова М. «XXI ғасыр оқытудың жаңа технологиясы» - Алматы, 2012.
3. Қараев Ж.А.т.б. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешеннің құрамы мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге және сараптауға қойылатын дидактикалық талаптар.- Алматы, РБК,1998.

УДК 378.147

ОРГАНИЗАЦИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Калиева Э.И., КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация: В статье рассматрена организация научно-поисковой деятельности научного студенческого сообщества при кафедре «Педагогические технологии» Каспийского государственного университета технологий и инжиниринга им.Ш.Есенова в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру». Здесь она направлена на сбор, анализ традиционных педагогических идей Мангистауского региона, определение практических путей их использования в воспитательных и образовательных целях, а также в целях популяризации.

Ключевые слова: научно-исследовательская деятельность, этнопедагогика, научное студенческое общество

Сохранение культурного наследия и развитие культурно-образовательной среды является основой национальной идентичности, государственности, достижения достойного места страны в современном мире. Это – основная идея Программы «Рухани жаңғыру» [1].

В целях организации данной программы в Каспийском государственном университете технологий и инжиниринга имени академика Ш.Есенова студенческое научное общество при кафедре «Педагогические технологии» проводит исследование этнопедагогических и этнопсихологических наследий региона. Подобное мероприятие обеспечит развитие творческого и интеллектуального потенциала будущих педагогов, воспитание у них гражданственности и казахстанского патриотизма, в том числе гордости за свою малую Родину; создание арены для их сотрудничества с экспертами по вопросам культурного и природного наследия, а также другими лицами и организациями, заинтересованными в сохранении и приумножении всемирного наследия.

Созданное научное студенческое общество действует в целях научного изучения и анализа и творческого осмысления этнопедагогического наследия Мангистауского региона Казахстана.

Следует отметить, что изучение культурного наследия Мангистау в педагогическом плане не проводилось полноценно, изучался его фольклорный аспект. Конечно, было бы несправедливым утверждать, что эти ценности вообще не используется в педагогическом процессе образовательных учреждений. Но в настоящее время это происходит от случая к случаю, определённой методики их использования нет. Следовательно, сбор, исследование, анализ и пропаганда педагогической ценности

культурного наследия Мангистау, а также разработка практических путей его использования в педагогическом процессе являются актуальными задачами, поставленными перед данным научным студенческим обществом.

Помимо этого важным является представление материала исследования на казахском и английском языках, в информационной системе «Электронное педагогическое наследие «Мангистау».

Научное общество будущих педагогов организует свою деятельность по следующим направлениям:

- воспитательное значение возрождения народных культурных традиций казахов, населявших Мангистауский регион;
- музыкально-песенные традиции предков как верное средство воспитания подрастающего поколения;
- архитектурные памятники Мангистау и Устюрта на трассах Великого Шелкового Пути: воспитательная ценность и проблемы сохранения;
- памятники природы Мангистау как основа экологического, нравственного и эстетического развития подрастающего поколения;
- географические названия Мангистауского региона – вечный и неиссякаемый источник воспитания;
- особенности развития просвещения Мангистауского региона;
- воспитательно-педагогические воззрения народа земли Мангистау.

Мангистау - это край древнейшей цивилизации, называют «археологическим заповедником, музеем под открытым небом». Здесь находятся уникальные археологические и исторические памятники, наскальные рисунки-поэмы, удивительные сооружения, мавзолеи, наземные и подземные мечети и некрополи, где покоятся 360 святых. Они изумляют талантом возводивших их безвестных мастеров, не знавших о чертежах и эскизах, державших в голове весь замысел - от первого камня в фундаменте до последнего завитка в узоре резного орнамента [2].

Учеными установлена уникальность всех этих природно-исторических памятников Мангистау, их научная ценность мирового масштаба. На их территории найдены разные археологические и геологические объекты (комплекс древних сооружений, следы былых сражений, изделия народного творчества другие). В ходе исследования у студентов углубляются знания об уникальных природных объектах, они проникаются чувством гордости за Родину, чувством эстетического и бережного отношения к природе, частью которой является сам человек. У них также формируются научные заключения о воспитательном воздействии изучаемых объектов в педагогическом процессе.

Мангистауский регион имеет присущее себе древнюю историю, традиций, обычаи. Сведения в научных литературах и древние памятники, сохранившиеся до наших дней, указывают на то, что этот регион никогда не выходил с колеи многовекового развития цивилизации. Исторические традиций и обычаи показывают нравственные принципы народа, нормы и правила взаимоотношений между людьми.

Изучение и всестороннее исследование истории развития педагогической мысли и духовной культуры мыслителей этой земли имеет большое значение для формирования мировоззренческих ценностей, которые соответствовали бы основным тенденциям развития современной педагогики. Особенно, в этом плане исследование педагогических воззрений Бекет Ата (1750 г.) является важным и своевременным. Бекет Ата - великий просветитель, гуманист, духовный учитель, предсказатель и пророк, которому открыта книга бытия. Он внес огромный вклад в развитие наук на родной земле, основав духовные школы в построенных им мечетях (в том числе подземные), ставшие научным центром и обсерваторией.

Он принес на родную землю новое учение, основанное на гуманизме. Его учения можно уверенно отнести к педагогическим, так как имеют важное значение в вопросах развития личности, места и роли человека в обществе, умственного, религиозно-суфийского, физического, трудового, семейного, патриотического воспитания, самопознания и.т.д. Например, учил:

- почтительному отношению к семье, родителям, детям. Семья – это основа праведной человеческой жизни. Учил почитать жен сыновей и мужей дочерей, их детей. Требовал, чтобы идущий к нему на поклонение паломник сперва поклонился зятю святого Шопан ата. Зять, как и сноха – это связующая нить с другой семьей, эта связь закладывает основу для союза двух племен, этот союз создает этнос, народ, государство. Значит зять и сноха имеют особый освященный статус, и они достойны поклонения.

- трудолюбию, что счастье и благополучие в труде, в неустанном, целенаправленном труде. Сам он всю жизнь трудился не покладая рук. Показательно не нанимал никого. Сам собственными руками тесал камень, на скале вырубал тропинки, помещения для школ. Этим самым он возвеличил ремесленника, трудящегося люда, создателя материального блага – основы праведного человеческого существования.

- почтительное отношение науке. Открывал школы – медресе вдоль весенних и осенних дорог кочевии, на зимовках, на летнем джайляу.

- справедливости, что каждый человек имеет естественное, значит божественное, право на равенство, свободу, справедливость. Когда вершил суд, всегда придерживался этих принципов, ни происхождение, ни богатство, ни социальный статус не имели для него какое – либо определяющее значение. Перед богом все равны. И эти праведные деяния возвеличили его не только на глазах земляков, но и далеко за пределами родного края.

В этом плане очень важно было не только изучить и проанализировать педагогические воззрения мыслителей, но и разработать практические рекомендации, направленные на формирование гуманистических ценностей подрастающего поколения на материале их идей.

Развитие интереса и уважения к историческому прошлому открывает большие возможности для развития человека как личности, индивидуальности с альтернативным мышлением, способной понимать и ценить то, что создано трудом народа.

Таким образом, с одной стороны, культура, традиции древней земли Мангистау отражали жизнь народа, с другой - выступали из поколения в поколение средствами трудового, экологического, эстетического, нравственного воспитания молодежи и готовили их к жизни. Важно научить будущих педагогов-исследователей анализировать значение народных традиций и обычаев в воспитании национального самосознания, пробудить интерес и стремление на научной основе совершенствовать культурное наследие, этнопедагогические знания региона. Поисковые прикладные научные исследования студентов педагогических специальностей в этнопедагогическом и этонопсихологическом направлениях способствуют их развитию «от практики к науке»

ЛИТЕРАТУРА

1. Рухани Жаңғыру http://ruh.kz/ru
2. Самашев З. С.,Кушербаев К. Е., Аманшаев Е. И Астафьев А.Е. Сокровища Устюрта и Мангистау. Алматы. 2007. с. 116.

ӘОЖ 801.313

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ АДАЙ ЖЫЛҚЫСЫ

Н. С. Қамарова, ф.ғ.к., Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласында сан ғасырлық тарихы бар атқа міну мәдениетінің ерекше орын алатындығын айта келіп, асыл тұқымды Адай жылқысы туралы айтылады. Адай жылқысын зерттеген белгілі тұлғалар еңбектеріне шолу жасай отырып, атты әспеттеудің ұлттық болмысымызды зерделеу екенін жеткізеді.

Түйінді сөздер: Нұрсұлтан Назарбаев, Рухани жаңғыру, «Ұлы даланың жеті қыры», атқа міну мәдениеті, асыл тұқымды Адай жылқысы.

Қазақ халқында жеті – қасиетті сан. «Жеті атасын білмеген жетесіз» демекші, «жеті» деген санды қадірлеу көне заманнан басталады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласында осы қасиетті жеті санын қолдана отырып, Ұлы даланың жеті қырын ерекше сипаттаған. Бағдарламалық мақаладағы жеті тақырыптың ішінде сан ғасырлық тарихы бар атқа міну мәдениеті ерекше орын алады. «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тараған тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды», - деп атап айтты Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Желмен жарысқан жүйрікті қолға үйрету арқылы ата-бабаымыздың адамзат өркениетіне үлес қосқаны белгілі.

Осы орайда Адай жылқысы туралы айтқым келді. Адай жылқысы қайдан шыққан, оның түп атасы кім, қайдан тараған?- деген сұрақ талайдың басын ауыртқан сұрау. Жылқы малын зерттеумен өткен ғалымдардың бәрінің келіскен тоқтамы: аспаннан түскен жылқы жоқ, жылқының түп атасы – керқұлан. Адай жылқысына біткен тектілік, оралымдылық, сезімталдық, төзімділік тағысын тағы жағымды ерекшеліктердің барлығы да сол төр басындағы бастауы – керқұланның қанымен жұғысты болған қасиет», - деп пайымдайды Маңғыстауға белгілі ауыл шаруашылығы саласының маманы әрі қаламгер, Маңғыстау облысында біраз жыл осы салада басшылық қызметте болған кезде адай жылқысын танытуға, зерттеуге күш салған азамат Сәбит Әбішев ағамыз. Жаңалыққа да, жан-жануарға да жаны құмар орыс ғалымдары Қазақстанның батыс бөлігіндегі адай жылқысына айрықша көңіл бөлді, қызыға зерттеді. Жалпы, бұл жылқы туралы сөз қозғағанда, Я.Я.Полферовтің, Г.-В.Сизоновтың, Ю.Н.Барминцевтің дәйектеріне жүгінбей кете алмаймыз. Алғашқысы 1899 жылы Ресейдің «Конезаводство» журналында «Лучшие породы киргизской лощади – адай» атты мақала жариялап, қазақ жылқысының атын әлемге танытуға алғашқы қадам жасаса, соңғысы: «Адай жылқылары қазақ жылқыларының басқа тектерімен салыстырғанда ең ірі тұқымдарының бірі болып табылады», - деп бағалайды. Қазақстандық ғалымдар – А.Иманғалиев «Адай жылқысы» кітабын жарыққа шығарса, М.Нұрышевтің монографиясы академик И.Н.Нечаевтің ықыласына ие болған. Ауыл шаруашылығы саласының білгірі Сәбит Әбішев аға өзінің аталмыш

жылқыға ынтызарлығының қалай пайда болғандығын былай деп әңгімелеген. Автор: «Ұйқылы-ояу көзбен ер басынан ұстап отырып жылқы жинауға кетемін, өріске жеткесін 4-5 сағат желдіртіп жүріп бірнеше үйірді түгендеп, бас-аяғын жинақтап, суару үшін құдыққа бағыттаймын. Суға түс мезгілінде жетіп, шығырға отырамыз. Сол кезде байқағаным – алакөбеңде мінген атым әрі-бері ойқастап, жылқы жиып, ауылға айдап әкелгенімде міні құрымайтын. Оның үстіне Ізтұрған, Әбдірахман деген ферма бастықтары бәлен деген жерден шықтық деп түскі шайға Шетпедегі біздің үйге келетін. Есейген соң олардың атқа қонған жерлері Шетпеден 250-300 шақырым екендігін білдім», - деп жазады. Бұл жылқы Адай халқымен бірге жасасып, қағырдан қорегін алып, қақтан суын ішіп, небір қиын-қыстау тар жол, тайғақ кешудің бәрін көріп, бәріне шыдап шыныға, шыңдала осы заманға жеткен. Адай жылқысының өзгеден ерек қадір-қасиетін осы тұстан бағалаған дұрыс дейді ол. С.Әбішев сондай-ақ Адай жылқысының өз тарихында араб жылқысымен де қан жаңартқанын баяндайды. Ол туралы ғалым М.А. Левановский Қаратон, Жылой жерін мекен еткен Кете Әжібай Айдарұлы деген белгілі бай, би адамның жылқысының тұқымын жақсарту мақсатында бір қарақалпақ азаматынан жаратылысы бөлек керемет сұлу, өте жүрдек, ірі теңбіл көк айғыр сатып алғанымен байланыстырады. Сол сауда сәтті болып, Сауран көк атанған сол айғырдың тұқымы дүреп, өте көп өскенін айтады. Біздің адай тұқымды жылқыларымыздың арасында осы теңбіл көк қаз-қалпында күні бүгінге дейін ұшырасумен келеді. Осы теңбіл көк түс негізінен адай тұқымды жылқыны араб жылқыларымен будандастырғаннан тарағанына, оның ұзақ жылғы ықпалды жұмыстардың нәтижелі жемісі екеніне күмән жоқ», - деп пайымдайды автор. Бұл кітабында автор жылқы туралы талай еңбек жазған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып арғымақ, қазанат, қазанаттан туған қаз мойын, қарабайыр деген тұқымдарға ғылыми түсінік береді. Оларды қалай алуға болатынына тоқталады. Мысалы: таза маңғыстаулық арғымақ алып, өсіру үшін Түрікменнің Ахалтеке жылқысының «асыл» деген желісінің айғыры мен биесін қолға түсіріп, оларды арнайы қамқорлыққа алып, бірте-бірте жергілікті жерге бейімдей таза күйінде өсіре алсақ, сол қолтума ұрпақ нағыз адайдың арғымағы болып шығады. Оның тегі (аталығы мен аналығы) Ахалтеке болғанымен табиғи және адами өсу ортасы, оты, суы, басқадай қолданыс түрлері адай жылқысымен бірдей ортада қалыптасқан. Міне осы қолтума арғымақ айғырды таңдаулы адай тұқымды биемен будандастырсақ, міне, содан алынған ұрпақ қазанат деп аталады екен.

Тарих ғылымының докторы, академик Өмірзақ Озғанбай мен ақын, әдебиетші, халық ағарту ісінің үздігі Бесінбай Бегеніштің авторлықтарымен шыққан «Адай жылқысын түлеткендер» («Нұрлы әлем», 2011, Алматы) атты кітабында ұмыт бола бастаған атбегілік, атқа міну мәдениеті, Адай жылқысы туралы өте жақсы жазылған. Аталмыш кітап жылқы десе ішкен асын жерге қоятын әр қазақтың қанын ойнатарлықтай әсерлі жазылған. 2011 жылды Адай жылқысының есімі әлемге танылған жыл деуге толық негіз бар. Кітап жылқы малының тегін, адам өмірінде алатын орнын айта отырып, қазіргі таңда облысымызда «Адай жылқысы» тұқымын асылдандыруды одан әрі жетілдіру тұрғысында ғылыми негізде жасалып жатырған жұмыстарға тоқталады. Шөл және шөлейт аймақтарға жататын Маңғыстау өлкесінің табиғатына бейімделіп өскен бұл тұқымның ауа райының небір дүлейіне төзімділігі, көлік ретінде көнбістігі, мықтылығы, алыс қашықтыққа шаршамай шаба алатындығы ықылым заманнан белгілі болғанымен, ғылыми тұрғыда халықаралық дәрежеде нақтыланып, ресми тіркелмеген екен. Оны, яғни, қолымыздағы бар асылымызды айдай әлемге танытудың бір-ақ жолы арнайы жарыстар ұйымдастырып, не сондай жарыстарға қатысып, сынақтан өткізу ғана. Ал «Адай жылқысы» тұқымы бұрын-соңды ондай халықаралық шараларға қатыспаған, демек ғылыми негізделген құжаты жоқ, олай болса құр сөзге ешкімді сендіре алмайсың. Маңғыстау облысы әкімінің қолдауы

арқасында облыстық ауылшаруашылығы басқармасы адай жылқысының қасиеттеріне көз жеткізу үшін ҚР Ат спорты қауымдастығымен бірлесе отырып, 2011 жылғы 30 сәуірде Түпқараған ауданы Ақшұқыр селолық округіне қарайтын Ақбастау жайлауында облыс әкімінің кубогі үшін 90 шақырымдық қашықтыққа сынақ бәйгесін өткізеді. Бұл сынаққа халықаралық деңгейдегі судьялар, ветеринарлар баға беретін болады. Жарысқа қатысқан аттардың бәрі сынақтан сүрінбей өтіп, жеңімпаз болған қос тұлпар қанжығаларына қос автокөлік байлайды. Келесі халықаралық жарыс 2011 жылдың 15 мамырында Алматыда өтіп, адай тұқымды аттар тағы бас бәйгі бастаған үш жүлдені жеңіп алады. Алда үлкен сын тұрды, ол Ресейдің Рязань облысында 2011 жылдың 29-31 шілдесінде өткізілген халқаралық Достастық кубогі еді. Тағы да бірінші, үшінші, төртінші орындар «адай жылқысының» қанжығасына байланды. Шынында да 2011 жыл – Адай жылқысының жылы болды. Маңғыстаудың Кендірлісінде 120 шақырымдық қашықтыққа өткен халықаралық жарыста да жарқырап бағы жанып, бас бәйгенің иегері атанды

«Ер қанаты – ат» деп білген алаш баласы әр сөзінің астарын атпен сабақтайды. Айтар ойын атпен байланыстыра бейнелейді. Жылқы мінезді жұрттың мінезін, өмірінің әрбір белесін, тұлғаның қалыптасу кезеңдерін жылқымен қатыстыра суреттеуі – бұл құбылыстың дүниетанымымызға қаншалықты сіңісті болғанына дәлел. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни сөзінің мәніне бойлаған ел өз болмысын танымақ. Атты әспеттеу – болмысыңды зерделеу. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласының меңзері алыс, мәні терең. Осы мақаланы оқи отырып, ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын, қазақтың көне мәдени тарихын, қазақтың салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап жалғастырып отыруымыз қажет. «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы – түгел түркі мен Ұлы даладан бастау алатын тамырлас жұрттардың да ортақ игілігіне айналары хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры», Егемен Қазақстан, 21 қараша 2018.
2. Әбішев С. Өмір өрнектері. Алматы, 2002. – 446 б.
3. Иманғалиев А. Адай жылқысы. Алматы, 2004. – 158 б.
4. Озғанбай Ө., Бегеніш Б. Адай жылқысын түлеткендер Алматы: Нұрлы әлем, 2011. – 283 б.

УДК 323

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ ТҰРАҚТАНУЫНА САЯСИ ЖЕТІЛУ ҮРДІСТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

К.М.Жаулин, профессор, Ш.Есенов ат.КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Қазақстандық қоғамның саяси тұрақтылығы үшін саяси жаңғыртудың даму теориясы барынша қолайлы. Бірақ, қоғамның дамуы жағдайында тек ең жақсы демократиялық кодеклерді қабылдау қажет, тек осы жағдайда саяси тұрақтылық байқалады.

Түйінді сөздер: саяси жетілу, авторитар жетілу, нарықтық жетілу, конкуренттік демократия, экономика

Саяси жетілу жалпы жетілу үрдісінің құрамында болғандықтан мазмұны мен негізділігі бойынша қоғамның демократияланыуымен сай келеді.

Қазақстан Республикасының саяси жетілу үрдісінің аяқталусыз қалғанына қарамастан, қазақстандық қоғам жетілу өзгерістерін енгізуде көптеген реформаларға ие болды. Ол бұрынғыға қарағанда, жаңа ішкі әлеуметтік суъбектілер, мақсат кою механизмдері, саяси экономикалық, азаматтық, жеке өмір сүру қағидаттарының қажеттілігін сезінеді. Бұл қағидаттарды іске асыру республика дамуының келесі кезеңі болып саяси, экономикалық, әлеуметтік проблемалары шешімдеріне байланысты.

Сонымен қатар, саяси жетілудің түрлі нұсқалары мен альтернативтері ұзақ мерзімнен бері қазақстандық зерттеушілердің талқылауында. Алдымен, «авторитар жетілу» үкіметті жетілу субъекті деп есептейді. Кейбір мамандардың ойынша, үкімет өз билігіне басқару құралдарын, қаржыны меншіктеу қажет. Бұны орындаса, басыңқы ұлттық мәселелерді шешуде «ресурстарды жұмсауға болады» дейді мамандар.

Екіншісі «нарықты жетілу» ірі бизнесті жетілу субъекті деп есептейді. Оның мүмкіншілігін бұл қалып бойынша пайдалану үкімет құрылымына, экономикалық дамуына мықты база болады екен. Нарықтық экономиканың жетілу курсы - тек қана бір мүмкіншілік ретінде табылады, - дейді идеологтар.

Конкуренттік демократия - бұл қалыптасқан нұсқаның өнімі болуы міндетті. «Авторитар жетілуде» бастысы -мақсатты орындай алатын үкімет ақпаратын құру. Бірақ бұл альтернативаны іске асыру қиындығы «жетілу жоғарыдан», ұлттық жетілу айналасында саяси идеялық конструкцияны құру. Осындай өзгерудің үлгісі - Сингапур елі болып табылады. Жарты ғасырда дамыған елге айналған. Бірақ, тәжірибенің көрсету бойынша «авторитар жетілуді» көбінесе діни идеологияға сүйенген үкімет пайдаланады.

Бұл конструкцияларды іске асыру- «авторитар жетілудің» негізі. Сонда 90-шы жылдарғы реформалар индукстрализация секілді нұсқаға бағынған. Үлкен кемшілігі қайта оралуға байланысты жоғалту.

«Авторитар жетілу» зерттеушілердің ойынша, басында әсерлі болып табылады. Ресурстардың ірі жобаларға жиналуы «шикізаттық» бағдарды тудырады. Бизнестің қатысуынсыз жоғары технологиялық сектордың дамуы мүмкін емес және де бұл өзімен бірге ғалымдар, саяси техникалық т.б. кадрлардың қысқартылуына жол ашып береді

«Нарықтық жетілудің» маңызды мәселесі: ұлттық байлықтарды жетілудің басты мәселелерін шешуге жұмсау институттарын ашу, халық аралық субъектісін қорғауға тиісті емес елдерге бұл мәселе болып табылмайды.

«Нарықтық жетілудің» өркеюі Голландия, Англия, Франция, кейінірек Германия мен АҚШ елдерінде тарихи орналасуы. Бұл мемлекеттердің институттары, ұлттық саяси классқа сүйене отырып, жалпы үлттық мақсаттарды ойластырумен айналысты. Олар ең жоғарғы беделді, үлттық бизнесті жетілу мәселелеріне жүмсау арқылы жинады.

Мамандардың ойынша, үкімет беделі төмен болса, онда «көлеңкелі» немесе коррупциялық бизнестің эсері «олигархиялық жетілуге» жол ашады. Үлгі ретінде Мексикада аталады.

Сонымен «Авторитар жетілу» қоғамдық, мемлекеттік талаптарға және тарихи - мәдени әдет ғұрыптарға қарсы келеді.

Бүгінгі таңда, ғалымдар мен практиктар жаңа жетілу нұсқасы ретінде - Ұлттық диалогты ұсынады. Мысалға бұл жетілудің мақсаты, ресей зерттеушілерінің пікірінше, Ресей халқының талаптарына сай Ұлы әділетті Ресейді орналастыру.

Осының барлығы бұл нұсқаны ұлттық - демократиялық деп есептеуге мүмкіндік береді.

Жаңа нұсқаны іске асыру үшін саяси - қоғамдық күштер шақырылуда.. Бұл біріктілік, саяси мен қоғамдық күштердің қосылуымен көрсетілген.

Қазақстанда бизнесмендер, саяси элита, үкімет басқарушылар жетілудің жаңа нұсқасының қатысушылары бола алады.

Өзгерстерді басқара алатын, саяси үкіметтік ядроның сүйеніші жетілулік бірлігі болып есептеледі. Бұл бірліктің құрылуы - өте күрделі құбылыс. Тек қана ұлттық диалог арқылы белсенді ұлттық топтардың талаптары ұқсастығы белгіленіп - ұлттық косенсус дами алад. Бұның қортындысы қатысушылардың реформаларға сенімділік білдіргені болып табылады.

Жетілулік біріктілік - бұл өзара міндеттер, баланс және диалог өнімі. Бірліктің құрылымы ретінде өзгерістердің мақсаттары мен тәсілдерін нақтылайтын диалог болып табылады.

Жетілулік біріктілігі үкімет жұмысына маңызды әсер бере алады. Мұндай бірлік Қазақстандық элитамен, халықтың белсенді топтарының дамуына жол ашады. Оның беделі мен ашық талқылау әдісі саяси дағдарыстың болмауына сенімділік білдіреді.

Осымен бірге жетілулік бірліктің басты мәселесі - елдің әлеумет - этикалық ауанын өзгерту. «Жақсы заңдар жаман әдетті дұрыстайды, жаман заңдар қоғам әлемін бұзады» деген аңыздың аулақ болу қажет. Ешбір заң немқұрайлық пен әдепсіздік атмосферасында іске асырыла алмайды. Іске асырылу үшін, заң мықты этикалық базаға сүйену қажет.

Мамандар ойынша, саяси жетілудің ең жақсы сценарийі - консолидация орталығы, үйытқы болып үкімет басшысы тағайындалғанда болмақ. Бұл сценарий бүгінгі таңда Республикада енгізілуде.

Бірақ, айта кету керек, азаматтар қоғамы әлсіз болса, үкімет өзгерсітердің негізгі қаруы болып табылады. Үкімет вакумы тез арада криминалитет пен коррупиялық бизнестің іске араласуымен толтырыла бастайды. Стратегиялық бұрылыс шектеуінде үкімет монополиясын жойып, үкімет пен азаматтар қоғамының арасында әріптестік қарым-қатынас ұйымдастыру қажет. Ашық диалогта құрылған; кең ұлтшылдық консенсуске, ұлттық консолидацияға, әлеуметтік топтардың талаптарымен қызығушылық балансына сүйенген, бұрылыс болуы керек.

Жалпы, біздің ойымызша, ұлттық - демократиялық жетілу принциптері:

- ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігі, үкімет пен экономиканың дамуы, елдің қоғамдық дамуы мәселелерін шеше алатын органикалық жетілу;
- Үкімет пен халықтың әр-түрлі топтарының талаптары сәйкестігін қадағалап отыратын ұлттық консолидация мен ұлттық ашық диалог;
- Демократизм, көпшілік позициясын құрметтей отыра, халықтың азғантай тобының талабына дұрыс көзқараспен қарау;
- Реализм, қолға түсетін материалдық, қолдан келетін әлеуметтік ресурстарға сүйену;
- Тарихи мұраға сүйеніп, мемлекеттің, халықтың ерешелігін, тарихи-мәдени әдет- ғұрыптарының есебін жүргізіп отыру;
- Отанымыздың тарихи жолына жауапкершілікпен қарау;
- Халықтың өмір сүру нормаларын, әдет-ғұрыптарын, күнделікті ізгілік құндылығын құрметтеу;
- Әлеуметтік ресурстарға сүйену, еңбекқорлық, белсенділік, іскерлікті дамыту үшін жағдай жасау;
- ҚР-ның азаматтары мен мемлекеттік институттарының құрылуына жауапкершілікпен қарайтын үкімет.

Бүгінгі таңда ҚР саяси дамуы әр-түрлі бағытта, өлшемді жүріп жатыр. Демократияның болашағы, азаматтар қоғамының дамуы, саяси партиялар,

кәсіподақтардың күшейуімен байланыстыра отыра (4), «үкімет пен қоғам арасындағы түсініспеушілік, «жаңа» орта класстық құрылуы, тарихи өзіндік әдетғұрыптарды т.б. жоюмен байланысты деп есептейді (5). Бұған лайық болып Д.Аушевтың болашақ саяси жүйенің базалық нормаларының күшейтілуіне байланысты деген ілімі маңызды.

Саясаттанушының ойы бойынша, бұл болжамның орындалуының шарты: қоғамның адекватты көзқарасы, өзегерістердің маңыздылығын түсіне білу, конституция басымдықтарын тиімді пайдалану. Электоратты белсенділік, демократия элементтері мен іс жосығына көбейтілген, (мысалға, көп-партиялық жүйе құрылуы), биліктің қалыптасқан мехнизміне жаңа өзгерістер енгізе алады.

Біздің ойымызша, Қазақстан қоғамы дамуының шарты болып, жетілудің тұрақтауының болжамы тек қана өткен саяси жағдайдың дамуының талдауы арқылы жасалады.

Біз, қоғамның жүйелі-контекст сипатына отыра, әлеуметтік тарихи тәжірибенің, институттық ерекшелігін, саяси мәдениетін, күрделі факторларды ирархия ретінде қабылдап, оқиғалардың әрі қарай дамуын «болжайды» да, оларды «болжау қалпына келтіріп» жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахстанская политологическая энциклопедия. Алматы, 1998,447с., С.265.
2. Штомпка П. Социология социальных изменений. Пер.с англ. Под ред. В.А.Ядова. М.:Аспект Пресс, 1996.С.12.
3. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. Алма-ата, 1992.С.73.
4. Галкиг. А., Красин Ю. Фелдьфебеля-в Вальтеры? //Свободная мысль. 1995.№97 С.3-19
5. Мельвиль А.Ю. Вновь об условиях и предпосылках движения к демократии.//Полис. 1997.№1 .С.128

УДК 323

САЯСИ ЖЕТІЛУ — БОЛМЫС ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ НЕГІЗІ

К.М.Жаулин, профессор, Ш.Есенов ат.КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: «Саяси жетілу» ұғымының пайда болуы, дамуы, мәселелері және оның мүмкіндіктері туралы әр дәуірдің ойшылдарының көзқарастары. Сонымен қатар, саяси жетілу ілімінің Қазақстан тарихына әсері.

Түйінді сөздер: даму, саяси жетілу, дифференциация, теңестіру, секуляризация

XX ғасырдың ортасында батыс саясаттануында «Саяси даму» деген ұғым пайда болды, кейіннен осы «Саяси дамудың» әр түрлі ілімдері кеңінен тарады. Зерттеушілер саяси өзгерістердің қайдан және қалай пайда болатынын анықтауда көп жұмыстануда.

Қалыптасқан саяси жүйеден қазіргі заманғы саяси жүйеге көшуді «Саяси даму», немесе заман талабына сай «Саяси жетілу» деген ұғымдармен атала бастады. Сонымен, «Даму» және «Саяси жетілу» ұғымдары батыс саясаттануында саяси өмірдің дамуын, қоғамның саяси даму деңгейінің өзгерістерін көрсету мақсатында пайдаланыла бастады.

Жалпы, саяси дамудың мәселесі және оны өлшеу мүмкіндіктері туралы әр дәуірдің ойшылдары айтып келді. Бұл мәселеге ежелгі грек философтары Аристотель

және Платон көп назар аударған. Мысалға, олар өмірдегі өзгерістерге сыртқы әрекет және туу, өсу, даму, құру заңдары әсер етеді деп есептеген.

Ғылыми ойдың дамуымен бірге тұжырымдамада дамып келеді. Детерминистік тұжырымдамада саясатқа экономикалық дамудың әсері бар деп есептеген. Саяси өндірістердің негізін зерттейтін Н.Макиавеллидің ілімі бойынша, саясат - қоғамның тарауларының ең жоғарғы деңгейлі тарауы.

Саяси социологиялық Италия мектебінің ғалымдары В.Паретто, Г.Моска, Р. Михелье саясатқа өз бетімен тарау ретінде қарау идеясын әрі қара дамытты. Олардың ойы бойынша, саяси даму қоғамның дамуына үлкен әсерін тигізеді. Алдымен, саяси шешімдерді қабылдайтын саяси элитаның құрамдық сапасына тікелей байланысты. Бұл дегеніміз, қоғамның дамуының саясаттан тәуелділігін мойындағаны.

Саясатты зерттей келе, өз бетімен бөлінген бағыт - саяси дамудың ілімі пайда болады.

Әр түрлі оқулықтарда «Саяси даму» экономикалық дамудың негізгі шарты болып саналып, «Саяси жетілу» және «Саяси дамудың құрылымы» ұғымдарымен теңестіріледі.

Саяси дамудың мәселесі XX гасырдың 50-60 жылдары атақты саясатшы Г.Алмондтың басқаруымен Салыстыру Саясаты Комитеті (АҚШ) тарапынан белсенді түрде зерттеле басталды. Саяси даму негізінде «Структуралық дифференциация мен теңестіру императивтардың қарым - қатынасы, саяси жүйенің интеграцияға, шапшаң өзгеруге және адаптацияға дайын болу мүмкіндігі [1] ретінде қаралып келеді. Сонымен «Даму синдромының негізінде 3 тарау жатыр: дифференциация, теңестіру, мүмкіндік.

Тағы бір американ ғалымы Д.Колеманның пікірі бойынша, саяси даму тарихи және типологиялық түрлерге бөлінеді. Тарих тұрғысынан саяси даму -бұл социалдық және экономикалық жетілу құбылыстарымен байланысты және саяси мәдениеттің өзгерістері болып табылады. Типологиялық тұрғыдан құбылыстар қозғалыста зерттеледі. «Қазіргі заманның алдындағы қалыптасқан мемлекеттік құрылымнан жаңадан қалыптасқан қазіргі заманғы мемлекеттік құрылымға дейін созылған» [1].

Осымен қатар батыс зерттеушілер Г.Алмонд, Д.Пауэлл саяси дамуды «саяси құрылымдардың дамып келе жатырған дифференциациясы және саяси мәдениетінің секуляризациясы» ретінде есептейді. «Секуляризация» деп адамдардың рационалдық, аналитикалық, эмпирикалық көзқараспен саяси іс - әрекетерге қарау процесі аталады.

Саяси жетілу ілімнің авторларының бірі Ш.Эйзенштадт «Саяси жетілу» термині туралы «XVII-XIX ғасырлар аралығындағы Батыс Еуропада және Солтүстік Америкада, кейін басқа еуропалық мемлекеттерде; ал XIX - XX ғасырларда Оңтүстік Америкада, Азия және Африка континенттерінде кең тараған социалдық, экономикалық және саяси жүйенің өзгерінің үрдісі» деп жазған [2].

«Саяси жетілу» ұғымы (француз «modern» - «қазіргі заман» сөзінен) - жалпы жетілу құбылысының құрамды бөлігі бола тұрып, мазмұны мен негіздері арқылы қоғамның демократиялануына сай келеді. Бұл ұғымды анықтайтын көзқарас: демократия дамыған елдерде қалыптасқан тәжірибеге және олар сүйенген үлгілер мен стандартты бағдарлау. Саяси жетілу құрамы: адам құқығын сақтаудан, плюралистикалық басқаруды ұйымдастырудан, шешімдерді консесусқа сүйене отырып қабылдау және орындаудан, саяси қарым-қатынасты дамытудан тұрады [3].

Қазақстан ғалымдарының пікірінше, саяси жетілу көзқарасы үш жазықтықта қаралу керек. Біріншіден, саяси жетілу барлық дамудың, өмірлік өзгерістердің, яғни қоғамның өркею көрсеткіштері шкаласына сүйеніп, алға қозғалу синонимі болып табылады. Екіншіден, «саяси жетілу» қазіргі заманның жетістігін белгілейді, технологияға дейінгі қоғамның машиналық технологиясы, рационалды және сикулярдік қарым-қатынасы, сонымен бірге жоғары дифференциалды структуралары

бар қоғамға айналуы. Үшіншіден, «саяси жетілу» термині төмен дамыған елдердің жоғары дамыған елдердің қатарына бір тарихи уақытта көшуін сипаттайды [4].

Одан басқа, әртүрлі пікірлерді ескере отыра, саяси жетілуді «саяси өмірдің сапасының жүйелі өзгеру үрдісі және қалыптасқан қоғамнан қазіргі заман қоғамына көші кезеңінде саяси жүйенің қызметтік функцияларының өзгеру процесі» деп санауға болады [4].

Қазіргі заманғы мемлекеттің жоғары деңгейлі мемлекет болуға талпынуы - қазіргі заман көрсеткіштерінің бірі. Бүгінгі таңда мемлекеттердің көбі, саяси жетілуге өз әдет-ғұрыптарын сақтай отыра ұмтылуда.

Көптеген қазіргі заманғы қоғамдар дамыған қоғамдардың түрлерін басшылыққа ала отырып, эволюциялық даму жолына тұрады. Осылай, Батыс Еуропада олар нақты қалалық орталықтары бар абсолютистік мемлекеттерді басшылыққа алып, Шығыс Еуропада - автократы күтілеу мемлекеттерді және урбанизация көрсерткіші төмендеу қоғамдарды алады.

Саяси ғылымда «Саяси жетілу» термині қозғалыс, қалыптасқан аграрлық қоғамнан қазіргі заманғы, индустриал қоғамына көшуді белгілейді. Бұл жағдайда, батыс индустриалды қоғам үлгісіне сай келетін жаңа ғана дамып келе жатқан қоғамдар туралы айтылады. Ресейлік зерттеуші В.Красилыциков «Саяси жетілу» адамның «Прометей - фаусттік» үлгісінің дамуы мен іс - әрекетімен байланысты деп отыра, «Адам өзін дүниежүзінің тірегі ретінде қоршаған ортаға, жаратылыс әлеміне, табиғат пен кеңестікке әсерін тигізіп, оларды бағындыруға талпынады» деген пікірін білдірген. Дамудың бұл түрі, автордың ойы бойынша, Ренессанс дәуірінде пайда болып, Еуропада феодалдық қарым-қатнастар жойыла бастағанда, тәуелсіз еркін тұлға ретінде дами бастаған. Осы мерзімге Красилыциков тарихтағы ең алғашқы саяси жетілуді тіркеп отыр [5].

Байқалатыны, «Саяси жетілу» ұғымының синонимдері қазіргі заманға сіңіп, инновациялық өзгерістер мен көшіру дамуда.

Біздің пікірімізше, саяси жетілу құбылыстарының негізін тереңірек анықтау үшін, қазіргі заманғы өмірдің бір қатар талаптарын маңызды ету.

Жекелеп айтқанда, өміршеңдік тұрғысында - бұл индивидумдар мен топтардың белгілі бір міндеттерін дифференциалдау; саясат пен отбасында - жекеменшік және қоғамдық өмір аясының бөлінуі, адамдар бір-бірімен эквивелентті заттар ауыстырып, тәуелсіз болуы. Экономикада - технологияны пайдаланатын, ғылыми білімге сүйенетін, қоғамдық және техникалық еңбекті бөлетін , тауар ақша сауданы дамытатын өндірістік жүйені дамыту. Саяси өмірде - басшылықты тиімді жүргізе отырып, орталықты мемлекет құру; халықты саяси үрдістерге тарту; тиісті институтымен қамтылған демократияны тұрғызу; әр - түрлі қоғамдық топтардың сана сезімдеріне байланысты қызығушылық сезімдерін арттыру. Ал, мәдени ауанды айтсақ - мәдени жүйенің дифференциясы мен құндылықтарды бағалау, білім беру секуляризациясы және сауаттылықты кең тарату, философия мен ғылыми ағыстардың түрлілігі, діни плюрализм, ақпаратты таратудың жаңа тәсілдері, халықтың мәдени жетістіктерді бағалауын қалыптастыру.

80-ші жылдардың екінші жартысында көптеген бұрынғы кеңестік мемлекеттерді басталған өзгерістердің ауқымдылығы, тереңділігі, ғылыми және саяси тұрғыдан шын қызығушылықты туғызады, бәрінен бұрын, бұл құбылыстың бағыты, мемлекеттердің социал - тарихи кеңістікте қозғалу үрдісі, Қазақстанның жетілу ерекшелігі және әрине, одан күтілетін, болатын нәтижелер қызықтырады.

Біз, Қазақстанның дамуына саяси жетілу арқылы қарап отырғанымыз бекер емес. Саяси жетілу ілімінің Қазақстан тарихына әсер еткені, біздің қоғамымызға әсерін тигізген тенденциясы байқалады.

28 июня 2016 г. в процессе голосования в штаб-квартире ООН Казахстан, набрав 138 голосов из 193 государств-членов ООН, стал впервые непостоянным членом Совета Безопасности ООН на 2017-2018 годы. Казахстан начал свою работу в Совете Безопасности с 1 января 2017 г. [1].

С вступлением в Совет Безопасности ООН Казахстан вышел на качественно новый уровень взаимодействия с другими государствами мира и поставил перед собой следующие цели: дальнейшее укрепление суверенитета, независимости и обороноспособности; создание благоприятных внешних условий для достижения целей, заложенных в стратегических программных документах «100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ», «Нурлы Жол», «Казахстан-2050»; укрепление своего статуса в качестве ведущего государства Центральной Азии, способного продвигать и отстаивать интересы региона на международной арене; закрепление своих позиций в качестве авторитетного члена международного сообщества, способного вносить вклад в работу ключевого органа ООН.

Эти цели являются составной частью нашего стремления войти в число 30 наиболее развитых стран мира, и основаны на международной арене [2].

«Эта миссия является для нас большой ответственностью. Мы будем стремиться внести вклад в работу СБ ООН в таких сферах, как поддержание международного мира и безопасности, превентивная дипломатия, урегулирование конфликтов и постконфликтное восстановление, миротворчество, права человека, гендерное равенство и международное право», – отметил тогда министр иностранных дел РК Ерлан Идрисов [3].

Концептуальной основой выработки приоритетов деятельности РК в СБ ООН стали основные положения, озвученные в выступлении Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева на 70-й сессии Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций, Манифест «Мир. XXI век» и иные антивоенные, антиядерные и антитеррористические инициативы Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева. Эти инициативы представляют собой квинтэссенцию усилий страны по укреплению международного мира и безопасности и подтверждают ее репутацию как надежного партнера мирового сообщества.

Одной из важных инициатив в области ядерной безопасности является ядерное нераспространение и провозглашение ядерного разоружения как главной цели XXI века на основе Всеобщей декларации построения мира, свободного от ядерного оружия, принятой Генеральной ассамблеей ООН на 70-ой сессии 7 декабря 2015 г. [4].

Казахстан использовал свое членство в Совете Безопасности ООН для продвижения своих национальных стратегических интересов, заключающихся, прежде всего, в укреплении стабильности и безопасности для страны, а также в регионе Центральной Азии, который впервые за всю историю ООН был представлен в этом важном органе Всемирной организации. Приоритеты Казахстана на посту члена Совета Безопасности ООН были обозначены в политическом обращении Президента Н.Назарбаева к Совету Безопасности ООН под названием «Концептуальное видение Казахстана по упрочению глобального партнерства для построения безопасного, справедливого и процветающего мира». Их семь:

- Достижение мира, свободного от ядерного оружия;
- Устранение угрозы глобальной войны и урегулирование локальных конфликтов;
- Продвижение интересов Центральной Азии при укреплении региональной безопасности и сотрудничества;
- Противодействие терроризму;
- Вопросы мира и безопасности в Африке;
- Обеспечение неразрывной связи между безопасностью и устойчивым развитием;
- Адаптация Совбеза и всей системы ООН к угрозам и вызовам XXI века [4].

Казахстан в рамках Совета Безопасности ООН возглавлял три вспомогательных комитета: по Афганистану/«Талибану», по ИГИЛ/ДАИШ/«Аль-Каиде» и по Сомали/Эритрее. Председательство в этих санкционных комитетах дало возможность Казахстану более активно использовать площадку Совета Безопасности и ООН для продвижения антитеррористических инициатив Главы государства [5].

Таким образом, Казахстан в системе международных отношений использовал и будет использовать в будущем все возможности для реализации идеи по упрочению глобального партнерства для построения безопасного, справедливого и процветающего мира.

ЛИТЕРАТУРА

1. Совет Безопасности ООН - https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/chto-delaet-kazahstan-v-sovete-bezopasnosti-oon-331896/

2. Избрание РК в Совет Безопасности ООН - http://www.mfa.kz/ru/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazakhstan-s-oon

3. Идрисов Е. Казахстан как член СБ ООН будет содействовать превращению ЦАР в зону мира и безопасности - http://www.government.kz/ru/novosti/1004158-e-idrisov-kazakhstan-kak-chlen-sb-oon

4. Приоритеты Казахстана в качестве непостоянного члена Совета Безопасности ООН в 2017-2018 гг. - http://kisi.kz/ru/categories/articles/posts/prioritety-kazahstana-v-kachestve-nepostoyannogo-chlena

5. РК во вспомогательных комитетах СБ ООН - https://informburo.kz/stati/itogi-pervoy-chetverti-kak-proshli-shest-mesyacev-kazahstana-v-sovbeze-oon.html

УДК 323.15

ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАК КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Медиханова А.Б., КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация: в статье дается анализ духовной модернизации казахстанского общества, рассмотрены такие важные составляющие духовной модернизации, как духовность, казахстанский патриотизм, воспитание студенческой молодежи, новое гуманитарное знание.

Ключевые слова: общественное сознание, модернизация, духовность, патриотизм, гуманитарное знание.

В истории нашей страны в апреле 2017 года произошло значимое событие, связанное с изданием статьи Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». В программной статье Глава государства определяет направления модернизации общественного сознания: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана, открытость сознания.

Как неоднократно отмечал в своих выступлениях Президент Н. А. Назарбаев, вопросы духовного развития общества имеют не меньшее значение, чем вопросы экономического, материального порядка. Поэтому вопрос модернизации идеологической политики наряду с политической, экономической, социальной, правовой реформами должен стать одним из важных приоритетов в дальнейшем развитии казахстанского общества и государства. Глава государства подчеркивает, **начатые масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания. Она не просто дополнит политическую и экономическую модернизацию - она выступит их сердцевиной.**

Духовная модернизация представляет собой, прежде всего идентификацию культурных ценностей общества и последующее обновление, движение вперед. Как указывает Президент Назарбаев Н.А. «занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно. Поэтому важно сконцентрироваться, изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха» [1]. Рассматривая духовную модернизацию казахстанского общества, можно выделить следующее.

Духовность является главной определяющей жизни общества, его развития, самосовершенствования, гармонизации отношений между людьми и отношений между природой и обществом. Самосовершенствование и дальнейшее развитие общества бесспорно основываются на историческом прошлом, на накопленном культурном опыте предшествующих поколений, сформировавшемся менталитете, традициях, обычаях народа.

В век глобализации, компьютеризации, ускоренного научно-технического прогресса проблема духовности общества приобретает особую значимость. И связано

это в первую очередь с тем, что происходит процесс размывания традиционных духовных и культурных ценностей, копирование или замена их чуждыми стереотипами и моделями поведения, образа жизни. Такой процесс может привести к полной утрате национальной идентичности, что является крайне опасной тенденцией.

Для укрепления духовного роста казахстанского общества необходимо развитие Духа Нации, как объединяющего и укрепляющего начала. Духовное начало – это сила, которая сплачивает Нацию в единое целое. Чем сильнее дух народа, тем выше перспективы его государственности. Это – главный двигатель истории и судьбы народа. Именно Дух Нации определяет неповторимость облика любой страны, задает направление и дает импульс к развитию. Дух нации опирается на тысячелетние традиции, ценности и культуру, на язык, как часть самосознания народа **[2].**

Духовность основывается на истории и культуре народа. Казахский язык, традиционные духовные ценности и самобытная культура казахов на протяжении столетий поддерживали народ, не дав ему раствориться в истории. Поэтому современное поколение должно знать историю своей страны, беречь и развивать дальше культурные ценности, язык, традиции, обычаи казахского народа.

В силу исторических факторов уникальной особенностью казахстанского общества является его полиэтничность и поликонфессиональность. В стране создан уникальный институт – Ассамблея народа Казахстана, аналогов которого нет ни в одной другой стране. Представители других национальностей вносят неоценимый вклад в развитие духовного и материального богатства страны, бесспорно, их благополучие и душевный комфорт в нашем общем доме являются важным условием процветания Казахстана.

С понятием духовности неразрывно связано понятие патриотизма. Быть патриотом – значит, прежде всего, любить свою Родину. Как указывает в своей статье Н.А.Назарбаев, патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, региону, с любви к малой родине. От малой родины начинается любовь к большой родине – своей родной стране - к Казахстану. Особое **отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям –** это важнейшая черта патриотизма. Это **основа того культурно-генетического кода,** который любую **нацию делает нацией.** Казахстанский патриотизм должен формироваться на основе гордости за свою историю и культуру, достижения и успехи своей страны.

На высшие учебные заведения возлагается особая ответственность не только за профессиональную подготовку будущих специалистов, но и за воспитание студенческой молодежи, формирование ее нравственных и гражданских качеств. Патриотическое воспитание в вузе может быть в полной мере эффективным только тогда, когда существует оптимальное сочетание образовательной и воспитательной деятельности. В процессе обучения студенты получают не только гуманитарную подготовку по специальности, но и развивают критическое историческое мышление и навыки анализа, что является необходимой предпосылкой для гражданского и социального воспитания.

Как показывает практика, воспитательная работа дает положительный эффект тогда, когда она носит системный характер и имеет четкое мотивационное обоснование. Осознание гордости за свою страну, а значит, причастности к судьбе страны и народа мотивирует молодежь к новым знаниям и активной деятельности. Так, в нашем вузе на специальности «Международные отношения» при изучении дисциплин по специальности, таких как «Основы геополитики», «Внешняя политика Республики Казахстан», «Дипломатический протокол и этикет», и др. студенты знакомятся с историей и достижениями нашей страны на международной арене, в частности: проведением саммита ОБСЕ в Астане, избранием и деятельностью Казахстана в Совете

Безопасности ООН, участием Казахстана в урегулировании сирийского конфликта и т.д. Многовекторная внешняя политика, инициативы Казахстана, которые находят широкий отклик в мировом сообществе, доказывают, что наше государство является одним из активных участников мировой политики. Сложившийся международный имидж Казахстана как серьезного и надежного партнера, несомненно, вызывает гордость за свою страну и мотивирует молодежь вносить в будущем свой вклад в развитие и процветание Родины. Ведь чувство патриотизма предполагает не только гордость за достижения страны, но и устремленность к лучшему будущему, активную позицию в деле его созидания.

Приоритетом модернизации должен стать культ знаний и стремление к образованию. Развитие нового гуманитарного знания является одним из главных направлений развития казахстанского общества. Новое гуманитарное знание должно способствовать формированию гражданской ответственности, правового самосознания, толерантности, культурной открытости. Стремление к новым знаниям означает способность перенимать лучший опыт и достижения, изучение и знание иностранных языков, совершенствование компьютерной грамотности. Как указывает Президент РК, культ образования должен быть всеобщим, открытость и восприимчивость к лучшим достижениям, а не заведомое отталкивание всего «не своего» – вот залог успеха и один из показателей открытого сознания.

Также необходимо отметить, дальнейшее внедрение и развитие гуманитарного знания связано с распространением таких опасных явлений в мире, как религиозный экстремизм и терроризм. Необходимо направлять мировоззрение молодежи в нужное русло, новая гуманитаризация образования должна противодействовать опасным тенденциям.

В своей программной статье Глава государства выдвигает несколько конкретных проектов, которые направлены на развитие нового гуманитарного знания, модернизацию общественного сознания: поэтапный переход казахского языка на латиницу, издание 100 новых учебников на казахском языке, патриотические и культурные программы. Многие идеи из этих проектов уже осуществлены на практике. Дальнейшая разработка и реализация проектов и программ является задачей специалистов социально-гуманитарных знаний.

Таким образом, сегодня важнейшей задачей является повышение духовности казахстанского общества, формирование общественного сознания, сочетающего традиции и нормы народа и гуманистические ценности мировой цивилизации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарабаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» - http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

2. Мухамеджанова Б. Светское общество и высокая духовность.- http://www.niac.gov.kz/ru/niackz/item/31-svetskoe-obshchestvo-i-vysokaya-dukhovnost

ӘОЖ 323.15

М.ӘБДІХАЛЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒА ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ БЕЙНЕСІ

Отарова А.Н., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Андатпа: Ғылыми мақалада белгілі жазушы Маршал Әбдіхалықовтың әңгімелеріне шолу жасай отырып, ондағы негізгі рух ұлттық сипаттың басымдылығымен байланысты екендігі пайымдалған. Қаламгер шығармаларындағы азаматтық ұстаным, ұлттық рух сияқты халықтық мәселелер талданып, олардың маңыздылығын туындылары арқылы негіздеген.

Сонымен қоса М. Әбдіхалықов әңгімелеріндегі адамгершілік аясы, ұлттық ерекшеліктермен бейнеленген қоғам қайраткері Тобанияз Әлниязұлы бейнесі арқылы жан -жақты талдау жасалынған.

Қаламгердің ұлтжанды, отансүйгіштік асыл қасиеті, шығармаларындағы патриотизм мәселелерін туған жер мен халқының, оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қашан да адалдығын ұлттық идеялармен байланысты саралайды.

Түйінді сөздер: әлеуметтік шындық, тарихи таным, көркемдік ерекшелік, тұңғыш төраға, стиль, ұлттық үрдіс, эстетикалық көзқарас

Қазақ халқының тарихында “ел басына күн туған” алмағайып кезеңдер аз емес. Кеңестік идеологияның әсерінен тарихи маңызы жоғары оқиғалар мен халқымыздың талайлы тағдыры тудырған көтерілістер, оның басшылары туралы деректер шындықтан мүлдем алшақ жазылды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ғана тарихи мәселелердің шынайылығына көз жеткізу жүзеге аса бастады.

Жетпісінші жылдардың өзінде Маңғыстаудың Маршалы атанған белгілі жазушы, тұңғыш публицист М.Әбдіхалықовтың туған жерінің, өлкенің тарихи тұлғалары “халық жауы” ретінде жазықсыз жапа шеккен, кейін ақталған көрнекті қоғам қайраткерлері Тобанияз Әлниязов, Оразмағамбет Тұрмағамбет, Төлесін Әлиев, Нұрсұлтан Оңалбаев, Жалау Мыңбаев, Сыдиық Жұбаев т.б. туралы туындылар жазуы – оның тарих, қоғам алдындағы үлкен еңбегі, ерлік ісі деуге болады. [1].

Адай уезі төңкеріс комитетінің төрағасы, КазЦИК тің мүшесі, халқы хан атаған, би, шешен, көрнекті қоғам қайраткері Тобанияз Әлниязов туралы 1967 жылы Маршал Әбдіхалықовтың “Ленин тапсырмасы” повесінің “Ең ұзақ күн” тарауында Ә.Жангелдиннің Қаратөбеде өткізген он екі болыс өкілдері сьезінде Тобаниядың Адай төңкеріс комитетінің төрағасы сайланған жиыны туралы айтылады. Автор өзінің аталған повесінде басты тұлға Әлібиді ғана емес, ел ақсақалдары сол кезде жастары жетпістен асқан Қаражан Тасымов пен Қалжан Алғиевті, Өмірзақты, патша әскерінің полковнигі Оспан Көбеевті, Маңғыстаудың тұңғыш ревкомы Тобанияз Әлниязовты өмірдегі өз аттарымен мемлекеттік, әлеуметтік атқарған істерінің шындығы тұрғысында бейнелейді.

Кейін бұл оқиға “Жұлдыз” журналында 1973 жылы “Қаратөбе келісімі” атты очерк түрінде жарияланды. Очеркте 1918 ж. тұңғыш Адай ревкомының төрағасы болып сайланған кеңес өкіметін ақгвардияшылардан қорғау, елді сауаттандыру, елшілік, шаруашылық істерімен айналысқан қоғам қайраткері, шешен, би 30-жылдардағы қуғын-сүргіннің құрбаны болып “халық жауы” ретінде атылған Тобанияз Әлниязұлы туралы баяндалады. [2].

Тобаниядың бейнесін тұңғыш рет әдебиетте бейнелеген – халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов еді. Сәттіғұл ақын Тобаниязды көзі көрген, оның халқына істеген қызметін, Адай ревкомының тұңғыш төрағасы болып сайланғанын, артынан қатал тағдыр шырмауында темір тордан босана алмай, “солақай саясат құрбанына айналғанына куә болған. Осы жайларға байланысты Тобанияз Әлниязұлына арнап “Тобанияз туралы толғаулар” атты екі үлкен жыр-толғау шығарған. (“Тобанияз хан тұрғанда” (1918), “Тобанияз ұсталғанда” (1929). Ал Тобаниядың тарихи тұлғасын көркем әдебиетте екінші рет сомдаған Қ.Бекхожин. Бұған ақынның өзі айтқандай, Әлібидің үлкен ықпалы тигені сөзсіз. Әйтпесе ақын оны білмеуші еді. Ол кезде

Тобанияз Әлниязов “жабық тақырып” болғандықтан, комиссар Маңғыстау сапары, Тобаниязбен кездесулерін жасырын түрде айтқан. Сол себепті поэмада Тобанияз есімі “Атанияз” деп өзгертілген болатын.“Тобанияз есіміне кесір кезеңі салған тозаңды тазалауға тұңғыш талпынған марқұм Маршал Әбдіхалықов. Компартия айға азуын білеп тұрған уақыттың өзінде ол осы тақырыпқа қалам тартты… – Жалпы Тобекең жайлы бір сүбелі шығарма жазу жоспарымда бар, – деп жүретін еді қайран Маршекең. Амал не, сұм ажал ол арманына жеткізбеді ғой” – деген Ә. Спан дерегіне сүйенсек Тобанияз Әлниязовтың тарихи бейнесін баспасөз бетінде алғаш рет танытқан Маршал Әбдіхалықов екендігіне шүбәсіз көз жеткіземіз. Очерктен “Тобанияз Әлниязұлы кім болған?” деген сауалға жауап ала аламыз. Ол 1918 жылы қазақ даласының төтенше комиссары Ә. Жангелдин Қаратөбеде өткізген 12 болыс өкілдері съезінде сайланған Адай төңкеріс комитетінің төрағасы. Әрине, бұл орынға ел мүддесін қорғай алатын, түбек халқын етене білетін, тиісті орындарда қажетті сөзін айта алатын би, өткір, әділ, шешен ұйымдастырушылық қабілеті зор, Тобанияз сияқты үлкен жүректі Адай елінің бетке ұстар азаматының ғана қолынан келетінін ел ақсақалдары ұсынысымен ұйғарып, ұсынған. Шағын очерктің өзінен көптеген тарихи жайттарға қанығуға болады. Бұдан М. Әбдіхалықовтың сол жетпісінші жылдардың өзінде Тобанияз Әлниязұлы туралы тиісті мәліметтерді білгендігін, оны толықтай жариялауға заманы мүмкіндік бермегенін аңғарамыз. Қаламгер Тобанияз бейнесіне бұдан әрі дендей түсіп “Жау мен жау”, “Алданияз” әңгімесінде (“Екі әңгіме”) “Ынтызар жүрек лүпілі”, “Ленин тапсырмасы” повестерінде оралып отырады. “Қаратөбе келісімі” очеркі зерттеу негізінде жазылғандығымен құнды. Себебі, автор осы тақырыпты жазу үшін мұрағат деректері, әскери құжаттармен жұмыс жасаған, кәріқұлақ шежіреші қариялардан Тобаниядың көзін көрген Жазмағанбет Қызылбаев, туысқаны Бүркітов Айтуар, ғұлама ғалым Әлкей Марғұландардың естеліктері негізінде баяндау әдісімен деректерді келтіре отырып жазады. Очеркте Қазақстан тарихына “Қаратөбе жиыны” деген атпен енген оқиға Маңғыстау түбегінде 1918 жылдың 22-25 сентябрь (қыркүйек) күндерінде өтеді. Оқиғаның болуына Әліби Жанкелдиннің интернационалдық отрядының Маңғыстау сапарында Маңғыстауда кеңес өкіметін жариялауы негіз болды. Ә.Жангелдин отрядына Тобанияз елден күш-көмек жинап беруді өз мойнына алады. 3 күнге созылған екі жақты даулы мәжілістің соңы Маңғыстауда Совет өкіметін жариялаумен шешіледі. Оны басқаратын революциялық комитет құрылып, төрағасы болып Тобанияз Әлниязов сайланады. 1919 жылғы Советтердің бүкіл қазақстандық бірінші мәжілісінде Маңғыстау еңбекшілерінің өкілдерін Т.Әлниязовтың бастап алып баруы, 1920 жылы Ақтөбе облысына қарасты Қопа жерінде Адай, Табын, т.б. рулардың съезінде де Ленин атына телеграмма жібергендігі әңгімеленеді.[3]. “Қаратөбе келісімі” очеркінің қолжазба нұсқасындағы Тобанияз бен Мәтжан бидің арасындағы ақылдасқан мәселелері баспадағы нұсқасында шықпаған. Ендеше, олардың ара өзара сөйлескен әңгімелері не туралы еді? Қолжазба нұсқасының айырмашылығы мынадай деректер болатын. – 1834 жылдан Новопетровск қорғанын патша өкіметі әскери бекініс ретінде салғаннан бастап Маңғыстау жұртшылығы 2 жақтан – бірі – Хиуа ханы Аллақұл, екіншісі – патша өкіметінің шексіз алым-салығы, қанды шабуылдарынан көз ашпаған. 1870-1873 жылдардағы Иса – Досан көтерілісінен кейін патша өкіметі Маңғыстауды басқа қазақ елінен бөлек алып, біресе Кавказ, біресе Түркменстанға бағындырды. Осы көтерілістен кейін қазақ руларын біріне-бірін қарсы қойып, Маңғыстаудың өзін бөлшектеу саясатын ұсынып, ел ішіндегі жай әлі сол қалыпта екендігі жөнінде кеңескендігі мұрағат деректері, тарихи фактілермен баяндалады. Осындай ел басынан өткен жағдайларға байланысты Тобанияз келген өкіметтің халық үшін қызмет жасайтынына сенімін нықтау ойы болған. “Мен күнге сенемін” атты жазушының жеке

мұрағатынан табылған очеркте Тобанияз туралы мұрағаттардан деректер келтіре отырып, оның өміріне, қоғамдық қызметтеріне тоқталады. 1918 жылы Маңғыстау түбегінен Ақтөбеге бағыт алған Ә.Жангелдин отрядына көмек ұйымдастырғаны үшін ел билеуші атаман Толстовтың Тобаниязға, ол құрған ревкомға деген ашу-ызасы адайлардан ақшалай, малдай салық төлетуге мәжбүрлейді. Олардың бұл құқайынан Тобанияз айлакерлікпен "той" жасап құтылып кетеді. Бұл жөнінде сол кезде "Яиицкая" газетіне мақала жазылды. Осылайша, Тобаниязның совет өкіметіне деген өшпенділігі болмаса да 1930 жылы "Ш.Ералиев деген кісіні кемеден суға лақтырып жіберген" деген жалған жаламен Маңғыстаудан қамалған 31 адамның бірі ретінде ұсталып, 1933 жылы жазықсыз, айыбын мойындамаған күйде "атылғаны" турасында айтылады. Очерк соңы: "қазір біздің қолымызда ол кісі ақталды. Ешқандай кінәсі жоқ" деген бір жапырақ қағаз бар" деп аяқталады. Тобаниязның ақталғандығы туралы қағаздың ең алғаш Маршалдың қолға түсіргені туралы М.Дүйсенов естелігінде де айтылады:"…Тобанияз Әлниязұлының тағдыры Маршал ағаны қатты толғандырып жүргені есімде: "Т.Әлниязұлының ақталғандығы жөнінде анықтама қағазды қолға түсірдім" деп балаша қуанғанының да куәсі болуыма тура келді. Подольск архивінен тауыпты…" . Тобанияз туралы деректерді, тарихи танымдық мәні зор ел тарихына қатысты ресми материалдарды жинақтаған І.Сариев: "Бұл деректерді жазушы Маршал Әбдіхалықовтың да айтқанын естіп едім. Марқұм Маршал тірі кезінде Тобанияз жөнінде бірқатар материалдар жинаған деп естіп едік, олардың қазір қайда, кімнің қолында екенін білмейміз" , – деген өкінішін де білдіреді. [4]. Расында, Тобанияз Әлниязұлы, Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы туралы мол мәлімет, дерек көздерін жинақтаған М.Әбдіхалықовтың ауызекі әңгімелерден естігеніміз бойынша көркем туынды жазу ойында болған. Әйтсе де, өкінерлігі сол, ол материалдардың жазушының жеке мұрағатында сақталмауы, қолымызға түспеуі. "Қаратөбеде келісімі" очеркі жазылған тұста Тобанияз туралы жазбақ түгілі, айтуға тиіс емес болатын. Ол туралы деректер жабулы жатқан кез. Дейтұрғанмен, жазушы осындай заманның қатал кезінде әдебиетті пайдаланып Тобаниязның көркем бейнесін жасады. Бұл жазушының ұлттық рухының күштілігінен дер едік.

Тобанияз Әлниязовтің өмірі мен қоғамдық істері туралы кейіннен 1975 жылы "Жұлдыз" журналында ("Қызыл жұлдыз", "Жау мен жау") әңгімелері жазылды. Кейін бұл әңгімелерді біріктіріп 1991 жылы "Алданияз" деген атпен жариялады. Әңгіменің оқиғасына "Қаратөбе келісімі" атты очеркінде сөз болатын Маңғыстау өлкесінің тарихына қатысты жайттар алынған.

"Қызыл жұлдыз" [5] атты әңгімеде қазақ ауылына біртіндеп ене бастаған кеңес өкіметінің өзгерістерін сипаттайды. "Қызыл жұлдыз" атты бірінші әңгімеде қазақ ауылына біртіндеп ене бастаған кеңес өкіметінің өзгерістерін сипаттайды. Әңгіме шағын көлемді болғанмен көтерген жүгі салмақты, көркемдік қуаты мен идеялық мақсаты тұрғысынан да көңіл аудартады. Кедей өмірі мен ауыр тұрмыстары шындық сипатында бейнеленеді. Шығармада Қармыс жылқышының өмірі – түзде, мал бағумен өтсе, бас кейіпкер Мұраттың әкесі де осы Кенжебайдың жылқысын бағып жүріп, байдың әділетсіз ісіне қарсыласамын деп дау үстінде қатты сойыл тиіп өледі. Шығарма оқиғасы Мұраттың он бір-он екілер шамасындағы апасы Ақкүмісті Кенжебаймен келіскен біреудің әйел үстіне зорлықпен тоқалдыққа алып кетуінен бастап өрбиді. Байда есесі кеткен бала да болса намысшыл Мұрат: "Жарлы жетім адамның күні осы емес пе, не істей аласың бейшара бала" деп мүсіркеген өздері сияқты бай есігінде жүрген Қармыстың әйелінің тоқтау салған сөздеріне қарамай, еріксіз әлдекімнің жетегінде кеткен апасын құтқарудың әрекетіне шындап кіріседі. "Саған көмектессе бір-ақ адам көмектеседі, ол – Алдакең–Алданияз" дегенді естігесін Алданиязға барады. Алданияз – Маңғыстау өлкесінің тұңғыш ревком төрағасы

Тобанияз Әлниязұлының прототипі. Мұрат Алданиязды тауып, оған көрген жапасын айтқасын, қасына жаңа үкіметтің үш адамын ертіп жібереді. Жаңа заман өкілі ретінде олардың “Аққүмісті қайда, кімге жібердің?” деген сауалдарына ескіліктің содырлы сарынын көксеген, халықты, ауыл адамдарын өз уысында ұстап, ескі жолмен жүруді аңсаған, сол арқылы ұпайын түгендеп, дүние жинап, бедел алғысы келетін Кенжебай тіпті айтқандарына құлақ аспай, мойын ұсынбайды. Аққүміс өзінің сүймейтін адамына еріксіз барғанына іштей наразылық танытып, қаламаса да, жеме-жемге келгенде, ескі дәстүрдің ауыр жүгін иығынан сілкіп тастай алмай, көнбістік көрсетеді. Үлкендер билігіне бой ұсынады. Еркіндік таңының кедейлер өмірі үшін қымбатқа түсіп жатқанын Алданияз, Мұрат бейнесінен көрсетеді. Бұл бейнелер әділдік үшін ғана емес, еркін өмір, теңдік заман жолында қашан да күреске дайын екендіктерімен, болашаққа деген сенімдерінің жоғарылығымен нанымды әрі әлеуметтік теңсіздікке, үстемдік атаулыға жан-тәнімен қарсы кедей тобының өкілдері. Әңгіменің соңында Алданиязның “Әнеукүні кеткен Әліби бір нәрсе айтты ғой. Қалаға бар. Шәрлі жерде оқу бар. Қызылдардың адамын тап, соларға ер. Тілегім, берер батам сол”, – деп Мұраттың келешегі оқып-білім алуда екенін, жаңа заманның беталысын, өзгерісін көріп-танысын деген оймен тұжырымдайды. Балалық шағы қашанда қытымыр жандар еншісіндегі Мұрат тағдырында балалықтың өткінші шаттығымен қоса, айықпас мұң, нала, ішкі ыза-кек бар. Автор осы бір кезеңнің ауыр зардаптарын жас бала Мұраттың көңіл-күйімен сабақтастырып, байланыстырады. Мұрат басындағы жай арқылы бір жанұяның, сол арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің, әлеуметтік ортаның келбетін көз алдымызға әкеледі.

Осы әңгіменің жалғасындай “Жау мен жау” атты әңгімесінің оқиғасы бейқам отырған Алданияз ауылына ақтардың келуінен бастап, өрбиді. Алданияз бұл кезде суы тапшы өлкеде мал суарудың қиындығын шешпек болып бұрынғы ата-кәсіптің бірі – құдықшылықты кәсіп етіп, бес-алты жігітпен шыңырау құдық қазып жатырған болатын. Алданияз ауылға келгесін тілмаш та, қасындағылар да оны сұрақтың астына алып, өздерінің Толстовтың адамдары екенін білдіреді. “Олардың талабы – бүкіл Маңғыстау елінен салық жинау екен. Үй басынан жүз сом. Ақшалай не малдай жинау. Генерал Толстов өзін “Осы түбектің қожасы” деп жариялаған. Олардың туралап келіп Алданияз ауылына ат тірегені оның өткен жылы бұлардың жауына істеген қызметтерін білетін көрінді. Енді, генералға сондай қызмет көрсетсе, кінәсі кешіріледі. Әйтпесе, мұны қол-аяғын байлап, Гурьевке алып келу тапсырылған” [5, 18 б.].

Комиссар Әліби Жангелдин отряды 1918 жылы осы Маңғыстау арқылы Шалқарға өтерінде қаржы-қаражат, қару-жарақ, ат-көлік, адамдармен көмектесіп, өткізіп жіберген Алданияз бен оның қасындағы жолдас-ауылдастары еді. Он күннің ішінде аталған салық, малды жинап беруді бұйырып, ауыл тұсына пулемет құрып қояды. Алданияз қарулы кісілердің “берсе қолынан, бермесе жолынан” деп неге де болса тайынбайтын, шын жаулық ниеттерін түсінгеннен кейін ел ақсақалдарымен ақылдасады. Ақылдаса келіп, бұлардан құтылудың бір айла-амалы, жолы – “той, сүндет тойын” өткізуге рұқсат алу деп шешеді.

Әңгімедегі негізгі ірі оқиға – той өткізілетін күн. Алданияз тойға ертеден кірісіп, мал сойғызып, сүндеттеуге тиісті ауыл балаларын жатқызып, молдаларын да шақыртып қояды. Ол әрі-бері ойланып, сенімді деген адамдармен ақылдасқан соң оқыс қимылға бел байлайды. Толстов әскерлерін ың-шыңсыз қолға түсіруде Алданияз тапқырлықтың, парасаттылықтың, тосын әрекеттің ерекше бір үлгісін танытады. “Тентек суға” қымыз қосып беріп, буындары босаған жауларды қарусыздандырып қолға түсіреді.

Алданияз – ертеңін ойлайтын өте әділ, дұшпанына да қажет жерінде өзін қай қырынан да мойындатып, бағалата алатын жан. Қолға түсіп, ойламаған жерден мүсәпір күйге түскен ата жауына да мәрт мінез көрсетеді. Қолға түскен жауларды бірі "өлтіру керек" дегенмен Алданияз бір шешімге келіп: "Бұларды өлтіргенде бізге не түседі? Сонау қияннан қайбір еркімен келді дейсің? Анау генерал жұмсаған соң амалдары бар ма? Пәле сол генералда ғой. Бүлік шығарып жүрген де өзі. Ендеше сол адамдарының кейпін өзі көрсін. Әйтпесе, қапиясын тауып тасадан өлтіріп тастады дер. Содан кейін бұл елге қайта қоқыраңдамасын деп те жеткізетін кісілер керек қой" деген тоқтаммен, оларды адамдарына Құлсарыға дейін апарып тастауға тапсырма береді.

Кейін осы оқиға жөнінде 1919 жылдың 31 қазанындағы "Яицкая газетінің" № 47-санында "Реті келмеген алым" деген мақала жарияланады. Генерал Толстов әскерінің елге тұтқиылдан келіп салық салмақ болған жәбір-жапасына, қанды қырғынның болуының алдын алуда Алданияздың терең ақылы мен пайымы, көпті көргендігі, айлалығы себеп болды. Алданияздың бұл іс-әрекеті оның нағыз халық үшін туған, қайраткерлік, күрескерлік дәрежесін танытады. Тарихи тұлға, қайраткер туралы жазғанда өткенді біліп қана қою жеткіліксіз. Ол өткеннің өнегесі мен өкінерлік жерлерін де жетік білуі қажет. М. Әбдіхалықов әңгімелерінде Тобанияздың өмірінің жекелеген кезеңін суреттей отырып, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік тартысты тереңірек көрсетуді мақсат етеді.

"Жау мен жау", "Қызыл жұлдыз" әңгімелерінде тартыс сипаты Алданияз бен ақтардың офицерлері, қанаушы тап өкілдерінің арасынан байқалады. Әдеби шығармаларда тартыс көбінесе тақырыптың өзегін құрайды, тартысты ашу шығарма авторының идеялық нысанасына айналады.

Шағын екі әңгімеден Маңғыстауда кеңес өкіметінің орнауы, сол жылдардың қиын-қыстау, дүрбелең кезеңінің ақиқаты айтылған. Шығармасының кейіпкері – Алданиязды ел басына қиындық түскен, сын кезеңде көреміз. Оның салмақты, салқын қанды, қысталаң шақтарда жол тапқыш, халқын шын сүйген, ер мінезді, өжет, батыл тұлғасынан, небір қауіп-қатерге де елі үшін басын тіге алатын ел басшысының образын танимыз. Толстов әскерлерін ың-шыңсыз қолға түсіру әрекетінде Алданияз тапқырлықтың, ақылдылық, парасаттылықтың, тосын әрекеттің ерекше бір үлгісін танытады. Күші басым "ажал оғын себуге" келген аяусыз дұшпанның өрекпіген астамшыл кеудесін басу, айла-тәсілмен ұтқырлық таныту, құрылған ажал құрығынан бүкіл ауыл-аймақ, жеке қара басын алып шығу үшін тиімді де төте жолды тани алуы оның өр тұлғасына лайық жайттар. Тобанияз ертеңін ойлайтын өте әділ, дұшпанына да қажет жерінде өзін қай қырынан да мойындатып, бағалата алатын жан. Қолға түсіп, ойламаған жерден мүсәпір күйге түскен ата жауына да мәрт мінез көрсетеді. Маңғыстаудағы революциялық комитеттің тұңғыш төрағасы қызметін атқарған қоғам қайраткері Алданияздың саяси-идеялық қалыптасу, өсу кезеңдерін көрсететін бұл әңгімелерде оған кеңес, ақыл беруші, ой салушы, революциялық күрес жолында оны қанағаттандырып, баулыған өзіндік ортасы, қауымы болғаны ақиқат. Негізгі оқиғаларды ғана баяндап отырып, кейіпкерлер психологиясын, мінез-құлық ерекшеліктерін көрсетуге, көбінесе революциялық комитет төрағасы, ел басшысы Алданияз образын жан-жақты ашуға баса назар аударады. Ол кейіпкер мінезін ашу, жағымды қасиеттерін бейнелеуде сөз арқылы дәлме-дәл сипаттамай, Алданияздың іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, сөз саптауымен де оқырманға әсерлі түрде ұқтырып отырады. Алданияз Маңғыстауда жаңадан орныға бастаған қоғамдық-саяси жүйе кеңес үкіметінің өкілі ретінде халықпен тілдеседі, жүрегіне жол табады.

Қаламгер кейіннен бұл тақырыпқа қайта оралып, КПСС Орталық партия архивінен табылған отряд құрамында болған Ф.Кумбатовичтің, Кишиневтегі

В.И.Шпрайцердің семьясында сақталған күнделік мәліметтердегі тың деректермен “Қаһармандар жорығы” (1978ж) атты мақаласын, Қазақстандық жазушы М.Симашкодан “Комиссар Жангелдин” (1979ж) шығармасынан үзінділер аударды. 1960 жылы Маңғыстауда түсірілген “Ұшы қиыры шексіз жол” (“Мың шақырымдық жол”) көркем суретті фильмнің сценарийін жазды, басты рольдерде Нұрмұхан Жантөрин (Нияз), Сатымжан Санбаевтар ойнады. Фильмді түсірген белгілі кинорежиссер Александр Карпов. Сценарийін жазған Олжас Сүлейменов, Қалихан Ысқақов және Маршал Әбдіхалықов болатын. Маршал әрі кинофильмді қоюға әдеби консультант болып қатынасады.

Түйіндей келгенде, М.Әбдіхалықовтың қаламгерлік шеберлігі – белгілі тұлға Тобанияз Әлниязұлы бейнесі арқылы ел тағдырындағы тұтас бір кезеңнің тарихи, қоғамдық-әлеуметтік өмірін қатардағы ауыл адамдарының күнделікті тыныс тіршілігін суреттеу арқылы ашып көрсетуінде болып отыр.

Әңгімелерінің басты кейіпкерін прототиптік негізде ала отырып, өзіндік көркемдік қиял, ойдан шығару шешімін де үйлестіре қолданатындығы сарапталған. Жазушы кейіпкерін сипаттау арқылы ұлттық мінез, ұлттық орта, ұлт жағдайынан туындарлық әлеуметтік ой айтатындығын пайымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспан С. Ет жүрегі елім деп елжіреген. //Қазақ әдебиеті 1996 , 24 желтоқсан
2. Әбдіхалықов М. Қаратөбе келісімі. // Жұлдыз. – 1973, №1
3. Дүйсенов М. “Менің Маршалым”. // Маңғыстау. – 1986, 10 тамыз
4. Сариев І. Қанды ойран. Алматы: Жазушы 2001. – 208 б.
5. Әбдіхалықов М. Екі әңгіме.Қызыл жұлдыз: Әңгіме //Жұлдыз. 1977ж. №11.

ӘОЖ 930.23

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

Асан Нұрсұлтан Әбдіхалықұлы., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Сагиндикова Айнур Кадиргалиевна., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

Андатпа: Қазіргі уақытта еліміздің басты проблемасына айналып отырған ең өзекті тақырыптардың бірі – әліпбиіміздің өзгеруі, яғни қалыптасқан дәстүрді бұзып, кириллицадан латын әрпіне көшу. Қазақстан халқы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері бүгінгі қолданыста жүрген кириллицадан латын әліпбиіне көшу мәселесі жөнінде пікірлер жиі айтылып келеді. Қазіргі қолданыстағы кириллица – қазақ тарихындағы төртінші алфавит екені бәрімізге мәлім.

Түйінді сөздер: латын әліпбиі, кириллица, кірме әріптер, әлемдік үдеріс, технология, коммуникация

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауларының бірінде: "Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманға ақпараттың тіліне айналдырады "-деген болатын [1].

Біз латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді? - деген сұраққа жауап беретін болсақ, латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды мыналар:

✓ Біріншіден, ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, яғни тіліміздегі жат дыбыстарды таңбаларды қысқартып, қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза казақ әліпбиін калыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз.

✓ Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге, яғни компьютерлік жаңа технологиялар кеңістігіне шығуына жол ашады. Атап айтқанда, қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруіне тиімді жолдар ашылады.

✓ Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты күшейтуіміз керек [1-3].

Мемлекет басшысы ерекше атап көрсеткен латын әліпбиіне көшу мәселесі бұл – бүгінгі қазақ қоғамына тың серпін беретін кең ауқымды жоба. Өйткені тілдің тәуелсіздігі ұлттың рухани жетілуіне айтарлықтай мол септігін тигізеді. Осы ретте латын әліпбиінің алар орны ерекше екені айтпаса да түсінікті. Сол арқылы біз, әлемдік үдеріске, технология тіліне, тұтас түркі әлеміне жақындай түсеміз [4].

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Қуантарлығы бүгінде мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшынша үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңейе түсетініне сенімдімін. Сондықтандан латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы [1].

Ендігі кезекте, сол ғалымдарымыздың жан-жақты еңбегі сараланып, түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілетінін түрлі ақпарат көздерінен оқып-біліп танысып жатырмыз. Ғалымдарымыздың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау білдіру, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті деп түсінемін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Н.Ә.Назарбаев. 26.04.2017ж

2. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012ж.

3. «Латын әліпбиіне көшу – өзекті мәселе» мақаласы. З.Арынова. 11 қыркүйек 2017ж.

4. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы. Қазақ үні, 11 сәуір 2017ж – 7б.

ӘОЖ 930.23

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Көбеген Гүлдәрина Елтайқызы., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы
Ғылыми жетекші: Сагиндикова Айнур Кадиргалиевна., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен біріктіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда Біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, патриотизм, болашаққа бағдар,туған жер, дін, рух, тәрбие.

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн [1].

Аймағымыздағы келер ұрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген зиялы қауым Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпен түйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ.

Елбасының жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталды деп жарияланды. Қайта жаңғырудың екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алып жатырмыз. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін әрқайсымыздың санамыз ісімізден озып жүруі, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс, делінген мақалада. Шындығында ұлттық рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық ел көп нәрсеге қол жеткізетіні анық. Және ұлттық бірегейлікті сақтау ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін қажет етеді. Елбасы ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту қажет екенін қазақстандықтардың түсіне білуі керек екендігін баса айтады [3]. Мақаладағы «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынысы жас ұрпақты тәрбиелеуге дәл және уақытында айтылған нақты тапсырма деп білемін. Әрбір адамның жүрегінде кіндік қаны тамған жеріне, өскен ауылына, туған жеріне деген сүйіспеншілік, құрмет болмайынша – Отан деген Ұлы ұғымға адал қызмет ету, жан дүниесімен беріле сүю екіталай. Мақалада: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – делінген. Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ.Неғұрлым тұтастыққа жету үшін елді айшықтап тұрған ұлттың танымдық, тәрбиелік маңызға бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қажет.

Кез келген халықты өзінің төлтума рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Елбасы мақалада осы ұстанымды айқын көрсетіп берді:

«…Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады…Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу». Бұл – тектен тек айтыла салынған жүрек қалауы емес, бүгінгі өркениетті, озық технологиялы, жаһандық ықпалдасудан, керек десеңіз, түрлі қауіп-қатерден қорғану жолы. Осы орайда ұлтымыздың белгілі ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан», – деген сөзі ойға оралады. Сақтанудың басы – өзіңе қатысты рухани құндылығыңды түгендеп, кейінгіге мұра етіп қалдыру.

Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге баулиды. Елбасының осы мақалада көтерген тағы бір маңызды, өзекті мәселесі – туған жерге деген махаббат. Президентіміз: «…Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – деп атап өтті. Расында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азамат бүкіл елдің игілігі үшін қызмет ете алады. Міне, патриотизм дегеніміз туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады.

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммедтен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісі: «Уа, Алланың Елшісі, ең жақсы адам кім?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген пенде», – деп жауап берген екен. Демек, қоғамға пайдалы болғаның – жақсы мұсылман болғаның. Алла Елшісінің тағы бір хадисінде: «Отанын күзеткен шекарашының көзі ақыретте күймейді», – деген. Туған жерді қорғау, туған еліңе қызмет ету білімнің көптігінен емес, елдік санаға, туған еліңе деген махаббатқа байланысты екен. Алаш арысы Әлихан Бөкейхан: «Халыққа қызмет ету – білімнен емес мінезден», деп бекер айтпаса керек. Осынау парасатты пікір Абайда да бар: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол». Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа алмасып отырған «елдік сана» желісі. Елбасының мақаласында айтылған осынау асыл құндылықтар санамызда жаңғыртып, жан-дүниемізді тағы бір серпілтті. Сонымен қатар, «Туған жер» бағдарламасы еліміздегі жомарт жандардың өзінің туған еліне шарапатын тигізіп, қайырымдылық іс-шараларға үлкен үлесін тигізуге ықпал етеді деген сенімдеміз [4].

Дін – қоғамдық қатынас пен күллі адам жаратылысын біріктіруге, тұтастыруға жіберілген асыл илләһи құндылық.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қозғалған мәселелер мен қолға алынатын бастамалар дін қызметкерлерінің де жұмыс бағытын тағы да бір нақтылап берді. Бұл жаңа заманның өткеліне табан тіреп тұрып, имандылық қалыптастырған бұрынғы тамырымызды тектілікпен бекемдеп, жүйелеу жолындағы өзекті бастама деуге болады.

Бір сөзбен айтқанда, Елбасы өз мақаласында жастарды тектілікке тәрбиелеудің жолдарын нұсқап, тұжырымды ой айтты. Жалғасын табатын жарқын істердің жүзеге асуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл басындағы халыққа Жолдауында айтылған Қазақстанның үшінші жаңғыруы бағдарламаларымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бағыт-бағдар болатыны сөзсіз. Еліміздегі зиялы қауым өкілдері, білім алушылар рухани жаңғырудың, озық ой-сананың, ұлттық рух пен патриотизмді насихаттайтын жарқын істердің көшбасында жүреді деп сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Н.Ә.Назарбаев. 26.04.2017ж
2. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік
3. Гаврина А. «Мемлекеттік тілге құрмет қандай болуы керек» . Егемен Қазақстан . Жалпы ұлттық республикалық газет. 2016ж. 20 мамыр. №95 . 4б.
4. Жолдаева Ж.С. «Мәңгілік ел-Мәңгілік Қазақстан». Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. 2016ж. №1 . 11 б.

ӘОЖ 930.23

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БІЛІМ МЕН БІРЛІКТІҢ ДАМУЫ

Абиев Салауат Абдисаламұлы., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Сагиндикова Айнур Кадиргалиевна., Ш.Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

Андатпа. Елбасы саясатының басты және негізгі бағыттарының бірі - саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру болып табылады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, мыңдаған жасты әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін Болашақ бағдарламасы жүзеге асырылуы, елімізде жоғары деңгейде бірқатар университеттердің ашылуы, зияткерлік мектептер жүйесінің қалыптасуы білім беру саласындағы жетістіктің нақты көрсеткіші бола алады. Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Қазіргі таңда жастардың білім алуына, жаңа табыстарға жетуіне жақсы жағдай жасалған.

Түйінді сөздер: білім, ақпарат, экономика, технология, бәсеке

Ежелден ұлы дала қойнауын мекен еткен халқымыз қашан да көзі ашық, көкірегі ояу болған. Заман ағымынан қалмай, басқалардың оң өзгерістерін бойына сіңіріп, өзге елдермен терезесін тең ұстауға тырысқан. Абай атамыз айтқандай, дүниеден өз кетігін тауып, қаланған. Демек, бабалардан мирас болып, қанымызға сінген ұлттық – рухани тамырымыздан нәр алып, заман талабына сай қоғамдық санамыздың өзгеруі заңды құбылыс. Жаһандану үдерісі барысында өткен тарихымызды ұмыту, өткенімізден қол үзіп қалу адасудың басы болмақ. Дегенмен, дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар екенін ескеріп, кері тартпа көзқарастардан арылудың маңызы зор.Бүгінгі таңда әлем көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Әлемнің бағыты, болашағы тұманды болып тұрған сәтте, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты бағдарламалық мақаласы елді жарқын болашаққа бастайтын даңғыл жол болмақ [1].

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі жан дүниесінің жаңғыруы, санасы, түсінігі жаңа өзгерістерді саралап, дұрыс қабылдай білуінде. Рухани жаңғыру бастауын бүгін алған мәселе емес. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Елбасымыздың осы жылғы еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырым - дамалық бағдары қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізілген. Оның басты мақсаты – ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады. Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына қатысты тұсы – келешек ұрпақты кемел білімге сусындататын үлкен мүмкіндік. «Білекті бірді, білімдіи мыңды жығады» деген қазақ мақалының мән – маңызы ешқашан кемімек емес. Керісінше, уақыт өтіп, заман өзгерген сайын халық нақылының

құндылығы артып келе жатыр. Өйткені алдағы дәуір – нағыз білімділердің дәуірі болмақ [2].

Қазіргі таңда бәсекеден тыс қалған бірде - бір сала жоқ. Ал барлық саланың қарыштап дамып, өркендеп өсу білім мен ғылымның даму қарқынына тәуелді. Мұны «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ҚР Президенті Н. Назарбаев ерекше атап көрсетті: «Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу он жылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атауды ертең – ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібіне неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білім дара адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастардың өз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлтқана табысқа жетеді». Иә, үрейлі көрінуі мүмкін, бірақ алдағы санаулы жыл ішінде бүгінгі қолданыстағы кәсіп түрлерінің тең жартысы қажетсіз болып қалары анық. Бұл мыңдаған адамға табыс көзінен айрылу қаупін тудырады. Мұндай қатер келешегін күні бұрын болжай білген мемлекеттер үшін ғана қауіпсіз. Жеткен жетістігіне тоймай, тың бағыт, жаңа бағдар таба білген елдер ғана осы сындарлы кезеңнен сүрінбей өтеді. Сөзімді қорытындылай келе, қазір білектінің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты [1].

Адамдық тұлғаны дамыту тұрғысынан білім мен денсаулықты қолдау қажет. Бірақ, адамзаттың барлық негізі болатын өндіріс саласын қалыптастыру үшін ғана емес. Мемлекеттің басқа да әлеуметтік шығындары, ең алдымен, гуманитарлық тұрғыдан маңызды, өйткені олар тек кірістердің нарықтық үлестірілуін ғана емес, адам өмірінің әртүрлі ауруларын: ауруларды, жұмыссыздықты, кедейлікті тудыратын әлеуметтік теңсіздікті еңсеруге көмектеседі, бұл адамға ең төменгі кірістен айырылады. Бұл жағдайда әлеуметтік қамсыздандыруға, жұмыссыздарға жәрдемдесуге, зейнетақыларға және денсаулық сақтауға (білім беруден басқа) жұмсалатын әлеуметтік аударымдар жатады. Бұндай көрсеткіштерге дамыған мемлекеттер әлдеқайда көп құш жұмсайды.

Мемлекеттік шығындар, ең алдымен, әлеуметтік сипаттағы шығыстар, экономикалық өсуге қалай әсер етеді? Бұл санаттар күрделі диалектикалық өзара байланыста. Бір жағынан, мемлекеттік шығындар экономикалық өсуге айқын ықпал етеді. Табысты салық жүйесі мен әлеуметтік төлемдер арқылы қайта бөле отырып, мемлекет тұтыну сұранысын ұлғайтып, сол арқылы нарықтық шаруашылықтың маңызды қайшылықтарының бірін - өндірістің өсуі мен тұтынудың өсуі арасындағы ықтимал теңгерімсіздік туғызып отыр. Бұдан басқа, айтылғандай, мемлекет өзіне алады - және бұл функция экономикалық өсудің стратегиялық жағына қамқорлық жасау аса маңызды мәнге ие болады. Атап айтқанда: білім беру, денсаулық сақтау, іргелі зерттеулер, маңызды ғылыми-техникалық жобалар мен салаларды қолдауға арналған мемлекеттік шығыстар - кез келген елдің дамуының қажетті шарты [1].

Алайда «медальдің басқа жағы» бар. Мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына қарай (дамыған елдер туралы сөз болып отыр) олардың теріс әсер ету белгілері күшейе бастайды. Ең алдымен-салық ауыртпалығының өсуі.

Салық ауыртпалығының одан әрі өсуінің шектері басталатыны туралы көптеген құбылыстар пайда бола бастайды: жинақ пен инвестициялар нормалары төмендейді, экономика «көлеңкеге» кетеді, еңбек қызметіне, инвестициялауға ынталандырулар түседі, салық салынатын кірістерге емес, мемлекеттік жәрдемақыға өмір сүруді қалайтын халық топтары ұлғаяды және т. б. Басқа белгі бюджет тапшылығының пайда болуы мүмкін, оның көмегімен үкімет салықты арттыруға жүгінбестен өз проблемаларын шешуге тырысады. Бұндай кезде инфляция дамиды.

Бюрократиялық аппараттың үлкеюі де проблемаға алып келеді. Басқару органы қызметінің күрделенуі коррупцияны, әкімшілікті, экономикалық және әлеуметтік процесстермен тиімді кері байланыстың жоғалуына әкеледі. Шешімдерді қабылдау мен орындау ұзақ уақыт жүреді. Мемлекеттік шығындармен өсу темпі арасындағы статистикалық мәліметтерді талдаудың ұзақтығы мынаны көрсетеді: мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына қарай ЖІӨ-нің өсу қарқыны сайып келгенде төмен болады.

Өңірлік дамуды реттеудің мемлекеттік саясаты Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап жарияланған Ұлттық мақсаттарға: халықтың барынша жұмыспен қамтылуына, өмір сүру сапасын жақсартуға, кірістерді әділ бөлуге, тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізуге әрқашан бағытталған.

Бұл мән-жайлар ел үкіметін шаруашылық пен халықты орналастыруда теңгерімділікке қол жеткізу мақсатында елдің «аумақтық қайта құруға» басты назар аударуға мәжбүр етеді. Осының салдарынан қабылданған көптеген мемлекеттік бағдарламалардың әрекеті өңірлерді дамытуға бағытталған.

Өңірлердің біркелкі даму тұжырымдамасының орнына оларды поляризацияланған қалыптастырудың тұжырымдамасы келуі тиіс,мұнда өңірлік және жаһандық нарықтарға интеграцияланған және елдің қалған барлық аймақтары үшін, ал

перспективада бүкіл Орталық Азия өңірі үшін девелоперлер рөлінде болатын неғұрлым серпінді дамып келе жатқан қалалар немесе облыстар «өсу полюстері» бола алады.

Осыған байланысты, экономикалық белсенділіктің өсуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қатар, реттеудің басымдығы жалпыұлттық ауқымдағы «өсу полюстерін» қалыптастыру болады. Біздің ойымызша, өңірлік биліктің күш-жігері өз өңірлері мен тірек қалаларын дамытудың бәсекелестік стратегиясын әзірлеуге, оларды өңірлік және әлемдік нарықтарда елдің позициялануының жалпы стратегиясына енгізуге шоғырлануға тиіс.

Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында атап өткендей, ресурстарды жұмылдыру тетіктерінің бірі дамыған өңірлік орталықтарда экономиканы әртараптандыру жолымен өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу үшін мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастамаларды шоғырландыру болып табылатын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (ӘКК) қалыптастыру болуы тиіс.

Осы корпорациялар қызметінің басты бағыты мемлекеттік активтерді басқару, өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізу, онда бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру, жаңа жобаларға бастамашылық ету және қосымша инвестициялар тарту, шағын кәсіпкерлік тауарлары мен қызметтеріне сұраныс жасау болып табылады.

Барлығы жеті ӘКК құру жоспарлануда: орталығы Атырау қаласында болатын Каспий, оған Атырау және Маңғыстау облыстары; орталығы Ақтөбе қаласында болатын Орал (Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары); Орталығы Алматы қаласында болатын Жетісу (Алматы қаласы және Алматы облысы); орталығы Қарағанды қаласында болатын Сарыарқа (Қарағанды облысы); орталығы Өскемен қаласында болатын Ертіс (Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары).); Оңтүстік, орталығы Шымкент қаласында (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары) және Солтүстік, орталығы Қостанай қаласында (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары және Астана қаласы).

Мұндай корпорацияларды дамыту өзіне тек өзінің ғана емес, аралас өңірлердің экономикалық белсенділігін шоғырландыратын және бәсекеге қабілетті өңірлік кластерлерді қалыптастырудың катализаторы болуға қабілетті ірі өңірлік орталықтарды құруға ықпал ететінін сезіне отырып, Үкімет оларды құру мәселелерін мақсатты түрде шешеді.

ӘКК-нің құрылтайшысы және жалғыз акционері ел Үкіметі болады. Корпорациялардың алдына қойылған міндеттерді шешу үшін оларға мемлекеттік меншік объектілері, жер ресурстары, жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін болады.

Қазіргі уақытта «әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды құру және капиталдандыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығының жобасы және осы мәселе бойынша Үкіметтің бірқатар қаулылары (кемінде бес) әзірленуде.

Еуроазиялық тауар, Қаржы, технологиялық және мәдени алмасулар жүйесіндегі маңызды орталықтар ретінде Астана мен Алматы қалаларын дамыту ерекше рөл атқаратын болады. Тұтастай алғанда, бұл қалаларды дамыту олардың Орталық Азия өңірі ауқымында бизнес-орталықтар ретінде қалыптасуына бағдарланатын болады.

Стратегияны қабылдауға республиканың басым бөлігінде қатты климаты бар кең аумақ, халықтың орташа тығыздығының төмендігі, табиғи ресурстардың сараланған әлеуеті сияқты табиғи-географиялық факторлар да әсер етеді. Табиғи және еңбек ресурстарын бөлудің айтарлықтай дифференциациясы және біркелкі еместігі. Мәселен, республиканың оңтүстігінде шамамен 3/4 халық шоғырланған, ал олар бүкіл табиғи ресурстар әлеуетінің оныншы бөлігі ғана бар.

Елдің аумақтық біртектілігі сондай-ақ экономиканың тиімділігіне, экономикалық реформаларды жүргізудің стратегиясы мен тактикасына елеулі әсер етеді.

Нарықтық жағдайларда экономиканың дамуы өңірлердің бәсекелестік артықшылықтарын да, нарыққа бейімделудің әртүрлі мүмкіндіктеріне байланысты олардың кемшіліктерін де анықтады.

Қазақстан Республикасының аумақтық даму стратегиясы аумақты кешенді дамыту, өңірлік экономикаларды әртараптандыру және жаңғырту, халықты оңтайлы орналастыру, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін орналастыру мәселелерін шешудің тұжырымдамалық тәсілдерін айқындайды.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі және осыған байланысты халықаралық бәсекелестіктің сөзсіз күшеюі қарсаңында тұтастай алғанда, оның өңірлеріне мұндай стратегияны әзірлеу қажет.

Бұл міндеттер аумақтық деңгейде басқару жүйесінің заңнамалық базасын құру жолымен дәйекті түрде шешіледі. Осы процесс аясында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заң қабылданды. Ол жергілікті мемлекеттік басқарудың құзыретін, ұйымдастырылуын, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын айқындай отырып, қоғамдық қатынастарды реттейді.

Қазіргі уақытта аумақтық құрылымдардың барлық деңгейлерінде өзін-өзі басқаруды қалыптастыру мен дамытуға объективті қажеттілік бар, мұның негізі «жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңды әзірлеу мен қабылдау бола алады.

Кейіннен реформалардың жаңа кезеңі жүзеге асырылуға тиіс, онда мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру шаралары айқындалатын болады, ол көбінесе мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін өздеріне бекітілген Мемлекеттік қызметтерді толыққанды ұсыну үшін жеткілікті қаржы құралдарымен қамтамасыз етуге байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көбеев Е. Қ. Қазіргі заманғы даму үрдістері, Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет ретінде жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы // Вестник КарГУ. — 2011. — №1.

2. Әлеуметтік мемлекет: теориялық концепция және оны практикалық жүзеге асырудың ерекшеліктері // Томск мемлекеттік университетінің хабаршысы. Экономика. — С. 35.

3. Әлеуметтік мемлекет дағдарысы: себептері мен шығу жолдары / / гуманитарлық ғылыми зерттеулер. — Қаңтар 2012. — №1/http://human.snauka.ru (өтініш берген күні: 19.02.2014).

4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы н. ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы А. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан 2012 ж. / / Казахстанская правда. — 2012, 15 желтоқсан.

ӘОЖ 94(574): 908(045)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ: МӘТЖАН БИ

Табылдиева Орынгүл Дүйсенбаевна., Ш.Есенов атындағы КМУТИ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының қалыптасуы, Маңғыстау өңіріне белгілі Мәтжан бидің өмірі, қызметі, нақыл сөздері қарастырылған. Қазіргі қоғамда өзектілігі мен маңызын жоймай келе жатқан ұлттық болмыс, тәлім-тәрбие, ар-абыройын сақтау, адамгершілік мәселелері туралы Мәтжан бидің ой-пікірлер баяндалған.

Түйінді сөздер: би, билер институты, дау, шешендік

Қазақ тарихында билер институты ру-тайпалық құрылымға негізделген дәстүрлі қазақ қоғамындағы рулар мен жүздер арасындағы шаруашылықа сәйкес пайда болған қақтығыс-тарды реттеп отырушы бірден-бір күш болды. Қазақ қоғамындағы «ақсүйек», «қарасүйек», «төре», «қарашы» құрылымдары мен «сұлтан», «би», «батыр», «бай, «төленгіт» тәрізді әлеуметтік категорияларды алғаш рет талдаған Е.Бекмахановтың пікірінше «..қазақ қоғамын-дағы билер айрықша құқықтық және экономикалық артықшылықтарға ие билеуші топ өкіл-дері. Ақсүйек тұқымы боп есептелетін сұлтандармен салыстырғанда билер көшпелі қауымның өз ортасынан шыққан ру-тайпаның игі-жақсылары» болатын [1].

Билер қазақ қоғамында ерекше құқыққа ие болды. Олар ру басы, сот, жергілікті әкімшілік билік пен әскери билікті, сұлтандармен қатар ел басқару қызметтерін де жүзеге асырды. Кейде хандардың өзі билермен ақылдаса отырып, хан кеңесінде бірлесе шешім қабылдаған. Қазақ тарихынан белгілі тіпті хан сайлау рәсімінің өзін билер жүзеге асырып отырған.

Би атағына ие болу үшін билер қазақ халқы алдында туа біткен дарындылығымен, шешендігімен, қазақтың әдет заңын, салт-дәстүрін бес саусағындай білетіндігімен, ойлылығымен көзге түскен, елден озған, әділдікті жақтаушылар, билік басындағылар мен қарапайым халық арасындағы байланысты жүзеге асырушылар болды.

«Би атану үшін, халық алдында әлденеше рет шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған»,-деп жазды Ш.Уәлиханов. Сонымен бірге халықтың мұң-мұқтажын түсіне білетін, олардың мүддесін табанды қорғайтын дара қасиеттерімен қауымның сынынан өткен тұлға халықтың қалауымен би атанды.

Деректерге қарағанда, би болатын тұлғаның жасына шек қойылмаған. Мысалы, қазаққа әйгілі үш жүздің төбе билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер жас кезінен-ақ жесір дауы, жер дауы сияқты көшпелі қауымдағы ірі мәселелерге би ретінде белсене қатысқан. «Билер атасы» атанған атақты Төле би 9 жасынан соттық істерге араласып, 15 жасында атақты би болады. Ол кезінде 90 жастағы дана қария Жетес бидің, жүз жастағы атақты Әнет бабаның батасын алады. 13 жасында қазақ пен қалмақ елінің дауын шешіп, ұрыс-төбелессіз ханды бітімге келтірген Қаз дауысты Қазыбек би, Орта жүзден шыққан атақты Шорман би 13 жасында, кейініректе Сырдария (Кіші жүз) алқабындағы азаттық қозғалысты бастаған Есет батыр 20 жасында атақты би болғаны тарихтан белгілі.

Қазақ даласында би ешқашан сайланбалы қызмет болған емес. Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», «Әз Тәукенің Жеті жарғысы», «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын.

1. Халық мойындаған, таңдаған билер өзінің арын жоғары ұстаған.

2. Билер тек билік иесі ғана емес, сонымен қоса көсемдігі даналығына сай кемеңгер ақыл иесі де болған.

3. Билер халық арасында адамгершілік, азаматтық, сыйластық, достықты дәріптеген.

4. Билер- адам тағдырын қорғау жолында өткірлік пен өжеттік көрсете білген.

5. Тазалық билердің бойындағы ең асыл қасиет деп есептелінген. Әрқашан әділдікті дәріптеп отырған. Алдына келген ауқатты адамға, өзінің руласына, жақын ағайындарына көмектесу үшін басқа біреуді жығып бермеген.

Сондықтанда бұл қасиеттер халық арасында: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Бай мал мақтайды, би ар сақтайды», «Менің өмірім – халықтікі, өлім ғана өзімдікі», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Әділсіз болса би оңбас, әйелсіз болса үй оңбас», «Елге бай құт емес, би құт», «Көп сөйлейді залым би, аз сөйлейді әділ би. Әділ би халық үшін, залым би-құлқын үшін», «Би болмаған би болса, айтылмаған сөз қоймас», «Билік айту-оңай, біліп айту қиын», «Әділдіктен тайса егер, бидің сағы сынғаны, әділ билік айтпаса, елдің сағы сынғаны», «Туғанына бұрғаны, биді құдай ұрғаны», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, Биде қырық кісінің ар-білімі бар», «Қаһарсыздан хан қойсаң, қасиеті болмайды, Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды», «Әділ бидің ауылын дау араламайды, Әділ ханның елін жау араламайды» деген нақыл сөздерден көрініс тапты.

Билердің атқарған қызметі, ой-пікірлері, соттық қағидалары, шығарған шешімдері мен үкімдері қазіргі ұрпаққа өшпес мұра ретінде жетіп отыр. Билер институтының генезисін зерттеуші ғалым А. Оразбаева билер былай деп тұжырымдайды:

1. Қазіргі Қазақстан аумағында қалыптасқан көшпелі қоғамдардың ерте кезеңіндегі ақсақалдар кеңесі билер институтарының пайда болуының алғышарты болып табылады;

2. Ерте орта ғасырларда билер институты ру – тайпалардың бетке ұстар игі – жақсыла-рынан құрылып, халық тарабынан өкілдік етуші әлеуметтік тетік рөлін атқарады;

3. Орта ғасырлардағы көшпелі қоғам үшін билер институты – хан билігінің халық тарапынан қолдау көруін қамтамасыз етуші. Бұл кезеңде билер - «батыр, «жырау» институт-тарымен тығыз астасып жатыр;

4. Кейінгі орта ғасырлар үшін билердің тарихи қызметі ру-тайпалық қарым-қатынастар-ды реттеп отырушы, аристократиялық хан билігі мен халық билігін теңдестіріп отырушы саяси тетік [2].

«Аяққа кісен алуға болар, қолға кісен салуға болар, ал тілге кісен салуға болмас» деген екен Бәйдік би. Осы мәселе төңірегінде ғалым З.Кенжалиев мынадай пікір білдіреді: «Би - ханның ақылгөй кеңесшісі, рухани тірегі әрі ұстазы есебінде қаралды. Би әркез халық атынан сөйлейді, сондықтан да болар, би хан алдында тайсалмайды, тіптен керекті жерінде өктемдік те көрсете алады. Би ханға қатты айтуға, халық қамы үшін керекті жерінде сөгуге, ел атынан сұс көрсетіп қаһарлануға хақылы» [3]. «Хан ақсұңқар болса, алтын тұғыры би болар»,- деген өте құнды халық мақалы осыған дәлел болса керек.

Билер ауыл арасы, немесе қазақ рулары мен үш жүздің арасындағы даулы мәселелерге ғана емес, ел мен елдің арасындағы мемлекеттік мәселелерді шешуде де басты рөл атқарған. Осындай қиын дауларда адай билері ақыл-оймен айта білген, сындарлы сөзбен бітірген. Сейіт Есенұлы, Олжашы Қорек Сегізбайұлы, Әтембек Тілеген, Шегем Көбен, Бәли Өришан, Жаманадай Қарпық, Есен Ермембет, Кенже Қабақ пен Тобанияз, Шоңай Құлыш пен Қожық, Қамысбай Бәйімбет, Қараш Батанияз, Бәймембет Маяұлы, Қырымқұл Ғафур Қалбыұлы, Мәмбетнияз Төлепұлы, Күшік

Жаман би, Көрпе Жәнеберген, Ескелді Қарабала, Қосқұлақ Самалық, Жетімек Сүйінқара, Тоқтамыс Ораз, Абыз Тілеген, Жаманқара Иса, Құдайберген Мәтжан, Сейтімбет Тастеміруулы және тағы басқалары халық құрметіне бөленген айтулы билер болды.

Өнерлі ұлы бабалардың арасында Мәтжан Тілеумағанбетұлы дара тұрған тұлға. 1997 жылы жарық көрген «Маңғыстау» энциклопедиясында Мәтжан би қазіргі Атырау облысының Жылой, Мақан аудандарының төңірегінде 1841 жылы туып, 1929 жылы Құлсары маңында дүниеден өткен. Жастайынан нағашысы Көбен бидің тәлім-тәрбиесінен үлгі алып өскен. Туған халқының тілі мен ділін терең меңгерген Мәтжан би шалбар Қалнияз ақын, есен Сейіт би, жары Абыл Тілеуұлы сияқты сөз зергерлерінің әдеби мұрасын зердесіне тоқып, оларды одан әрі дамыта, жетілдіре түскен. Саналы ғұмырында туған халқына қызмет жасаумен өткен [4].

Өмірбай Малаевтың «Мәтжан би» кітабында Мәтжан бидің елінің жоқшысы, әділет жолындағы күрескері дәрежесіне дейін көтерілгенін баяндайды. Дәлел ретінде үзінді келтірсек: «Бір сапарда есен Ерменбет, қырымқұл Ғапур бастап бір топ адам Хорезм хандығына екі ел арасындағы бір дауды шешпекке аттанады. Олар өз қатарына жас та болса Мәтжанды ерте кетеді. Хорезмге жақындап қос тігіп, аялдайды. Хан алдына бармас бұрын:

- Ал, ақылдасайық, ертең не айтамыз?-депті өзара.

Ақылдасқа қатысып отырған билер «былай дейік, олай дейік» деп өз ойларын ортаға салады. Тек Мәтжан ғана үндемей отырады. Бір кезде мұны байқаған Ерменбет: «Әй, Мәтжан, сені де бірдеме айтады деп әкелдік қой, не ойың бар?» дейді. Сонда Мәтжан:

-Күні бұрын айтылған билік-билік емес. Ханның айтқан сөзіне қарай, біз де сөз айтсақ болмай ма?-деген екен.

Мұны сырттағы тыңшы ханға жеткізеді: «Бір биі былай, екіншісі олай деді. Ал төменгі жақта бір жас жігіт «ханның сөзіне қарай сөз айтсақ болмай ма? Күні бұрын несіне желпінеміз»,-деді. Сірә, сол бала бізге қауіпті болуы мүмкін», - депті.

Ертесіне қазақ билерімен хан пәтуаға келіп, билерден бұйымтай сұрапты. Үлкен жақтары бұйым бітті дегенде Мәтжан: - Адай деген ел едік, шаруаның жайымен көшіп-қонып жүреміз. Ендігі бұйымтайымыз, мына Әмудің жағасынан өгіздің терісіндей жер берінің,-депті. Хан «болсын» дейді.

Кешегі қонақасына сойған өгіздің терісін суға салып, Мәтжан сол теріні домбыраның ішегіндей қылып тіліп, едәуір жерді қоршапты. Сол жер қазірге дейін «Мәтжан жері», «Мәтжан жап» деп аталады екен. Ол жер Қазақстанды жайлаған аштық кезінде арып-аршып, азып-тозған жұртқа қоныс болған.

Ол замандарда жиырма бес таңбалы Кіші Жүз ішінде жер мен жесір дауы, өзара қырқыстар мен қақтығыстар, оған қоса жергілікті қазақтарға орыс өкіметінің, Хиуа мен Бұқар хандарының әділетсіз зорлық-зомбылықтары кең етек алған болатын. Түрлі даудамайларды Мәтжан өз тұсында бітістіруге қатысып, ел құрметіне бөленген. Мәтжан бидің артында «жылқының дауы», «түйенің дауы», «тоқтының дауы» сияқты көптеген әңгімелер қалған, дауласып келген екі жаққа бітісен жолын көрсетіп отырған.

Кезінде Маңғыстау елі-нің азық-түлік, егін өнімдерін таситын Бесқаламен байланыс жолында жол торушылар көп болған. Мәтжанның басшылығымен түйемен таудан тас тасылып, төте жол салынған. Бұл жол халық жадында «Мәтжанның жолы» болып сақталған.

Халқымыз сөз қадірін жоғары бағалаған. Сөзден ұтылғанын біліп, уәжге тоқтаған. Мәтжан бидің ел арасында тарап кеткен әңгімелерінен үзінді келтірсек:

Мәтжан бидің шешендік өнеріне разы болған замандастарының бірі «Мәтеке, сіздің сөзден бөгеліп, тоқтаған жеріңіз болды ма?» деген сұрауына Мәтжан би: «Аталы сөзге тоқтамайтын бәдіктен күнде жеңілемін» декен екен.

Мәтжан биден замандастары «Мәтеке, адай арасында беделіңіз қандай?-дегенде, «Адайға Отпанның шоқысындаймын, жарыға Қаратаудаймын, құдайбергенге құмысқаның алда төмпегіндеймін», -деген екен.

«Жақсы қандай болады?»-деген сұрауға, Мәтжан би: «Жақсының жүрген жері шам болар, жаманның жүрген жері ала шаң болар»,-деген екен.

Бірде Мәтжан би өзінің сыйлап, құрметтейтін бір нағашысына амалдан кейін көрісіп бара алмай, біраз мезгіл өткізіп алады. Бір күні сол нағашысымен далада кездейсоқ кездесіп қалады. Сәлем-сауқат алысқаннан кейін нағашысы:

- Мәтжан-ау, осы Маңғыстауда Отпанның шоқысынан биік шоқы бар ма?-деп сұрапты.

Сонда Мәтжан:

- Бар ғой нағашыеке...-депті.

- Бар болса ол қайда? – дейді нағашысы.

- Ол ұялатын үйдің табалдырығы ғой. Отпанға тырмысып шығуға болады, ал ұялатын үйдің табалдырығынан аттай алмайсың-ау – депті. Сөзге түсінген нағашысы: - Түсіндім, жиен, өкпем тарқады, енді келе бер, - деген екен [5].

Мәтжан биден бізге оқу-білім, ел басқару, жер-отан туралы нақыл сөздері жеткен. Олар: «Халқың үшін еңбек қыл парызыңды ақта, Отаның, жеріңді, көз-қарашығыңдай сақта», «Татулықпен, халқыңмен өмір сүр. Несібе Алладан, көңілде болмасын кір», «Көңіліне кір сақтама, орынсыз даттама. Өзіңді мақтама, орынсыз сөзді ақтама. Үлкендігіңді бұлдап, кішілерді таптама», «Барлық заттың Түйіндіі-оқуда. Оқыған аз, әңгіме оны тоқуда».

Халық жадында сақталып, үлкен маңызға ие болған билердің жағымды да асқақ бейнесі шын мәнінде ұрпаққа үлгі. Елдің тұтастығы, ағайынның ауыз бірлігі, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тату-тәтті ғұмыр кешу билердің ең басты мүддесі болды. Қазіргі Егеменді елді басқаруда, ұрпақты тәрбиелеуде Сөз-Билік-Заң секілді құндылықтар құдіретін бірдей ұштастыра білген қазақ билерінің кемелді ақыл-ойларын пайдалансақ, сөз өнерін серік еткен тарихи тұлғалардан қалған рухани қазыналарды насихаттасақ нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20–40 гг. XIX века. А., 1992.
2. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. А., 2004.
3. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. А., 1997.
4. Маңғыстау энциклопедиясы. А., 1997.
5. Малаев Ө. Мәтжан би. А., 2003.

ӘОЖ 323(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Толағаева М., Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.,
Ғылыми жетекші: Ережепова Р.Г., Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Мақалада Елбасының "Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру" бағдарламасындағы білім мәселесінің өзектілігі мен қазақстандық білім саласындағы білім беру жүйесіндегі мақсаттары туралы айтылады. Сондай-ақ, әлемдік білім тәжірбиелерінің үлгілерін мысалға ала отырып, өркениетті елдердің озық тәжірибелерін қазақстандық білім саласына ендіруді ұсынады және Елбасы Жолдауымен сабақтастырады.

Түйінді сөздер: Жолдау, білім, білім беру жүйесі, жастар, білім берудің үздіксіз жүйесі

Рухани жаңғыру бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі - білімнің салтанат құруы. Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Елбасымыз барлық Жолдауларында білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздейді [1]. Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Бүгінгі таңда мемлекет болып қалыптасудағы ең басты жүйе – білім беру жүйесі. Себебі, болашақ өскелең ұрпақтың қолында. Білім беру әріп танып, жазумен ғана шектелмейді. Жастарға қажеті – сапалы білім. Ақпараттармен толық танысу үшін, технологияларды дұрыс меңгеру үшін, әлемдік рейтингте жоғары көрсеткішке жету үшін де тұрақты білім беру жүйесін орнатуымыз қажет. Сол себепті де қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты құрал – сапалы білім. Білім алуда жақсы деңгей көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей жататын кездер жиі кездеседі.

Білім саласындағы зерттеушілер әлем бойынша Сингапурдың оқу жүйесі жоғары деп бағалады. Біріншіден, PIRLS зерттеулеріне сүйенсек, сауаттылығы жағынан әлемде алдыңғы қатардың бірінде, екіншіден, сингапурлық оқушылар 1995 жылдан бастап математика және жаратылыстану ғылымдарынан халықаралық (TIMSS) тестілеуден әлемде жоғарғы нәтиже көрсетіп келеді, үшіншіден, 2008 жылдан бастап консалтинг компаниясы Сингапур білім жүйесін әлемде ең тиімді деп атады (әсіресе педагог мұғалімдерді дайындау саласы), төртіншіден, 2007 жылы IMD зерттеулер нәтижесі бойынша жүйесі кең ауқымды экономикалық талаптарға сай бейімделген. Сингапурдың ішкі нарығы көлемі жағынан шағын болған соң толық импорттау стратегиясы мүмкіндігін пайдалана алмады, су, азық-түлік және барлық ресурстарымен қамтамасыз ету үшін Малайзиямен тығыз байланыста болды. Бұл бетбұрыс Сингапурда өмір сүретін көп ұлтты білім жүйесіне оң әсерін берді. Негізгі өндіріс саласы кеме жасау және жөндеумен айналысқан бұл елдің 45 жыл бұрын ұлт нышанын көрсететін не білім жүйесі, не әскері, не флоты, тіпті елін дамытуға ресурстары да болмаған. Мемлекет тек өзінің әлемдік белсенді сауда жолдарының қиылысында сәтті орналасуын және адами капиталды ресурстарын ғана арқау қыла алды. Тәуелсіздік алған соң мемлекеттің даму жолдарын іздестіріп, жан-жақты анықтай бастады. Барлық пәндерді бір тілде жүргізу таңдалды, ол – ағылшын тілі. Сингапурдың барлық азаматын ағылшын тілінде сөйлеуге әзірлеу, дайындау жүйесі халықаралық өндіріс, сауда және білім саясатын жүргізуге бағытталса, ал қытай тілі Азиялық бизнеске тиімді. Бүгінгі уақытта Сингапурда он жылдық білім жүйесі, алты жастан бастап сан қырлы, түрлі оқу

бағдарламалар аясында білім алады. Соңғы кезде біздің елімізде де көп тілділікке терең көңіл бөлініп отыр. Ағылшын тілін жаппай меңгеруге біртіндеп көшуде. Көптеген мектептерде тіл игеру бірінші сыныптан енгізіліп, кей мектептер жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жолдарын қарастыруда. Білім беру жүйесінің сапасына қатысты әлем елдерінде бірқатар тәуелсіз зерттеулер жүргізген орталықтар шындығында да Финляндияның білім-ғылым саласын жоғары бағалаған. Атап айтқанда, PISA-ның (Programme for International Student Assessment-Оқушылардың білім жетістігін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама) 2009 жылғы зерттеулеріне сәйкес, Финляндия мен Қытай бұл салада әлем елдерінің ішінде көшбасшы мемлекеттер ретінде танылып отыр. Халқының саны шамамен 5 млн. адамды ғана құрайтын Фин елінің білім беру үлгісіндегі басты ерекшелік - білім берудің үздіксіз жүйесін қолдануында болса керек. Финляндияда ең бастысы балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуына үлкен назар аударылған. Финляндия Білім министрлігі педагогикалық кадрлар құрамын жасарту саясатын үнемі жүргізеді, нәтижесінде мектепке талантты әрі жас мамандар көп тартылады. Білім берудің осындай икемді жүйесі арқылы Финляндия Еуропада халқының сауаты жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұндағы қызығушылықты тудыратын нәрсе - елдегі мұғалімдер жалақысының жоғары болуы ғана емес көрінеді(фин мұғалімдерінің жылдық табысы 17 мың еуро)[2]. Сондықтан да, Қазақстанның әлемдегі озық үлгі орнатқан елдердің жолымен жүруі тиіс. Бұл жайында былтырғы Фин еліне сапары барысында Елбасы:«Финляндиямен қарым-қатынас Қазақстан үшін аса қажетті. Себебі, бұл ел әлемде өзіндік орны бар, білім-ғылым саласында, инновация бағытында алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі. Егерде біз бәсекеге сай ел болғымыз келсе, Финляндияның жүрген жолымен өтіп, тәлім-тәрбие алғанымыз өте пайдалы болады», - деп атап өткен еді. XIX ғ.соңы-XX ғ. басында данышпан Абай: « Кітап-білім бұлағы, білім өмір шырағы» десе, Ы.Алтынсарин: «Өнер, білім бар жұрттар тастан сарай салғызды, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды» деген өлең шумақтары сонау XIX ғасырдың өзінде білім мәселесінің өзекті болып, әлі күнге дейін күшін жоғалтпағанының дәлелі.

Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт[3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
2. inform.kz https://www.inform.kz/rus/article/2231061
3. www.zakon.kz. сайтындағы Президент мақаласы.12.04.2017ж.

UDK 32.328

KAZAKH LANGUAGE SHIFT: FAMILY LANGUAGE POLICY AND MOTIVATION

A. T. Turgaleyeva, CSUTE named after Sh.Yessenov

Abstract: After the collapse of the USSR Kazakhstan was faced not only with economical and social problems, but also issues of creation a new language policy. In this

article I discuss family language policy and motivation toward Kazakh language use. The main question is how family can encourage children to speak Kazakh. I reviewed studies which present contemporary theory of family language policy and different motivation strategy.

Key words: language shift, language lost, family language policy, motivation.

The Republic of Kazakhstan is a young independent country. After the collapse of the USSR there was not only economical and social problem, but also language, cultural and education issues. Over seventy years the Soviet Union spread a policy of using only Russian and nowadays, revitalization of Kazakh is the crucial challenge both for the country and for the individual families. In 1991 Kazakh became the State language and from this period the intensive Kazakh language revitalization process was started. Kazakhs and different ethnicities which live in country try to shift to Kazakh language and most Central Asian researchers [1; 2; 3] named this process as "kazakhization". Thus, in this paper, is very important to emphasize that to know Kazakh language is obligation for citizenship. This paper is guided by the following research question: How can parents encourage children to Kazakh language shift? What are the types of motivation that play crucial role in this process?

Definitions

The most famous definition of language shift was given by Fishman. Language shift is "changing patterns of language use". Where patterns are language variety which people use to revitalize language [4, p. 247-248]. Language shift is the process when people in particular community try to speak another language or dominant language and next generation do not speak parent's language (language lost). Conversely, language maintenance is when a language continues to be used by next generations despite the other languages which are speaking in this community.

Karan says about macro-social and micro-social view to language shift. Macro-social include industrialization, urbanization, migration and government policies [5] and micro-social are factors which are influenced to people motivations [5].This paper explore language shift from the micro-social view, where motivation and family language policy are the main reasons to language shift. People make everyday decision about language use; parents think how to encourage children to speak Kazakh.

Family language policy (FLP)

Historically, language policy research has focused on public or institutional context (school or organizations), however there are less attention on home or family content. Researchers [6; 2] offer to explore family language policy with connection with language practices, language acquisition or literacy development. According to Fishman, the family makes protective function from the outside pressures. Even if the role of urban family as a main socialization agent is decreased, it is "the most common and inescapable basis of mother tongue transmission, bonding, use and stabilization" [7, p. 163]. In other words family is main institute which teach, motivate, encourage language use in the community.

Woolard (1998) gives a definition where he emphasizes the explicit and implicit nature of language ideology, as "representations, whether explicit or implicit, that construe the intersection of language and human beings in a social world are what we mean by "language ideology" [8, p.651]. Farr and Song [8] write that language ideology is a wide concept which includes social and cultural characteristics of community, citizenship, morality and traditional value.

Curdt-Christiansen explains language ideology is a brick to construct family language policy. She suggests to analyzing family language policy ideology from the two positions: language policy and home literacy. Where language policy is macro level and includes political ideology and economic involvement; micro level is home literacy environment,

parents' education and language experience. She emphasizes that these factors are interdependent and can impact on individual belief system [9]. Kazakhstani parents can create Kazakh literacy environment, but they don't have enough Kazakh language experience due to the Soviet policy of Russification. Political factors include equal rights and capabilities to education, civil activity and participation. For example, some families see promotion of heritage language education as their human rights, others as a bound to participation in socio-political life. Economic factors are connection between language and opportunity to earn money or have higher salary. Next point is cultural factors which represent symbolic value of language. Social factors close connect with economic and there is providing access to social mobility. Parental expectations are beliefs and goals about their children's multilingual development and education. These expectations formed under the influence of parents' socio-cultural-historical backgrounds and their socialization experience, educational beliefs and feelings, and also miss opportunities [16]. Also, parents create literacy environment according their attitudes towards language use and there are the median and social aspects which impact on this process. King and Fogle indicates that parents language policy based on the own experience of language learning and bilingual practices. The paper shows that parents' experiences have wide impact on the language choices as well as on the pedagogical approaches to language learning. Authors write that other resources, such as media, play more supportive role in the decision of family language policy. Moreover, relatives and friends were often mentioned as "a negative point of comparison" and parents don't want to adopt their policy [10].

Canagarajan interviewed the Sri Lankan Tamil migrant families from U.S.A., U.K., and Canada where he shows, that there are three reason to maintain their native language: "geography" (the closeness to the homeland), "motivation" (positive language attitudes) and "size" (number of speakers in the community) [11]. In Kazakhstani context to shift the Kazakh language people could be influenced by two factors, motivation and size of community. Moreover, for Kazakhs who live in Kazakhstan the geographical factor should have significance value because they live in homeland. However, according to community reason, Smagulova claims that "the urban reality is not conducive to the acquisition of Kazakh by individuals, as there are no real forces that might motivate Kazakh re-acquisition" [1, p.49). Thus, people from rural areas are more ready to shift Kazakh than urban people.

Motivation towards Kazakh learning

Most researchers of language motivation connect this theory with the second language acquisition or foreign language [12; 13; 14]. Here I will consider Kazakh as the second language for all nationalities residing in Kazakhstan. Gardner and Lambert divided motivation for integrative and instrumental types. Integrative motivation explains as aspiration to be the part of the particular language's community. Parents and children should have positive attitudes toward Kazakh community and its culture. Instrumental motivation is connected with educational, financial or professional advantages which can bring knowledge of language. According to Krashen, the purpose of learning language is based on practical value, and if the goal is achieved people lose their motivation to continue language acquisition [15].

Karan presents the Perceived Benefit Model of Language Shift, where he proposes that "language choice decisions (as well as language acquisition decisions) are influenced by a limited set of motivators" [5, p. 2]. He suggests 6 types of motivation:

Communicative Motivation – language need for communicative purpose;

Economic Motivations – it is based on the goal to achieve financial benefit through the language;

Social Identity Motivations – This is similar to integrative type of motivation, where people try to collaborate with particular community or identify himself /herself with particular group;

Language Power and Prestige Motivations – this type of motivation can be combined with social identity motivation; however Karan believes that language itself has own power and prestige.

Nationalistic and Political Motivations – this motivation is connected with perception about "good citizen";

Religious Motivations – This type of motivation is connected with ritual form of language. People are motivated by the ideas of providing the religious.

Additionally, researches propose other forms of motivation such as international posture, which includes "interest in foreign or international affairs, willingness to go overseas to study or work, readiness to interact with intercultural partners ... and a non-ethnocentric attitude toward different cultures" [16, p 57]. Also modern world provide new goal for language learning there are friendship, travel and knowledge orientations [17]. In Self-Determination Theory [18] authors defined different types of motivation which depend on the different reasons or goals. Ryan, & Deci discussed intrinsic and extrinsic motivations, where intrinsic is when people want to learn language because it is interesting and enjoyable and extrinsic motivation refer to learning in order to avoid punishment or to get profit [18].

Dornyei presents a model of self concept which was divided for Ideal L2 self and Ought-toL2 self. The first is "Ideal L2 Self" where students like to learn language because they have ideal perception about speaking L2. Second type the Ought-to L2 self connect with "attributes that one believes one ought to possess (i.e. various duties, obligations, or responsibilities) in order to avoid possible negative outcomes" [18, p.7]. Kormos, Kiddle, & Csizér claim that social environment strongly influence to motivation [17]. Student's family and friends play an important role in attitudes formation which impact on learning activity. Authors discuss parental encouragement and their findings show that parents have limited affect on the Ideal L2 self, but they have influence on the construction of self-concept and beliefs. Results reveal that first year students more depend on parents' value system than second year because in that period students become more independently and their parents' views and encouragement have weaker effect on their self-concept. However, the paper demonstrates that parents encouragement is stronger for Chilean students in construction of the Ought-to L2 self. Thus, the findings present relationship between family language policy and student's motivation to learn second language.

Prasangani explored motivation to learn English among 29 Malay undergraduates in Malaysia, where he explains that Asian learners more sensitive towards others, for example mother's, father's, sibling's and friend's views and attitudes relate to their self construction [14]. However, Kazakhstani multiethnic society can have different view to others but majority of people have traditional sense and they more closely contact with their relatives in comparison with west culture. Therefore, Prasangani approach may be apply in Kazakhstani context and family language policy can show positive results towards Kazakh shift.

Conclusion

Kazakh language shift is a big challenge for many parents. For encouraging children they should establish language policy where motivation will be the main strategy, because motivation is a tool which makes this process easier for new generation. However, not all motivation models can be used in Kazakhstani context. The issue is differences between language goals in the shifting process, for native Kazakh FLP is maintain their native language, but for other nationalities is learning the dominant or the State language. According to this different policy parents should use different types of motivation. For example, integrative motivation is more appropriate for minorities because their aim is integration in the Kazakh dominant community. Karan's (2008) six types of motivation can be used by both groups except of *Religious Motivations*. Kazakh tradition Islam religion mostly provides in Arabic and less in Kazakh, thus *Religious Motivation* is worked towards classic Arabic. Also

parents can't use international posture motivation in their policy, because Kazakh is not international language and don't have high popularity. One of the main characteristic of the motivation is intrinsic and extrinsic nature, which also present through family language policy. Parents may create a good atmosphere for Kazakh learning and children will increase their intrinsic motivation, but, of course, it is difficult to avoid extrinsic type because Kazakh is the State language and children have obligatory Kazakh language subject in school; and moreover, for Kazakhs is also obligation of maintain native language. Therefore parents should motivate and engage children to learn Kazakh through effective language policy.

REFERENCES

1. Smagulova, J. (2013). Multiplicities of language ideologies. //Bulletin KazNU Filology series. 2013. - 4 (144). - C.46-49.
2. Fierman W. Language vitality and paths to revival: contrasting cases of Azerbaijani and Kazakh //International Journal of the Sociology of Language. – 2009. – T. 2009. – №. 198. – C. 75-104.
3. Matuszkiewicz R. The language issue in Kazakhstan-institutionalizing new ethnic relations after Independence //Economic and Environmental Studies. 2010. – T. 10. – №. 2. – C. 211-227.
4. Fishman J. A. Language in sociocultural change. – Stanford University Press, 1972. – T. 6.
5. Karan M. E. The importance of motivations in language revitalization //2nd International Conference on Language Development, Language Revitalization, and Multilingual Education in Ethnolinguistic Communities. – 2008.
6. Kayam O., Hirsch T. Family Language Policy, Language Practice, Motivation, and Planning among Israeli Arab Students in Wingate Institute's Preparatory Program //International Journal of Education. 2013. – T. 5. – №. 2. – C. 144.
7. Kopeliovich S. Family language policy: A case study of a Russian-Hebrew bilingual family: Toward a theoretical framework //Diaspora, Indigenous, and Minority Education. 2010. – T. 4. – №. 3. – C. 162-178.
8. Farr, M., & Song, J. Language ideologies and policies: Multilingualism and education. *Language and Linguistics Compass*. 2011.- *5*(9), 650-665.
9. King, K. A., Fogle, L., & Logan- Terry, A. Family language policy. *Language and Linguistics Compass*. 2008.- *2*(5), 907-922. DOI: 10.1111/j.1749-818X.2008.00076
10. Curdt-Christiansen X. L. Invisible and visible language planning: Ideological factors in the family language policy of Chinese immigrant families in Quebec //Language Policy. 2009. – T. 8. – №. 4. – C. 351-375.
11. Canagarajah A. S. Language shift and the family: Questions from the Sri Lankan Tamil diaspora1 //Journal of Sociolinguistics. 2008. – T. 12. – №. 2. – C. 143-176.
12. Lamb M. Integrative motivation in a globalizing world //System. 2004. – T. 32. – №. 1. – C. 3-19.
13. Kormos J., Kiddle T., Csizér K. Systems of goals, attitudes, and self-related beliefs in second-language-learning motivation //Applied Linguistics. 2011. – T. 32. – №. 5. – C. 495-516.
14. Prasangani K. S. N. Asian Students' Social Goals in English Learning Motivation //Linguistics and Literature Studies. 2014. – T. 2. – №. 5. – C. 150-154.
15. Krashen S. D. Second language acquisition and second language learning. – Oxford University Press, 1981.
16. Yashima T. Willingness to communicate in a second language: The Japanese EFL context //The Modern Language Journal. 2002. – T. 86. – №. 1. – C. 54-66.

17. Kormos J., Kiddle T. The role of socio-economic factors in motivation to learn English as a foreign language: The case of Chile //System. 2013. – Т. 41. – №. 2. – С. 399-412.

18. Ryan R. M., Deci E. L. Intrinsic and extrinsic motivations: Classic definitions and new directions //Contemporary educational psychology. 2000. – Т. 25. – №. 1. – С. 54-67.

ӘОЖ 378 (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Туркменбаева М. Б., Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Актау қаласы

Аңдатпа: Мақалада білім беру саласында химиялық өндірістің негізгі тұжырымдамалары мен ұғымдарын ашып көрсету арқылы инновациялық даму негіздерін беру мәселелері қарастырылып, химия мамандары, ғалымдар, инженер – химиктер жұмысының маңыздылығы көрсетілген.

Түйінді сөздер: білім бағдарламалары, химиялық процестер технологиясының пәндері, инженер-химик мамандығы.

«Рухани жаңғыру» - еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде жоғары мектеп үшін айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуда.

Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынып, қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды.

Қазір білектінің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты. Табысты болудың Түйіндіі – білімде. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру - Елбасы саясатының басты және негізгі бағыттарының бірі. Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Осы тұрғыда ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек.

Назарларыңызға ұсынылып отырған мақала - көп жылдар бойы оқыған дәрістер нәтижесі, оның мақсаты — химиялық өндірістің негізгі тұжырымдамалары мен ұғымдарын ашып көрсету арқылы инновациялық даму негіздерін беру.

Химиялық технология деген пән дәрістерін оқығанда химиялық кинетика немесе зат алмасудың физикалық мағынасын ашу біздің мақсатымызға жатпайды. Біз реалды химиялық процестердің өтуін талқылап, инженерлік химия саласында кездесетін проблемаларды көрсетіп, оларды шешу жолдарын береміз. Мұндай проблемалар мен түрлі пайда болған сұрақтарды шешу химиялық технологияның дамуына жол салады. Біздің мақсатымыз- студенттер мен мамандарға химиялық процестерді зерттеп, өндіріске кіргізу жолында заманауи ғылыми жетістіктерді түсініп, қолдануды үйрету, сонымен қатар қазіргі замандағы аспаптаптардың, түрлі қондырғылардың, реакторлардың, т.с.с. қолданылуы мен процестердің өту ерекшеліктерін көрсету.

Химиялық технология тек инженер-химиктердің жұмыс істеу саласы емес. Оның дамуына химиктер, биологтар, физиктер үлес қосады, яғни жаңа инновациялық жетістіктермен студенттерді және мамандарды таныстыру арқылы олардың көзқарасын ашу жолында басқа салалардағы ғалымдар мен инженерлердің жұмыстарымен таныстырамыз.

Процесті оңтайлы жүргізу, инвестициялық жоспарлауды нығайту, заманауи процестерді жүргізу операцияларын қалыптастыру — химиялық технологияның басты

мақсаты. Өткізілетін процесті қабылдағанда біз нақты және тиімді өтетін процесті алуы мыз керек. Химиялық процестер саны шексіз көп болу себебінен олардың ішінен қолайлы процесті таңдап алу қиын емес. Негізгі процестер табиғатын білу химиялық технология сабағын түсінуді оңайлатады.

Инженер-химиктер химиялық өндіріс дамуына көп үлес қосты. Бұрыңғы уақытпен салыстырғанда қазіргі инженер-химик мамандығы өте маңызды [1].

Студенттерге тұжырымды білім беруде бірнеше проблемалар шешілу керек. Проблемалар деңгейлігі әртүрлі. Негізгі проблема «студенттерді ояту», басқалары - студентке оңтайлы «ойлар салу», мысалы, жаңа процестерді ұсыну қабілеті студенттің білім деңгейін және беделін өте жоғары көтереді. Бір сұрақ инженерлік химия ісінде бірнеше жауаптарға сәйкес болуы мүмкін. Бірнеше жауаптардан керектісін қалап алу маманның білімі мен тәжірибелілігін көрсетеді дегенді студент түсіну керек.

Химия технологиясының процестерінің дамуы әдістемелік нұсқаулар, теориялар мен химиялық технологияларға емес, кездейсоқ жаңалық ашулар мен тәжірибелерге негізделгендіктен ұзақ әрі тармақты жол. Үздіксіз процестер көп таралған кезде термодинамика пәндері, материалдық және энергетикалық баланс, жылу және гидродинамика процестері, сондай-ақ химиялық кинетика мен химиялық процестердің катализдері химиялық процестердің технологиясының негізін қалады. Осыған байланысты химиялық процестер өзіне ұқсас айдау, бөліну және тағы да басқа операциялармен бірге ерекшеленеді. Химиялық процестің технологиясы әртүрлі пәндерді қамтиды. Оларды ауқымдарына (1-кесте) сәйкес бөлуге болады.

Кесте 1 – Химиялық процестер технологиясының пәндері

Даму сатысы	**Ғылыми пәндер**
Тәуелсіз даму сатысы	Химия, биология, физика, математика, термодинамика
Микро/ нано деңгей	Кинетика, молекулярлы деңгейдегі катализ, химиялық байланыс, микробиология, бөлшектер технологиясы
Мезо деңгей	Реактордың технологиясы, қондырғыны пайдалану
Макро деңгей	Процестің технологиясы және процестің дамуы, процесті біріктіру және жобалау, процесті бақылау және пайдалану

1. Н. К. Мамыров, А. Н. Саханова, М. С. Ахметова, Л. Брузати Государство и бизнес. Менеджмент государственного сектора. Книга 3, Алматы, 2002 год;

2. www.stat.gov.kz.

ӘОЖ 33.330.3

КАСПИЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ: МӘНІ, БОЛАШАҒЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алибеков Дастан Сериккалиевич, Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Актау қаласы

Аңдатпа: Ғылыми мақалада Каспий маңы мемлекеттеріне сан алуан экономикалық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымының мәні мен даму мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: экономикалық ынтымақтастық, экономикалық саясат, экономикалық ұйым.

Елімізде бірнеше жылдан бері Каспий мемлекеттерінің ынтымақтастығына қатысты көтеріліп жүрген мәселелердің бірі бұл Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымын құру.

1992 жылыдың қазан айында Иранның Ислам Республикасының бастамасы бойынша Тегеренда өткен бес Каспий маңы мемлекеттерінің, мемлекет және үкімет басшыларының кездесуінде тараптар алғаш Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымын құру перспективалары туралы мәселені талқылаған болатын. Жаңа ұйым қызметінің негізгі бағыттарының бірі Каспий теңізінде мұнай мен газды өндіру саласындағы өзара іс-қимыл болып табылады. Сонымен қатар осы ұйым шеңберінде теңіз арқылы тасымалдау, биологиялық ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамыту жоспарланған болатын. Алайда Әзірбайжан Республикасының алдымен Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін шешу керек деген позициясы негізінде бұл жоспар жүзеге асырылмады

Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымын құру мәселесі 2007 жылы Тегеранда Каспий маңы мемлекеттерінің екінші саммитінде қайтадан көтерілген болатын. Бұл идеяның ары қарау дамуы 2008 жылдың 3-4 қазанда, Ресей Федерациясының Астрахань қаласында өткен Каспий маңы мемлекеттері Үкіметаралық экономикалық конференциясында жалғасын тапқан.

Каспий экономикалық ынтымақтастығы ұйымын құру шеңберінде ынтымақтастықтың мақсаттары, міндеттері, проблемалары, бағыттары, басымдықтары мен мүдделеріне тоқталатын болсақ.

Ұйымға тек Каспий маңы мемлекеттері мүше болады: Ресей Федерациясы, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан, Әзірбайжан және Түркменістан.

Қазақстан Үкіметі мұндай ұйымды құру Каспий бестігінің әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ көп жақты жобалар негізінде экономикалық дамудың жаңа деңгейіне қол жеткізуге ықпал етеді деп санайды.

Каспийдің экономикалық ынтымақтастығы ұйымын құру Балтық аймағының ұйымдары мен Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы сияқты аймақтық ұйымдар тәжірибесі мен ұқсастығы негізінде қалыптастырылуы керек.

Ынтымақтастық, ең алдымен, энергетика, көлік, экология, су және биоресурстар, қаржы, инвестициялар, сауда - «іскерлік топтардың кең ауқымды ынтымақтастығы» сияқты салаларда шоғырлануға тиіс.

Осы ұйым шеңберінде екі орталық пен қаржы құрылымын құру ұсынылады:

1. Каспийдегі саяси-экономикалық зерттеулер орталығы;
2. Биоресурстарды зерттеу орталығы;
3. Бірлескен қаржы ұйымы - бірлескен жобаны қаржыландыруға көмектесетін бірлескен банк.

Каспий теңізіндегі көмірсутегі шикізатын игеру жобаларын ауқымды қаржыландыру оларды тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет.

Мұнай-газ көмірсутегінің ірі қорларының болуы осы аймақтағы экономикалық ынтымақтастықтың маңызды аспектісі болып табылады. Оларды бірлесе игеру Каспий аймағындағы экономикалық ынтымақтастыққа жаңа серпін береді деп күтілуде.

Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымын құрудың негіздемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі стратегиясы, Теңіз Доктринасы, Қазақстан Республикасының Сыртқы саясаты тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы, Қазақстан Республикасының жүк тасымалдау саясаты тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері сияқты нормативтік құжаттарға негізделуі тиіс.

Каспий аймағындағы ұлттық теңіз саясаты Қазақстанның жағалауында, ішкі суларында, аумақтық теңізде, Қазақстанның айрықша экономикалық аймағында және жоғары теңіздерде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қол жеткізудің мақсаттары, міндеттері, бағыттары мен тәсілдерін анықтауға бағытталған.

Қазақстанның Каспий аймағындағы ұлттық мүдделеріне:

- Қазақстан Республикасының ішкі теңіз суларына, аумақтық теңізге, сондай-ақ олардың үстінде әуе кеңістігіне және жер қойнауының егемендігіне қол сұғылмауы тиіс;
- Қазақстан Республикасына тиеслі аймақта табиғи ресурстарды барлау, игеру және сақтау және басқару, сонымен қатар теңіз суын, ағысын, желін пайдалау арқылы энергия көздерін өндіруге, жасанды аралдарды құру және пайдалану, теңіздегі ғылыми зерттеулер, теңіздегі табиғи ортаны қорғау және сақтау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының егемендік құқықтары мен юрисдикциясының қамтамасыз етілуі;
- Теңіздегі еркіндік, оның ішінде су арқылы тасмалдау, ұшу, балық аулау, ғылыми зерттеулер, суасты қайықтарының жүру және құбыржолдарын жасау еркіндігі;
- Теңіздегі адам өмірін қорғау, теңіз ортасының ластануын болдырмау, өмірлік маңызы бар теңіз коммуникацияларының жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халқы, әсіресе оның жағалаулық өңірлері, сондай-ақ тұтастай алғанда жалпы мемлекеттің теңіздегі шаруашылық қызметінен пайда алу үшін жағдай жасау.

Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымын жүзеге асыруға кедергі келтіретін негізгі проблемалар:

Каспий теңізіндегі бірқатар жобаларды іске асырудағы негізгі тоқтаушы факторларының бірі, оның ішінде КЭЫҰ бойыншада бұл Каспий теңізінің құқықтық

мәртебесіның шешілмеуі болатын. Алайда бұл мәселе 2018 жылдың 12 тамызында Ақтау қаласында өткен бесінші Каспий саммитінде өз шешімін тапты.

1. Ең алдымен, жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысты еңсеру, халықаралық нарықтағы көмірсутектеріне деген сұраныстың өсуі және сәйкесінше бағасының жоғарлауы.

2. БТД, Одесса–Броды, Оңтүлік газ дәлізі, «Ақ ағым» құбырларының ресурстық қауіпсіздігінің мәселелері

3. Иран Ислам Республикасындағы саяси ахуал Оңтүстік газ ағымы жобаларын, Ауғанстан мен Пәкістандағы жағдай, сондай-ақ Пәкістан мен Үндістан арасындағы қарым-қатынас Түрікменстанның ТАПИ газ құбыры жобаларын жүзеге асыруға кері әсер етуде.

4. Түрікменстандағы саяси және экономикалық жағдай, сондай-ақ өңірдегі мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың экономикалық мүмкіндіктерінің әсерінен Каспий газ құбырын жүзеге аспауы.

5. Түрменістен, Қазақстан және Өзбекістан арасындағы саяси және экономикалық ахуал Орталық Азия-Орталық құбырын жаңғыртуға және Каспий маңы газ құбырының құрылысын бастауға тежеу болып отыр.

6. Қара теңіздегі қиындықтарға байланысты Түркияның ықпалының күшейуі Каспий құбыр консорциумын кеңейтуге қатысты проблемаларды тудыруы мүмкін.

Инвестицияларды тарту проблемалары әлемдегі қазіргі экономикалық жағдайды ескере отырып, барлық жобаларды іске асыруда қиындықтар туғызып отыр.

Сарапшылардың пайымдауынша каспийдегі көмірсутегі шикізатын өндіру және тасымалдау жөніндегі жобаларды іске асыруға өңірлік емес елдердің (АҚШ, Қытай, ЕО, Түркия, Украина және т.б.) әсерінің артуын болжайды.

Каспийдің көмірсутегі шикізатын тасымалдау бағыттарындағы мемлекеттер арасында дипломатиялық күрестің және трансұлттық компаниялар арасындағы бәсекелестіктің күшейуі күтілуде.

Каспий энергетикалық дипломатиясының тиімділігін арттыру мақсатында мемлекет пен отандық компаниялардың мүдделерінің теңгерімін ескере отырып, Қазақстанның аймаққа қатысты бірыңғай стратегиялық желісін әзірлеу және енгізу қажет.

Каспий маңы елдеріне және Қазақстан үшін тиімді болатын өңірде көмірсутектерді өндіру және тасымалдау жобаларын жүзеге асыруға қатысу үшін халықаралық Каспий мұнай-газ консорциумын құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Каспий экономикалық ынтымақтастық ұйымы мүдделер баланысы негізінде энергетика саласында үкіметтік және іскер топтар арасында өзара келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Каспий экономикалық ынтымақтастығы ұйымы шеңберінде Каспий маңы елдері бірқатар даулы сұрақтарды өзара тиімді жолмен шешуге қабілетті болады.

ӘДЕБИЕТТТЕР

1. http://www.mid.ru/foreign_policy/economic_diplomacy/ism_communication/-/asset_publisher/
2. http://casp-geo.ru/organizatsiya-kaspijskogo-ekonomichesk
3. https://articlekz.com/article/18688

ӘОЖ 347. 79

ҚҰРЛЫҚІШІЛІК МЕМЛЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕҢІЗ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТІСІ БОЛУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алибеков Сериккали Кунтебаевич, Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Ақтау қаласы

Аңдатпа: Ғылыми мақалада әлемдік мұхиттарға шығатын су жолдары жоқ мемлкеттердің халықаралық теңіз құқығының субъектісі болуының мәселелері тарихи-құқықтық көзқарас тұрғысынан талданған.

Түйінді сөздер: халықаралық құқық, құқық субъектісі, теңіз құқығы

Халықаралық теңіз құқығының халықаралық құқықтың ертеден қалыптасқан саласы болып табылатындығы және оның теңіз кеңістіктерінің құқықтық режимін анықтайтын сондай-ақ, мемлекеттердің теңіздер мен мұхитттарды және олардың ресурстарын пайдалануы бойынша қызметтерімен байланысты қатынастарды реттейтін халықаралық-құқықтық принциптері мен нормаларынан тұратындығы белгілі.

Әлемдік мұхит бұл – минералдық, энергетикалық және биоресурстардың аса бай көзі. Бұл оның бүкіл адамзат өміріндегі маңызының арта түсуіне алып келеді. Егер оларды тұтынуда ақылға қонымды ғылыми-негізделген әрекет болса және оларды жасанды түрде толықтырып отырса, Әлемдік мұхиттың адамзат үшін сарқылмас байлық көзі бола алатындығын сеніммен айтуға болады.

Ғалымдардың деректері бойынша теңіз суында Менделеев таблицасының 75-тен астам элементін табуға болады, олардың қатарында уран, бром, магний туралы аса құндыларын де кездестіруге болады. Теңіз суын тұщыту арқылы ауыз су мәселесін де шешуге болатынын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Дегенмен, Әлемдік мұхиттың басты байлығы оның – орасан зор жануарлар және өсімдіктер дүниесі болып табылады. Шамамен алғанда, биомассаның жалпы көлемі 35 млрд.тонна құрайды. Теңіз балдырларының 10 мың түрі және теңіз жануарларының 150 мың түрі әлемдік мұхитта тіршілік етеді. Теңіздер мен мұхиттардың суларында аса зор тағамдық ресурстар жинақталған. Дұрыс пайдалана білген реттерде олар таусылмас қор болып табылады.

Ресурс көздерінен бөлек, мұхиттардың кеңістігі құрлықтар мен аралдарды жалғайтын қатынас жолы болып табылады. Су жолдары арқылы қазіргі уақытта әртүрлі елдердің арасындағы жүктердің 80% тасымалданады.

Дегенмен, біздің ойымызша, қандай да болмасын бір нәрсені пайдалану мүмкіндігі сол нәрсенің қолжетімді болуына тікелей байланысты.

Халықаралық теңіз құқығы өрісінде осындай нәрсе ретінде Әлемдік мұхит – әлемдік экономиканың орасан зор құрамдас бөлігі танылады. Сонымен қатар жекелеген мемлекеттердің географиялық орналасуы жөнінен әлемдік мұхиттардан қашықта жатуы, адамзат атам заманнан бері пайдаға жаратып келе жатқан теңіздер мен мұхиттардың игілігін пайдалануға мүмкіндік бермейді. Соңғы деректерге қарағанда БҰҰ-ның мүшесі болып табылатын 192 мемлекеттің 43-і құрлықішілік, яғни әлемдік мұхиттарға су жолдары арқылы шыға алмайтын мемлекет болып табылады. Тарихи аспектілерге байланысты қалыптасқан олардың осындай өзіндік сипаттағы ерекшеліктерін ескере отырып, әлемдік қауымдастық теңізге тікелей шыға алмайтын елдерге халықаралық теңіз құқығының толыққанды мүшесі болуға көмектесуді көздейтін бірқатар нормаларды жасақтап, қабылдады. Алайда бұл процес өте ұзаққа созылды және қарама қайшылықтарға толы болды, оларға әртүрлі геосаяси жағдайлар және халықаралық-құқықтық доктриналар әсер етті.

Құрлықішіндегі мемлекеттердің теңізге шығуының мәселесі отандық ғылыми әдебиеттерде өте аз қарастырылған. Осы өрісте жүргізілген зерттеу жұмыстарының қатарына В.В. Голицынның монографиясын, сондай-ақ, В.С. Верещетиннің, Б.М. Клименконың, А.П. Мовчанның еңбектерін жатқызуға болады. Бұл мәселе шетелдік әдебиеттерде барынша кеңірек талқыланған. Шетелдік авторлардың арасынан Д. Коломбостың, Ч. Хайдтың, К.Юпретидің және т.б. еңбектерін айрықша атап көрсетуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, құрлықішілік мемлекеттер құқықтарының халықаралық теңіз құқығында реттелуінің негізгі кезеңдеріне тоқтала кеткен дұрыс болатын сияқты.

XIX ғасырдың ортасына таман теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттердің дербес теңіз қызметін жүзеге асыруға ұмтыла бастауы, біздің ойымызша, ашық теңіздің еркіндігі қағидасының жаппай таныла бастауымен түсіндіруге болады. Герман адмиралтейства кеңесінің мүшесі Ф.Перельс осы қағиданы жақтайтындығын білдіре отырып, былай деп жазған болатын «Ерте замандарда кейбір аса қуатты мемлекеттер белгілі теңіздерге қатысты өздерінің ерекше құқығын орнатқысы келгенімен, бірақ рим құқығының өзі де теңіздерді барлық мемлекеттердің еркін пайдалану құқығын таныған болатын. Теңізге қатысты үстем құқықты орнату туралы пікірлер тек орта ғасырларда ғана пайда болды... Қазіргі уақыттағы халықаралық құқық ешқандай шартсыз теңіздің бостандығын таниды» [1].

Құрлықішілік мемлекеттердің өз кемелеріне қатысты юрисдикциясының мәселесі де шешімін таппаған күйінде қалды. Сонымен бірге, кеңестік заңгер-ғалым О.А. Жаркова жазғандай «теңіз жағалауында орналаспаған мемлекеттің өзінің теңіз туын иеленуге құқығы жоқ деген теорияның болуы олардың теңдігі мен егемендігін бұзды»[2].

Солай бола тұрса да, 1864 жылы Жапонияда Швейцарияның тапсырысы бойынша құрастырылған кеме суға түсірілді, осыған байланысты Швейцария үкіметі тарапынан теңіз державаларының өзінің кемелерінің тек ұлттық туының астында ғана жүзуі құқығын тануын бекітуге тырысқан бірнеше әрекеттері оңды нәтиже берген жоқ. И.Н. Глебов атап көрсеткендей «осыған қарамастан Швейцарияның ұстанымы халықаралық құқық доктринасында қолдауға ие болды: құрлықішілік мемлекеттердің өз тулары астында жүзетін кеме ұстауға деген құқығын тануды Ф.Ф. Мартенс, А. Ривье, О. Эйхельман және басқа да заңгерлер ұсынды» [3].

Құрлықішілік мемлекеттердің теңізге шығуы мәселесінің халықарлық-құқықтық реттелуінің маңызды кезеңі Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең болды. Осы кезде тарихи және қоғамдық жағдайлар өзгерістерге ұшырап, ал құқықтық реттеу болса, барлық елдер үшін жарияланған «коммуникациялар еркіндігін» жүзеге асыруға бағытталды [4]. 1919 ж. Германиямен жасалған Версаль шартының 273 бабына сәйкес, тараптар кез келген Одақтас державалардың кемелеріне ілінген туларды олардың теңіз шекарасы болмаған күннің өзінде де, егер кемелер ол елдердің аумағынан тыс бекітілген бір пунктерде тіркелген болса және бұл пункт осындай кемелердің тіркелген порты қызметін атқаратын болса, олардың құқықтық мәртебесін тануға келісті. Сонымен қатар американдық заңгер Ч.Хайд жазғандай «Версаль бейбіт шарты барлық құрлықтардың теңіз жағалауы жоқ елдерінің халықаралық маңызы бар өзендер бойынша кеме қатынасы құқықтарын тану өрісіндегі барлық мүмкін болған талаптарын орындады» [4]. Дегенмен, кеме қатынастарының бостандығы принципінің әрбір құрлықта әркилы дамығандығын атап өту керек.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1949-1956 жж. аралығында теңіз құқығына қатысты баптар бойынша жұмыс жасаған БҰҰ-ның халықаралық құқық бойынша комиссиясы теңізге шығатын жолы жоқ мемлекеттердің құқықтары туралы мәселені күн тәртібіне бірде-бір рет қойған жоқ. 1957 жылдың ақпан айында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1028 (XI) қарарының қабылдануы түбегейлі бетбұрыс болды ол

бойынша «теңіз шекарасы жоқ мемлекеттердің транзиттің тиісті жағдайларына деген қажеттіліктері танылды», одан сәл кейінрек 1105 (XI) қарарының 3-тармағы «Теңіз құқығы бойынша болатын Халықаралық конференцияға халықаралық тәжірибеге немесе келісім шарттарға сәйкес теңіз шекарасы жоқ елдердің теңізге еркін шығуының мәселесін зерттеуді ұсынды»

Теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1958 жылы Женева қаласында өткен Бірінші конференциясында құрлықішілік мемлекеттердің мәселесімен арнайы құрылған Бесінші комитет айналысты. Бұл комитетке «теңізге еркін шығудың тәртібін зерттеу және ашық теңіз режиміне қатысты ережелерді кодификациялау бойынша жалпы жұмыстың бөлігі болатын конвенцияны дайындау тапсырылды». Негізгі қайшылықтар баптардың екі жобасы бойынша орын алды. Олардың біріншісі (негізінен алғанда құрлықішілік мемлекеттермен дайындалған) теңізге шығатын жолдары жоқ мемлекеттердің алды ала конференциясында жасақталған жеті қағиданы болашақ конвенцияның мәтініне кірістіруді қарастырды. Егер ту туралы принциптер айтарлықтай қарсылыққа ұшырамаған болса, транзитке және құрлықішілік мемлекеттердің құқығының табиғатына қатысты принциптерден толықтай бас тартылды. Үш теңіз жағалауындағы мемлекетпен (Италия, Голландия, Ұлыбритания) дайындалған екінші жоба теңіз жағалауында орналаспаған мемлекеттердің теңізге шығу құқығын танудан бас тартуды қарастырды.Ол конвенциямен салыстырғанда міндеттілігі төмен декларацияны қабылдауды көздеді. Әлемдік банктің вице-президенті Ф.Кацман өзінің монографиясында «алғашқы рет құрлықішілік мемлекеттер мен транзиттік мемлекеттер арасында ашық конфронтация орын алды» деп атап көрсетті [5].Нәтижесінде Швейцария делегациясы ұсынған жоба компромистік шешім ретінде қабылданды. Жекелеген өзгерістерімен ол 1958 ж. Ашық теңіз туралы Конвенцияның 3-бабының негізі болды. Ол бойынша «Теңіз жағалауы жоқ мемлекеттер, теңіз жағалауындағы мемлекеттермен теңізді тең құқықта пайдалануы үшін теңізге еркін шығу құқығына ие болуы тиіс» деп көрсетілді. Осылайша, Конвенция теңізге шығу мәселесін шешуді құрлықішілік мемлекеттердің өздеріне қалдырды. Ол мәселе екі жақта шарттардың жасалуы арқылы шешілуі тиіс болғанымен, оларды жасақтаудың қандай да болмасын критерийлері Конвенцияда көрсетілмеген. Конвенцияда теңізге шығудың құқығы танылғанымен ол тағы да екі жақты келісімнің жасалуына тәуелді болып қалды. Нәтижесінде 1958 ж. Ашық теңіз туралы Конвенция теңіз жағалауындағы елдердің құрлықішілік елдердің теңізге шығу құқығын толықтай тануға мүддесіз екендігінің көрсеткіші болды. Бұл мәселенің шешімі тағы да жағалауда орналасқан мемлекеттердің еркіне тәуелді болып қалды. Осыған байланысты А.С. Кокин «негізінен алғанда, теңіз жағалауында орналасқан мемлекеттердің мүддесін басшылыққа ала отырып, Ашық теңіз туралы конвенцияның 3-бабы іс жүзінде, келісім болмаған жағдайда да теңізге шығуға мүмкіндік беруді талап ететін әдет құқығы нормасының мазмұнын әлсіретіп жіберді» деп жазды [6].

Құрлықішілік мемлекеттердің теңізге шығу құқығының жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін күрес БҰҰ-ның сауда және даму бойынша конференциясының (ЮНКТАД) бірінші сессиясында жаңа қарқымен өрістеді. Бұл конференция 1964 ж. Женева қаласында өткен болатын. Бұл сессия қорытындысында «Теңізге шығу мүмкіндігі жоқ мемлекеттердің транзиттік саудасына қатысты принциптер туралы» арнайы резолюция қабылданды. Теңізге шығу мүмкіндігі мәселесінің негізіне сегіз қағида ең алдымен, құрлықішілік мемлекеттердің экономикалық дамуының қатысты мәселені қойды. Сауда жүргізу мақсатында теңізге шығу қажеттілігін негіздей отырып, бұл қағидалар еркін және шектеусіз транзитті, яғни теңіз жағалауында орналаспаған мемлекеттер үшін кепілдік берілген транзитті қарастырды. ЮНКТАД декларация қабылдаумен қатар құрлықішілік мемлекеттердің тразиттік саудасы туралы

конвенцияның мәтінін жасақтау үшінқұрлықішілік, транзиттік және өзге де мүдделі мемлекеттердің әділетті геогрфиялық бөлінісі негізге ала отырып, үкіметтік сарапшылар комитетін тағайындауды ұсынды. Құрылған комитет кейіннен БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде 1965 жылдың 7 маусымы мен 8 шілдесі аралығында өткен конференцияда қабылданған Конвенцияның жобасын жасақтады.

Бұл конвенцияның преамбуласында ЮНКТАД бірінші сессиясының қарарында көрсетілген барлық сегіз қағида толық көрсетілді. Алайда нақтырақ талдау барысында преамбулада көрсетілген қағидалардың Конвенцияның өзінде бекітілген ережелерге керағар келіп жатқандығын байқауға болады. Конвенция транзиттік мемлекеттердің әкелу және әкету порттарында еркін сауда аймақтарының болуын, сондай-ақ,транзиттің айтарлықтай мүмкіндіктерін беруді қарастырғанымен ол көп жағдайларда құрлықішілік мемлекеттермен салыстырғанда жағалауда орналасқан мемлекеттердің мүддесін көздейді. Конвенцияның 15-бабында көрсетілген өзара келісу принципі кепілдік берілген транзиттің бекітілуіне жағдай туғызған жоқ.

Дегенмен, бірқатар жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, құрылқішілік мемлекеттердің транзиттік саудасы туралы Нью-Йорк Конвенциясы бірқатар маңызға болғандығын айту қажет. Біріншіден, ол құрлықішілік мемлекеттердің өзіндік ерекшеліктерін таныған алғашқы халықаралық-құқықтық құжат болды. Екіншіден, ол транзиттің белгілі бір ережелерін бекітті. Үшіншіден, құрлықішілік мемлекеттер мен жағалауда орналасқан мемлекеттер арасындағы БҰҰ-ның теңіз құқығы бойынша үшінші конференциясындағы келіссөздерінің базисі болды деп атап көрсетеді Л.А. Колодкин [7].

БҰҰ-ның теңіз құқығы бойынша Үшінші конференциясының басталуы қарсаңында құрлықішілік мемлекеттердің арасында ауыз бірліктің болмауы, олардың теңізге шығу құқықтарын кондификациялауға айтарлықтай кедергі келтіргендігін атап өту қажет. Бұл ең бастысы осындай мемлекеттер үшін теңізге шығуды қамтамасыз етуге қажетті болып табылатын құқықтардың көлеміне қатысты болды. Сонымен бірге теңіз жағалауында орналаспаған мемлекеттердің көпшілігі олардың теңізге шығуға деген құқықтары толықтай шамасында кодификацияланбаған болса да, жалпыға бірдей танылған және халықаралық құқықтың заңи міндетті принципі болып табылады деп санады. Осыған байланысты, құрлықішілік мемлекеттердің тобы Комитеттің жұмысы барысында теңізге шығу мүмкіндігі жоқ мемлекеттер үшін ұлттық юрисдикциясының шеңберінен тыс жатқан теңіздер мен мұхиттардың түбін бейбіт түрде пайдалануға қатысты баптардың Жобасын ұсынды. Белорус заңгері И.И. Лукашук жоба «оның жақтастары мен қарсыластары арасында қызу талас тудырған негізгі құжат болды» деп көрсетеді [8].

Нәтижесінде, жағалау мемлекеттерінің қарсы болуларына қарамастан, Баптар жобасының теңізге шығатын жолы жоқ мемлекеттерге қатысты көптеген ережелері БҰҰ-ның теңіз құқығы бойынша 1982 жылғы Конвенциясында өз көрінісін тапты. Конвенция бірінші рет берілетін құқтардың өзара келісімді болуының шартын қарастырған жоқ, сондай-ақ, құрылқішілік мемлекеттердің теңізге шығу құқығын ешқандай екіұдайсыз таныды. Мәселен, Конвенцияның 125-бабы 1 тармағында «Теңізге шығатын жолы жоқ мемлекеттер осы Конвенцияда қарастырылған құқықтарын жүзеге асыру мақсатында теңізге шығуға және одан кетуге құқылы...Осы мақсатта теңізге шыға алмайтын мелекеттер транзиттік мемлекеттердің территориясы арқылы барлық көлік құралдарымен өту бостандығын пайдаланады» деп бекітілген. Осылайша, транзиттің мақсаты – құрлықішілік мемлекеттің Конвенцияда қарастырылған «теңіз» құқықтарын жүзеге асыру. Біздің ойымызша, құрлықішілік мемлекет транзитінің өзіндік ерекшелігі де осында.

Теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1982 ж. Конвенциясы іс жүзінде құрлықішілік және жағалау мемлекеттерін теңіздегі құқыққабілетілігін іс жүзінде теңгерді. Ол мемлекеттердің көпжылдық келісімдік тәжірибесінің, қарсы тұрулар мен ынтымақтастығының нәтижесі болып табылады. Мемлекеттердің егемендік теңдігі принципін көрсете отырып, жағалауда орналасқан елдердің егемендігіне нұқсан келтірмейді және құрлықішілік мемлекеттердің қазіргі уақыттағы халықаралық теңіз құқығындағы мүдделеріне белгілі бір шамада жауап береді.

Дей тұрғанмен, 2009 жылдың шілде айындағы мәліметтерге қарағанда 43 құрлықішілік мемлекеттің 22-сінің ратификациялауы әлі де болса Конвенциясынң кемшін тұстарының бар екендігінің айғағы.

Құрлықішілік мемлекеттердің халықаралық теңіз құқығындағы, ең алдымен теңізге шығу және өткізу бостандығы құқығының олардың теңіз кеңістігін пайдалану құқықтарының жүзеге асуының алғышарттары ретінде қарастыра отырып, құрлықішілік мемлекеттердің мәселелерінің халықаралық-құқықтық аспектілерін тарихи тұрғыдан талдаудың негізінде келесідей қорытындыларды тұжырымдауға болады:

1. Халықаралық құқықтың толыққанды субъектілері ретінде құрлықішілік мемлекеттер Әлемдік мұхиттың кеңістіктері мен ресурстарын пайдалануға қатысты барлық құқықтарды жағалаудағы мемлекеттермен бірдей пайдаланады.

2. Халықаралық құқық бойынша ие болатын құқықтарын жүзеге асыру үшін оларға теңізге жүзіп шығу және одан жүзіп шығу және тасымалдап өткізу құқығы берілуі тиіс, себебі теңізді пайдалану құқығына - халықаралық құқықтың субъектілері болып табылатын барлық мемлекеттер ие болады.

3. Теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1982 ж. Конвенциясының күшіне енуіне байланысты құрлықішілік мемлекеттер өздерінің теңізге жүзіп шығу және одан жүзіп шығу құқықтарының заңи негіздемесін түпкілікті бекітті.

4. Құрлықішілік мемлекеттердің теңізге және одан шығу құқықтар мен өткізу бостандығы құқықтарын жүзеге асырулары барысында пйда болатын нақты мәселелерді шешу үшін Теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1982 ж. Конвенциясының 125-бабының 2-тармағында көрсетілгендей өткізу бостандығын жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін реттейтін келісімдер жасақталуы тиіс. Алайда бұл транзиттік мемлекет теңізге шығар жолы жоқ тиісті мемлекетпен оған теңізге шығуды қамтамсыз ету мақсатында транзит туралы келіссөздер жүргізуден бас тарта алады немесе бұл мәселені талқылау барысындажағымды нәтижеге жетуге, яғни арнайы келісімге келугекедергі келтіретін ұстанымды ұстай алады дегенді білдірмейді. Екі тарап – құрлықішілік мемлекет және транзиттік мемлекет осы мақсатта келіссөздер жүргізіп және олардың нәтижесі барынша қолайлы болуына қол жеткізуге тырысулары тиіс. Тіпті осындай келіссөздер жемісті болмаған күннің өзінде де бұл міндеттілік өзінің күшін жоймайды. Нақты келісімге қол жеткізуге бағытталған әрекеттер халықаралық қауымдастықтың ықпал етуімен жалғастырылуы тиіс. Халықаралық қауымдастықтың мүдделері пайда болған мәселелерді бейбіт жолмен және дер кезінде реттеуді қарастырады және де бұл, құрлықішілік мемлекеттің теңізге және одан жүзіп шығуының және оларды транзит мақсатында пайдалануы құқығы әрекет етуші халықаралық құқық тәртібінің тиімді құрамдас бөлігі ретінде толық көрініс табуы тиіс.

5. Екі жақты транзиттік келісімдерді жағалауда орналасқан мемлекеттер де, сондай-ақ құрлықішілік мемлекеттер де теңізге шығу құқығына тәуелсіз түрде жасай алатындықтан, теңіз жағалауындағы мемлекет пен құрлықішілік мемлекет арасында олардың соңғысының теңізге шығу құқығын жүзеге асыру мақсатында жасалған транзиттік келсімдердің сипаты, өзге транзиттік келісімдердің өзара келісімге келу сипатынан өзгешелікке ие болуы тиіс. БҰҰ-ның 1982 ж. теңіз құқығы бойынша

Конвенциясында құрлықтың тразиттің міндетті шарты ретінде «өзаралылық» алынып тасталған. Бұл осыған дейінгі конвенцияларға қарағанда жаңалық болатын.

6. Халықаралық құқықтың приципті мен нормаларына сәйкес халықаралық қауымдастық құрлықішілік мелекеттердің өздерінің әлемдік мұхиттағы құқықтарын жүзеге асыруларына қатысты пайда болатын мәселелерді шешуіне қолдау жасауы тиіс.

7. Құрлықішілік мемлекеттердің БҰҰ-ның 1982 ж. теңіз құқығы бойынша Конвенциясының Х бөлімінде бекітілген құқықтарына тиісті тараптардың оларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатындағы тиісті құқықтық және өзге де шараларды алу міндеттері сәйкес келеді.

8. Халықаралық құқықта соларға сәйкес жағалауда орналасқан транзиттік мемлекет көршілес құрлықішілік мемлекетке, олардың арасында өзара келісім болмаған жағдайда да теңізге шығуға мүмкіндік беруінің міндеттілігін қарастыратын әдеттік нормалар қалыптасқан. Теңізге шығу мүмкіндігі жоқ елдердің теңізге және одан шығуының құқығы, сондай-ақ транзиттік еркіндігі 1958 ж. БҰҰ теңіз құқығы туралы Конвенциясында,БҰҰ-ның 1982 ж. теңіз құқығы бойынша Конвенциясында бекітілген. Жоғарыда көрсетілген конвенцияларға қосылмаған елдер құрлықішілік мемлекеттердің теңізге және одан шығу құқықтарының заңи міндеттелік мәнісін мойындауы тиіс, себебі бұл құқық халықаралық-құқықтық әдет сапасында заңи міндеттілікке ие және жалпыға бірдей танылған. Халықаралық шарттар құқығы туралы 1969 ж. Вена конвенциясының 38-бабына сәйкес шартқа енгізілген нормалар халықаралық әдеттің пайда болуының нәтижесінде үшінші мемлекеттер үшін міндетті болып табылады [9].

Қазақстан Республикасына қатысты айтар болсақ, мәселе барынша күрделі болып отыр. Біздің елімізді теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттер қартарына да жатқыза алмаймыз, сонымен қатар әлемдік мұхиттарға тікелей табиғи су жолдары арқылы шығатын мемлекет ретінде де қарастыруға болмайды. Каспий теңізі арқылы одан кейін Волга-Дон каналы, Қаратеңіздің бұғаздары арқылы әлемдік мұхиттарға шығу жолдары болғанымен, ол каналдардың қыс бойы қатып жататындығы, аталған өзендер арқылы жаз айларында судың деңгейінің төмендеуіне байланысты аса ірі теңіз кемелерін өткізу мүмкіндігінің болмауы белгілі қиындықтардың туындауына алып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гуцуляк В.Н. Международное морское право (публичное и частное): Учебное пособие. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. – 567с.

2. Жаркова О. А. Правовое положение судна в открытом море //Правоведение. - 2000. – № 3. – С. 232 -239.

3. Глебов И.Н. Международное право – М, Издательство: Дрофа, 2006 г.- 368 с.

4. Каламкарян Р.А., Мигачев Ю.И. Международное право: Учебник.— М.: Изд-во Эксмо, 2004. — 688 с.

5. Кацман, Ф. Борьба с морским пиратством — актуальная задача современности. М.: Междунар. отношения, 2012. - 170 с.

6. Кокин А.С. Международная морская перевозка груза: право и практика. – М, «Волтерс Клувер», 2007 г.- 540с.

7. Колодкин Л.А. Курс международного права. – М., 1992. Т. 5. -564с.

8. Лукашук И.И. Международное право: особенная часть: учебник для студентов юридических факультетов и вузов– М.:Волтерс Клувер, 2008. – 526 с.

9. Манов Б.Г. Международное право и современность. //Журнал российского права – 2008 – N.

ӘОЖ 336

ҚОҒАМДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ БЮДЖЕТТІК ҚАРЖЫНЫҢ РӨЛІ

Алиева М.М., Нархоз Университеті, Алматы қаласы

Аңдатпа: Қазақстанда тұрақты өзгерістердің ауқымы мен динамикасы әлеуметтік жаңаруды жеделдетуді талап етеді. Әлеуметтік жаңғырту динамикалық әлеуметтік жүйемен ашық қоғамды қалыптастыруды көздейді. Бүгінгі таңда әлеуметтік модернизацияның мақсаты - жаңа индустриалды-инновациялық экономика жағдайында қоғамды өмірге дайындау, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық тауарларды кеңінен қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы теңгерімді табу және құқық және әділеттілік қағидаттарына негізделген әлеуметтік қатынастарды орнату.

Түйінді сөздер: әлеуметтік модернизация, жаңғырту үдерісі, жаңа адам индустриясы, бюджет тетігі

Тәуелсіздіктің 25 жылынан астам уақытында Қазақстан табысы жоғары елдер тобына қосылып, оның жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні 10 мың долларға дейін көтеруге мүмкіндік беретін экономикалық прогрестің берік іргетасы қаланды. Осы мақсатқа қол жеткізудің негізгі құралы - Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы.

Сонымен бірге экономикалық табыстар мен қоғамдық тауарлармен қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табу мәселесі барған сайын айқын болып келеді. Қазақстанның тәуелсіз даму жылдарында Қазақстандағы қоғамның жүйелік трансформациясының негізгі элементі болып табылатын белсенді және тиімді әлеуметтік саясатты жүргізу үшін жақсы негіз қаланды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» ел дамуының жаңа, өте жауапты кезеңінің басталуын атап өтті. [1]

Экономикалық өзгерістердің әлеуметтік процестермен үйлесуі, әлеуметтік бағдарланған экономика құру - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың реформа стратегиясының маңызды элементі.

Қазақстанның тәуелсіз даму жылдарында Қазақстандағы қоғамның жүйелік трансформациясының негізгі элементі болып табылатын белсенді және тиімді әлеуметтік саясатты жүргізу үшін жақсы негіз қаланды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуға, экономикалық процестерге қатысушылардың арасындағы қайшылықтарды азайтуға және азаматтардың түрлі топтарының өмірін поляризациялауға негізделген әлеуметтік жанжалдардың алдын алуға бағытталған.

Біздің еліміз әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан экономикалардың қатарына кіреді және бүкіл Орталық Азияның жалпы табысының үштен екі бөлігін қамтамасыз етеді, бұл жалпы халықтың төрттен бірін ғана құрайды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнім 3% -ға өсіп, $ 220 млрд-тан асып, жан басына шаққанда 9 мың доллардан асты. Сондай-ақ, егер бұрынғы жылдарға арналған статистикаға қарасақ, 1994 жылмен салыстырғанда Қазақстанда жан басына шаққандағы ІЖӨ 23жыл ішінде 14 есе өсті.

Сонымен қатар, әлемде де, Қазақстанда да тұрақты өзгерістердің ауқымы мен динамикасы әлеуметтік жаңаруды жеделдетуді талап етеді. Әлеуметтік жаңғырту динамикалық әлеуметтік жүйемен ашық қоғамды қалыптастыруды көздейді. Мұндай

қоғам нарықтық қатынастар негізінде туындады және дамыды, меншік иелерінің қарым-қатынасын реттейтін құқықтық жүйе және демократиялық жүйе жеткілікті түрде кемелденбеуі мүмкін емес еді.

Бүгінгі таңда әлеуметтік модернизацияның мақсаты - жаңа индустриалды-инновациялық экономика жағдайында қоғамды өмірге дайындау, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық тауарларды кеңінен қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы теңгерімді табу және құқық және әділеттілік қағидаттарына негізделген әлеуметтік қатынастарды орнату.

Жаңғырту үдерісі шеңберінде шешілетін негізгі міндеттер:

- Қазақстандықтардың сапалы әлеуметтік стандарттарын және кәсіби біліктіліктер жүйесін, әсіресе экономикалық тұрғыдан белсенді халықты дамыту және енгізу қажет;
- Мемлекеттің, жеке сектордың және кәсіптік бірлестіктердің серіктестік тетіктеріне негізделген әлеуметтік және еңбек қатынастарының тиімді моделін құру маңызды;
- Тәуелділік пен әлеуметтік нәрестендіру сияқты құбылыстарды жеңу, жеке және бизнестің жоғары жауапкершілігіне, мемлекетпен еңбек қатынастарының барлық субъектілерінің өзара іс-қимылына негізделген жұмысқа және тұрмысқа жаңа ынталандыруды енгізу.
- Жаңғыртудың маңызды аспектісі Қазақстанда «тігінен» және «көлденеңінен» салынған әлеуметтік үдерістерді басқарудың тиімді мемлекеттік жүйесін құру, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде мамандар мен менеджерлердің кәсіби органы болып табылады.

Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық тауарлармен қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы теңгерімді табу өте маңызды. Бұл әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басты міндеті. Бүгінгі таңда 1960 жылдан бері кең таралған тұтынушылық қоғамның тұжырымдамасының иллюзиясы айқын болды.

Бүгінгі күнде бүкіл әлем нақты шұғыл әрекет етіп, бұл тұтыну идеологиясы деструктивті болып шықты. Бұл әлемнің дамыған елдеріне жаппай әлеуметтік тәуелділікті тудырды және жаһандық дағдарыстың басты себептерінің бірі болып табылады. Әлемде ғана емес, тіпті дамыған елдерде де жүзеге асыруға болмайтын бұл жалған идея конструктивті баламалы болуы мүмкін. Мұндай балама - Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы.

Бүгінгі таңда алғашқы қадамдар жасалды. Мысалы, 2011 жылы Президент Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыссыздарды, аз қамтылған азаматтарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты әртүрлі экономикалық қызметке тартуды көздейтін «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын бекітті. Жақсы нәтиже бар.Бүгінгі таңда жұмыссыз қалдырылған әрбір азамат жұмыспен қамту орталығына баруға, нарықта сұранысқа ие мамандық алу үшін қайтадан жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды. Бұл бағдарлама, ең алдымен, халықты нақты жұмыспен қамтамасыз ету міндеттерін жүйелі шешуге бағытталған. Мемлекет Басшысының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» бұйрығында қоғам үшін басты міндет қойылған - жаңа адам индустриясы мен инновациялық экономикасы жағдайында қоғамды өмірге дайындайды.

Жұмыспен қамту бағдарламасын жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Оны табысты іске асыру үшін тиісті ұйымдастырушылық және дайындық жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі уақытта төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- еңбек әлеуетін дамыту, тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналасуына жәрдемдесу арқылы халықтың орнықты және нәтижелі жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

- ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;

- Қазақстан Республикасының азаматтарын әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық даму және экономикалық өсу орталықтары үшін әлеуеті жоғары елді мекендерге ерікті түрде қоныстандыруға жәрдемдесу арқылы еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру;

- әлеуметтік-экономикалық дамудың орта немесе жоғары әлеуеті бар ауылдық жерлерде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы жұмыспен қамту.

Жалпы, Жұмыспен қамту бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыру халықтың тұрақты және өнімді жұмыспен қамтылу деңгейін арттыруға, азаматтардың табысын көтеруге, жұмыссыздықты азайтуға және кедей және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың санын көбейтуге мүмкіндік береді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мемлекеттік бюджеттің маңызды рөлі әлеуметтік институттарды - білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үйді бюджеттік қаржыландыруды жақсарту арқылы әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады. Әлеуметтік процестерде мемлекеттік бюджеттің рөлін күшейту бюджеттік қаражаттың және әлеуметтік трансформациялардың қаржылық негізі болып табылатын бюджеттен тыс қорлардың өсуіне, халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудің жоғары деңгейіне көшуіне, сондай-ақ бюджеттік қаржыландыру арқылы ел өңірлерінің экономикалық дамуын нығаюына байланысты. . Бюджеттің негізгі рөлі жыл сайын ұлттық экономиканы, әлеуметтік және мәдени шараларды қаржыландыруға, елдің қорғанысын нығайтуға, мемлекеттік органдарды ұстауға және резервтерді қалыптастыруға арналған орталықтандырылған мемлекеттік қордағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың ақшалай қаражатын үнемдеуін жұмылдырады және жинақтайды .

Бюджет, бюджет тетігі арқылы экономикаға әсер етеді. Бұл тұтастай экономикаға ықпал ету құралы ретінде бюджеттің рөлін көрсетеді.

Қазақстан - бұл әлеуметтік мемлекет, оған дәлел ретінде мына мәліметтерді келтірсек,биылғы жылы бюджет параметрлері мынадай: жалпы мемлекеттік бюджеттегі әлеуметтік шығындардың үлесі жыл сайын шамамен 50% -ды құрайды, мысалы, ағымдағы жылдың 4 айында бюджет қаражаты жұмсалған негізгі бағыттар: әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету – 875 млрд тг (өсім – 19,8%), білім беру – 577,2 млрд тг (өсім – 6,7%), денсаулық сақтау – 435,4 млрд тг (өсім -25,8%), қарыздарды өтеу және қоғамдық тәртіп – сәйкесінше 198,1 және 196 млрд тг (өсім-18,9%және10%)болды.

2017 жылы әлеуметтік салаға шамамен 4 триллион АҚШ доллары бөлінді. Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемінде олардың үлесі 33,7% -ды құрады. Банк секторын қолдау үшін біржолғы шығындарды есептемегенде, әлеуметтік шығындардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 39% -дан 41,4% -ға дейін өсті.

Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сүру сапасы мен деңгейі, әлеуметтік тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ел бюджетінде басты басымдық болды.

Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындау бойынша шығындар 2 616,07 млрд. теңге сомасында қарастырылған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22,9% -ға көп және 2016 жылға қарағанда 38% артық. Әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік көмекке жұмсалатын мемлекеттік шығыстардың ұлғаюы балалардың туылуына байланысты зейнетақылар мен жәрдемақылар мөлшерінің ұлғаюына байланысты, оның ішінде күнкөріс минимумының құрылымын қайта қарау және зейнетақымен қамсыздандыру тәртібі бойынша.

Әлеуметтік шығыстар құрылымында мүгедектерді жұмыспен қамтуға және 451,98 млн. теңге бөлінетін әлеуметтік интеграция мен қосу бағдарламаларына жәрдемдесуге байланысты баптар енгізіліп бекітілді. [3]

2017 жылы денсаулық сақтау саласындағы шығындардың ең үлкен бабы «Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде халықты медициналық қамтамасыз ету» бойынша 774,27 млрд. теңге сомасында болды, ал 2018 жылы ол «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін беру» деген бағытта бекітіліп, оған 954,85 млрд. теңге қарастырылған.

2018 жылы білім беруге жұмсалатын қаражат 375,32 млрд.теңгені құрайды, ал 2017 жылы мемлекеттік шығыстармен салыстырғанда (458,64 млрд.теңге) бұл көрсеткіш 18,2% -ға азайды. Сонымен бірге, Назарбаев Университетіне мақсатты үлес айтарлықтай төмендеді (53,85 млрд теңгеден 4,53 млрд. теңгеге дейін) [3]

Елдің бюджеті әлеуметтік тұрақтылықты, жұмыспен қамтуды және экономиканы серпінді дамытуды қамтамасыз етудегі алдағы кезеңге арналған Үкіметтің жұмысының негізгі бағыттарын нығайтады.

Әлеуметтік салаға ұзақ уақыттан бері жасалған айтарлықтай инвестициялар әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асыру үшін жақсы негіз болып табылады. Және «жаңғырту» сөзі шығындардың қажетсіз өсуімен байланысты болды.

Осылайша, қорытындыға келсек, бюджет мемлекет үшін оның ұйымдастырушылық функцияларын, сондай-ақ экономиканы басқарудың тиімді құралын іске асырудың маңызды құралы деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
2. Қазақстанның статистикалық жылнамасы, Астана, 2017
3. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы үкімет баяндамасы, интернет-ресурс: Парламента Республики Казахстан, 05.06.2018

ӘОЖ 65.01

ӨНІМ САПАСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аяпберген Ақтолқын, Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекші Аманчаева К.Р., Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Бұл мақалада сапа менеджменті халықаралық стандарттары, олардың кәсіпорынның өндірістік саласындағы қолдану ерекшеліктері көрсетілген. TQM сапа менеджменті жүйесінің принциптері, жүйелері көрсетілген. Сапа саласындағы саясат ұзақ мерзімді мақсат түрінде қалыптасу және қарастырылуы көрсетілген.

Түйінді сөздер: Сапа, стандарттар, сапа менеджменті жүйесі, сапа саласындағы саясат.

Қазақстан үшін бәсекеге қабілетті өнім өндірудің басты нәтижесі ішкі нарықпен жалпы ішкі өнім көресткіштерін арттыру, экспортты ұлғайту мен валюталық түсімдерді көбейту, бюджетке салық түсімдерін қалыптастыру, халықты еңбекпен қамту және де саяси-әлеуметтік тұрақтылық болуы тиіс.

Бүгінгі күні басты мақсат тек қана өндірісті жандандыруға бағытталып қоймай, өндіріс мекемелерінің инновациялық белсендігін көтеруге, өнім сапасын арттыруға, өндіріске жаңа жаңа технологияларды енгізуге, сол арқылы қолдағы бар ресурстарды

тиімді пайдалануға аз шығын шығарып, сапалы әрі мол өнім өнідіруге, өнімнің өзіндік құнын арзандатып, еңбек өнімділігін арттыруға да бағытталуы тиіс.

Мелекеттік стандарттқа сай, өнім сапасын басқару – бұл өнім сапасына әсер ететін жағдайлар мен факторларға мақсатты бағытта ықпал ету және сапаны жүйелі түрде бақылау арқылы жүзеге асырылатын өнімді өңдеу, өндіру, айналымы және пайдалану немесе тұтыну кезінде өнім сапасының қажетті деңгейін орнату, қамтамасыз ету және қолдау.

TQM сапаның үнемі жақсаруына, өндірістік шығындардың азаюына және өнімді дәл уақытында жеткізіп беруге бағытталған кешенді жүйе болып табылады. Жүйенің негізі мына принциптер болып табылады:

- өнімнің ақауының болмауы;
- өндірістік емес шығындардың болмауы;
- тұтынушыларға өнімді дәл уақытында жеткізіп беру.

TQM негізі – сапаның жақсаруының шегі жоқ.

1987 жылы АҚШ, Канада, ФРГ елдерінің қатысуымен халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО) техникалық комитеті 9000 сериялы бес халықаралық стандарттарын дайындады және бекітті, бұл стандарттарда өнім сапасын қамтамасыз ету жүйесі, оның ішінде, өнімді өңдеу, өндіру, өнімді сынақтан өткізу мен бақылауларын ұйымдастыру, өнімді пайдалану, сақтау және тасымалдау талаптары белгіленген. ИСО 9000 халықаралық стандарттары сапа жүйелері бойынша келесілерден тұрады:

1. ИСО 9000. Сапаны жалпы басқару және сапаны қамтамасыз ету стандарттары. Таңдау және қолдану жөніндегі басқару нұсқаулары [1].

2. ИСО 9001. Сапа жүйесі. Жобалау немесе өңдеу, өндіру, монтаждау және қызмет көрсету кезінде сапаны қамтамасыз ету үлгісі [2].

3. ИСО 9002. Сапа жүйесі. Өндірісте және монтаждауда сапаны қамтамасыз ету үлгісі [3].

4. ИСО 9003. Сапа жүйесі. Соңғы бақылау мен сынақ өткізуде сапаны қамтамасыз ету үлгісі [4].

5. ИСО 9004. Сапаны жалпы басқару және сапа жүйесінің элементтері. Басқару нұсқаулары [5].

Бұл стандарттардың артықшылығы төмендегілерге бағытталған:

- жүйелік тәсілдің сапасын басқаруға қолданылуы;
- сапаның тұтынушыға бейімделуі;
- өнімнің өміршендік циклінің барлық сатылары бойынша өнім сапасына қойылатын талаптарды тәртіпке келтіру;
- барлық негізгі қызметтері бойынша сапаны басқару;
- өнім сапасына қойылатын нақты талаптарды құжат түрінде дайындау.

Халықаралық стандарттардың дамушы сипатын, сонымен қатар олардың халықаралық нарыққа шығу кезіндегі реттеуші рөлін ескере отырып, ИСО 9001, 9002, 9003 стандарттары тікелей пайдалану үшін қабылданды. Мемлекеттік стандарт оларға сәйкес мемлекеттік стандарттар бекітті.

Кәсіпорынға енгізілетін сапа жүйесі сапа саласында оның нақты қызметінің ерекшеліктерін есепке алу арқылы белгілі бір мақсатқа жету үшін белгілі бір саясат жүргізуді қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады.

Сапа саласындағы саясат ұзақ мерзімді мақсат түрінде қалыптасады және мыналарды қарастырады:

- кәсіпорынның экономикалық жағдайын қарастыру;
- өнім өткізу нарықтарын кеңейту немесе жаулап алу;
- алдынғы қатарлы фирмалар деңгейінен артық болатын өнімнің техникалық деңгейіне қол жеткізу;

- белгілі бір салалардағы немесе белгілі бір аймақтардағы тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыруға бейімделу;
- жаңа қағидаларға сай жүзеге асырылатын функционалдық мүмкіндіктерді, өнімді игеру;
- өнім сапасының ең маңызды көрсеткіштерін жетілдіру;
- өндірілетін өнімнің ақаулылық деңгейін төмендету;
- өнімге берілетін кепілдік мерзімін ұзарту;
- қызмет көрсетуді дамыту.

Өнім сапасын басқару жүйесінің ерекшеліктері жоғарыда көрсетілген көрсеткіштермен анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ИСО 9000. Сапаны жалпы басқару және сапаны қамтамасыз ету стандарттары. Таңдау және қолдану жөніндегі басқару нұсқаулары.

2. ИСО 9001. Сапа жүйесі. Жобалау немесе өңдеу, өндіру, монтаждау және қызмет көрсету кезінде сапаны қамтамасыз ету үлгісі.

3. ИСО 9002. Сапа жүйесі. Өндірісте және монтаждауда сапаны қамтамасыз ету үлгісі.

4. ИСО 9003. Сапа жүйесі. Соңғы бақылау мен сынақ өткізуде сапаны қамтамасыз ету үлгісі.

5. ИСО 9004. Сапаны жалпы басқару және сапа жүйесінің элементтері. Басқару нұсқаулары.

УДК 338

ВОПРОСЫ ИННОВАЦИОННОГО УПРАВЛЕНИЯ МАЛЫМИ ПРЕДПРИЯТИЯМИ СОТРУДНИЧАЮЩИЕ С ДРУГИМИ СТРАНАМИ

Имамуратов Жанболат, КГУТИ им.Ш.Есенова, г. Актау
Научный руководитель: Аманчаева К.Р., КГУТИ им.Ш.Есенова, г. Актау

Аннотация: В этой статье рассмотрены основные вопросы инновационного процеса, различия ориентации на продукт и ориентации на рынок и особенности инновационной деятельности.

Ключевые слова: Вопросы инновационного управления, ориентация на продукт, ориентация на рынок.

Перед предприятиями (организациями), внедряющими инновации, возникает ряд вопросов, предопределяющих начало инновационного процесса.

К таким вопросам относятся:

1) могут ли все задачи и этапы инновационного процесса быть решены и выполнены на предприятии (подразделениями научных исследований и разработок);

2) какая доля инновационных работ может быть выполнена сторонними организациями;

3) нельзя ли поставленную цель выполнить более эффективно путем приобретения лицензий, ноу-хау;

4) обеспечат ли затраты на инновационные работы более высокую эффективность по сравнению с общими затратами на производство или маркетинг;

5) могут ли затраты на производство и маркетинг гарантировать эффективность работы предприятия (организации) в долгосрочном плане, если они оказались более эффективными в краткосрочном плане.

Ответы на эти вопросы еще больше усложняются, если учесть разнообразие видов нововведений (инноваций). При комплексном рассмотрении этих вопросов или при их любом сочетании должна быть четкая концепция, ориентированная на определенные приоритеты. До последнего времени на всех уровнях управления инновациями (региональном, отраслевом, институциональном) господствовала продуктовая ориентация инноваций, т. е. ориентация на производство новшеств. Схематично эта концепция показана на рис. 1.

Рисунок 1. Ориентация на продукт

По этой концепции процесс инноваций отражает продуктовую ориентацию, когда позиции потребителя по отношению к производителю очень слабы. В этом случае все условия, связанные с созданием, освоением и распространением новшеств, диктует производитель (диктат производителя). Переход к рыночным отношениям, структурная перестройка производства и усложнение общественных потребностей привели к усилению позиции потребителя.

Идея маркетинга как результат подобной смены акцентов и заключается в признании того, что сами по себе новшества – не конечная цель, а лишь средство удовлетворения потребностей потребителя. Хотя в последние годы требования потребителей стали в известной мере отражаться в создаваемых новшествах, но тем не менее этот процесс (в целом положительный) не смог приблизить инноватора («инициатора новшества») к потребителю.

Исследователь, конструктор и технолог остаются пока изолированными от рынка. Они еще не в состоянии оценить коммерческий потенциал инноваций и их способность удовлетворять известные личные и производственные потребности. Поэтому необходим альтернативный, новый концептуальный подход. Таким может быть подход, ориентированный на потребителя, на рынок. Схематично такая концептуальная модель показана на рис. 2.

Рисунок 2. Ориентация на рынок

При данном подходе инновационный процесс рассматривается как передача знаний (научных, технических) в сферу удовлетворения нужд потребителей [1].

Научные исследования и разработки отличаются от других видов деятельности наличием в них значительного элемента новизны.

Объектами управления в инновационном менеджменте является процесс внедрения инноваций, деятельность органов управления и финансирования научных исследований и разработок.

Инновационная деятельность — понятие более широкое. Она включает научно-техническую деятельность, организационную, финансовую и коммерческую и является важнейшей составляющей продвижения новшеств потребителям. Научные исследования и разработки, являясь источником новых идей, осуществляются на различных этапах инновационного процесса [2].

Все вышеуказанные виды ориентаций довольно часто могут быть применены как казахстанскими, так и предприятиями прикаспийских государств, для дальнейшего получения конкурентных преимуществ.

ЛИТЕРАТУРА

1. А. М. Мухамедьяров Инновационный менеджмент: Учеб. пособие. – 2-е изд.: ИНФРА-М; Москва; 2008 ISBN 978-5-16-003094-4

2. Инновационный менеджмент. Учебник / Под ред. С. Д. Ильенковой, — М.: Юнити, 1997 г.

ӘОЖ 338.01

АЙМАҚТЫҚ ДАМУДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДАҒЫ ҚАҒИДАЛАР

Реймов Нұржан, Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекші Аманчаева К.Р., Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.

Алдағы мерзімде экспорт көлемінің 98% құрайтын мұнай мен газды өндірудің өсу қарқынын қолдау мақсатында облыста әрекеттегі емес ұңғымаларды қалпына келтіру, мұнай өңдеуді ұлғайтуға бағытталған озық технологиялар мен жаңа технологияларды өндірске енгізу сияқты мақсатты жұмыстар жүргізу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, алдағы кезеңде мұнай және газ конденсатын экспорттау Солтүстік Бұзашы және Донға кен орындарында өнеркәсіптік өндірісті толық іске асыру, Толқын, Боранқұл және Тасболат кен орындарын игеру және пайдалануға енгізу есебінен ұлғаятын бодады.

Болашақта Маңғыстау облысында химия өнеркәсібін дамыту мақсаты алға қойылған.

Санымен қатар «Aktal Ltd» Химия кешенінде өндірісті толық жаңғырту, жабдықтарды қайта жаңарту және құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Өндірістік бағдарламада барлық үш зауытты - азот-тыңайтқышты, күкірт қышқылын және химия-гидрометаллургияны толық іске қосу қарастырылады.

Негізгі өнімдер минералды тыңайтқыштар: нитроаммофос, диаммонийфосфат және аммоний нитраты болады.

«ЗПМ» ЖШС пластмасса зауытында стирол шығаратын зауытты іске қосу жоспарланған.

Аталған жылдар басында «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-ның шыныпластикалық талшықтар өндіретін зауыттың бірінші желісінің құрылысы аяқталды.

Сондай-ақ, 2003 жылдың соңында енгізілетін «АЗСТ» ЖШС-нің («Ақтау шыныталшықты құбыр зауыты») толық құрылысы жүргізілуде.

Шығаруға жоспарланған өнімдер тек ішкі нарықта ғана емес, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілетті, бұл сыртқы сауда айналымының өсуіне, соның ішінде шикі мұнайға ғана емес, химия өнеркәсібінің өнімдеріне байланысты экспорт көлемінің өсуіне оң әсерін тигізеді.

Маңғыстау облысында көрсетілген жылдары сыртқы сауда айналымының жоспарлы көлемі 7158,6 млн. АҚШ долларын, оның ішінде экспорт көлемі - 5454,4 млн. долларды, импорт - 1734,2 млн. долларды құрайтындығы болжанған.

2004 жылы сыртқы сауда 2450,3 млн. долларды құрап, ол ағымдағы жылдың деңгейінен 4% жоғары болды.

Экспорт көлемі 4,3%-ға артып, 1627,9 млн. долларды құрады. Импорттың көлемі - 566,7 млн. доллар, бұл ағымдағы жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда 3%-ға жоғары.

Жоғарыда келтірілген фактілер аймақтың сыртқы саудасының жетекші бағыты болып экспортқалатынын және оның құрылымында шикі мұнайға басымдық берілтінін (жалпы экспорт көлемінің 94%) көрсетеді.

Маңғыстау облысында болжам бойынша химия өнеркәсібі өнімдерінің үлесі шамамен 5%-ды құрайтын болады.

Импорттың тауарлық құрылымында машиналар мен жабдықтар басым болады - 26,4%, металлургия өнімдері - 8,3% сонымен қатар «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-ның өндірістік мақсаттары үшін аймаққа Ресейден әкелінетін мұнай өнімдері көбірек болатындығы күтіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прогноз социально-экономического развития Мангистауской области на 2014 - 2018 годы. Прогноз социально-экономического развития Мангистауской области на 2014 - 2018 годы разработан в соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Указом Президента Республики Казахстан от 18 июня 2009 года № 827 «О системе государственного планирования в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 августа 2009 года № 1251 «Об утверждении Правил разработки прогноза социально-экономического развития»

2. Маңғыстау облысы статистикалық жылнамасы. Ақтау, 2017

ӘОЖ 338.43 (045)

МАҢҒЫСТАУДА АЗЫҚ-ТҮЛІК МОЛШЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛАШАҒЫ

Демеев А.Д., Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Актау қаласы
Зейнетов С., Бейнеу кешкі мектебі., Бейнеу ауданы

Аңдатпа: Мақалада Маңғыстау облысында азық-түлік молшылығын қамтамасыз ету болашағы көрсетілген.

Түйінді сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, импорт, экспорт

Біздің ойымызша, азық-түлік қауіпсіздігінің түрлі деңгейін қамтамасыз ететін, шаруашылық жүргізудің екі моделі болуы мүмкін және олар экономикалық саясаттың екі стратегиясына сәйкес келеді:

- Арзан бағамен импорт өнімдерін сатып алуға бағытталу;
- Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету.

Импорт өнімдерін сатып алуға бағытталу моделінің, бірінші көзқараста, жағымды жақтары да бар. Өйткені ол ауылды бюджеттен қаржыландыруды орасан көп талап етпейді, сондай-ақ, алғашқы кезде, импорттық өнімдер арзан бағалармен сатылып алынады. Бірақ, сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өндірісіне мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігіне байланысты, отандық өндірістің әлсіреуі, жұмыспен қамтамассыз етудің төмендеуі, өндіріс орындары материалдық базасының күйзелуі, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының тұрмыс деңгейі мен әлеуметтік жағдайының нашарлауы мүмкін. Азық-түлікке тәуелділік импорт «диктантына» алып келеді және ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының көтерілуіне сөзсіз әсер етеді, ал отандық тауар өндірушілерде - нарық коньюнктурасы нашарлайды.

Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетуге бағатталған екінші моделді таңдау қосымша күрделі шығындарды талап етеді. Дегенмен, ол жергілікті өнімнің мол өндірілуі мен оның сапасының жақсаруына, өнімді орналастыру мерзімінің қысқаруына, ауыл халқын жұмыспен қамтудың көтерілуіне, қорыта келгенде аймақтың азық-түлік өнімдеріне тәуелсіз болуына алып келеді.

Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығындағы қазіргі ситуацияға байланысты, аграр саясаттың стратегиясы ретінде, заңды деңгейде екінші моделді қабылдаған жөн.

Өңірде азық-түлік қауіпсіздіздігі проблемаларын шешу төмендегі кезеңдермен айқындалғаны дұрыс.

Кесте 1 – Азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларын шешу кезеңдері

Кезеңдер	**Кезеңдер мазмұны**	**Азық-түлік қауіпсіздігі шешу жолдары**
I-ші кезең	Халықтың ең аз қамтамасыз етілген топтарын қорғау	Арзан және жеңіл ұдайы өндірілетін өнімдерді өндіру
II-ші кезең	Қымбат бағалы, ақуыздар мен витаминдерге бай өнімдердің үлес салмағын елеулі арттыру есебіне тамақтанудың жалпы құрамын түбегейлі жақсарту	Ішкі резервтерді жүзеге асыру есебіне ет, балық өнімдерін, көкөністі өндіруді және тұтынуды ұлғайту
III-ші кезең	Тамақтану рационында делакатес тағамдарын бірте-бірте көбейті	Тұтыну мәдениетін арттыру, материалдық-техникалық базаны нығайту және ауыл шаруашылығы шикізатынан толық құнды тамақ өнімдерін өңдеуді күшейту
IV-ші кезең	Экологиялық қауіпсіз өнімдерді кең ассортиментте тұтыну	Қымбат бағалы экологиялық таза өнімдерді өндіруді ынталандыру

Бұл бағытта мемлекеттік реттеу жүйесінің келесі маңызды элементтері орындалуы тиіс: халықтың төлем қабілетті сұранысын ынталандыру; монополияға қарсы реттеу және салалардың бәсекеге қабілетті әлеуетін көтеру; нарықтық инфрақұрлымды дамыту; мемлекеттік интервенцияларды жүргізу жолымен азық-түлік нарығында тұрақты коньюнктураға қолдау көрсету; ауылды несиелермен қамтамасыз ету; ұлттық экономиканы дамыту мақсатында парасатты саясат жүргізу; шет елдік тауар өндірушілермен әдеттегі бәсекеге түсу үшін отандық тауар өндірушілерге қолайлы жағдайлар жасау.

Мемлекеттік қолдау көрсетумен қатар әрбір өндіріс мекемесі өз мүмкіндіктерін мол пайдалануы, басқарудың экономикалық-шаруашылық есеп-әдістерін өндіріске енгізуі және ізденіс негізінде шаруашылықпен айналысудың тиімді моделін қалыптастыруы тиіс [22].

Әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау барысында халық санының өсуін экологиялық-экономикалық жағдайға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі деп қарастыруға болады.

Ұлы географиялық ашылулар кезеңінде адамзат баласы планетаны ғаламдық игеруді бастады. Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік технологиялардың жылдам таралуы барлық континенттегі халықтың тұрақты орналасуына негіз қалады.

Адам санының тығыздығы жоғары болған сайын, тұмау ауруы пайда болып, оның тез таралуы апатты жағдайға алып келуі де мүмкін. Бұл мәселелер өз кезегінде әлемдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерге әсер етіп қана қоймай, көптеген ғаламдық үдерістерге ықпал ете отырып, демографиялық мәселеден кем түспейтін және өзара байланысқан мәселені тудыратыны анық.

Азық-түлік мәселесі демографиялық мәселе секілді маңызды аймақтық және этникалық сипатқа ие. Мысалға, Үндістанда бір адамды тағаммен қамтамасыз ету үшін жылына тағамға қолданылатын 200 кг өнім қажет. Ал АҚШ-та бір адамды тамақпен қамтамасыз ету үшін 800 кг астық өндіру керек, себебі, оның басым бөлігі тікелей тағамға емес мал шаруашылығы өнімдерінің конверсиясына жұмсалады.

Қазіргі таңда айрықша жіті назар аудармасқа болмайтын жаһандық проблемалардың алдыңғы легінен біз Жер шарындағы тұрғындар санының қауырт көбейіп бара жатқанын да көрер едік. XX ғасырдың 40-жылдары В.Вернадский, Н.Моисеев сынды кеңес ғалымдары «демографиялық дүмпу» деген атау берген бұлайша халық санының күрт өсе бастау үрдісі соңғы жарты жүзжылдықта өзінің шарықтау шегіне жетті. Жоғарыда аталған оқымыстылар сол тұста біздің планетамыздың қанша адамға «төтеп бере алатынын» есептеп шығарып, бұл шектеуді 500 млн. тұрғынмен тиянақтаған екен. Содан бері 70 жылдан сәл ғана астам уақыт өтті. Ал жер бетіндегі халықтың саны әлгіндегі «шектеулі шектен» қазір 10 еседен де асып түсті. Планета халқының бұлайша қауырт өсуі қазіргі дәуір ерекшелігінің бір сипаты болып отыр. Адамзат тарихы өзінің бұған дейінгі көптеген мыңжылдықтарда орын ала қоймаған деңгейдегі халық саны өсуінің жоғары қарқынын бастан кеше бастады.

Маңғыстау облысы халқы және еңбек ресурстары санының демографиялық есебі болжамын ескерумен ол шамамен 2015 жылы - 625000, 2020 жылы - 692000, 2025 жылы - 755000, 2030 жылы - 812000, 2035 жылы - 875000 адамды құрайды деп жобаланған.

Бұл жағдайда аймақ халқының серпінді дамуы өңірлік еңбек нарығындағы жағдайды күрделендіруі мүмкін.

Демографиялық жоба когорт-компонент әдісімен немесе «жас жылжуы» («передвижки возрастов») әдісімен жасалған.

Бастапқы нүкте ретінде 2014 жылға арналған демографиялық көрсеткіштер алынған.

Есептеулер негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасына және халықты қалыптастыру компоненттеріне қатысты келесі болжамдар бойынша жасалған:

• ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 2050 жылға дейін кем дегенде жылына 4 пайыз деңгейінде болады;

• туу кезінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы (КӨСҰ) 2014 жылы 69,6 жастан экономика мен әлеуметтік саланың ырғақты дамуы нәтижесінде 2050 жылға қарай 80 жасқа дейін өседі;

• репродуктивті жас тобына өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында туған аз санды ұрпақтың енуіне орай 2016 жылдан 2026 жылға дейін халық санының жылсайынғы өсімі біртіндеп төмендейді. 2026 жылдан бастап репродуктивті жасқа 2005-2010 жылдары туылған көп санды ұрпақтың енуіне байланысты бұл көрсеткіш көтерілетін болады;

• болжамдық кезеңде (2015-2050 ж.ж.) 2020 жылдан бастап әлемдік үрдіске сәйкес туылудың жалпы коэффициенті төмендейді, бірақ 2000 жылдан бастап бұл көрсеткіш оң динамикаға ие. Қазіргі уақытта әлемнің барлық дерлік елдерінде жоғары білім деңгейіне байланысты туу көрсеткішінің төмендігі байқалады. Демографиялық өзгеру процесі Ресей, Қытай және барлық дамыған елдерде аяқталған болып табылады. Қазақстан 2050 жылға қарай әйелдер санының репродукциялық мінез-құлқының өзгеруіне байланысты демографиялық ауысудың аяқталуына біртіндеп жақындасады. Туудың жалпы коэффициенті 2014 жылы 2,74-тен бірте-бірте төмендейді, бірақ ол 2050 жылға қарай әлемдік деңгейден жоғары болады және 2.1-ге жетеді;

• Сыртқы көші-қон ағымы негізінен өткен 15 жылда болған тенденцияларды сақтап қалады. Жоғарыда айтылғандай, 2000-шы жылдары елдегі жалпы экономикалық жағдайдың жақсаруы нәтижесінде сыртқы көші-қон сальдосы оң әсерін тигізді. Алайда, соңғы жылдары (2012-2014 жж.) иммиграциядан эммиграция ағынының қарқынды өсу белгілері байқалды. Бұл бағытта Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (ЕурАзЭҚ) және ЕурАзЭҚ шеңберінде жалпы еңбек нарығының қалыптасуы белгілі рөл атқарды, осыған сәйкес Қоғамдастық елдері азаматтары ЕурАзЭҚ мемлекеттері аумағына визаларды алдын-ала тіркеуден өтпей, кіруге, кетуге, транзитпен өтуге құқылы болды. Осыған байланысты, сондай-ақ, біздің елдеріміздің азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз етудегі қазіргі елеулі айырмашылықтар салдарынан Қазақстаннан, оның ішінде еңбекке жарамды адамдардың артықшылығы орын алған Қазақстанның оңтүстігінінен Ресейге еңбек мигранттары санының артуы жеделдетілді. Ресей Федерациясының Федералдық көші-қон қызметі мәліметінше, 2013 жылдың тамыз айының соңында Ресей аумағында 600 мыңнан астам қазақстандық азаматтар болған. Осы және басқа да Қазақстан халқының көші-қон мінез-құлық фактілері болжамды болашақта сыртқы көші-қон ағындарының бағалануына негіз болды.

Ал болжамның жоғарыдағы нұсқасына сәйкес, 2035 жылға қарай Қазақстан халқы 20 млн. адамнан асады, ал болжам кезеңінің соңына қарай 22,5 млн. адам болатындығы күтіледі [1].

Келесі кестеде автор негізгі 10 өнімді ұлттық стандартқа сай тұтынуда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы қажетті төменгі шекті деңгейдің 2015-2035 жылдарға арналған жобасын ұсынады.

Кесте 2 – Тамақ өнімдерін ұлттық стандартқа сай тұтынудағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті төменгі шекті деңгейі

Өнім түрлері	**Тамақ өнімде-рін**	**Маңғыстау облысы бойынша тамақ өнімдерін тұтынудың төменгі шекті деңгейі**

	тұтыну стан-дарты жылға\кг	(Халық саны х 2-ші графа), тонна				
		2015 ж. Халық саны 625,0 мың адам	2020 ж. Халық саны 692,0 мың адам	2025 ж. Халық саны 755,0 мың адам	2030 ж. Халық саны 812,0 мың адам	2035 ж. Халық саны 875 ,0 мың адам
Нан өнімдері	116,7	72937,5	80756,4	88108,5	94760,4	102112,5
Ет және ет өнімдері	41,6	26000,0	28787,2	31408,0	33779,2	36400,0
Сүт және сүт өнімдері	179,53	112206,25	121307,6	1135545,15	145778,4	157088,8
Жұмырт-қа (дана)	103,4	64625,0	71552,8	77765,0	83960,8	90475,0
Өсімдік майы	8,47	5293,8	5861,2	6394,8	6877,6	7411,3
Қант	15,26	9537,5	10559,9	11521,3	12391,1	13352,5
Көкөніс және бақша	55,14	34462,5	38156,9	41630,7	44773,7	47144,7
Жеміс-жидек	29,19	18243,7	20199,5	22038,4	23702,3	25541,3
Күріш	8,07	5043,7	5584,4	6092,8	6552,8	7061,3
Балық	4,38	2737,5	3031,0	3307,0	3556,6	3832,5

Қазақ Тамақтану академиясының басшысы, Төрегелді Шарманов «Время» газетінің оқырмандар сұрақтарына жауап бере отырып дұрыс тамақтану бағытында құнды ұсыныстарды атап көрсетті.

Оның айтуынша, бұрын қазақтар көшпелі халық болған кезде, олардың майлы ет тұтынуы объективті қажеттілік болатын: ыстық және қатты суық кездері энергеия сақтап қалу тек жоғары калориялы ет өнімдері есебінен мүмкін еді.

Қазір қазақстандықтардың басым көпшілігі толық дегендей отырықшы тұрмыс жағдайына көшті.

Тиісінше, атеросклерозды, гипертонияны және артық салмақ жинаудың алдын алу үшін тамақтану рационы оңай сіңірілетін көкөністерге қарай өзгеруі керек.

Ет өнімдерін тұтынуды азайту және толық вегетариандық өмір салты (дене белсенділігіне байланысты) 25 жастан кейін пайдалы болуы мүмкін, өйткені жануар текті ақуыздар өсіп келе жатқан организмнің дамуы үшін маңызды болып табылады.

Тонус пен денсаулықты сақтау үшін адамға 40-тан аса қоректік заттар керек. Олар табиғи өнімдерде ғана кешенді кездеседі. Егер көкөністерде, жемістерде және жидектерде С витамині көп болса, нан өнімдерінде ол болмайды. Тазартылған қантта тек сахароза бар. Ал, аздап еритін болса да ағзаға қажетті темір бидайда көп, бірақ ол ұнда өте аз, өйткені астықты ұнтақтау кезінде темірдің үлкен үлесі кебекпен жойылып кетеді.

Шармановтың айтуынша, тағаммен тұтынылатын калорияның басым бөлігі энергия беретін өнімдердің бес түрімен келеді: нан өнімдері (ұн, нан, жарма, макарон өнімдері және бұршақ) - 32 пайыз, ет және ет өнімдері - 20 пайыз, картоп - 20 пайыз, қант және кондитерлік өнімдер - 13 пайыз, сүт өнімдері - 10 пайыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаксыбек Кулекеев, научный руководитель Центра исследований прикладной экономики. Сколько нас будет к 2050 году? 14.10.2016

2. Маңғыстау облысының Ауыл шаруашылығы басқармасының 2016 жылы атқарылған жұмыстарының есебі. 06.02.2017

3. Демеев А.Д. Жаһандану жағдайындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары мен дамыту бағыттары (Маңғыстау облысы мысалында) - Алматы, 2007. - 292 бет

ӘОЖ 330:504.4 (045)

АРАЛ ТЕҢІЗІ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ СУ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Демеев А.Д., Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Актау қаласы
Зейнетов С., Бейнеу кешкі мектебі., Бейнеу ауданы

Аңдатпа: Мақалада Арал теңізі және орталық азия республикаларындағы су пайдалану мәселелері көрсетілген.

Түйінді сөздер: теңіз, су

Арал теңізі Үстірт құрғақ платосында, Орталық Азияның ірі шөлдері Қарақұм мен Қызылқұм аралығында орналасқан ірі көл болып, ежелгі Сармат теңізінің бір бөлігі болып табылады.

Өткен ғасырдың орта тұсында оның ұзындығы 426, ені 284 шақырымды құрап, тереңдігі 68 метр болатын.

Арал теңізінде алғашқы кеме қатынасы 1853 жылы жолға қойылған. 1866 жылда Аралдың оңтүстігінде А. Никольскийдің, солтүстігінде академик Бергтің басшылығында теңіздің балық шаруашылығын үйрену бағытында экспедиция ұйымдастырылды. Патшалық Ресей осы мол байлықты иелену мақсатында 1905 жылы темір жол құрылысына бастады. Кейін Аралға Астраханнан, Доннан, Қара теңіз маңынан, Орталық Ресейден балықшылар келе бастады. Лапшин, Ритман, Красильников, Макеев сияқты саудагерлер ірі балық промыселдерін ашып, «Хиуа» атты акционер қоғамын құрған.

Аралда 1820 жылдан сульфат өндіріле бастады және 1946 жылдың өзінде КСРО-ға 124 мың тонна шамасында бірінші сұрыпты сульфат тапсырылды.

Кезінде Орталықтан Түрікменстанға бағытталған жүктің 25 пайызы Арал арқылы тасымалданғаны белгілі. 1960 жылға дейін Арал қаласынан Түрікменстанның Чарджоу қаласына дейін жолаушы тасымалдайтын кемелер қатынап тұрған. Ал 1970 жылға дейін Арал теңізі жағалаулары тамаша жағажайлар саналған.

Осылардың барлығы, бүгінгі күні суы тартылып тұзды шөлге айналған Аралдың өткен шағынан кейбір эпизодтар болып табылады.

Арал теңізінің қазіргі жағдайымен байланысты проблемалар, жалпы айтқанда, 20 ғасырдың бастарында басталған. Белгілі географтар А.И Воейков, Ф.П. Моргуненко және басқа бірнеше ғалымдар Арал өңірінде суармалы егін шаруашылығының үзіліссіз өсуі нәтижесінде теңізге өзендерден келетін су көлемінің азайып бара жатқандығын, сондықтан оның деңгейінің біртіндеп төмендеуі мүмкін деген пікірлер айтқан.

Өткен бірнеше жылдар ішінде, атап айтқанда өткен ғасырдың 60-шы жылдары басында кейбір Орталық Азия елдері ғалымдары Амудария мен Сырдарияның суын Аралға жұмсағаннан, алқаптарды суаруда пайдалану, егін шаруашылығы аймақтарын кеңейту экономикалық тиімді болтындығы туралы ойларды алға тартты. Олар негізгі проблемалар ретінде тың жерлерді игеруді, ирригациялық құрылымдарды құруды, ірі су қоймаларын салуды және с.с. ұсынды.

Осындай ой-пікірлер өңірде суару жүйесінің күрт дамуына түрткі болды және Аралдың қазіргі тағдырының басын бастады. Олар теңіздің өндірістік және көліктік маңызынан басқа халықтың тұрмыс мәселелерінің теңізбен берік байланыстылығына, оның ақырғы нәтижелеринің қалай болатындығына мән бермеді.

Есесіне мыңдаған гектар алқаптарда вегетация кезеңінде Амудария мен Сырдарияның суын өте көп талап ететін мақта, күріш және т.б. шаруашылықтарының ұйымдастырылуы артты, оларды сумен қамтамасыз ететін бірнеше ірі каналдар қазылды, нәтижесінде теңіз деңгейі тағы да төмендей бастады.

Егерде, 1960 жылға дейін аралға Амудария мен Сырдария арқылы жыл сайын орташа 52-55 текше км су құйылған болса, 1980 жылы бұл көрсеткіш 10 текше км дейін төмендеді, ал аз сулы жылдары Аралға бір тамшы су да бармады. Мамандардың есептеуі бойынша, 1986 жылы 1962 жылмен салыстырғанда, теңізде 40 пайыз су қалғандығы анықталды. Теңіз көлемі 61 пайызға дейін азайып, акваториясының үштен бір бөлігі құрғап қалған. Сол жылдары су деңгейі 14 метрге дейін немесе жыл сайын 0,5 метр интенсивтікпен төмендеген.

1981 жылдан бастап теңіз порттарының құрғап қалған жерлерде қалуына байланыста кеме қатыну жұмысы тоқтатылды. Судағы тұз мөлшері 25 процентке дейін жетті. Су тартылған жерлерде аса үлкен тұз алаңдары пайда болып, жыл сайын атмосфераға 75 млн тонна тұз көтеріліп, шамамен 1000 шақырымға дейін тарады.

Аралдың оңтүстігінде (Өзбекстан, Түрікменстан) күздің ертерек, көктемнің жәй келуі байқалатын болды. Жылылықты сүйетін және өңір мамандануында басты рөл атқаратын, өте құнды мақта шаруашылығының солтүстік зоналарында оның жетіспейтіндігі орын алды. Қыс мезгілі ұзағырақ болып, жаздың аптапты күндерінің саны артты.

Орталық Азия елдерінде ауыл шаруашылығын интенсивті дамыту ұмытылып, оның экстенсив дамуы күшейе түсті. Бір гектар жерден алынатын өнімнің шығымдылығы мен бір бас малдан алынатын өнім жылдан жылға төмендеп, аймақ мемлекттерінің экономикалық жағдайы нашарлай бастады. Соншалықты құнарсыз алқаптардан мол өнім алу үшін минералды тыңайтқыштар мен улы химикаттарды пайдалану көлемі артып, өңір экологиясын әлсіретті.

Аралдың тартылуы адамдардың, атап айтқанда жастардың ата мекендерін тастап кетуін және жұмыссыздық көрсеткішінің көтерілуіне алып келді. Бұл жағдай әлеуметтік-экономикалық жағдайды күрделендіре түсті.

Бүгінде осы байлықтың өте азы қалды. Теңіздегі су деңгейі 20 метрден астамға төмендеп кеткен, жағалау сызығы 100 км қашықтыққа тартылған. Еуропа елдері Голландия мен Бельгияның аумағына тең келетін бұрынғы су ауданы (65000 шаршы километр) қазір 70%-ға азайды және бұл үрдіс жалғасуда.

Қазір Амудария мен Сырдария суын мекендейтін құнды балықтардың барлығы дегендей (олар 40 түрден көбірек) және су жетіспеушілігі салдарынан аталған екі өзен жағасындағы, тіпті Памир тауларындағы тоғайлар да (ормандар) жойылып кету алдында тұр.

Арал жер шарында, антропогендік әсерлер тарапынан құрғап бара жатқан бірден-бір теңіз.

Енді Арал теңізін ең болмаса қазіргі жағдайында сақтап қалу мүмкін бе? - деген сұраққа жауап іздеу. Осы бағытта ғалымдар мен мамандардың пікірлерін пайдалана отырып кейбір ұсыныстарды айту мүмкін.

Олардың кейбірі жер асты геологиялық процестерімен байланысты Каспий теңізі деңгейінің, атап айтқанда оның оңтүстігінен бастап жоғары көтерілетіндігін, нәтижесінде теңізде «артық» судың пайда болатындығын айтады. Осыған орай, қажет суды Каспий мен Арал арлығына канал құрып әкелуді ұсынады. Біздің ойымызша,

келесі сепептерге байланысты оны іске асыру мүмкін болмайды. Біріншіден, Каспидің өз індегі су әлі толық жеткілікті емес, екіншіден, Арал деңгейі Каспиден 89 метр шамасы биіктк орналасқан, үшіншіден, жер асты геологиялық процестерінің қанша уақыт жалғасатындығы белгісіз, төртіншіден, канал қазу үшін қажет еңбек ресурстарын, техниканы мен қаржы табу және құру мәселелерінің қиындығы және т.б.

Арал деңгейін Сібір өзендерінің суымен сақтап қалу мәселелерін алға тартатындар да бар. Бұл да ғылыми тұрғыдан толық негізделмеген. Мемлекттер арасында да толық келісім жоқ.

Үшінші біреулері, Аралға құятын өзендердің жоғары ағысындағы мұздықтар мен қарды еріту бағытындағы пікірді алға тартады. Бұл ұсыныстар белгілі бір уақыт үшін пайдалы болар. Өйткені, Тянь Шань және Памир тауларында барлығы 1750 текше километр көлемінде мұздықтар болып, олар ерітілсе, сол ұлылықтағы суды топтауға да болады. Бұл су Аралдың алпысыншы жылдардағы деңгейінен де көп. Бірақ ол болашақ үшін қауіпті болуы мүмкін. Өйткені, мұздықтар мен қарлар еріп кетсе өзендердің бірнеше жылдардан кейін сусыз қалуы ықтимал.

Төртінші топтағы ғалымдар мен мамандар Арал теңізі астында 1-1,5 мың метр тереңдікте орналасқан мол су қорларын жоғары көтеріп теңізге құйдыруды ұсынады.

Бұл пікірлер де жетклікті негіздеген деп айтуға келмейді. Себебі, жер асты сулары жылы және тұзды болуы мүмкін.

Оларды жоғары көтеріп, теңізге құйдыру нәтижесінде сол төңіректегі климаттың біраз өзгеруі мүмкін.

Сонда Арал теңізінің деігейін сақтап қалу үшін қандай шаралар іске асырылу қажет? Ең негізгі және қажет шара Аралға құятын өзендер суын экономиканың түрлі салаларында, атап айтқанда егін шаруашылығында барынша үнемді және талапқа сай пайдалану болып табылады.

Мамандар мен ғалымдардың мәліметтері бойынша жалпы орталық Азияның ауыл шаруашылығында пайдаланатын судан жыл сайын 25-30 текше километр суды, өнкеркәсіпте және коммунал шаруашылықтарда пайдаланатын судан 5-10 текше километр суды үнемдеу мүмкін екен. Осы сулардың жалпы көлемі 30-35 текше километр болып, оны Аралға құйдыру мүмкін болған жағдайда теңіз деңгейін біршама сақтап қалу мүмкін болар еді.

Бұл мәселе Арал бассейіндегі елдер Үкіметінің өзара келісімі нәтижесінде шешілуі мүмкін [1].

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап Орталық Азиядағы 60 миллионнан астам адам Арал теңізі проблемасына тап болды, бұл проблема аса үлкен экологиялық және әлеуметтік-экономикалық зардаптары жеткілікті ең үлкен апат деп танылды. Бір ұрпақтың көз алдында алып су айдынының жоғалуы қарқынды басталды. Бүгінде Арал теңіз ретінде жоқ, ол өзінің экономикалық, экологиялық және табиғи мәнін толық дегендей жоғалтты.

XX ғасыр - өңірде ауыл шаруашылығының әмбебап дамуының етек алуымен, сәйкесінше су айдындарының, су қоймаларының үлкен каскадының құрылысымен басталды, жаңа аумақтардың ауқымды массивтерін кеңейту әлемдік озық тәжірибелерден бағыт алмай, ғылыми негізсіз іске асырылды, бұл сайып келгенде табиғи кешендердің табиғи режимінде түбегейлі теріс өзгерістерге әкелді.

Әрине, суару үшін суды пайдалану аймақта азық-түлік қауіпсіздігін және халықтың экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуге кепілдік береді, ал екінші жағынан - тікелей проблемаларды шешуге негізсіз пайдалану табиғатқа жағымсыз залал келтіретіні белгілі.

Өңірде Амудария мен Сырдария өзендері суларын болжаусыз ірі суармалы егіншілік аймақ пен суды аса көп талап қылатын мақта базасын құру, Арал теңізін сусыз қалдырып, оның құрғап кетуіне алып келді.

Біз Арал теңізінің құрғап кетуіне байланысты экологиялық дағдарыс аймағында, тікелей Амудария өзенінің төменгі жағында тұрып жатырыз, еңбек етеміз. Сондықтан, кейбір сезімтал оқырмандар мақаланы аталған өзендердің төменгі ағысындағы халықтың пайдасына баса назар аудара отырып жазылған деп ойлауы мүмкін.

Әрине, екі өзеннің жоғарғы жағында да (Тәжікстан мен Қырғызстанның аумағы) энергетикалық ресурстардың жетіспеушілігімен, суармалы жерлердің шектеулі болуымен және мұздықтардың еруімен байланысты алаңдаушылық тудыратын проблемалар бар.

Осы елдердің сарапшылары үнемі өз баяндамаларында суару режимінде үлкен су қоймаларын пайдаланудан туындаған қиындықтарға және проблемаларға тоқталады. Мұны ескере отырып, Тәжікстан мен Қырғызстан үкіметтері энергетикалық мақсаттар үшін осы ірі сиымдылықтарды пайдаланудың ұзақ мерзімді перспективаларына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейді.

Екінші жағынан, Амудария мен Сырдария өзендері бассейндерінде тұратын барлық халықтар жақсы тату көршілік қарым-қатынаста болғанын және осы екі өзендер суын бірігіп пайдаланғанын атап өткен жөн. Мұнда басқа су көздері жоқ. Бұдан мынадай табиғи мәселе туындайды: егер өзендердің жоғары ағысындағы елдер су тасқыны каскадтарын көптеп құру арқылы қол жетімді су ресурстарын жинақтауды одан әрі арттыруды жалғастыра берсе, электр энергиясын өндіруге арналған резервуарлар, осы өзендердің төменгі ағысында орналасқан мемлекеттерде тұратын халықтардың жағдайы қандай болмақ?

Орталық Азиядағы қазіргі су шаруашылығы жағдайын ескеретін болсақ, өзендер суының төменгі ағысына жетуі қауіпті болатынын байқаймыз. Тек қана Қарақалпақстан Республикасының аумағында су тапшылығы салдарынан суармалы аймақ екі есеге азаятынын көреміз.

Сарапшылардың пікірінше, Қарақалпақстан Республикасының аумағында жыл сайынғы зиян 150 миллион АҚШ долларына жетіп отыр, ал Амудария өзенінің төменгі жағында (Қарақалпақстан Республикасы, Хорезм облысы және Түрікменстанның Дашогуз уалаяты) ол - 210 миллион АҚШ долларын құрайды.

Тоқтағұл су қоймасының режимін энергетикалық режимге ауыстыру салдарынан Сырдария өзенінің төменгі бөлігіне (Өзбекстан және Қазақстан) елеулі зиян келтірілді.

Қазіргі уақытта Нүрек пен Тоқтоғұл су қоймаларының энергетикалық режимге көшуіне байланысты, төменгі ағыс мемлекеттері үлкен залалға ұшырады, ал Рогун мен Қамбарата секілді ірі су қоймаларын және бақа шағын су қоймаларын пайдалануға бергеннен кейін бес-он жылда не болатынын елестету қиын.

Бір нәрсе айқын, қазіргі жағдайды одан әрі ушықтыру Орталық Азия елдерінің арасындағы шиеленіске негізі бола алады.

Өңірдегі қазіргі су тапшылығы суарылатын аумақтарды негізсіз кеңейту нәтижесінде болашақта экологиялық проблемалардың одан әрі артуына әкелуі мүмкін.

Болашақта не күтілуде?

Егер су ресурстарын пайдалану саясаты ұлттық мүдделерді сақтау сценарийі бойынша дамса, онда болашақта, бірінші кезекте, ол табиғатқа елеулі зиян тигізуі мүмкін, яғни, Арал теңізі бассейнінің қоршаған ортасы, атап айтқанда, Амудария мен Сырдарияның төменгі ағысы азып-тозады.

Егер бүгінгі күні мемлекетаралық деңгейде оны сақтау туралы Келісім болмаса, Арал теңізі толығымен кеуіп кетеді (Үлкен Теңіздің батыс бөлігіндегі шағын ауданнан басқа).

Бұл осы екі өзеннің ортаңғы және төменгі ағысында суармалы жерлердің (әсіресе құрғақ жылдары) айтарлықтай қысқаруына әкеледі.

Өз кезегінде суармалы жерлердің азаюы, аса үлкен экологиялық және әлеуметтік зардаптарға әкелуі мүмкін. Суарылатын аумақтардың қысқаруына байланысты (егер бұл орын алса), ірі суару массивтерінің бүлінуі, сондай-ақ ирригациялық және мелиорациялау жүйесінің істен шығуы күтіледі.

Мұндай жағдайда Орталық Азия елдеріндегі су қауіпсіздігі мен орнықты дамудың кепілдігін қамтамасыз ету тек гидроэнергетика және ирригация саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен кооперация негізінде ғана мүмкін болады.

Бұл үшін Арал теңізі бассейнінде тұратын барлық тұрғындарға судың тарихи иелігіндегі үлесті еркін жеткізуді қамтамасыз ету және оған кепілдік беру қажет. Табиғи тепе-теңдікті кез-келген мәжбүр шаралармен бұзуға немесе шектеуге болмайды. Осы негізгі ұстанымды жүзеге асыру, ең алдымен, тараптардың өзара сыйластық пен өзара түсіністігін, сайып келгенде, осы өңірдегі халықтар арасындағы бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етеді.

Біз Орталық Азия мемлекеттерінің мүдделерін қанағаттандыратын бірлескен келісімдер мен уағдаластықтарға қол жеткізу жолдарын іздестіруіміз керек. Соңғы уақытқа дейін осындай келісімдердің қағидаттары, шарттары мен механизмдері толық әзірленген жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Демеев А.Д. Судьба арала. Газета Путь Ленина. № 45. 6 марта 1990 г.
2. Бортник В.Н., Кукса В.И., Цыцарин А.Г. Современное состояние и возможное будущее Аральского моря // Изв. АН СССР. Сер. геогр. 1991.С. 62-68.

УДК 336.58

МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИНВЕСТИЦИОННОГО ПРОЕКТА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Ф.К.Досмамбетова, КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация. В данной статье, рассмотрены задачи выполнения инвестиционного проекта, виды анализа этих проектов, оценка экономической эффективности инвестиционного портфеля, критерии инвестиционной привлекательности проектов, принципы оценки их эффективности, расчет срока окупаемости с учетом коэффициента дисконтирования и методика определения сравнительной эффективности капитальных вложений.

Ключевые слова: инвестиционный проект денежный поток, оценка эффективности инвестиций, срок окупаемости, коэффициент дисконтирования, рентабельность инвестиций, критерии отбора, ценность денег, сравнительная эффективность, приведенные затраты, чистый доход, норма отдачи.

Инвестиционным проектом называется план или программа мероприятий, связанные с осуществлением капитальных вложений, их последующим возмещением и получением прибыли.

Задача разработки инвестиционного проекта – это подготовка информации, необходимой для обоснованного принятия решения относительно осуществления инвестиций.

Если все составляющие инвестиционного проекта будут выражены в денежной оценке, то получится ряд значений денежных потоков, описывающих процесс осуществления инвестиционного проекта. В укрупненной структуре денежный поток инвестиционного проекта состоит из следующих основных элементов: инвестиционные затраты, выручка от реализации продукции, производственные затраты, налоги.

На начальной стадии осуществления проекта (инвестиционный период) денежные потоки, как правило, оказываются отрицательными. Это отражает отток ресурсов, происходящий в связи с созданием условий для последующей деятельности (например, приобретением внеоборотных активов и формированием чистого оборотного капитала).

После завершения инвестиционного и начала операционного периода, связанного с началом эксплуатации внеоборотных активов, величина денежного потока, как правило, становится положительной.

Дополнительная выручка от реализации продукции, равно как и дополнительные производственные затраты, возникшие в ходе осуществления проекта, могут быть как положительными, так и отрицательными величинами. В первом случае это может быть связано, например, с закрытием убыточного производства, когда спад выручки перекрывается экономией затрат. Во втором случае моделируется снижение затрат в результате их экономии в ходе, например, модернизации оборудования.

Инвестиционные проекты подвергаются качественному и количественному анализу. Технически задача инвестиционного анализа заключается в определении того, какова будет сумма денежных потоков нарастающим итогом на конец установленного горизонта исследования. В частности, принципиально важно, будет ли она положительна.

Для каждого раздела инвестиционный проект проходит через определенные виды анализа, которые представлены на рисунке 1.

Рисунок 1. Виды анализа инвестиционного проекта

Оценка экономической эффективности инвестиционного портфеля является одним из наиболее ответственных этапов прединвестиционных исследований. Она включает расчет и оценку прямых и косвенных показателей.

В частности, для реальных инвестиций проводится детальный анализ и интегральная оценка всей технико-экономической и финансовой информации.

Под экономической оценкой инвестиционных проектов понимается определение целесообразности разработки и их осуществления в жизни.

Таблица 1. Основные критерии инвестиционной привлекательности проектов

Критерии	Содержание
Критерий- 1	Прогрессивность проекта
Критерий-2	Конкурентоспособность на внутреннем и на внешнем рынках
Критерий-3	Емкость рынка сбыта продукции
Критерий-4	Надежность обеспечения сырьевыми ресурсами и другими факторами производства
Критерий-5	Продолжительность инвестиционного цикла
Критерий-6	Экономические и финансовые показатели объекта

Для достижения более высокой эффективности вложений руководство фирмы обязано учитывать базовые принципы инвестирования, которые были представлены в таблице 1. При выборе направлений инвестиций, целесообразно использовать принцип мультипликатора. Он основывается на взаимосвязи отраслей. Например, на рынке ожидается рост спроса на продукцию машиностроения, следовательно, через некоторое время можно ожидать рост спроса на сталь, пластмассу и т. д. Поэтому следует осуществлять периодическую переоценку эффективности намечаемых капитальных вложений.

В мировой практике наибольшее распространение получили следующие принципы оценки эффективности инвестиций:

1) Принцип предельной эффективности инвестирования. Прибыль, приходящуюся на единицу вкладываемых средств, которую следует максимизировать.

2) Уменьшение или минимизация риска инвестирования. Многие считают, что уверенность достижения успеха не должна быть меньше 80%.

3) Принцип учета времени окупаемости затрат. Окупаемость инвестиции - это срок возврата вложенных средств. Срок окупаемости вложенных средств зависит от срока строительства и от инвестиционной политики государства. Инвестиционная политика - это совокупность народнохозяйственных подходов и решений, характеризующих основные направления использования капитальных вложений в сферы и отрасли экономики.

Срок окупаемости - это период необходимых для возмещения исходных капиталовложений за счет прибыли от осуществления инвестиционного проекта:

$$To = K : П$$

где, To- срок окупаемости, K- капиталовложения, П — ежегодная прибыль от вложения средств.

Пример. Допустим, имеется проект, освоение которого потребует инвестиций в размере 120 млн. тенге. После завершения работ и начала продажи продукции ожидается ежегодный доход от реализации проекта в сумме 35 млн. тенге. Через какой срок окупятся вложения?

Срок окупаемости = (первоначальные инвестиции : ежегодный доход) = 120 млн : 35 млн =3,4 года

В рыночной экономике инвестирования всегда связаны с риском. Ожидаемый доход не всегда известен. Успех вложения капитала во многом зависит от правильного выбора отрасли инвестирования.

Средства, вложенные в разные периоды времени, приносят разный доход.

Ценность денег сегодня не равнозначна ценности денег, вложенных завтра. Ценность денег, в зависимости от периода их вложения, учитывается как коэффициент дисконтирования. Этим коэффициентом (Кд) называют дееспособность сегодняшней денежной единицы в ее будущей стоимости и рассчитывают по формуле:

$$Кд = 1:(I + K)\,n$$

где: Кд -темп изменения ценности денег (обычно применяется как отношение среднего процента по обновленным кредитам К), n- номер года с начала инвестирования, к - процент ставки банковского кредита, принимаем 10% ставку (к=10%).

Произведем расчет срока окупаемости с учетом коэффициента дисконтирования.

Таблица 2. Расчет срока окупаемости проекта

Годы	Сумма ожидаемых поступлений от реализации проекта	Коэффициент дисконтирования	доход в тенге (гр. 1 х гр 2)
1	25	0.9091	22.728
2	35	0.8264	23.924
3	48	0.758	36.063
4	54	0.6830	36.920
Всего	162	—	124.615

За первые три года сумма поступлений от реализации проекта составляет (25+35+48=108). Отсюда следует, что в течение четвертого года для полной окупаемости остается покрыть еще 12 млн. тенге (12-108).

Поделим 12 млн. тенге на сумму поступления в 4-м году (54 млн. тенге) 12:54=0.22. Итак, общий срок окупаемости будет 3.22 года.

Проведенные расчеты доказывают то, что при равномерном ежегодном поступлении дохода по 35 млн. тенге, срок окупаемости составляет 3.4 года. Однако в реальной жизни величина денежных доходов сильно различается по годам - обычно вначале она меньше, а потом возрастает. В данном случае они по годам составляли 25; 35; 48; 54 млн. тенге.

Срок окупаемости с учетом неравномерности поступления дважды составил 3.22 года. Результаты расчетов коэффициентов дисконтирования сведены в таблицу 2.

Коэффициент дисконтирования для 3-го года составит: $Кд = (1:(1+01{,}1)2) = 0{,}7513$

Величина полученного коэффициента свидетельствует, что при ставке банка за кредиты в размере 10% годовых и при условии неизменности ставки по годам, сегодняшняя стоимость денежной единицы составит через три года лишь три четверти, иными словами, чтобы через три года получить 751.3 тыс. тенге при указанных выше условиях сегодня требуется вложить 1 млн. тенге.

При выборе проекта инвестиций и при формировании портфеля важно, чтобы он выявлялся в краткосрочную и долгосрочную стратегию фирмы. Очень часто предприятие, определив рентабельные проекты, которые вкладываются в его стратегию, сталкиваются с тем, что у него не хватает для реализации проектов финансовых средств. В этом случае производятся расчеты рентабельности инвестиций из внутренних и внешних источников.

Второй способ: расчеты срока окупаемости в течении трех лет. За три года дисконтированный доход, то есть поступления, выраженные в тенге одинаковой ценности, составит (22. 728+28.9244-36-063) =87.715. Для покрытия всей суммы инвестиции (120) не хватит еще 32.285. (120 - 87.715); или остальная часть (32.285: 3б.9)=0.88 года. (Непокрытый остаток делен на дисконтированный доход четвертого года). Общий срок окупаемости составляет 3.88 года.

Основной критерий отбора - это современная стоимость (цена) получаемых результатов. Если результатом считать доход, то он должен быть больше расходов. Насколько больше - решает предприниматель.

В процессе экономической оценки принимаются во внимание финансовые, технические, социальные и экологические факторы.

Осуществляется обоснование критерии отбора проекта. Выбирается вариант, приносящий минимальную выгоду. Если проект принесет выгоды, которые нельзя измерить деньгами, то должны быть четко определены задачи проекта.

Под технико-экономическим обоснованием проекта (ТЭО) понимается система расчетов, подтверждающая целесообразность его реализации. Цикл реализации проекта разбивается на следующие этапы: предварительная оценка и отбор проектов; разработка детального ТЭО; государственная экспертиза; принятие решения о финансировании; реализация проекта и контроль.

Методика определения сравнительной эффективности капитальных вложений основана на сравнении приведенных затрат по вариантам. Согласно этой методике экономически целесообразным вариантом считается тот, который обеспечивает минимум приведенных затрат, т.е.

$$Зi = Ci + En\,Ki + -> min$$

где Ci- себестоимость продукции по вариантам;
Ki- капитальные вложения по вариантам.

При этом годовой экономический эффект от реализации лучшего варианта определяется по формуле:

$$Э = (З1 - З = (C1 + EnK1) - (C + EnK2)$$

где $З1, З2$- приведенные затраты по вариантам;
$C1$,$C2$- себестоимость продукции по вариантам;
$K1, K2$- капитальные вложения по вариантам.

Сравнительный коэффициент эффективности капитальных вложений определяется по формулам:

$$Eср = (C1 - C2) : (K1 - K2);$$

$$Tor = (K2 - K1) : (C1 - C2)$$

Если $Eср > En$, то из этого следует, что капитальные вложения в экономическом плане обоснованы.

Недостатком данной методики является то, что критерием для определения лучшего варианта являются приведенные затраты, а не прибыль, которая в наибольшей степени отвечает требованиям рыночной экономики. Кроме того, данная методика не может быть использована при обосновании капитальных вложений, направляемых на улучшение качества продукции, так как улучшение качества продукции на предприятии, как правило, ведет к увеличению издержек производства продукции.

Основные методические подходы к определению эффективности инвестиций достаточно подробно описаны в экономической литературе западных стран. Известны два метода решения данной проблемы, хотя они имеют и много общего.

Первый метод связан со сравнением величины инвестиций с величиной получаемого дохода от их использования путем сопоставления цены спроса с ценой предложения. Предприниматель заинтересован во вложении инвестиций, т.е. в приобретении капитального товара, только в том случае, если ожидаемый доход от его использования за определенный период составит не менее величины вложения инвестиций. Но как сравнить эти величины?

Предприниматель за товар сразу платит определенную сумму, а доход будет получать частями в течение ряда лет. Следует определить, сколько стоит тот доход, который предприниматель может получить в будущем, в момент вложения инвестиций. В мировой практике подобные расчеты называют дисконтированными, а полученную в результате этих расчетов величину называют дисконтированной или текущей стоимостью.

Дисконтированная стоимость(PV) любого дохода (П) через определенный период (Т) при процентной ставке (г) будет тем ниже, чем больше срок, через который вкладчик намерен получить искомую сумму П, и чем выше процентная ставка r. Выгодность вложения инвестиций, определяется путем сопоставления цены спроса с ценой предложения. Цена спроса (ДР) на товар — это самая высокая цена, которую мог бы заплатить предприниматель. Она равна дисконтированной стоимости ожидаемого чистого дохода от вложения инвестиций: $\text{ДР} = PV$ ожидаемого чистого дохода.

Предприниматель не будет вкладывать инвестиции больше этой суммы (цены спроса), ибо в противном случае ему выгоднее вложить деньги в банк под проценты.

Цена предложения товара (СР) определяется как сумма издержек производства этого товара и затрат на его реализацию. Как правило, это цена, указанная в прейскуранте, или продажная цена.

Если все это перевести на более понятные нам термины, то это означает:

если $\text{Д} > \text{К}$ - выгодно вкладывать инвестиции;

если $\text{Д} < \text{К}$ - невыгодно;

если $\text{Д} = \text{К}$ - достигаются равновыгодные условия,

где Д - доход (прибыль), который может быть получен за счет реализации какого-то проекта. Он определяется на основе дисконтирования;

К - капитальные вложения, необходимые для реализации проекта.

В нашем случае Д является ценой спроса, К - ценой предложения.

Второй метод определения экономической целесообразности вложения инвестиций связан со сравнением нормы отдачи от инвестиций с процентной ставкой или другими аналогичными критериями.

Норма отдачи инвестиций определяется по формуле

$$ROR = ((\text{Чистый доход} - \text{Цена предложения}) : \text{Цена предложения}) * 100\%$$

Если $ROR > r$, то фирме выгодно вкладывать инвестиции, если же $ROR <$ г- невыгодно. При $ROR = r$ достигаются равновыгодные условия.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кузнецов Б.Т. Инвестиционный анализ М. Юрайт. 2015г
2. Бллау С.Л. Инвестиционный анализ М.Изд «Дашков» 2014г
3. Скурдина Ю.Б. Инвестиционный анализ Томск ТГАСУ 2014г.
4. Колмыкова Т.С. Инвестиционный анализ М. ИНФРА.2007г

УДК 336.58

ПОНЯТИЕ ИНВЕСТИЦИЙ И ИХ КЛАССИФИКАЦИЯ ИНВЕСТИЦИОННАЯ СИТАЦИЯ В РК

Ералиева М.Б, студент КГУТИ им. Ш.Есенова, г.Актау
Научный руководитель: Досмамбетова Ф.К., КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация. В данной статье рассмотрена сущность и классификация инвестиций. Выявлена низкая инвестиционная тенденция в Казахстане. Составлены выводы по улучшению инвестиционной политики в РК для оптимизации существующего инвестиционного положения.

Ключевые слова: реинвестиции, брутто-инвестиции, реальные инвестиции, финансовые инвестиции, агрессивные инвестиции.

Инвестиция - это вложение капитала в какое-либо дело путем приобретения ценных бумаг или непосредственно предприятия (предприятий) в целях получения дополнительной прибыли или воздействия на дела предприятия, компании.

Инвестициями являются денежные средства, целевые банковские вклады, паи, акции и другие ценные бумаги, технологии, машины и оборудование, кредиты, любое иное имущество или имущественные права, интеллектуальные ценности, вкладываемые в объекты предпринимательской и других видов деятельности для получения прибыли (дохода) и достижения положительного социального эффекта.

Инвестиции играют существенную роль в функционировании и развитии экономики Казахстана:

1. На макро уровне – они являются основой для развития национальной экономики и повышения эффективности общественного производства за счет: обеспечения конкурентоспособности отечественной продукции; сбалансированное развитие всех отраслей народного хозяйства; создание необходимой сырьевой базы; повышение и улучшение структуры экспорта; решение социальных проблем.
2. На микро уровне – инвестиции необходимы для достижения следующих целей: повышения и расширения сферы деятельности; повышение технического уровня производства за счет внедрения новой техники и технологий; приобретение контрольного пакета акций

Все инвестиции классифицируются по следующим признакам:

1. По объектам вложения:

- реальные инвестиции, выступают как совокупность вложений в реальные экономические активы: материальные ресурсы (элементы физического капитала, прочие материальные активы) и нематериальные активы (научно-техническая, интеллектуальная продукция).
- финансовые инвестиции включают вложения средств в различные финансовые активы – ценные бумаги, паи, долевые участия, банковские депозиты и т.п.;

2. По целям вложения:

- прямые инвестиции выпускают как вложения с целью установления непосредственного контроля и управления объектом инвестирования;
- портфельные инвестиции – средства, вложенные в экономические активы с целью извлечения дохода (в форме прироста рыночной стоимости инвестиционных объектов, дивидендов, %-в, других денежных выплат) и диверсификации рисков;

3. По формам собственности на инвестиционные ресурсы:

- частные (негосударственные) инвестиции – вложения средств частных инвесторов: граждан и предприятий негосударственной формы собственности;

-государственные инвестиции – вложения, осуществляемые государственными органами власти и управления, а также предприятиями государственной формы собственности;

-совместные (смешанные) инвестиции – вложения, осуществляемые отечественными и зарубежными экономическими субъектами;

-иностранные инвестиции – вложения средств иностранных граждан, фирм, организаций, государств;

4.По региональному признаку:

-внутренние (национальные) инвестиции – вложения средств в объекты инвестирования внутри данной страны;

- инвестиции за рубежом (зарубежные инвестиции) – вложения средств в объекты инвестирования, размещенные вне территориальных пределов данной страны;

5.По срокам вложения:

- краткосрочные инвестиции – вложения на период до 1 года;

- среднесрочные инвестиции – вложения на срок от 1 года до 3 лет;

- долгосрочные инвестиции – на срок свыше 3 лет;

6.По направленности действий:

- начальные инвестиции (нетто-инвестиции) – инвестиции, осуществляемые при приобретении или основании предприятия;

- экстенсивные инвестиции – направлены на расширение производственного потенциала;

- реинвестиции – вложения высвободившихся инвестиционных средств в покупку или изготовление новых средств производства;

-брутто-инвестиции – включают нетто-инвестиции и реинвестиции;

7.По уровню риска (в зависимости от целей предприятия):

- агрессивные инвестиции – характеризуются высокой степенью риска, высоко прибыльны и низко ликвидны;

- умеренные инвестиции – отличаются средней (умеренной) степенью риска при достаточной прибыльностью и ликвидностью.

Для Казахстана как молодого независимого государства, вставшего на путь интеграции крайне важно участие в процессах миграции капитала в качестве импортера и экспортера. Это будет способствовать вовлечению страны в интернационализацию производства. На сегодняшний день участие Казахстана в этих процессах незначительно по сравнению с другими азиатскими и латиноамериканскими странами, более привлекательными для иностранных инвесторов. Стремление привлечь как можно больше иностранных вложений связано с необходимостью решения стратегических и текущих задач. Инвестиции формируют производственный потенциал на новой научно-технической базе и предопределяют конкурентные позиции стран на мировых рынках.

Казахстан получил в 2017 году в два раза меньше прямых инвестиций, чем в 2016 году. Таким образом, в минувшем году в экономику страны было привлечено $4 млрд против полученных $8 млрд в 2016 году. При этом падение наблюдается еще с 2013 года, когда показатель достигал $14 млрд.

Этот год оказался последним годом абсолютного прироста притока ПИИ в страну, так как в последующем имело место исключительно сокращение.

Отмечается, что объем прямых инвестиций приближается к значениям начала 2000-х годов.

При этом отток в 2017 году составил лишь $0,6 млрд. Как замечают аналитики, в последнее десятилетие приток денег в страну доминировал над чистым оттоком. По

Менің ойымша, жүк ағымының ұлғаюына әсер ететін негізгі факторлар болып табылатындар: «АХТСП» РМК-ң икемді тарифтік саясатты және жеңілдіктер бар теміржол тасымалын қолдану есебінен транзиттік жүктердің үлкен көлемдерін тарту; жүк тасымалы мерзімін қысқарту; жақсарған қызмет көрсету (ақысыз сақтау мерзімдерін ұлғайту, клиенттерге қызмет көрсетудің жеделділігі және т.б.); шығыс Еуропалық нарыққа жеткізілетін металл өнімдерінің экспорттық ағымын Жаңа ауыл-Новороссийск маршрутынан Жаңа ауыл-Ақтау-Баку-Батуми, Жаңа ауыл-Ақтау-Волга-Дон-Қаратеңіз-Жерорта теңізі бассейні порттары маршрутына қайта бағыттау; шикізат тасымалының дамуы мен сәйкес түрде сусымалы жүктер импорттының жоғарылауы.

Жүк - технологиялық процестердің интенфикациясының маңызды бағыттарының бірі болып табылатын Ақтау порты арқылы дәнді дақылдар тасымалдау көлемінің үлкен потенциалы бар. Қазақстан үшін жылына 6 миллион тоннаны құрайтын нарық сұранысы көлемі бар Иран ерекше маңызға ие. Ақтау порты арқылы дәнді дақылдар тасымалы республиканың батыс облыстарының өнімдерін экспорттауда елеулі үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді, дәнді дақылдар терминалы құрылысының аяқталуы тек қана қазақстандық өндірушілердің дәнді дақылдар тасымалының көлемін ғана емес, сондай-ақ транзиттік жүктерді тартуға жағымды жағдайлар жасайды.

Жүк ағымдарының ұлғаюына әсер ететін негізгі факторлар болып келесілер табылады: әлемдік дәнді дақылдар нарығында қалыптасқан жағдай (бір жығынан Қазақстан мен Ресейдегі жоғары шығымдылық, екінші жағынан Канададағы, Еуропа елдеріндегі және басқа елдердегі құрғақшылық пен төмен шығымдылық); қуаттылығы 1 млн т. құрайтын дәнді дақылдар терминалы құрылысының аяқталуы; Иранға дәнді дақылдар жеткізу бойынша үкіметтік бағдарламалардың жүзеге асырылуы; Қазақстандық дәнді дақылдардың азербайжандық өткізу нарығына

қозғалысы. Сондай-ақ, жүк ағымдарының көлемін ұстап тұрған факторлар болып Ақтау портына дейін теміржол көлігі арқылы тасымалдаудың жоғары тарифтері мен бәсекелес маршруттардың болуы табылады[1].

Сонымен қатар, теңіз тасымалының нарығы келесі бағыттарда дамиды:

- Иран бағыты (Парсы шығанағы елдеріне транзитпен өтетін жүктердің және Иранға эксмпорттық-импорттық жүктердің тікелей су байланысы);
- Ресей бағыты (Ресей Федерациясына жөнелтілетін экспорттық-импорттық жүктердің Ресейдің азов және каспий бассейні порттарымен (Махачкала, Астрахань, Оля) тікелей су байланысы);
- Қара теңіз-Жерорта теңізі бассейні (Кавказ елдеріннің экспорттық-импорттық жүктер мен Қара теңіз-Жерорта теңізі бассейні елдеріне өтетін Ақтау-Баку-Батуми аралас теміржол-теңіз байланысы, Волга-Дон каналы арқылы тікелей су байланысы);
- Солтүстік бағыты (Балтық бассейні елдеріне баратын экспорттық-импорттық (транзиттік) жүктердің Волга-Балт каналы арқылы тікелей су байланысы)[2];

Ақтау портының мақсаты мен даму бағыты экономикалық даму критерийлеріне, яғни қажетті ресурстарды пайдаланудағы максималды тиімділікке қол жеткізуге, экономикалық даму нәтижесі болып пайданың өсуі, өзіндік құнның және еңбек сыйымдылығының төмендеуі, жұмыс сапасының жақсаруы қарастырылды. Порттың технико-экономикалық дамуы қызметінің өндірістік-экономикалық нәтижелерінің сандық өсуімен шектелмейді. Бұл даму қызмет ету тиімділігімен байланысты сапалық өзгерістердің жиынтығымен сипатталады. Порттың материалдық-техникалық базасының даму масштабы жүк айналымының болашақтағы өсімімен, құрылымының өзгерісімен, сондай-ақ флоттың тасымалдау қабілеті мен порттың өткізу қабілетінің арасындағы диспропорцияның қысқаруымен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүк тасымалын дамытудағы су көлігінің рөлі // ҚазККА Хабаршысы, № 5, 2007. –Б.245-247.
2. Теңіз көлігіндегі жүк ағымдарын ұйымдастыру тиімділігін арттырудағы инвестициялардың рөлі // ҚазККА Хабаршысы, № 4, 2011. –Б. 313-322.

ӘОЖ 338.31.65.011.46

КӘСІПОРЫНДА ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кушкинбаева Асылхан, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Таскараева Майра Бакыбаевна Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуі кәсіпорындарды бәсекенің артуы, өндірістік шығындардың жоғары болуына өткізу нарығының қысқаруы, әріптес кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі, шикізат пен материалдар сипатталатын жаңа ортаға көшірді. Нарық жағдайында кәсіпорындардың тиімді қызмет етуі, экономикалық өсуі және дамуы адам ресурстары және басқа да ресурстарды ең тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін стратегиялық бағыттың дұрыс анықталуына тәуелді.

Түйінді сөз: өндіріс тиімділігі, тауар, бәсекеге қабілеттілік, экономикалық тиімділік, еңбек шығындары, табыстылық, шаруашылық қызметті талдау, өнімділікті жоғарлату

Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуі кәсіпорындарды бәсекенің артуы, өндірістік шығындардың жоғары болуына өткізу нарығының қысқаруы, әріптес кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі, шикізат пен материалдар сипатталатын жаңа ортаға көшірді. Нарық жағдайында кәсіпорындардың тиімді қызмет етуі, экономикалық өсуі және дамуы адам ресурстары және басқа да ресурстарды ең тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін стратегиялық бағыттың дұрыс анықталуына тәуелді. Өндіріс тиімділігі тұрақты экономикалық өсу және кәсіпорын дамуына, өндірілетін өнімнің бәсеке қабілеттілігінің артуына байланысты болады. Өндіріс сферасында кәсіпорынның дамуы тек оның өсуі арқылы емес, өзгеріссіз қызмет масштабы арқылы да жүреді.

Кәсіпорынның өсуі - бұл негізінен кәсіпорын көлемінің артуы және өндіріс көлемінің кеңеюі (өнім өндірудің, сату көлемінің, жұмысшылар санының артуы). Даму бұл – шаруашылық жүйенің сапалық өзгеруі және жаңаруы, барлық құрылымдық бөлімшелерде еңбекті ұйымдастыруды, технология және техниканы жетілдіру негізінде оның қызметінің тиімділігін арттыру.

Тауар өндірушінің негізгі мақсаты - әлемдік сапа деңгейінде бәсекеге қабілетті өнім өндіретін кәсіпорын қалыптастыру, ол үшін өндіріс жұмысшылары және акционерлердің жеке ынталарын тудыру қажет. Сонымен қатар жабдықтаушылар мен тұтынушылардың жоғары талаптарын ескеру қажет.

Осы өндірістің экономикалық тиімділігі мәселесі бойынша әр экономист ғалымдар өз пікір- тұжырымдамаларын ұсынған. Кейбіреулер еңбек өндірісінің өсуі немесе бір өнімді шығаруда –ең аз еңбек шығындары деп есептейді. Басқаларының ойынша - өнімнің немесе еңбек шығындарының нәтиже сандарының қатынасы немесе соңғы нәтижеге жету үшін қаншалықты шығын кеткенін көрсетеді.

К. Маркс былай деген “уақыт үнемі өндірістің әр салаларына жұмыс уақытының жоспарлы үлестірілуі сияқты, ұжымдық өндіріс негізіндегі ең басты экономикалық заңдылық болып қалуда”. Өнім бірлігіне еңбек шығынының төмендеуі – жұмыс уақытын үнемдеу заңының мәні болып табылады.

Л.Э. Кунельскийдің тұжырымдауынша, өндіріс тиімділігі дегеніміз –ең аз шығын шығара отырып үлкен нәтижелерге жету әрекеттілігі, нәтижелілігі, ал М.Н. Тимохинның айтуынша, өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі – бұл оның барлық обьективті байланыстары мен үрдістерінің нәтижелілігін көрсететін күрделі котегория.

А.П. Вавилов, А.И. Демичевтердің пікірінше, өнеркәсіптік өндірістің тиімділігі дегеніміз – қаржы, еңбек және материалдық ресурстардың салыстырмалы төмен шығындары арқылы жеке кәсіпорындар, салалар, жалпы индустрияның жеткен ең жоғары нәтижелері.

Н.Уоол, Л.Маркузе, Д. Лайну бойынша тиімділік – ресурстардың тиімді пайдалану. Ол көптеген әдістермен есептесе алады, ең кеңінен

- жұмыс күшін пайдалану тиімділігі: өнімділік (бір жұмысшыға өнім өндіру);
- өндірістің тиімділігі: өндірістік ысырап - өндіріс барысындағы қалдықтар пайызы;
- қаржылық тиімділік: активтердің айналымдығы (кәсіпорын активтері нәтижесінде қамтамасыз етілген сату көлемі).

Профессор Н.Қ. Мамыров атап өткендей, тиімділік – жалпы алғанда шығындар мен нәтижелердің қатынасы.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау барысында оның техникалық (технологиялық) және экономикалық деп ажыратады. Егер берілген өндіріс

технологиясымен (әдісімен) тұрақты өнім көлемін өндіргенде өнім өндіру ең көп, ал ресурстарының шығындары ең аз, онда өндірістік тиімділік технологиялық тиімді деп саналады. Экономикалық тиімділікке жету өндіріс үрдісінде пайдаланылатын ресурстар түрлерінің баламалық құнын минималдаумен байланысты. Осының негізінде кәсіпорын өндірістің технологиялық тиімді әдістерін таңдайды.

Өндіріс тиімділігі материалдық құндылықтардың өндіріс үрдісіне жататын, экономикалық жүйенің нақты қызметінің экономикалық тиімділігінің нақты құрамдас бөлігі. Барлық мемлекет шеңберінде қарастырғанда өндіріс тиімділігі қоғамдық еңбек өнімділігімен аталады. Экономикалық тиімділік экономикалық жүйенің әр деңгейінде пайдалы соңғы нәтиженің пайдаланылған ресурстар көлеміне қатынасы ретінде, еңбек өнімділігі, қор қайтымдылығы, табыстылық, шығындардың қайтарымдылығы және т.б көмегімен өлшенеді.

Өнеркәсіптік өндірістің экономикалық тиімділігі – кәсіпорын әзірлеген стратегияға тәуелді экономикалық категория. Ол стратегия кәсіпорынның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қысқа, орта және ұзақ мерзімді нәтижелерге сүйенеді. Сонымен қатар өндірістің экономикалық тиімділігі нарықты экномиканың шешімді категориясына жатады. Барлық түрде экономикалық өндіріс тиімділігі екі мөлшердің қатынасын көрсетеді – ол шаруашылық қызмет нәтижесі және өндіру шығындары. Ең басты - нарықты қызметтің нәтижесі, ол салынған капиталдан максималды табыс алу. Табыс мен шығындардың қатынасы. Өндіріс тиімділігін көтерудің қолайлы жолы нарықта.

Өнімділікті жоғарылату - өнімді немесе еңбекті өзгерту процесін басқару мен араласудың нәтижесі. Төменде келтірілген шарттардың кез келгені орындалатын болса, онда өнімділік өседі:

1) өнім көбейеді, шығындар азаяды;
2) өнім көбейеді, шығындар өзгермейді;
3) өнім көбейеді, шығындар өседі, бірақ өсу қарқыны төмен болады;
4) өнім көлемі өзгермейді, шығындар төмендейді;
5) өнім азаяды, шығындар төмендейді, бірақ мұның төмендеу қарқыны жоғары болады.

Осылайша, өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру әр кәсіпорын үшін маңызды мақсат болып табылады. Ол мақсаттың орындалуы әр – түрлі факторларға байланысты. Оларды келесі бөлімшеден кеңірек қарастырамыз.

Нарықтық жағдайда, экономикалық дамуды әрі қарай жалғастыруда, өндірістің тиімділігін арттырудың бағыттарын, олардың өсу факторлары мен тиімділікті анықтаудың әдістерін анықтау маңызды міндет болып табылады. Кәсіпорындардың өндірістік тиімділігін арттырудың маңызды бағыттарын дұрыс айқындау үшін, тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін біліп алуымыз қажет.

Нарықтық экономика кәсіпорыннан ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізуі салдарынан өнімнің және қызметтің бәсеке қабілеттілігін, өндірістің тиімділігін арттыруды, өндірісті басқарудың тиімді факторларын және қиыншылықты жеңу түрлерін, кәсіпкерлікті белсендіруді қажет етеді. Осы мәселелерді жүзеге асыруда маңызды рольді шаруашылық қызметті талдау өткізеді. Оның көмегімен кәсіпорынды дамытудың стратегиялары және тактикасы қалыптасады. басқару шешімдері және жоспарлары негізделеді, олардың орындалуын қадағалау жұмыстары жүргізіледі, өндірістің тиімділігін арттыру қоры анықталады және кәсіпорын қызметінің нәтижесі бағаланады.

Өндірісті басқару үшін өндірістік процесс барысы мен жоспарлардың орындалуы жөнінде толық және нақты ақпарат болуы қажет. Сондықтан да өндірісті басқару функцияларының бірі болып есеп табылады. Ол өндірісті

басқаруға қажетті және өндірістік процестер мен жоспарлардың орындалу барысына бақылауға қажетті ақпараттарды жүйелеуді және жалпылауды қамтамасыз етеді.

Өндірістің тиімділігін өсірудегі резервтерді қолдану мен анықтау кезінде талдауға үлкен көңіл бөлінеді. Ол экономикалық ресурстардың үнемді және тиімді пайдалануға, жаңа тәжірибелерді енгізуге, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, өндіріске жаңа техника мен технологияны енгізуге, жұмыс барысындағы кемшіліктер мен артық шығындардың алдын алуға және т.б. қатысады.

Өндіріс тиімділігін басқару – оның тәуелді болатын факторларын мақсатты әсер ету. Кәсіпорын қызметінің соңғы нәтижелері, өндіріс тиімділігін арттыру факторларның мағынасын менеджерлер қаншалықты дұрыс бағалағандығымен анықталады.

Экономикалық тиімділіктің жалпылама критерийінің біріне қоғамдық еңбектің тиімділігі жатады. Қоғамдық еңбектің өнімділігі ұлттық табысты, материалдық өндіріс саласында жұмыс жасайтын адамдардың орташа санына бөлу арқылы табылады:

$$ЕӨ = ҰТ / А$$

Сонымен қатар, экономикалық тиімділіктің аса маңызды көрсеткіштері ретінде еңбек сыйымдылығы, материал сыйымдылығы, капитал сыйымдылығы және қорсыйымдылығы алынады.

Өнімнің еңбек сыйымдылығы материалдық өндіріс саласында жұмсалған еңбек санын, шығарылған өнімнің жалпы көлеміне бөлу ақылы анықталады:

$$Е_{сый} = Т / Q,$$

Мұндағы:

$Е_{сый}$ - еңбек сыйымдылығы;

Т – еңбек саны;

Q – шығарылған өнімнің жалпы көлемі.

Қоғамдық еңбектің материалсыйымдылығы шикізат, материал, отын, энергия және т.б. шығындарының көлемін, шығарылған өнімнің жалпы көлеміне бөлу арқылы анықталады:

$$М_{сый} = Ш / Q,$$

мұндағы:

$М_{сый}$ – материалсыйымдылығы деңгейі;

Ш – шикізат, материал, отын, энергия және т.б. шығындары

Капитал сыйымдылығы халық шаруашылығындағы капитал салымдарының көлемін, шығарылған өнімнің жалпы көлемінің өсіміне бөлу арқылы анықталады:

$$К_{сый} = К / \Delta Q,$$

мұндағы:

$К_{сый}$ - өнімнің капитал сыйымдылығы;

К – капиталдық салымдардың жалпы көлемі;

ΔQ – шығарылған өнім көлемінің өсімі.

Өнімнің қор сыйымдылығы халық шаруашылығындағы негізгі өндірістік қорлардың орташа құны, шығарылған өнімнің жалпы көлеміне бөлу арқылы анықталады:

$$Қ_{сый} = Ғ / Q,$$

мұндағы:

$Қ_{сый}$ -өнімнің қорсыйымдылығы;

Ғ - халық шаруашылығындағы негізгі өндірістік қорлардың орташа құны;

Q – шығарылған өнімнің жалпы көлемі.

Тиімділік – жалпы және салыстырмалы болып бөлінеді.Жалпы тиімділік-шығындарды атқару арқылы пайда болған әсердің жалпы көлемін көрсетеді және оны инвестициялардың әрбір объектілері бойынша есептеуге болады. Салыстырмалы тиімділік – белгілі бір өндірістік және шаруашылық есептерді шешуде, екі немесе бірнеше шешім нұсқаларының ішінен біреуін таңдап алуда есептелінеді. Ол бір нұсқаның басқа нұсқамен салыстырғандағы экономикалық қолайлылығын көрсетеді.Кәсіпорынның іс-әрекетінің неғұрлым үнемді бағытын таңдап алу үшін, салыстырмалы тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі қолданылады. Салыстырмалы тиімділік көрсеткіштеріне – үлестік күрделі қаржы, өнімнің өзіндік құны, күрделі қаржы қайтарымдылығы, табыс пен шығындардың арақатынастары жатады.

Әлеуметтік тиімділік бойынша, инвестиция нұсқаларын таңдауда және талдау процестерінде, жұмыс жағдайын жақсарту және жеңілдету, оның қауіпсіздігін арттыру, кәсіпорын қызметкерлерінің мәдени-техникалық деңгейін өсіру сияқты факторларға көңіл аударылады. Кейбір жағдайларда, осы факторлар арқылы нұсқау таңдау мүмкіншілігі туады.

Өндіріс тиімділігін әлеукметтік талдау жасаудың мақсаты – қолданушылар үшін жоспар нұсқауларының жарамдылығын анықтау.

Әлеуметтік тиімділікті талдау объектілері:

- жоба бойынша, тұрғындардың мәдени-әлеуметтік және демографиялық сипаттамасын беру;
- жобаның дергілікті мәдениетке сай қолданылуы;
- жобаның нәтижелерін қолданатын тұрғындар тобы мен ұйымдарды қажетті міндеттемелермен қамтамасыз ету стратегиясы.

Жалпы тиімділіктің көрсеткіштері мынадай категориялар бойынша топталады:

- өндірістік іс-әрекетінің тиімділігін көрсететін көрсеткіштер. Кәсіпорынның пайдалылығын және оның активтерді қолдану мүмкіншіліктерін өлшейді;
- өтімділік көрсеткіштері, кәсіпорындардың қысқа мерзімді міндеттемелерді орындау мүмкіншіліктерін, айналым қорын басқаруынсипаттайтын көрсеткіштер;
- қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері;
- кәсіпорынның активтерін қаржыландыруда қолданатын капиталдың құрылымын құру әдістеріне байланысты болған тәуекелшілдік деңгейін анықтайтын көрсеткіштер.

Өндірістік іс-әрекеттің тиімділігінің көрсеткіштері. Бұл топ көрсеткіштері ағымды негізгі өндірістік іс-әрекеттің нәтижелері мен тиімділігін сипаттайды. Бұлардың көмегімен кәсіпорынның іскерлік белсенділігін бақылауға болады. Ол үшін қаралып отырған кәсіпорынның қызметтік іс-әрекетін басқа да кәсіпорындармен салыстыру қажет. Мұндағы сапалық критерийге кіретіндер:өнімді сату нарығының кеңдігі, экспортқа шығарылатын өнімнің көлемі, кәсіпорын беделі және т.б.

Сандық бағалау екі бағытта жүргізіледі:

- негізгі көрсеткіштер бойынша жоспардың орындалу деңгейі;
- кәсіпорын ресурстарын қолданудың тиімділік деңгейі.

Ғылыми-техникалық жетістіктің тиімділігі – ғылыми-техникалық іс-әрекеттің нәтижесі. Ол салыстырмалы өлшем бірлік үлестерімен немесе пайыз бойынша

белгіленеді және ығындардың нәтижелілігін көрсетеді. Тиімділік теориясында ғылыми-техникалық жетістіктің әсерін таза өімнің көмегімен салыстыруға болады. Салалар мен кәсіпорындар деңгейінде әсер ретінде таза өнім немесе таза өнімнің бір бөлігі – пайда алынады. Сонымен бірге – нақты еңбек шығындарын азайту, материал ресурстары мен күрделі қаржылардың шығындарын азайту жатады.

Ғылыми-техникалық жетістіктердің шығындарына - ресурстардың әсеріне жету үшін жұмсалған шығындардың барлық жиынтығы кіреді. Ұлттық экономика масштабында шығындарға - күрделі қаржылардың жиынтығы, айналым қорлары және нақты еңбек жатады. Салалар, кәсіпорындар үшін шығындар өзіндік құн немесе өндірістік қорлар қолданылады. Шаруашылық іс-әрекеттің тиімділігін көптеген абсолюттік және салысырмалы көрсеткіштер арқылы бағалауға болады. Солардың ішіндегі маңыздысы – пайда көрсеткіші болып саналады. Пайда әрбір кәсіпорынның іс-әрекетінің негізгі критерийі және ақырғы мақсаты болып табылады.

Пайда экономикада ең күрделі және қарама-қайшы мәселелердің бірі болып табылады. Пайдаға бірнеше анықтама берілген: К.Маркс пайданы тек жалдамалы еңбекпен жасалған екінші, туынды және өзгертілген формадағы қосымша құн деп қарады. Бұл категорияның анықтамасы қазіргі батыс экономистері бойынша түрлі варианттардың келісімді бірігуі болып табылады, оның ішінде негізгілері мыналар:

- пайда – бұл барлық өндіріс факторлардан алынған табыс, яғни рента, процент, жалақы;
- пайда – бұл кәсіпкерлік қызмет үшін марапаттау және техникалық жетістіктерді енгізуге төлем;
- пайда – бұл тәуекел және белгісіздік үшін төлем.

Экономикалық пайда – бұл жалпы табыс пен экономикалық шығындар арасындағы айырма. Бухгалтерлік пайда – бұл жалпы табыс пен өндірістегі бухгалтерлік шығындар арасындағы айырма. Жалпы пайда – бұл кәсіпорынның, фирманың не болмаса ұйымның қандай да бір игілік түрін сатқаннан түсірген табысының жалпы сомасы. Пайда нормасы – бұл процентке өрнектелген пайданың өндіріс шығындарына қатынасы.

Қорытындылай айтқанда, өндіріс тиімділігін арттыру жолдарын қарастыру әр факторды жекелей есепке алу ғана емес, оларды өзара толықтыру және оңтайлы сәйкестендірудің әдістерін табуды талап етеді.Осыны жүзеге асырудың нақты дәлелі болып өндірістің тиімділігін бағалаудың экономикалық көрсеткіштері табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: оқу құралы / Е. Әмірбекұлы. – Алматы: Экономика, 2009 – 120б.

2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру:ы оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2009 – 218 б.

3. Халықтың іргесін бірге қалаймыз - Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // 2010 – қаңтар.

4. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы - Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 2006, 2 наурыз.

5. Жилқайдарова Г.Б. «Кәсіпорынның нәтижелі жетістігі – бәсеке қабілеттілігі» // ҚазЭУ хабаршысы – 2009 №5 б 117-121

ӘОЖ 338.31.65.011

КӘСІПОРЫНДА ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

Кабиева Айнур, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Таскараева Майра Бакыбаевна Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа: Экономикалық іс-әрекеттің төлем қабілетті сұранысы мен талаптарына сай келетін, қызмет көрсетудің оңтайлы инфрақұрылымын құру, ұлттық нарық пен өзгеріп отыратын нарық жағдайларына байланысты сапалы қызмет көрсететін кәсіпорындар мен экономика секторларының жағдайлары нарықтың тұтыну құрылымына, оның бағытына, оны бағдарлау мүмкіншіліктеріне байланысты.

Түйінді сөз: қаржылық реттеу, қаржылық болжау, күдікті қарыздар, өндіріс тиімділігі, тауар, бәсекеге қабілеттілік, экономикалық тиімділік, еңбек шығындары, табыстылық, шаруашылық қызметті талдау, өнімділікті жоғарлату, дебиторлық қарыз, ұтымды инвестиция, стратегия

Елімізде нарықтық экономиканың орнауы әртүрлі қызметтерді өндіру, сату және тұтыну процестерін реттейтін механизмдердің пайда болып, дамуына жағдай жасайды. Экономикалық іс-әрекеттің төлем қабілетті сұранысы мен талаптарына сай келетін, қызмет көрсетудің оңтайлы инфрақұрылымын құру, ұлттық нарық пен өзгеріп отыратын нарық жағдайларына байланысты сапалы қызмет көрсететін кәсіпорындар мен экономика секторларының жағдайлары нарықтың тұтыну құрылымына, оның бағытына, оны бағдарлау мүмкіншіліктеріне байланысты.

Қаржылық жағдайды болжау әдістемесінің негізгі элементі болып республика заңдарына сәйкес әдістермен қаржылық нәтижелерді реттеу тәжірибесі мен тәсілдерін қолдану табылады.

Қазіргі кезде қандай да болмасын кәсіпорынның алдында маңызды мәселе – қаржылық нәтижелерді тиімді есептеу мен заң шеңберінде салықтарды азайту. Есептік саясат шеңберінде қаржылық нәтижелерге әр түрлі жолдармен ықпал етуге болады: кәсіпорын активтерін бағалауды реттеу, есептік кезеңдер арасындағы шығындарды бөліп орналастыру, т.б.

Кәсіпорынның қаржылық қызметін жақсарту үшін қаржылық нәтижелерді реттеудің келесідей нақты әдістерін ұсынуға болады:

1) Активті негізгі көрсетілетін қызметтерге жатқызу нормативін анықтау. Кәсіпорын бұл нормативті төмендетуге құқығы бар. Осылайша ағымдағы шығындар көлемі, сонымен бірге пайда көлемі де өзгеруі мүмкін.

2) Кәсіпорынның негізгі құралдарының активті бөлігіне жедел амортизацияны қолдану.

3) 2 немесе 3 адамнан тұратын маркетингтік қызметті ұйымдастыру. Бұл қызметкерлер барлық ұқсас қызметпен айналысатын кәсіпорындардың мәліметтерін жинақтап, оларды талдайды және де кәсіпорындардың қызмет көрсету бағасының төмендеуіне әсер ететін себептерді табады:

- әлемдік нарықта бағалардың өзгеру жиілігін ескермеу;
- бәсекелестерде бағалардың өзгеруі;
- төмендетілген бағамен қызмет көрсету көлемі;
- бағаны төмендетуден көп ұтатын тұтынушылар сегменті;

- ұйымға және оның бағаларына қатысты тұтынушылар көзқарасының өзгеруі;
- күдікті қарыздар бойынша резервті құру тәртібі;
- айналым уақытын қысқарту мамандануды дамыту арқылы, кәсіпорындар арасындағы байланыстарды жетілдіру арқылы, қызмет көрсетуді және құжаттар айналымын жеделдету арқылы қол жеткізуге болады;
- қызмет үшін есеп айырысу жүйесі;
- банктік қызмет көрсету сапасы.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту үшін қаржы бөлімінің басты назарында мына мәселелер болуы қажет:

- дебиторлық және кредиторлық қарыздардың арақатынасын үнемі назарға алып отыру. Дебиторлық қарыздың айтарлықтай көбеюі басқарманың қаржылық тұрақтылығына қауіпті жағдай туғызады, сол себептен қосымша қаржыландыру көздерін тарту қажет болады;
- аванстық төлемдер жүйесін кеңейту, мерзімі өткен қарыздар бойынша есеп айырысу тәртібін бақылау;
- дебиторлық және кредиторлық қарыздың рұқсат етілмеген түрлерін уақытында тауып отыру, оларға мыналар жатады: бюджетке, жеткізушілерге мерзімі өткен қарыздар, т.б.; арыздар бойынша кредиторлық қарыздар; тұрақты пассивтер бойынша нормативтен жоғары қарыздар; мерзімінде төленбеген тауарлар; «басқа дебиторлар» бабы бойынша қарыздар.

Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттырудың тағы бір негізгі факторлары болып ғылыми-техникалық жетістік саналады. Ғылыми-техникалық жетістіктің негізгі бағыттары:

- жаңа прогрессивті – мембрандық, плазмалық, лазерлік, жоғарғы қысымды технологияларды кеңінен игеру;
- өндірісті автоматтандыру – робот техникасын, роторлық, роторлы-конвейерлі линияларды, автоматтандырылған жүйелерді қолдану.

Өндірістің экономикалық тиімділігін арттырудың келесі бір факторы – үнемдеу режимі, яғни материал, шикізат, отын, энергия ресурстарын, еңбек, қаржы ресурстарын үнемді қолдану, жоғары тиімді технологиялық процестерді қолдану.

Сонымен қатар, қоғамдық қызмет көрсету тиімділігін арттыратын факторларға келесілер кіреді:

- қызмет көрсету процесінде негізгі қорларды қолдануды жақсарту;
- экономиканың құрылымын дамыту, оңтайлы инвестициялық саясат;
- ұйымдық экономикалық факторлар;
- басқару;
- қызмет көрсету саласын әрі қарай дамыту;
- қызмет көрсету сапасын арттыру және т.б. жатады.

Нарықтық шаруашылықтың негізгі категорияларының бірі - банкроттық болып табылады. Ол сот шешімімен немесе ресми түрде соттан тыс тәртіпте кредиторлар келісімі бойынша шешілген қарызгердің төлем қабілетсіздігі, ол оның жойылуына негіз бола алады.

Қазақстан «Банкроттық туралы» заңына сәйкес, банкроттық дегеніміз қарызгердің ақша міндеттемелері бойынша, енбекақы төлеу бойынша, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді төлеуді қанағаттандыра алмауы. Басқаша айтсақ, шаруашылық субъектінің банкроттығы дегеніміз-мүлкінен міндеттемелердің асып кетуіне байланысты немесе қарызгердің баланс құрылымының қанағаттанарлықсыз болуымен байланысты, өзінің қызметін және жедел міндеттемелерді қаржыландыра алмауы.

Кәсіпорын банкроттығы оның тиімсіз бағалық, инвестициялық, қаржылық саясатының нәтижесі болады.

Кәсіпорын банкроттығының пайда болуының негізгі себептерінің қатарына келесілерді жатқызуға болады:

1. Шаруашылық шарттарын қалыптастыратын, объективті шарттар:

- қаржы, несие, ақша, салық, жүйелерінің, экономиканы қайта құрудың нормативті, заң базасының дұрыс жетілмеуі.

- инфляцияның жоғарғы денгейі;

- кәсіпорынның құнды қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі;

- бәсекелестіктің жоғары деңгейі және осының негізінде қалыптасқан, қызмет көрсету шығындарының сәйкес төмендеуісіз қызмет көрсету бағалардың түсуі.

2. Шаруашылыққа тікелей қатысты, субъективті себептер:

- банкроттықты болжау және оны болашақта болдырмау қабілетінің болмауы;

- сұранысты дұрыс зерттемеу нәтижесінде, жарнаманың болмауының нәтижесінде сату көлемінің төмендеуі.

- қызмет көрсету көлемінің төмендеуі;

- ақталмаған жоғары шығындар;

- қызмет көрсетудің төмен рентабельділігі;

- қызмет көрсету циклының өте үлкен болуы;

- үлкен қарыздар, бір-біріне төлемеушіліктер т.б себептер.

Кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін арттыру жолдарының бірі бұл – компанияның стратегиясы. Яғни, компанияның алға қойған стратегиясы дұрыс болса, компания дамиды. Егер, компанияның стратегиясы дұрыс жолға қойылмаса, компанияның қаржылық-экономикалық жағдайына зиян әкеледі. Мұнай жағдайда дер кезінде компанияның стратегиясын қайта қарау қажет. Кейбір компаниялар компанияның стратегиялық жоспарының не екенін, қалай құру қажеттігін, ол үшін не істеу керек екендігін анық түсіне білмейді. Сондықтан дұрыс жолға қойылған стратегия компанияның болашақтағы жемісі. Мен компанияның бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін дүние жүзіне танымал «стратег» Майкл портердің 10 элементтен тұратын стратегиясын ұсынар едім.

Майкл Портер – Harvard Business School Іскерлік әкімшілігі кафедрасының профессоры, бәсекелестік стратегиясы мен халықаралық нарықтағы бәсекелестік саласының жетекші маманы. Профессор Портер Гарвард іскерлік мектебі бөліміне 1973 жылы қабылданып, мектеп тарихындағы ең жас профессор атағына ие болды. AT&T, DuPont, Procter & Gamble, Royal Dutch/Shell атты белгілі АҚШ және халықаралық компанияларға бәсекелестік стратегиясы жөнінде кеңес берген, Alpha-Beta Technologies, Parametric Technology Corp., R&B Falcon Corp, ThermoQuest Corp компаниялардың Директорлар Басқармасына қызмет көрсеткен. Портер – 15 кітап, 50-ден астам мақалалардың автор ы . Майкл Портер соңғы он жыл ішінде ел аралап, осы мәселені қозғап жүрген профессор.

Майкл Портердің 10 элементтен тұратын стратегиясы:

1) Бірінші болуға ұмтылмай , бірегей болуға ұмтылу керек.Стратегтердің жіберетін үлкен қателерінің бірі, компанияны тоқырауға алып келетін ең қауіптісі бұл бәсекелестермен бір тауашаның шеңберінде сайысу. Яғни бәсекелестердің ісін қайталау бұл сәтсіздікке ұшырау деген сөз. Мақсатыңыз өз өнеркәсібіңіздегінөмірі 1 немесе 2, тіпті ең озық компания болу емес. Сіз жаңа маркетинг жолдарын тауып, бірегей сауда ұсынысын паш ететін бірегей компания болуыңыз керек.

2) Ең басты мақсатымыз – ұтымды инвестиция. Бірінші мақсатты жүзеге асырғаннан кейін , екінші басты мақсатымыз инвестициялық қаржы пайдалылығының жоғары коэффициенті (ROIC). Яғни, инвестиция тарту ,салынған қаражаттарды тиімді

жұмсау. Бұл біздің нарықтағы үлес салмағымызды арту үшін, ұсынылған тауарлар мен қызметтер түрін ұлғайту, табысты өсіру т.б. мақсаттарға жету үшін қажет.Инвестициялық қаржы пайдалылығының жоғары коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{инвестициялық қаржы пайдалылығы} = \frac{\text{салықтан кейінгі операциялық пайда}}{\text{инвестиция капиталы}} * 100\%$$

3) Стратегияның негізін талдау. Компанияның экономикалық тиімділігі екі нәрседен тәуелді: өнеркәсіп құрылымы және өз саласындағы компанияның алатын орны немесе бәсекелестерден артықшылығынан тұрады. Стратегияда осы элементтің екеуін де қамту қажет.

4) Дұрыс ортақ шешім қабылдау. Стратегияның ең маңызды екі бөлігі бір – біріне қарама қайшы келгенде дұрыс шешім қабылдай білу, ақ пен қараны ажырата білу.

5) Стратегияның әрбір бөлігі немесе буыны табысты болу керек. Стратегияда компанияның бәсекеге қабілеттілік артықшылығын бір буында қарастыру дұрыс емес.

6) Стратегияның тұрақтылығы. Стратегияның тиянақтылығы компанияның негізгі құнды ұсынысы тұрақтылығының кепілі болатыны сөзсіз. Өз стратегиясынан қайта-қайта ауытқып, үнемі пайдаланушының ырқына жығыла беруге болмайды. Компанияның пайдаланушылар талаптары мен шағымдарына көбірек көңіл бөлуі таңдап алынған стратегияны жүйелі жүзеге асыруға бөгет жасайтын жәйт: «Біз оларды тым қатты тыңдаймыз. Кейде тіпті оларға басқа бәсекелес компанияға кете беріңіз деуге де болады. Өйткені дұрыс стратегия осындай тәуекелдерді құптайды – басқа пайдаланушылардың ризашылығын арттыру үшін кейбір пайдаланушылардың наразылығын тудыру мүмкін деп саналады.

7) Өз сегментіңізді таңдап алыңыз. Стратегия құрудың маңызды бөлігі – ол сегментация. Сіз кез келген тұтынушы сегментін, өнім және қызмет немесе тауарды сатып алу мотивациясын таңдай аласыз. Тіпті ол алғашында тартымсыз болса да. Ең маңыздысы, таңдап алған сегмент шектері нақты белгіленіп, құндылықты құру тізбегінің буындары сол сегменттке сәйкес болу керек.

8) CEO – стратегияны «тұтынушы» да, оны алға қарай қозғаушы да емес.

Компания басшысының стратегияны өңдеп, жүзеге асырудағы рөлі мынадай : стратегиялық жоспарды құру кезінде есепке алынатын мәселелерді қою; стратегияны әзірлеу процесіне қатысатын адамдарды таңдау; стратегияны әзірлеудің алғашқы кезеңінде компанияның барлық бизнес-бөлімшесінде жасалынатын жұмысқа белсене қатысу, Директорлар кеңесін компанияның негізгі стратегиялық жоспарымен таныстыру; сырттан шақырылатын кеңесшілерді тарту. Есте сақтайтын жәйт, стратегия тек жоғары лауазымдағы басшыларға ғана емес, мекеменің барлық мүшелеріне де ортақ болу керек: «Егер компания қызметкері (қай деңгейдегі қызметкер болмасын) таңдап алған стратегияны мүлдем мақұлдамаса, ондай қызметкер сіздің компанияңызда әрі қарай жұмыс істеуі мүмкін емес.

9) Мыналар стратегия деп саналмайды: мақсаттар, көріну, реструктуризация, бірігу мен сіңіру, альянстар және серіктестіктер, технологиялар, инновациялар, аутсорсинг, оқыту.

10) Стратегия – бұл:

Бірегей мағыналы ұсыныс, бәсекелес компаниялардан мүлдем өзгеше болатын құндылық құру тізбегі, икемді болуға тырысу және де компания тарапынан ешқашан

жасалынбайтын әрекетті анықтау, бір-бірімен үйлескен және бірінің нәтижесін екіншісі арттыратын әрекет жасау, позициялаудың тұрақтылығы.

Жоғарыда Майкл Портердің 10 элементтен тұратын стратегиясында қарастырылғандай, стратегия – компанияның алға қадам жасауындағы ең маңызды құжаттың бірі болып табылады. Стратегия компания жағдайын күшейту үшін және бәсекелестерден қорғай, бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмі деп қарастырсақ та болады. Бәскеге қабілеттілігін жоғарлату механихмі – компанияның үлкен табысқа жету мақсатындағы орындалатын іс – шаралар жиынтығы. Дұрыс жолға қойылған механизм компанияның нарықтағы бәсекелестеріне төтеп беруге, нарықтағы белгілі бір үлсеін жаулап алуға әрекет жасайды.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату барысында келесідей көрсеткіштерге мән беруіміз керек:

1) компанияның маркетингтік саясат жүйесін жетілдіру, ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің тартымдылық көрсеткішін жоғарлату;

2) сапа жүйесі, тауарлар мен қызметтердің сапасын көтеру;

3) компанияның баға саясатын реттеу,қалыптастыру.

4) мемлекет тарапынан қолдауға ие болу.

Бәсекелестік қабілеттілігін арттыру жолындағы екінші маңызды фактор-баға саясатын қалыптастыру және реттеу. Баға бұл кәсіпорындағы тауарлар мен қызметтерді ойдағыдай өткізу үрдісі. Бұл жағдайда, компания баға саясатын реттеу, шикізат бағасын, шығынды төмендету жолдарын қарастыру қажет. Келесі 1-ші суреттен компанияның баға саясатын қалыптастыру тәртібін көре аласыз.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мемлекет тарапынан экономикалық қолдауға ие болу керек. «Бәсекелестікті дамыту мен қорғау бағдарламалары», «субсидиялар мен өтемақылық шаралар туралы», «демпингке қарсы шаралар», «тауарлар импортты жағдайындағы ішкі нарықты қолдау шаралары» туралы заңдар,бағдарламалар іске асырылып жатыр.

Нарықтық экономика жағдайындағы кез-келген кәсіпорын басты мақсаты пайда табу болғандықтан қызмет ету тиімділігін ұйымдастыруға ұмтылады.

Нарық жағдайында, экономикалық дамуды әрі қарай жалғастыруда, өндірістің тиімділігін арттырудың бағыттарын, олардың өсу факторлары мен тиімділікті анықтаудың әдістерін анықтау маңызды міндет болып табылады. Кәсіпорындардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін, тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін анықтау қажет.

Бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату барысындағы негізгі үш буында қарастырып кетуге болады. Бұл тауарлар мен қызметтің сапасын жоғарлату, баға саясатын реттеу, маркетингті дамыту.

БСҰ-на кіру барысында отандық компаниялардың заңнамалар тұрғысынан қорғайтын іс шаралар кешенін қалыптастыру. Мысалы:сыртқы компаниялардың немесе сыртқы бәсекелестердің теріс пиғылдарынан қорғау, отандық компаниялардың әлемдік нарықта өз орнын табуға мемлекет тарапынан жан – жақты қолдау. Бұл үшін БСҰ-на мүше болған мемлекеттердің тәжірибелеріне негізге ала отырып, экспорттық субидияларды пайдалану, төменгі мөлшермен несие беру жүйелері, кейбір импорттық өнім түрлеріне жоғарылатылған баж салықтарын қарастыру. Мемлекет тарапынан отандық компанияларды тікелей қолдау.

Сурет 1. Компанияның баға жүйесін қалыптастыру

Суреттен компанияның баға жүйесі немесе саясатына қандай факторлар әсер ететінін көруге болады. Олар: нарықтағы жағдайы, шикізат, тұтынушылар, мемлекет саясаты, маркетинг жүйесі, бағаға әсер етуші факторлар. Маркетинг саясатын дамыту арқылы тауарларды ойдағыдай өткізу, нарықта не болып жатырғанын біле аламыз. Бұл бәсекелестің бағалық бәсекеге жатады.

Қазіргі таңда қолда бар жетістіктермен шектеліп қана қоймау керек. Нарықты толықтай зерттеу, жаңа нарықты игеруге, тұтынушылардың қажеттілктерінің қанағаттандырылмай қалған аймағын анықтау, тұтынушыларды жаулауға, әрбір тұтынушылардың қажеттіліктері мен талаптарын ескеруге, тауарлар мен қызметтердің түрлерін көбейтуге, тауарлардың сапасын арттыруға, баға саясатын реттеуге, шикізаттарды тиімді пайдалануға, ғылыми техникалық жетістіктерді өндірісте пайдалануға, соңғы үлгідегі заманауи технологиялар мен техникаларды қолдану, шетел компанияларымен тәжірибе алмасу бәсекелік шарттарды айқындауды қажет етеді. Экономика мемлекеттің дамуының басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу - негізгі міндет болып қала береді. Бәсекеге қабілетті кәсіпорын ұсынатын тауарлар мен қызметтер қоғамның дамуына, сұраныс пен ұсыныс жағдайына, тұтынатын тұтынушылары үшін қауіпсіз, экологиялық талаптарға сай болу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: оқу құралы / Е. Әмірбекұлы. – Алматы: Экономика, 2009 – 120б.

2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру:ы оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2009 – 218 б.
3. Халықтың іргесін бірге қалаймыз - Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // 2010 – қаңтар.
4. Назарбаев Н.А, Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Послание Президента РК – Астана: Елорда, 2006
5. Жолдасбаев К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Алматы: Экономика – 2002, 63 бет

УДК 327 (045)

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ И ОБСЕ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ СОТРУДНИЧЕСТВА

Керимов Б.К., КГУТИ имени Ш.Есенова, г. Актау.

Аннотация: Целью данного исследования является выявление преимущества сотрудничества ОБСЕ и Центральной Азии как наиболее эффективного сотрудничества этого региона с международной организацией. Таким образом, выделились следующие основные задачи: показать особенность государств Центральной Азии; перечислить наиважнейшие достижения ОБСЕ в регионе Центральной Азии; найти возможности для сотрудничества в каждом из трех измерений ОБСЕ; определить преимущества ОБСЕ перед другими организациями в контексте сотрудничества с Центральной Азией; выявить плюсы сотрудничества для каждой стороны.

Ключевые слова: Центральная Азия, Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе, торгово-экономическое сотрудничество, институты ОБСЕ, проблема водно-энергетических ресурсов.

Когда мы упоминаем Центральную Азию как единый регион, мы пытаемся указать общие черты. Государства этого региона обладают близким историческим и культурным наследием, тюркскими корнями, а также схожим в какой-то степени бытом, традициями и менталитетом народов. Благодаря другим объединяющим факторам - геополитическому расположению и однородности социально-экономических и политических проблем создаются благоприятные условия для их решения. Но самой главной проблемой являются общие угрозы, с которыми трудно бороться в одиночку. Поэтому на сегодняшний день у государств Центральной Азии существует необходимость не просто объединить усилия для совместного противостояния новым угрозам, а также привлечь к этой борьбе того, кто имеет определенный опыт в этой борьбе.

Регион не обошли общие для всего мира проблемы. Противоречивые процессы глобализации, открытость границ для международного общения и растущая взаимосвязь ставят перед странами региона новые вопросы. Трудности, связанные с такими нетрадиционными угрозами безопасности, как международный терроризм, незаконная миграция и торговля людьми, становятся актуальными и в регионе Центральной Азии. Эти новые вызовы и угрозы устойчивому развитию региона сопряжены в первую очередь соседством с зонами нестабильности и конфликтов в Афганистане, странах Среднего и Ближнего Востока [1].

Центральная Азия активно подстраивается под нынешнюю систему глобальных политических и экономических взаимосвязей. С развитием транспорта, технологий и инфраструктуры государства этого региона представляют все большее значение как

соединяющий мост между Западом и Востоком, а также рынками Европы и Азии. Даже, несмотря на то, что находятся рядом с такими гигантами, как Россия и Китай. Центральная Азия постепенно начинает складываться как самостоятельный и равноправный субъект международных отношений, чему способствуют исторически сложившиеся довольно тесные политические, экономические, конфессиональные и культурные связи народов региона. К тому же, на сегодняшний день, они объединены наличием общих задач по интеграции в мировое сообщество и повышению национальной конкурентоспособности.

Пять стран все еще находятся на разных этапах транзита, на разных ступенях экономического развития. Казахстан значительно обогнал остальные государства региона по темпам развития и экономическим реформам; очень медленно проходит модернизация экономики Узбекистана; Кыргызстан показывает неспособность развития без поддержки извне; это же особенно и для экономики Таджикистана; Туркменистан только в последнее время отказывается от приверженности автаркической модели развития. Аграрно-сырьевой характер сохраняют национальные экономики всех центрально-азиатских стран. Даже экономика Казахстана, развивающаяся намного динамичнее, значительно более высокими темпами и обеспечившая региональное лидерство республики, сохраняет сырьевой характер.

Примечательно, что, будучи государствами Азии, страны, являются членами ОБСЕ. И это очень большой плюс для них, так как за эти годы организация предпринимала значительные меры по улучшению положения этих стран.

Немало внимания миссия ОБСЕ в Таджикистане уделила вопросам человеческого измерения. Была проведена работа по обеспечению равноправия всех граждан и улучшению условий содержания заключенных. Была оказана помощь развитию местных СМИ, пропагандировались знания о правах человека, что играет роль в становлении сознания граждан и менталитета народа. Мы видим, что ОБСЕ в данном случае является неким проводником культурных достижений западной цивилизации. Следует также перечислить достижения по военно-политическому измерению - возвращение на Родину большого количества беженцев, проведение демократических выборов, содействие в разработке поправок, внесенных в конституцию.

В качестве особого достижения можно упомянуть Центр ОБСЕ в Ташкенте, который занимался самыми актуальными вопросами - новыми угрозами региональной безопасности. В данном направлении проводились семинары посвященные вопросам незаконного оборота наркотиков, борьбы с преступностью, региональной стабильности. Проблемам экологии и экономики уделялось наибольшее внимание, как к очень перспективным проектам. Решались региональные экологические проблемы - обеспечение устойчивого развития Аральского региона [2].

Насколько эффективны были подобные меры, можно судить по их результатам. Но деятельность ОБСЕ в Центральной Азии начинается в полной мере лишь после обретения этими государствами независимости, то есть не так давно. Работа организации находится на самом интересном этапе развития, когда можно ставить новые цели, искать новые возможности.

Каковы же они, новые возможности сотрудничества ОБСЕ с этим своеобразным, особенным регионом? Рассмотрим актуальные проблемы, которые и являются потенциальными задачами.

Мне кажется вполне обоснованным выделение проблемы трудовой миграции, которая вышла за рамки экономического вопроса, став проблемой и социальной, и политической, и культурной. Согласно докладу Всемирного банка, Казахстан занимает 9-е место в списке ведущих стран мира, принимающих трудовых мигрантов из

соседних стран, то есть, центрально-азиатских. Целью регулирования данной проблемы в регионе является обеспечение устойчивого демографического развития, укрепление национальной безопасности каждой страны региона, эффективный контроль над миграцией и эффективное применение и распределение этой трудовой силы, которая в большой степени развивает экономику государств. Каким образом? Для принимающей страны - удовлетворение потребности растущей экономики в трудовых ресурсах, для остальных - рациональное решение проблем безработицы, которые, конечно, несмотря на это, в перспективе будут решаться другим путем - предоставлением рабочих мест на Родине. Что же ОБСЕ может сделать в данной ситуации? Мы знаем, что Казахстанская экономика, на данном этапе развития нуждается в кадрах в большом количестве, что является больным вопросом демографии нашего государства. Но кадры нужны не простые, а уже, по причине развития, модернизации и строительства предприятий новейшего образца, квалифицированные. То есть, важнейшая задача - реализация интеллектуального и физического потенциала этой весьма многообещающей массы людей, которых для начала нужно обучить. И это требует затрат. Но, в данном случае, при основании межгосударственных двусторонних, многосторонних соглашений между республиками, они уже станут прибыльными инвестициями в будущее этих стран. Развивая кадры, экономику, государства с отсталыми экономиками перестанут тянут развитые государства вниз и даже в перспективе могут начать конкурировать. Решив такую задачу, ОБСЕ одновременно решает и другие, вытекающие проблемы, которые были упомянуты выше. Интересно, что эта проблема затрагивает интересы последних двух «корзин» ОБСЕ, но конкретнее было бы ее отнести ко второй. Таким образом, большой толчок для экономики Центральной Азии - развитие качества трудовых ресурсов, задействованных в миграционных процессах [3].

Сбалансированное потребление водных ресурсов - проблема становится с каждым годом все серьезнее. Реки являются трансграничными, экосистемы бассейнов находятся под угрозой. Решение этого вопроса важно и на сегодняшний день, и в перспективе. Только на первый взгляд эта проблема достаточно проста. На самом деле она принципиальна. Для Узбекистана нехватка воды - это катастрофа в прямом смысле слова. Из-за нехватки воды в ряде регионов Узбекистана уже можно говорить о социальном и экологическом кризисе. Аналогичная проблема сложилась и в Туркменистане. Если государства, располагающиеся в нижнем течении рек Амударьи и Сырдарьи (Казахстан, Узбекистан, Туркменистан), постоянно испытывают дефицит воды, то государства верхнего течения (Кыргызстан и Таджикистан) сталкиваются с проблемой обеспечения топливными ресурсами из соседних стран для загрузки электростанций в зимний период времени, что приводит к дополнительному использованию гидроэнергетических сооружений. Однако работа гидроэлектростанций зимой на полную мощность чревата рядом негативных последствий: уменьшением объемов водохранилищ, превышением объемов сброса воды в приграничные области соседних государств. Таким образом, проблема рационального использования водно-энергетических ресурсов в Центральной Азии давно вышла на уровень межгосударственных отношений и, к сожалению, является предметом острых разногласий.

Имеются проблемы и внутри региона, выделяются из них социально-экономические. Этап реформирования политики и экономики создает в странах Центральной Азии определенные трудности. За период реформ Казахстан сумел привлечь инвестиции, сохранить и модернизировать свой промышленный ресурс, хотя еще и не преодолел сырьевую направленность экономики. В то же время в других государствах региона по объективным причинам рост экономики идет замедленными темпами.

Для реализации торгово-экономического сотрудничества между странами региона сформирована определенная договорно-правовая база, созданы региональные и межрегиональные экономические интеграционные объединения (СНГ, ЕЭС), разрабатывается предложение о создании Союза ЦАГ. В постоянном поиске оптимальных решений находятся вопросы формирования, совершенствования эффективных механизмов водного и энергетического обмена, дальнейшего углубления интеграционных связей.

Таким образом, ОБСЕ как организация разносторонная, заинтересованная в данном сотрудничестве по объективным причинам и имеющая за спиной багаж опыта доминирует перед всеми другими. Учитывая поднявшийся престиж Республики Казахстан после председательства в ОБСЕ в 2010 году и акцент этого же председательства на регионе Центральной Азии, можно говорить о том, что организация увидит потенциал и предпримет соответствующие меры [4].

В заключение хочется еще раз подчеркнуть, что регион Центральной Азии - уникален. Много споров даже о том, какое определение дать термину «Центральная Азия». Характеристика региона дает представление о том, насколько сложными процессами связаны эти государства. Интеграция стран Центральной Азии тоже порождает огромное количество дискуссий, именно поэтому регион в последнее время вызывает интерес экспертов.

Перечисляя достижения ОБСЕ в регионе, натыкаетесь на мысль, что их не особо много и они зачастую поверхностны. Но именно это подталкивает искать новые цели, новые проблемы, новые задачи. В итоге обе стороны будут иметь пользу от такого сотрудничества - каждая свою, ведь если начинается взаимодействие с международной организацией, оно должно быть оправдано.

ЛИТЕРАТУРА

1. Султанов Б.К. Актуальные проблемы обеспечения безопасности в Центральной Азии // Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия: Материалы VI Ежегодной Алматинской конференции. - Алматы: КИСИ при Президенте РК. - 2010. - С.52-53

2. Рахматулина Г.Г. Перспективы сотрудничества государств Центральной Азии в водохозяйственной сфере // Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия: Материалы VI Ежегодной Алматинской конференции. - Алматы: КИСИ при Президенте РК. - 2013. - С.212-227

3. Кушкумбаев С.К. Опыт ШОС во взаимодействии Китая со странами Центральной Азии // Центральная Азия - Китай: состояние и перспективы сотрудничества: Материалы международной конференции. - Алматы: КИСИ при Президенте РК. - 2011. - С.63-71

4. Куттыкадам С. Роли ОБСЕ и Центральной Азии в новых измерениях // ОБСЕ и процессы демократизации в контексте региональной безопасности: материалы международной научно-практической конференции. - Алматы: КИСИ при Президенте РК. - 2012. - С.23-28

УДК 330

РОЛЬ ИННОВАЦИЙ В ФОРМИРОВАНИИ СТРАТЕГИИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Абдирахманова Р., магистрант, КГУТИ им.Ш.Есенова, г.Актау

Аннотация: В статье представлен инновационный подход к осуществлению производственной деятельности компаний, как единственный способ поддержания высоких темпов роста производительности труда, и уровня рентабельности.

Ключевые слова: Иинновационный подход, инновационный потенциал, инновация, конкурентоспособность, предприятие, рынок, эффективная система маркетинга.

В настоящее время, когда рынок освободился от подавляющего множества иностранных конкурентов, отечественные производители начали борьбу за потребителя между собой. На собственном опыте развитые страны доказывают, что побеждает тот, кто предпочитает действовать на основе внедрения инноваций, а главной целью их стратегии выступает разработка новых продуктов и услуг.

В наибольшей степени предприимчивые бизнесмены не растерялись в рыночных условиях. Они сумели адаптироваться к рынку и создать отделы маркетинга, которые находятся в тесной связи с потребителями. В это же время были установлены новые системы управленческого учета, которые могли показать реальную картину финансового положения предприятий. Но оказалось, что этого мало для создания долгосрочной конкурентоспособности компаний. Только инновационная деятельность может оказать существенное влияние на формирование конкурентной стратегической концепции промышленного предприятия.

И в заключении необходимо сказать, что экологический аудит должен занять равноправное положение наряду с экологической экспертизой и экологической инспекцией. Главным его преимуществом является то, что экологический аудит позволяет без дополнительных финансовых вложений усилить управление охраной окружающей *природной среды.* Поэтому государство заинтересовано в развитии экологического аудита и создании соответствующей правовой и нормативной базы для его функционирования. Экологический аудит должен быть основан на экологическом учёте. Понятие экологического учета ещё не приобрело окончательного осмысления и логической завершенности в виде комплексно сформированной системы знаний в экономико-экологической теории и практике.

ЛИТЕРАТУРА

1. Экологический кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.01.2016 г.)
2. Кочинев Ю.Ю. Аудит. – Санкт-Петербург: «Питер», 2006 – 400с.
3. Шарипов А. К. Проблемы развития экологического аудита в Республике Казахстан //Молодой ученый. — 2012. — №5. — С. 257-260.
4. http://nacecoaudit.kz/

ӘОЖ 33.335

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ , ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Адилханова Т. Ж., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.
Ғылыми жетекші: Конысбаева А.А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Жылжымайтын мүлік нарығының қызмет етуі мен нарық жағдайы, нарық мәселелері басқа экономикалық салаларға өз әсерін тигізеді, нарықтың дамуы тікелей инвестицилардың көрсеткішінеде оң ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, экономикалық мәселелерге әсер етіп қана қоймай, елдің тұрмыс тіршілігінің дамуына жаңа серпін береді.

Түйінді сөздер: жылжымайтын мүлік, жылжымайтын мүлік нарығына қатысушылар, жылжымайтын мүлік жағдайы, жылжымайтын нарық мүмікіндіктері.

Жылжымайтын мүлік нарығы ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі және қарқынды дамушы рыноктардың бірі болып табылады, жылжымайтын мүліктер нарығы ауқымы кең нарық болып саналады. Тұрғын үй – нарықтық экономикада экономиканың түрлі секторының даму қарқының және халықтың, жалпы елдің келешегіне деген сенімін бейнелейтін өсімнің көрнекті көрсеткіші. Тұрғын үй мәселесі кеңес дәуірі кезінен – ақ шешуі қиын мәселе болатын. Ел экономикасы өтпелі кезеңнен өтіп, дамудың даңғыл жолына түскен шақтан бастап халықтың саны өсіп, тұрғын үйге

деген сұраныс еселеп артты. Жеке тұрғын үй баспанасының болуы – әрбір отбасы үшін бірінші кезекті қажеттілік. Бұрынғы кеңестік жүйеде мемлекеттік тұрғын үй құрылысы үшін бюджет ресурстарының орталықтандырылған бөлінісі мен тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін кезекте тұрған азаматтардың арасында тегін бөліп беруді бейнелейтін еді. Қазақстанның тәуелсіздік алып, нарықтық қатынастарға өтуі бұл үлгінің сәйкессіздігін көрсетті. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету және құрылысты бюджеттік қаржыландырудың қысқаруы жағдайында тұрғын үйге қол жеткізудің негізгі көздері тұрғындардың өз қаражаттары мен әлемнің экономикасы дамыған елдеріндегідей банктік несиелер ғана болып қалды.

Қазақстан экономикасының дамуы, сондай – ақ халықтың басым бөлігінің өз тұрғын үй жағдайларын жақсартуға деген ұмтылысы республикада жылжымайтын мүліктер нарығын кеңінен өрістетуге себепші болды. Қазақстан Республикасында халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етудегі 2016 - 2020 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру – еліміздің әлеуметтік бағытта қарқынды дамуының нақты белгісі/1/.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардытұрғын үймен қамтамасыз етудің барлық жағдайларын жасау қажеттілігі бекітілген. Тұрғын үй мәселесі қазіргі заманның өзекті әлеуметтік мәселелерінің бірі ретінде сақталып отыр/2/.

SWOT-талдау әдісін саяси ғылымдарда осы уақытқа дейін А.А. Нұрмағамбетов пен Е.Қ. Алияров сынды т.б. ғалымдар қолданды. Әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, оның мүмкіндіктері бағаланып, орын алатын қатерлері туралы айтылады. SWOT-талдау жүргізу барысында автор жоғарыда аталған ғалымдардың ережелеріне сүйенді/3/.

S-(Strengths) Әлді жақтар	W-(Weaknesses) Әлсіз жақтар
1. Жалдық тұрғын үй нарығына деген сұраныстың болуы 2. Ішкі және сыртқы еңбек миграциясының және демографиялық факторлардың қарқыны 3. Жоғары табысты бизнестің түрі 4. Жалға берілетін үйдің түрінің қазіргі уақытта толыққанды қалыптаспауы 5. Жекеленген тұтынушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыру мүмкіндігі	1.«Көлеңкелі» жалдық нарықтың жұмыс істеуі 2.Қоғамдағы баспанаға сұраныс мөлшерінің ұсынымнан жоғарлығы 3.Заң актілерінің жетімсіздігі 4.Жалдық тұрғын үйлердің басым бөлігінің қайталама тұрғын үй нарығынан берілуі 5.Қоғамда жалдық тұрғын үй нарығы туралы ақпараттардың аздығы
O-(Opportunities) Мүмкіндіктер	**T-(Threats) Қауіптер**
1. астапқы тұрғын үй нарығында тұрғын үйдің жаңа түрінің пайда болуы 2. Мемлекеттік және коммерциялық негіздегі жалдық тұрғын үйлердің ұсынылуы (табысты және коммуналдық үйлер). 3. Баспанаға деген сұраныс қалыптасқан, тұрғын үй сегментіне ие болу 4. Жалдық төлемдердің мөлшері арқылы қажетті нарық сегменттеріне ие болу **5.** Жалдық тұрғын үй нарығында жұмыс істейтін жаңа ұйымдардың қалыптасуы және жаңа жұмыс орындарының ашылуы	1.Еңбек миграцияларының шектелуі 2.Мемлекеттегі демографиялық өсімнің баялауы 3.Жеке меншік тұрғын үйге қол жеткізудің мүмкіндіктерінің пайда болуы жалдық үйлер қызметіне деген сұранысты азайтады 4.Құрылыс индустриясындағы көрсетілетін қызметтер мен құрылыс материалдарының қымбаттауы 5. Жалдық тұрғын үй нарығында бәсекенің пайда болуы

Қоғамның сыртқы ортасын талдау үшін сыртқы орта факторларының қайсысы қоғамның даму стратегиясын іске асыру перспективаларына айтарлықтай әсер етуге қабілетті екенін айқындауға мүмкіндік беретін факторлық талдау жүргізілді.

Барлық факторлар төрт топқа бөлінді:

1. Саяси және құқықтық.
2. Экономикалық.
3. Әлеуметтік.
4. Технологиялық және техникалық [4].

«Ақылды қалалар» немесе SmartCity құру проблемасы қазіргі уақытта «жаңа урбанизм» жалпы тұжырымдамасында, сол сияқты қалалық ортада инновациялық технологияларды пайдалану практикасы тұрғысынан да айтарлықтай өзекті болып табылады/5/.SmartCity ұғымы кеңінен алғандағы мағынасында қалалық тыныс- тіршілік жүйелерін экономикалық және экологиялық пайдалануды көздейтін инновациялық технологияларды қолдану есебінен қазіргі заманғы өмірдің сапасын қамтамасыз етуді білдіреді.

Қалалардың, қала аудандарының инфрақұрылымы мен объектілерін құру үшін инновациялық технологияларды пайдалану екі бағыт бойынша жүзеге асырылады.Біріншісі – бұл қазіргі бар қалаларды жаңғырту мысалы WaterfrontToronto (Канада), Cyberport (Сингапур), MultimediaSuperCorodor (Малайзия) халықаралық жобалары, сондай-ақ Берлин, Барселона, бразилиялық Куритиба сияқты қалалардың өзгеруі. Екіншісі – SmartCity құрудың өршіл мақсатты жобаларын артық немесе кем жетістікпен іске асыру үшін басынан бастау. Неғұрлым айқын мысал Біріккен Араб Әмірліктерінің Масдары болып табылады – бұл күн энергиясымен, басқа да жаңартылатын энергия көздерімен қамтамасыз етілетін және атмосфераға өте аз мөлшерде көмірқышқыл газын шығаратын орнықты экологиялық ортасы, сондай-ақ қала тыныс-тіршілігі әрекетінің қалдығын толық қайта өңдеу жүйесі бар әлемдегі алғашқы қала жобасы. Мұндай жобалардың қатарына жаңадан салынып жатқан Джазан (Сауд Аравиясы), PlanlT (Португалия), Лаваса (Үндістан), Сонгдо (Оңтүстік Корея), «Искандар Малайзия» және басқалары жатады/6/.

Әлем мемлекеттері ішінде дамуы және халықтың өмір сүру деңгейлері бойынша алғашқы ондыққа кіретін, мемлекеттерде жүргізілген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформаларын қарастыру арқылы бұл саланы дамытудың қолайлы және тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік бар. Жеке меншіктегі тұрғын үйлер, коммерциялық, немесе әлеуметтік жалдық, тұрғын үйлер, сондай- ақ мемлекеттік, яғни муниципалды, үйлер тәрізді тұрғын үй нарығының үш компоненті қалыптасқан жағдайда тұрғын үй қоры құрылымының тиімділігі жоғары болатындығын шетелдік тәжірибелер көрсетіп отыр.

Нарық инфрақұрылымының кеңеюі тұрғын үй құрылысының көлемі мен сапасына тікелей әсер етіп қана қоймай, тұрғындардың қолайлы жағдайда тұрмыс кешуіне себепші болады. Сондықтан тұрғын үй нарығын дамыту бағыттарын анықтау және ұтымды ұйымдастыру қоғам үшін аса маңызды. Тұрғын үй ерекше тауар, оның құны мен оған деген сұраныс пен ұсыныс арасында көптеген келеңсіздіктер соңғы кездері жиі кездесуде, мұны мемлекет тарапынан реттеу жағдайларын қарастыру аса маңызды орынға ие болды және Қазақстанда Мемлекеттік Тұрғын Үй бағдарламалары қабылданып, іске асырылуда. Тұрғын үй нарығын дамытуға мемлекеттік, жергілікті органдар, банктік қаржы ұйымдары, ірі кәсіпорындар және т.б. мекемелер өз үлестерін қосуда, ал олардың қызметінің нарықта ұтымды жүргізілуі экономикалық дамуға оң әсер береді және экономиканың басқа да салаларына өз ықпалын тигізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://sk.kz/page/gosudarstvennaja-programma-dostupnoe-zhile-2020
2. Кулумбетова Л.Б. Этапы и тенденции развития рынка жилья в Казахстане // Вестник КазАТК. – 2007. – №4. – С.181-187.
3. https://business.gov.kz/ru/aspiring-entrepreneurs/glossary/detail.php
4. https://ru.wikipedia.org/wiki/PEST-
5. http://www.inform.kz/kz/kr-idm-astana-ushin-akyldy-kalalar-salasynda-negiz
6. http://www.inform.kz/kz/kr-idm-astana-ushin-akyldy-kalalar-salasynda-negiz

ӘОЖ 332

КӘСІПКЕРЛІК – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖЕТЕКШІ КҮШІ

Кубигулова Раушан Тұрарқызы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.,

Андатпа: Қазіргі уақыттағы шағын кәспорындардың маңызы, олардың жоспарлы экономиканың бос қалған аумақтарын тиімді толтыруы мен кейде үлкен бизнес қолға алуға дайын емес қызметтер мен атқарымдарды жүзеге асыруына негізделген. Шағын бизнес нарықтың нәтижелі жұмыс жасауына аса қажетті жеке меншіктің таза күйінде кездесетін жалғыз секторы.

Түйіндіті сөздер: кәсіпкер, бәсеке, бизнес, экономика, несие.

Қазіргі жағдайда кәсіпкерлікті белсенді дамыту нақты бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін, көптеген елдердің мемлекеттік бағдарламаларының құрамдас элементі болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет экономиканы ынталандыруға және тиімді нарықтық механизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал, нарықтық экономикадағы шағын және орта бизнес – экономиканың өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайтын жетекші сала. Кәсіпкерліктің барлық формаларын қолдау және ынталандыру бүгінгі күні Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады, сондай-ақ елдің экономикасын дағдарысты жағдайдан шығаратын механизм ретінде қарастырылады.

Шағын кәсіпкерліктің басты артықшылығы – олардың ірі бизнес субъектілеріне қарағанда дағдарыс кезеңіндегі кедергілерге төтеп беруі мен кез-келген қиын жағдайға бейімділігі. Ал ірі фирмалар экономикадағы өзгерістерге тез жауап бере алмайды. Шағын және орта кісіпорындар экономикадағы іс-әрекеттердің жалпы жағдайының индикаторына айналуда. Олар шаруашылық конъюнктурасының өзгеруіне, салалардағы пайда нормасының төмендеуі немесе жоғарлауына жауап бере алады. Кәсіпорын қызметінің тоқтауы немесе жаңа кііпорындардың пайда болу толқыны монополияландырылмаған салада басталады және олар кейін күш жинай отырып ірі кәсіпорындарға ұласады. Өндірістің құлдырауы жағдайында ірі кәсіпорындар өз қызметін капитал экспортына бұрады. Бұл өзінің өнім өндіру және оны сату қызметін қайта қарастыруды қажет етеді. Ал шағын фирмалардың мұндай мүмкіндіктері бола бермейді. Олардың дағдарыс кезінде дамуы экономиканы сауықтырудың маңызды құралы болып табылады.

Біздің жағдайда шағын және орта бизнес ірі өндіріс кәсіпорындарының тоқтаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін байланыстырушы топ ретінде қызмет етуде. Экономикада шағын және орта бизнес кәсіпорындарының шешуші рөл атқаратын салалары бар. Олар: біріншіден, қызмет көрсету саласы, соның ішінде машиналар мен құрал – жабдықтарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету, кеңес

беру қызметтері; халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, екіншіден, сауда-саттық операциялары, сонымен қатар делдалдық қызметтер.

Шағын және орта бизнесті дамытудағы басты жетістіктің шарты мемлекеттің жан-жақты және тұрақты қолдауы болып саналады. Қолдау әртүрлі формаларда жүзеге асырылады: артықшылығы бар өнім түрлерін өндіруді ынталандыру; салық жеңілдіктерін ұсыну жеңілдетілген банктік несиелеу; ақпараттық – кеңістік және ғылыми – техникалық орталықтарды құру; сақтандыру жүйесін дамыту материалдық – техникалық жабдықтауды ұйымдастыру; оған қоса арнайы заңнамаларды қабылдау мен олардың орындалуын қадағалау [1].

Кәсіпкерлік – экономиканы әртараптандырудың өзегі. Тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа нарықтарды игеруге, инновациялар ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер тобын құру керек. Нақ осы кәсіпкерлер экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші болып табылады. XXI ғасырдағы Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртылуының стратегиялық алғышарттарының бірі кәсіпкерліктің құрылуы, оның дамуы болып есептеледі.

Қазақстанның барлық аймақтарында кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамытуды және олар ұсынатын ақпараттық және кеңес беретін технологияларды қолдау инфрақұрылымының барлық субъектілерінің күшін біріктіру, олар ұсынатын қызметтерді стандарттау орталықтандырылған алыс-беріс және осы саладағы шетелдік сәтті тәжірибені қабылдау арқылы қамтамасыз ету бүгінгі өмір талабы екені ақиқат.

Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. «Шағын және орта бизнесті дамыту – XXI ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түсуде».

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістете түсуге тиіспіз. Шағын және орта бизнес – біздегі жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі. Оны дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажет. Бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керек. Шағын және орта бизнес ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс.

Шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын механизмдерін енгізген жөн. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Сондықтан еліміздегі ірі өнеркәсіп орындары мен шағын кәсіпкерлердің арасында әріптестік қатынас орнату жолымен бәсекеге қабілетті нақты сектор құру үшін мемлекет кешенді іс-шаралар жүргізуі тиіс.

Кәсіпорындар деңгейінде әдептілікті, әлеуметтік жауапкершілік, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық элементтерін төмендетуге әкелетін мемлекеттік қызметкерлердің корпоративтік қызметін жоғарылататын маңызды элементтерге ерекше көңіл бөле отырып, кәсіпорын жетекшілерінің экономикалық сауаттылығын арттыратын және кәсіпкерлердің инновациялық жаңалыққа талпынысын қолдайтын бағдарламаларды әзірлеу жүйесін енгізу керек. Осылайша, мемлекет бүгінгі күні кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің нарықтық экономиканың толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асыруларына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Шағын және орта кәсіпорындармен жұмыс істеуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылуда. Кәсіпкерлерге атаулы қолдау көрсетуді жүзеге асыратын арнаулы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, қазіргі кезде ол табысты жұмыс жүргізуде.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсету үшін бірнеше мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР-ның заңы қабылданған.

Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі макро және микродеңгейде қалыптасатын факторларға байланысты. Микродеңгейде кәсіпкерліктің құрылуы мен дамуының шешуші факторы өндіріс көлемі, орындайтын жұмысы мен қызметінің көлемі болып саналады. Бүгінгі күні бизнес кәсіпорындарын ірі, орта, шағын деп бөлу қарастырылады. Шетелдік тәжірибеде қандай да болмасын тұрғыда шағын кәсіпорынның ірі кәсіпорынмен салыстырғанда елеулі артықшылығы бар.

«2020 жылға дейінгі бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың келесі түрлерін беру көзделген:

- несиелер бойынша проценттерді төлеуге кететін шығындарды субсиядиялау;
- несиелерге кепілдік беру;
- өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау;
- бизнес жүргізуді сервистік қолдау (консалтингтік қызметтер, заңгерлік және бухгалтерлік қызмет көрсету және тағы басқалары);
- кадрларды даярлау.

Президент соңғы жолдауында Ұлттық қордан 1 трлн теңге бөлінетінін атап өтті. Тек биылдың өзінде экономикаға 500 млрд. Теңге бөлінеді. Соның 100 млрд теңгесі шағын және орта бизнеске 250 млрд теңгесі проблемалы несиелерді шешуге, 150 млрд теңгесі индустрияландыру жобалары мен олардың инфрақұрылымдарына жұмсалады[2].

Қорыта келгенде, Қазақстанда құрылған шағын және орта бизнес субъектілерінің дамуы экономикалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды. Ал, кәсіпкерліктің жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсетілуде. Жалпы шағын және орта бизнес экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысынан нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ, 17 қаңтар 2014 ж.

2. Шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жаряланды. «Экономика» газеті. - №13 (342). – 3-9 сәуір 2014 ж.

ӘОЖ 336.5

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ – ДАРА ЖОЛЫ!

Кубигулова Раушан Тұрарқызы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ,Ақтау қ.

Андатпа: мақалада қоғамымыздың ертеңгі болашағы – бүгінгі жас ұрпақ. Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, еңбексүйгіштікке, шыншылдыққа үндеп отырған. Өз еліне, туып-өскен жеріне, тіліне, дініне, мемлекетіне деген шынайы сүйіспеншілігі.

Түйінді сөздер: рухани, тарих, дәстүр, насихат, мақсат.

Елбасымыздың жаңғыруы өскелең ұрпақтың болашақта дамуына жаңа леп алып келген Елбасының соңғы жолдауы жаңа жаңғырық, жаңа бастама жаршысына айналғаны хақ. Түп тамырыз тарихтан бастау алған рухани жаңғыру барлық айтулы кезеңді қамтып, бәсекеге қабілетті елге айналудың жолын бірізді жоспарға қойған. Еліміздің бағдарлы болашағы үшін басылып шыққан жолдаудың бүгінгі жас пен келешек ұрпаққа берері мол. Әлемдік дамыған мемлекеттермен тереземіз тең, керегеміз кең, шаңырағымыз шайқалмай, экономикалық, әлеуметтік тұрғыда талмай дамудың қыры мен сырын сарабдал саясатымен Көшбасшысымыз уақытылы бұқара халыққа дәл жеткізді. Ықылым заманнан, қазақ тараған сақ тайпасынан бастап, тайға таңба басқандай ғасырлар бойы елдігіміздің тұтқасы, тамыры, түбі, тегі болатын тарихты толықтай тілге тиек ете отырып, тарихтан кеткен қателіктерге бой алдырмай, ғұмырлық сабақпен еліміздің азаттығын одан әрі асқақтата түсу жолында жасалған құнды рухани жаңғыру болып табылады. Тарихы, дәстүрі, салт-санасы жоқ ел болмайтыны сияқты, рухани құндылығымызды уақытылы қолда ұстап қалып, асылдың сынығы, көненің көзі болған жәдігерімізді жарты жолда қалдырмай, аумалы-төкпелі заманда жастарға мұра ету әрқайсысымызға азаматтық парыз. Сондықтан да барша Қазақстан үшін үгіт насихат етуге тұрарлық жаңа бастаманың айтары көп, тағылымы мол. Тәуелсіздікке қол жеткізу қиын, ал, оны орнында ұстап тұру одан да ауырға түсетіндіктен, жолдаудың әр тармағына жіті назар аударып, орындалуына орасан зор еңбек ету керек. Білімді дамыту, ең үздік жүз қазына кітапты шет елге аударып таныту, шет елдің алдыңғы шығармаларын, маржанға толы кітаптарын ана тілімізге аударып, жастар танымын кеңейтіп, біліктілігін жетілдіріп, жетістігіне куә, жемісін ұлт игілігіне арнайтын азамат тәрбиелудің жолына жолдау жеке тоқталған. Тілің жоқ болса, ділің де, елдігің де болмайтыны анық. Тілсіз аңмен бірге аң болып, шаңмен бірге шаң болып, ұстағанның аузында, тістегеннің қолында кетесің. Қазақ тілінің мәртебесін асқақтату, дүние жүзіне таныту, тынысын кеңейту үшін латын әліпбиіне көшу шарасын жолдау аясында тоқталған. 2025 жылға дейін еліміздегі барша кітапты, жазуды латын әрпіне көшіріп, қазақ тілін, тұғырын сақтауға негіз болатын әрекетке нық қадам жасамақшы. Ұлт үшін шырылдап, жанын беруге даяр аға буын қолдай кеткен латын әліпбиі әлемдік көзқарас пен қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыратын, дүбірлі дүниеге танытатын, табысқа жетелейтін жаңа бастама деп айта аламын. Еліміз үшінші жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан шақта, Елбасының үшінші жаңғыруы, жаһандық жариялымға лайық бағыт.

Алайда, мұқалмас мақсатқа жету жолында ойымыз ісімізден алда, еңбегіміз ауқымды, іргелі істерге ұйытқы болуы тиіс. Дүние жүзінде сана сезім өзгеріп, құндылықтар орны ауысқан заманда халық руханиятын қорғап, ұлттық кодымызды сақтасақ, еліміздің көсегесі көгеріп, кемелдікке қол жеткізетініміз анық.[1]

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгініміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар

Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму Түйіндіі білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес –жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды:

Ғаламданудың жаһандық жүйесіне еніп, XXI ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың Түйіндіі екенін атап айтты.

Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеалогияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті.

Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. XX ғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қортты. Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – 5 қазан 2018 ж.

УДК 334.012.6(574)

РАЗВИТИЕ И РИСКИ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РК

Ма Цян, Каргаева Г.М. , магистранты КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау
Научный руководитель: Еркулова Гульмира Сериковна., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье раскрывается проблемы развития малого и среднего бизнеса, как одного из приоритетных направлений индустриально-инновационного развития Республики Казахстан и как основы стабильного гражданского общества. Малый и средний бизнес выполняет огромную социальную роль, поддерживая экономическую активность большей части населения, обеспечивает значительные налоговые поступления в бюджет, а также определяет темпы экономического роста, структуру и качество валового национального продукта. Также рассмотрены способы уменьшения предпринимательских рисков в РК.

Ключевые слова: индивидуальное предпринимательство, предпринимательская активность, малый и средний бизнес, предпринимательские риски.

Одним из важнейших стратегических факторов устойчивого экономического развития и достижения нормального уровня жизнеобеспечения населения является формирование цивилизованного современного предпринимательства в экономическом пространстве, во всех сферах и отраслях производства, на каждом предприятии и в их объединениях. Предпринимательство стало реальным стратегическим ресурсом, который является одним из основных факторов выхода из глубокого экономического кризиса на путь устойчивого экономического развития и входа в качестве равного субъекта мировых рыночных отношений в мировое хозяйство, нужно правильно понять экономическую сущность и содержание предпринимательства.

Для экономического развития необходимо наличие массы предпринимателей, обладающих соответствующими способностями, знаниями, профессионализмом, соответствующим опытом.

Конечно, для того, чтобы выжить в этой обстановке, приходиться учится и тому, как скрыть свои истинные доходы, иметь успех в спекулятивной деятельности, адаптироваться в криминальной, коррупционной, перераспределительной и другой атмосфере. Но такая «наука» не способствует формированию подлинных предпринимателей, способных получать устойчивый, высокий предпринимательский доход, а предпринимательским структурам быть устойчиво конкурентоспособным на региональном, национальном и мировых рынках. Именно предпринимательский доход является важнейшим внутренним источником развития экономики, и вследствие этого подлинные предприниматели являются той производительной силой, которая превращается в стратегический фактор развития национальной экономики.

Одним из основных приоритетов экономической политики является развитие малого предпринимательства. Малое и среднее предпринимательство должно использовать свою гибкость, мобильность, рыночную объективность для ускоренного поиска своего места в инновационной экономике. Государство, в свою очередь, создает благоприятный бизнес климат и условия для реализации инициатив предпринимательской среды и нацеливает свою помощь на предприятия малого и среднего предпринимательства, которые имеют наибольший потенциал с точки зрения своей конкурентоспособности и повышения научно-технологического потенциала страны. [1]

После обретения независимости малое предпринимательство в Республике Казахстан развивалось достаточно динамично. В 2017 г. количество зарегистрированных субъектов малого и среднего бизнеса составило 1145,9944 тыс. единиц, увеличилось в 11 раз. И по состоянию на 1 января 2018 года количество действующих субъектов МСП по сравнению с соответствующей датой предыдущего года увеличилось на 3,6 %. В общем количестве субъектов МСП доля индивидуальных предпринимателей составила 65,2 %, юридических лиц малого предпринимательства – 18,2 %, крестьянских или фермерских хозяйств – 16,4 %, юридических лиц среднего предпринимательства – 0,2 %/ [2]

Частное предпринимательство было определено как инициативная деятельность граждан и негосударственных юридических лиц, направленная на получение дохода, основанная на собственности самих граждан (индивидуальное предпринимательство), или негосударственных юридических лиц (частное предпринимательство юридических лиц) и осуществляемая от имени граждан или негосударственных юридических лиц за их риск и под их имущественную ответственность .

В соответствии с действующим Законом основными целями государственного регулирования частного предпринимательства (в том числе индивидуального) являются создание наилучших условий для развития частного предпринимательства и защита интересов государства и прав потребителей.

Государственное регулирование частного предпринимательства основывается на следующих принципах:

- гарантия свободы частного предпринимательства и обеспечение его защиты и поддержки;
- равенство всех субъектов частного предпринимательства на осуществление предпринимательской деятельности;
- гарантия неприкосновенности и защиты частной собственности (собственности субъектов частного предпринимательства);
- приоритет развития малого предпринимательства в Республике Казахстан;
- участие субъектов частного предпринимательства в экспертизе проектов нормативных правовых актов, затрагивающих интересы частного предпринимательства [3].

Индивидуальное предпринимательство с использованием формы простого товарищества осуществляется в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан.

В период с 2005 по 2017 год прослеживаются следующие тенденции: - количество индивидуальных предпринимателей за 12 лет увеличилось на 123 %, что привело к заметному изменению структуры активных МСП: рост доли ИП – с 58,6 % в 2005 году до 73,6 % в 2017 году; - количество крестьянских (фермерских) хозяйств остается на неизменном уровне. Но в результате увеличения количества ИП доля КФХ в структуре активных МСП сокращается: если в 2005 году она составляла 30,9 %, то в 2017 году – 17,5 %; - количество предприятий МСП с 2005 года выросло на 49 %. Доля предприятий МСП в структуре активных МСП с 2005 года сократилась на 1,7 процентных пункта и составила в 2017 году 8,8 %. Из них юридических лиц малого предпринимательства – 8,0 %, юридических лиц среднего предпринимательства – 0,5 %. При этом 8 % предприятий малого предпринимательства выпускают 51,4 % всей продукции МСП. 73,6 % индивидуальных предприятий выпускают лишь 6,2% продукции, обеспечивая 40,4% занятости населения в секторе МСП. В сравнении с данными 2005 года произошло изменение структуры субъектов МСП в отраслевом разрезе: доля субъектов МСП в торговле увеличилась на 5 %; в сельском хозяйстве — снизилась на 14 %. В сфере транспорта и связи осуществляют свою деятельность 8 %

активных субъектов МСП, в сфере строительства – 2,7 %, в промышленном секторе – 3%. Показатели доли активных субъектов МСП в данных трех отраслях экономики в сравнении с 2005 годом практически не изменились. Следует отметить, что 3% предприятий промышленности дают 22,4 % общего выпуска продукции МСП, в то же время 42 % МСП, занятых в торговле обеспечивают 24% выпуска продукции. Такая диспропорция свидетельствует о большей добавленной стоимости произведенной промышленностью продукции.[2]

Развитие малого бизнеса происходит сейчас в основном в посреднической сфере и в отраслях, не требующих значительных капитальных вложений: в торговле, общественном питании, в строительстве гражданских объектов, мелком ремонте техники и машин, а сельском хозяйстве. Между тем такой мощный рынок, как сфера научно-технических новшеств и информации, не осваивается. В региональном разрезе наибольший вклад выпуск продукции осуществляют субъекты МСП городов Астана и Алматы, объем выпуска которых составляет 45 % общего выпуска продукции МСП страны (6 620 млрд. тенге). Среди остальных регионов наибольший уровень выпуска продукции обеспечили субъекты МСП ЗападноКазахстанской (1 184 млрд.тенге), Алматинской (866 млрд. тенге), Южно-Казахстанской (723 млрд. тенге), Мангистауской(667 млрд.тенге), Карагандинской (646 млрд. тенге), Атырауской(598 млрд. тенге) областей. Наименьшие объемы продукции МСП наблюдаются в Кызылординской (249 млрд. тенге), Жамбылской (307 млрд. тенге), Северо-Казахстанской (322 млрд. тенге) областях. Численность занятых в сфере МСБ за 2015 г. достигла 3 146, 6 тыс. человек, что составляет 34,7% от общей численности занятых в республике, в развитых странах этот показатель равен около 60%. Динамика данного показателя в период с 2005 по 2017 год имеет общую тенденцию роста: доля активно занятого в МСП населения увеличилась на 8,9 процентных пункта по отношению к 2005 году. За 2017 г. занятость в секторе МСП выросла на 336 тысячи человек, или 12 % [2]. Но в любом инвестировании капитала всегда присутствует риск.

Место риска в инвестировании капитала определяется самим существованием и развитием хозяйственного процесса. Риск является обязательным элементом любой экономики. Появление риска как неотъемлемой части экономического процесса — объективный экономический закон. Существование данного закона обусловлено элементом конечности любого явления, в том числе и хозяйственного процесса. Каждое явление имеет свой конец. Это только в математике существуют бесконечные величины. В объективных же явлениях все ограничено, все элементы имеют свой дефицит. Ограниченность (конечность) материальных, трудовых, финансовых, информативных и других ресурсов вызывает в реальности их дефицит и способствует появлению риска как элемента хозяйственного процесса. Таким образом, инвестирование капитала и риск всегда взаимосвязаны.

Успех в достижении цели предпринимательской деятельности сопряжен с риском, связанным с конкурентной непредсказуемостью. Поэтому для предпринимателя важно обладать умением предвидеть и оценивать прогнозируемый ущерб, в случае неудач.

Предпринимательский риск – вероятность возникновения неудач, материальных и иных потерь, связанных с осуществлением предпринимательской деятельности.

Различают следующие виды предпринимательских рисков:

Систематические риски – характерны для всех видов предпринимательской деятельности и определяются состоянием рынка, общеэкономической и политической ситуацией. К ним относят: изменение процентных ставок, инфляция, изменение цен, политические риски.

Специфические риски – недополучение дохода, обусловленное финансовым и технико–экономическим состоянием отдельного предприятия. Среди рисков этой группы выделяют: производственные риски, коммерческие риски, финансовые риски, экономические риски.

Рассмотрим следующие способы уменьшения предпринимательских рисков:

- привлечение к управлению предпринимательской деятельности грамотных менеджеров, работа с компетентными партнерами, компаньонами и консультантами;
- глубокая предварительная проработка решаемых работ;
- маркетинговая разведка и непрерывное прогнозирование конъюнктуры рынка;
- распределение риска между участниками и исполнителями предпринимательства;
- создание и использование резервных фондов на покрытие непредвиденных расходов, дополнительное финансирование, кредиты;
- страхование – передача определенных рисков страховой компании. Наиболее распространены имущественное страхование, страхование от несчастного случая, от всех видов предпринимательского риска [4]

В зависимости от группы риска гос.органы проверяют чаще субъектов высокой степени риска 1 раз в год, средней степени риска - 1 раз в 3 года, а незначительной - 1 раз в 5 лет. Результатом внедрения системы оценки рисков по информации Комитета по правовой статистике Министерства юстиции Республики Казахстан явилось уменьшение количества проведенных плановых проверок. «До внедрения систем оценки рисков и механизмов проведения планового и внепланового контроля количество проверок достигало порядка 500 тыс., а после сократилось до 300 тыс. и в последующие годы сократилась до 185 тыс.

Таким образом, в результате проводимых реформ за последние годы количество проверок в нашем государстве значительно сократилось. [5].

В целях формирования единой правовой базы контрольно-надзорной деятельности государственных в январе 2011 года принят Закон Республики Казахстан «О государственном контроле и надзоре в Республике Казахстан». Закон регулирует общие правовые основы государственного контроля и надзора в Республике Казахстан и направлен на установление единых принципов осуществления контрольной и надзорной деятельности, а также на защиту прав и законных интересов государственных органов, физических и юридических лиц, в отношении которых осуществляется государственный контроль и надзор.

В целях дальнейшего снижения административной нагрузки на бизнес в июле 2011 года Главой государства подписан Закон, предусматривающий повышение уровня ведомственных актов государственных органов, устанавливающих требования обязательные для бизнеса до уровня постановлений Правительства, указов и законов. Это позволит бизнесу получить доступ к нормативно-правовым актам, повысится его правовая грамотность и прозрачность нормотворческой деятельности государственных органов.

В целом, государственная поддержка диверсификации экономики будет осуществляться через реализацию системных мер экономической политики на макро и секторальном уровнях, а также селективных мер поддержки конкретных секторов экономики и проектов [6].

ЛИТЕРАТУРА

1. Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922 «Стратегический план Республики Казахстан-2020».

2. Статистические данные Комитета по статистике Министерства экономики РК 2017г.

3. Закон Республики Казахстан «О защите и поддержке частного предпринимательства» от 04.07.1992 года, Документ признан утратившим силу в соответствии с Законом Республики Казахстан от 31.01.2006N 124-3. ИС ПАРАГРАФ.

4. Закон Республики Казахстан «О частном предпринимательстве» от 31 января 2006 годаN 124-III. ИСПАРАГРАФ.

5. Электронный ресурс: http://baiterek.gov.kz/ru/gov-programs/msb-program

6. Закон Республики Казахстан от 06.01.2011N 377-IV ЗРК "О государственном контроле и надзоре в Республике Казахстан" ИС ПАРАГРАФ.

ӘОЖ 339.92 (574)

КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫ ЕЛДЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Мырзабаева Б.М., Махамбетова М. – М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы

Андатпа: мақалада Каспий жағалауы елдерінің халықаралық ынтымақтастығын қарастыру

Түйінді сөздер: рухани, тарих, дәстүр, насихат, мақсат.

Кеңес Одағы тарих сахнасынан жойылған соң қарт Каспий әлемдік маңызы ерекше геосаяси аймақ ретінде халықаралық қоғамдастықты, оның ішінде аса ірі мұнай-газ компанияларын қызықтыра бастады. Теңізге шектес елдерге әлемдік нарықта өзіндік орны бар корпорациялар делегацияларының келуі жиіледі. Уақыт өте келе Каспий аймағы Орталық Еуразиядағы геосаяси жағдайдың маңызды Түйіндііне айналды.

Каспийдің географиялық жағынан орналасуы оның маңызын ерекшелендіріп тұр. Өйткені ол Үлкен Таяу Шығыс, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия шекараларымен түйіседі. Сондықтан теңіз Еуразияны байланыстырушы коммуникациялық орталық болып табылады. Оған қоса, Каспийдің осындай тарихи бірегейлігі халықаралық көлік транзитін дамытуға, сол арқылы аймақта өндірілген көмірсутектерін әлемдік нарыққа экспорттауға қолайлы болып табылады.

Каспий теңізі бес мемлекет – Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан – территориясымен шектесетін, көлемі 440 мың шаршы шақырымға жуық әлемдегі ең ірі құрлықішілік су айдыны болып табылады. Географиялық тұрғыдан су айдыны солтүстік, орта және оңтүстік Каспий болып бөлінеді. Каспий – көмірсутегі, ірі акватория, түрлі сыртқы жүйелі геосаяси ойыншылардың алуан бағыттағы мүдделері тоғысқан жер. Аймақ көптеген әлемдік және аймақтық державалардың мүддесі тоғысқан «геосаяси үшбұрыш» болып табылады. Көмірсутектің, энергоресурстардың ірі қорларынан басқа, Каспий бір жағынан, Кіші және Орта Азияны, ал екінші бағынан – Европаны Оңтүстік-Батыс Азиямен және Қытаймен байланыстыратын трансконтинентальдық транспорттық дәліз болып табылады.

КСРО-ның құлауынан кейін ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, еуразиялық құрлық жаңа фундаменталды геоэкономикалық және геосаяси үрдістердің орталығына айналып отыр, оның нәтижесінде мемлекеттер мен макроаймақтар арасындағы халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінің және басқа өзара байланыстардың

құрылымы да өзгереді. Каспий маңы мемлекеттері – Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан осы үрдістердің ажырамас және белсенді қатысушылары болып табылады. Аймақтағы бес мемлекеттің ТМД мүшесі болып табылатын төрт ел үшін ортақ ішкі теңізі мен кеңестік тарихынан басқа әрқайсысы өзінше жаңа еуразиялық мегакеңістікті қалыптастыру үрдісіне тартылған.

Каспий жағалауындағы мемлекеттер арасындағы қатынастардың дамуы кезеңкезеңмен жүрді. Олардың негізі XYIII ғасырдың өзінде-ақ, Персия мен патшалық Ресей арасында бірқатар келісімдер жасалғаннан кейін қалыптасты. XX ғ. енді КСРО мен Персия (Иран) арасында келісім жасалды. Көрсетілген келісімдерге сәйкес, Каспий кондоминимум негізінде шаруашылық қызметті жүзеге асырушы тек екі мемлекеттің ғана теңізі болды.

Бұрынғы кеңестік республикалардың тәуелсіздік алуынан кейін (XX ғ. 90-жж.) халықаралық ынтымақтастық саласындағы қатынастар бірден сапалы жаңа деңгейге көшті. Жағалау мемлекеттер саны екіден беске дейін артты, сәйкесінше, теңізді иеленудің бұрынғы принциптері өзінің өзектілігін жоғалтты [1, 294 б.].

Қазақстан мен Ресей стратегиялық серіктестер және Еуразиялық экономикалық одақ негізін салушы-елдер болып табылады. Іс жүзінде, Ресей мен Қазақстанның Еуразия құрлығындағы экономикалық интеграцияны дамыту мақсатындағы біріккен жұмысы 1996 жылы басталды. ЕуАзЭҚ-пен еркін сауда аумағын қалыптастыруға Иран да үлкен қызығушылық танытады. Еуразиялық кеңістік шеңберінде бұрынғы байланыстарды дамытуға және жаңа түрлерін қалыптастыруға әрекеттер жасалады. Ұлы Жібек жолы жобасы шеңберіндегі қытайлық ғаламдық бастамалардан басқа соңғы жылдары Ресейді Әзербайжан арқылы Иранмен байланыстыратын «Солтүстік-Оңтүстік» транспорт дәлізін құру үрдісі күрт жеделдеді. Болашақта аталған дәліздің Үндістанға дейін ұзартылуы қарастырылып, осы жоба аясында үш Каспий маңы мемлекеттерінің – Ресей, Иран және Әзербайжанның стратегиялық серіктестігі қалыптасады.

Каспий маңы мемлекеттерінің халықаралық ынтымақтастығының маңызды салаларының бірі – мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық болып табылады. Каспий маңының барлық мемлекеттері көмірсутектің үлкен қорына ие және мұнай мен газ өндіруді белсенді жүргізіп келеді. Бес мемлекеттің барланған мұнай қорының жалпы жиынтығы 200 млрд. баррельге жуық, бұл әлемдік қордың 20 пайызына жуық. Табиғи газға келетін болсақ, оның жалпы жиынтық қоры 85 трлн.м^3-тан асып түседі.

Сәйкесінше, Каспий маңы мемлекеттері энергетикалық потенциал көлемі бойынша ірі мөлшерде шоғырландырушы болып табылады. Бұған қоса Каспий аймағы - ірі транспорт дәліздерін құру және дамыту көзқарасы тұрғысынан өте сәтті орналасқан аймақ: энергоресурстарды тұтынудың ірі әлемдік орталықтары – Қытай және Европа, ал болашақта – Үндістан ортасында орналасуы. Осы рыноктарда энергетикалық ресурстарды тұтыну, экономикалық дағдарыстарға қарамастан, соңғы жылдары тұрақты өсіп келеді. Әлемдегі энерготасымалдаушыларға сұраныстың өсуінің негізгі драйвері қазіргі кезде Қытай болып қалып отыр. Соңғы 10 жыл ішінде Қытайда энергия тұтыну орта есеппен жылына 5-6 пайызға өсті, бұл осы елді ірі әлемдік энергоресурстарды тұтынушы елге айналдырды: 2015 жылы Қытайдың үлесіне әлемдік энергия тұтынудың 23 пайызы тиесілі болды. Сол жылы Қытайда мұнай тұтыну алдыңғы жылдармен салыстырғанда 6,3 пайызға, ал табиғи газ – 4,7 пайызға артты. Ал Европалық Одақ энегрия импорттау және энергия тасымалдаушылар көлемі бойынша Еуразия құрлығында екінші орын алады.

Ұзақмерзімді болашақта неғұрлым көп үміт күттіретін Үндістанның энергетикалық нарығы болып табылады. Қазіргі кезде бұл ел территориясында жер шары халқының 20 пайызына жуығы дерлік өмір сүргеніне қарамастан, мұнда

энергетикалық саланың даму деңгейі төмен. Үндістан әлемдік энергияның тек 6 пайызын ғана тұтынады. Ел халқының басым бөлігі тіпті электрэнергиясына да қол жеткізбеген, ал энергия мен жарық генерациясының 70 пайыздан астамы көмір станцияларында жүзеге асырылады. Үндістанның қазіргі мемлекеттік саясаты энергетикалық саланы дамытуға, тиімді электроэнергетика желісін, газтранспорттық және газтаратушы жүйені құруға бағытталған. Бұл саясатты жүзеге асыру ұзақ уақытты және ірі көлемде инвестицияны талап етеді, алайда тұрақты экономикалық даму және халық санының одан әрі өсуі жағдайында нақ осы Үндістан XXI ғасырда маңызды энергия тұтынушы елге айналады. Энергия тұтынуда және энергия тасымалдауда Үндістан Қытайдан қалыс қалмайды деуге негіз бар, және 2040-2050 жж. Қарай мұнай және газ импорты көрсеткіштері бойынша оны басып озуы әбден мүмкін.

Ірі энергетикалық ресурстар қорына ие Каспий жағалауы мемлекеттері үшін әлемдік энергетика дамуының мұндай сценарийі неғұрлым қолайлы болып табылады. Осыған орай, осы рыноктардағы үстемділікке бәсекелестік күреске қатысу аймақ мемлекеттері үшін өте тиімді, әсіресе барлық бес Каспий жағалауы мемлекеттерінің ынтымақтастығында жүзеге асыру өте қолайлы.

Каспий теңізінің қазақстандық және басқа секторларының теңіз түбінің байлықтарын игерудің Қазақстан Республикасы үшін өзіндік энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету көзқарасы тұрғысынан стратегиялық маңызы зор. Қазақстан осы аймақтағы барлық үрдістерге сөзсіз тартылған. Аймаққа АҚШ, Қытай, Түркия, Европалық Одақтың назар аударуының артуы іс жүзінде мұнай өңдеу өндірісінің одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастырады. Энергоресурстарды тұтыну Қазақстанның ішкі нарығында салыстырмалы түрде төмен, осыған байланысты сыртқы нарыққа шикізат экспортын арттыру мүмкіндігі пайда болады.

1990 жж. өн бойында және 2000 жж. басында Каспий аймағының елдері энергия тасымалдауды өндірудің өзіндік каналын дамытуға тырыса отырып, көмірсутектің әлемдік нарығында бір-бірімен өзара бәсекелесті. Әзербайжан өзінің мұнай-газ саласын Европаға бағыттады. Шетелдік инвесторлардың қатысуымен 2006 жылдан бастап іске қосылған Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырын және 2007 жылдан бері жұмыс жасайтын Баку-Тбилиси-Эрзурум газ құбырын салды. Қазақстан, ірі мұнай қорын иелене отырып, құбыр жолы маршруты бойынша Қытайға және Европаға мұнай тасымалдауға бағытталды. Түрікменстан қытайлық бағытта газ экспортын белсенді дамытуға тырысады, ал Иран ұзақ және ауыр халықаралық санкциялардан құтыла отырып, бұл үрдісті аймақ елдерінен жай бастайды. Алайда оның мұнай мен газдың үлкен қорына ие болуы және әлемдік мұхитқа шығу мүмкіндігі, Ресей сияқты, оның да экспорттық мүмкіндігін шектеусіз етеді. Бұдан басқа, Иранның бірегей географиялық жағдайы оған болашақта құрлықтың солтүстіктегі өндірушілері мен оңтүстіктегі нарығы арасында көпір функциясын өзіне алуға мүмкіндік береді [2].

Каспий жағалауы мемлекеттерінде Каспий теңізінің төңірегінде дамыған транспорт желісінің қалыптасқандығын атап өткен жөн: автомобиль және теміржол, тұнай және газ құбырлары. 2014 жылы «солтүстік-оңтүстік шығыс маршруты» атауымен белгілі болған жаңа теміржол торабы ашылды, ол Қазақстан мен Ресейді Түрікменстан және Иранмен, және одан әрі Парсы шығанағы елдерімен байланыстыратын маңызды тіке транспорттық канал қалыптастырды.

Түрікменстаннан Өзбекстан мен Қазақстан арқылы Ресейге ірі «Орта Азия – Орталық» газ магистралі созылып жатыр, өткізу мүмкіндігі жылына 80 млрд.м^3 құрайды. Түрікменстан және Қазақстан территориясы бойынша Каспий жағалауымен жоспарланған қуаттылығы жылына 40 млрд. м^3 дейінгі Каспиймаңы газ құбыры өтеді. Түрікменстаннан Иранға екі газ құбыры өтеді: біріншісі – өткізу мүмкіндігі жылына 20 млрд.м^3 болатын Довлетабад-Серахс-Хангеран, екіншісі – өткізу мүмкіндігі 8-10

млрд.м^3 Эсенгулы-Горган. Иран жағсы дамыған ішкі газ-транспорттық жүйесіне ие, оның территориясынан Каспий теңізінің жағалауларына дейін магистралды Горган-Рашт газ құбыры өтеді. Әзербайжан мен Ресей де, өз кезегінде магистралды Сиязань-Дербент газ құбырымен байланысады. Осылайша, Каспий жағалауы мемлекеттерінде газ-транспорттық инфрақұрылымы Каспий теңізі төңірегінде тұйықталады. Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық өзгерістерді есепке ала отырып, газ және мұнай саласында күш біріктіруге және өзара тиімділік принципіне негізделген Каспий жағалауы мемлекеттері арасында ынтымақтастықтың жаңа моделін қалыптастыру үшін алғышарттар қалыптасады. Каспий теңізінің саяси тұрғыдан тұрақсыз аймаққа жақындығы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің өзара тиімді әрі нақты іс-қимылдарды пысықтауды талап етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, табиғи газ немесе мұнайдың үлкен көлемін шоғырландыру және таратудың неғұрлым тиімді механизмдерінің бірі хаб болып табылады. Хаб қалыптастыру маңызды үш - Қытай, Европа және Үндістан нарығына энергиятасымалдау үшін аймақтың экономикалық-географиялық жағдайының барлық басымдықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. 2018 жылдың 11 тамыз күні Бесінші Каспий саммиті қарсаңында Маңғыстау облысындағы Құрық портындағы паром кешені мультимодальдық хабы ашылды. Қазақстан Республикасының Президенті атап көрсеткендей, бұл жобаның тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл Еуразия құрлығы үшін маңызы зор. Құрық арқылы өтетін Транскаспий бағыты Қытайдан, Орталық Азия елдері – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, сондай-ақ Ресейдің Орал-Сібір өңірлерінен Түркия мен Еуропаға және кері қарай жүк тасымалдаудың тиімді логистикасын қамтамасыз етеді. Құрық порты Қазақстан мен Әзербайжан арасында теміржолды дамытудағы технологиялық көпір болып саналады [3].

2018 жылдың 12 тамыз күні Ақтау қаласында өткен Бесінші саммитте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Каспий жағалауы мемлекеттері арасында инвестициялық ықпалдастықты одан әрі дамытып, энергетикалық және геологиялық барлау саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Конвенция мен қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану қажеттігін атап өтті.

Сонымен қорыта айтқанда, Каспий маңы аумағының аймақ елдері үшін ерекшелігі – оның шикізаттық ғана емес, сонымен қатар оның транзиттік аумақ мәртебесін иеленуінде, сол арқылы Шығыс пен Батыс арасын біріктіріп, Солтүстік пен Оңтүстікті де жалғастыруға мүмкіндік береді. Каспий теңізі – ықылым заманадардан елдер мен елдерді жақындастырып, теңіз жағалауын мекендеген халықтарды байланыстырып келген ерекше су айдыны. Ғасырлар бойы осынау бірегей су айдынын мекендеген барша халықтар өзара ынтымақтастықтың үлгісін танытып, бір-біріне бауырым дескен. Қазіргі таңда да Каспий теңізі Каспий жағалауы елдерінің халықаралық ынтымақтастығы үшін достықтың алтын көпірі болып қалуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. Алматы, ҒӨ Пбк «GAUHAR», 2002. – 568 б.

2. Сотрудничество прикаспийских государств в нефтегазовой сфере. http://www.webeconomy.ru/index.php?page

3. «Еуразия құрлығы үшін маңызы зор жоба // Егемен Қазақстан. – 13 тамыз 2018 жыл.

ӘОЖ 37.379.85

ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЗЕРБАЙЖАНДА ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІН ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ж.С.Низаматдинова, Ш. Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Мақалада дүниежүзілік туризмнің дамуы, Каспий теңізінің мүмкіндіктері, Әзербайжан мен Қазақстандағы туризмнің даму ерекшеліктері қарастырылған. Автор қазіргі уақытта Әзірбайжанда туризм қарқынды дамып келе жатқанын, соның ішінде экологиялық, жағажай және мәдени-тарихи түрлерінің дамуын атап өтті.

Түйінді сөздер: Туризм, Каспий теңізі, рекреация, туристік мүмкіншілік.

Дүниежүзілік экономикада туризм ең қарқынды дамып келе жатқан сала болып табылады. Туристік индустрияны тұтастай алғанда, сондай-ақ жекелеген елдер мен аймақтардың экономикаларына ықпалының тұрақты өсуі, әлемдік экономиканың қалыптасуы мен дамуына тұрақты әсер ететін және ұзақ мерзімді үрдістердің бірі болып табылады. Туризм қазірдің өзінде экономиканың маңызды тәуелсіз секторына айналды, оның дамуы инфрақұрылымды дамытуға және аралас салаларды дамытуға, тұрғындардың рекреациялық қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, сонымен қатар, шетелдік инвестицияларды тартуға өз көмегін тигізеді [1].

ТМД елдеріндегі халықтың төлемге деген сұранысының төмендеуі және экономикалық дағдарыс жағдайында көптеген тұтынушылардың шетелге туристік сапарлардан бас тартуға мәжбүр болды. Мұндай жағдайларда көрші елдер арасындағы туристік байланыстарды дамыту өзекті болып отыр. Қазақстан үшін бұл елдер тек Ресей ғана емес, сонымен қатар Грузия, Әзірбайжан және Өзбекстан елдері болып табылады.

Әзербайжанда туризмнің ағымдағы жағдайын талдау көрсеткендей, соңғы жылдары бұл аймақ тұрақты және қарқынды дамуда. Ішкі туризмнің жыл сайынғы өсуі байқалады. Елдегі туристік қызметтерге деген сұраныстың артуы негізінен курорттық аймақтардағы қонақ үйлердің құрылысын ұлғайтуға, сондай-ақ Бакудегі халықаралық қонақүй желілерінде қонақ үйлер санының артуына алып келді. Қонақ үй құрылысы үшін инвестициялық ұсыныстар көлемі шетелдік және отандық инвесторлар тарапынан ұлғаюы байқалады. Қазіргі уақытта Әзірбайжанда 170-тен астам туристік кәсіпорындар бар, Әзербайжанда туризмді дамытудың қажетті алғышарттардың барлығы бар. Елдегі туризмді дамытудың оң факторларының қатарына мыналар жатады: тиімді географиялық орналасуы, жұмсақ климат, дамыған инфрақұрылым, рекреациялық, табиғи, тарихи, мәдени, сәулет объектілерінің болуы, білікті мамандардың болуы, қажетті мемлекеттік қолдау, инвестициялық қолдау, ежелгі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, жергілікті асхананың бай және әртүрлілігі, елдің имиджі, әлемдік маңызы бар ірі спорттық және мәдени іс-шаралардың өткізілуі. Қос елдердің туризмнің дамуын салыстырғанда Қазақстанның артықшылығы туристік агенттіктердің көп болуы және кемшілігі қонақ үй қызметтерінің бағасының жоғары деңгейі және ішкі туризмге қарағанда, шығу туризмін алда болып табылады. Әзірбайжанның оңтүстік өңірлерінде қонақүйлер саны шектеулі болғанымен, көзге тартымды ресурстар мен жағажай туризмінің қарқынды дамуы байқалған.

Қазақстан ішкі туризмді дамытуға және шетелдік туристерді қабылдау үшін де зор мүмкіндікке ие. Туризмді дамытуға қажетті барлық нәрсе – сан түрлі табиғаттың

сұлулығы, қызықты тарихи және мәдени мұраға ие, ал кейбір аймақтарда қол тимеген жабайы табиғат. Қазақстан мен Әзірбайжандық туристік индустрияны дамытудың жоғары әлеуеті ол Еуропа, АҚШ және Канадада тұратын Түркиядан келген тамыры түркі елдерінен шыққан туристер бола алады. Туризмнің дәстүрлі түрлерімен қатар, Әзірбайжан мен Қазақстанда туризмнің жаңа түрлерін - этномәдени, аспаздық, білім беру, ғылыми және экологиялық жаңа түрлерін жасау және әдістемелік тұрғыда дамыту үшін тамаша мүмкіндіктерге ие. Әзербайжан мен Қазақстан елдерінде дәстүрлі көпұлтты мемлекет болу арқасында көптеген халықтар мен ұлттардың еркін өмір сүріп, осы халықтардың әрқайсысының асханаларын бейнелейтін мәдениет пен әдет-ғұрыптар, ұлттық тағамдарға бай елдер болып табылады. Әсем табиғат, өсімдіктер мен жануарлардың алуан әртүрлілігі, білім беру және ғылыми туризмді дамытуға, халықтың, әсіресе, жастардың экологиялық білімін және экологиялық мәдениетін жақсартуға мүмкіндік береді.

Каспий теңізінің туристік мүмкіншілігі жоғары болуына қарамастан, туризм айтарлықтай дамымаған. Каспий теңізімен шектесіп жатқан Ресей, Қазақстан, Түркіменстан, Иран және Әзірбайжан халықтары әртүрлі тарихи, мәдени, этникалық, табиғи-рекреациялық, климаттық ерекшеліктері, минералды сулар мен балшықтары бар Каспий жағалауының рекреациялық ресурстары қажетті деңгейде пайдаланылмаған. Каспий теңізінің жағалауындағы круиздік рейстер әр елде тоқтап, туристерге осында өмір сүретін халықтардың бай этномәдени мұрасымен танысуға, ғасырлар бойы жиналған тарихи-архитектуралық ескерткіштермен, әр ел асханасымен танысуға, денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Каспий теңізінде көптеген араладар бар. Осы аралдар негізінде Каспийдің таза суларын пайдалана отырып, жағажай туризмі мен спорттық су туримін дамытуға болады. Каспий теңізінің балық қоры әр түрлі - бекіре және басқа эндемикалық және реликті балық түрлері ерекше. Каспийдің туристік және рекреациялық әлеуетін тиімді және ұқыпты пайдалану Каспий маңы мемлекеттерінің экономикаларының дамытуына ықпал ететін және осы аймақта бейбітшілік пен татулықты, көршілік қатынастарды нығайтуға ықпал етеді. Еуропа мен Азиядан көптеген туристерді осы аймаққа тартуға мүмкіндік береді. Туризмді дамыту бойынша бірлескен іс-шаралар Каспий маңы елдерінің жас мамандарын жақындастыруға ықпал етеді, тәжірибе алмасуға және жаһандық туризм нарығында бірлесіп әрекет етуге үйретеді. Еуропа мен Азиядан келген туристер ағыны және олардың осы елдердің тарихи-мәдени мұраларымен танысуы, Оңтүстік Кавказ елдерінің және Орталық Азия елдерінің жетекші бұқаралық ақпарат құралдарында және халықаралық ұйымдардағы ахуалды және мәселелерді объективті түрде жариялауға мүмкіндік береді.

Елімізде экологиялық, белсенді, экстремалды, тарихи және танымдық туризм түрлері дамып келе жатыр. Іскерлік туризм қарқынды дамуда. Өкінішке орай, шығу туризмі де жоғары. Қазақстанда сыртқы туризм көрсеткіші, ішкі туризм көрсеткішінен асып түседі. Әлемдік барлық мемлекеттердің туризмді дамыту тәжірибесін ескерсек, ең алдымен, ішкі туризмді дамытуға мүдделі екендігін көруге болады, өйткені біріншіден мемлекеттік қазынаға валюталық түсім, ал екіншісі өз елінде қаражат жинауға мүмкіндік береді және оның инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді.

Қазақстан үшін шет елдіктерді тарту және ішкі туризмді дамыту маңызды: шет елдіктер ел экономикасына валюталық кірістердің құйылуын қамтамасыз етеді, ал отандық туризм мемлекет тұрғындарының рекреациялық тұрғыдан демалуына мүмкіндік береді, туризмнен түскен ақшалай түсімдерді еліміздің рекреациялық нысандарына бағыттау арқылы экономиканың ішкі инфрақұрылымын дамытады. Сонымен қатар, шкі туризмнің дамуы тәрбиелік білім беру мәніне ие, патриотизм мен азаматтардың өз елі үшін мақтаныш сезімін арттырады [2].

Туристердің ағынының мақсатын талдау көрсеткендей, резидент еместердің 72,5% -ы Қазақстанға іскерлік және кәсіптік мақсаттармен келетінін, ал туристердің тек 20% -ы демалыс және рекреация мақсатында Қазақстанға келетіндігін көрсетті. Қазақстанға келген туристер айтарлықтай табыс әкеледі.

Статистикаға сүйенсек, әрбір шетелдік турист елде орташа есеппен 700 АҚШ долларын қалдырады екен. Негізінен, туризмнің түрлері бойынша, елімізде стандартты турларды дамытуға бағытталған, халықаралық нарықтардағы бәсекелестіктің артуын ескерсек, туризмнің жаңа түрлерін қалыптастыру қажеттігі туындап отыр [3].

2017 жылы Қазақстан-Әзербайжан үкіметаралық комиссиясы 2018-2020 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы ;ол картасы бағдарламасын қабылдады. Оның жүзеге асырылуы екі ел арасындағы тауар айналымының айтарлықтай артуына алып келді. 2018 жылдың бірінші жартысында Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы тауар айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 56% -ға артты. Абсолюттік көрсеткіш 2017 жылы елдер арасындағы тауар айналымы 142,1 млн. АҚШ долларын құрады, екі жақ барлық салаларды, соның ішінде туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және кеңейтуді көздеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кусков А.С. Основы туризма: учебник. М.: Кнорус.
2. Анализсовременного состояния туризма в Казахстане. Электронный ресурс. Режим доступа: http://articlekz.com/article/8507.
3. Электронный ресурс. — Режим доступа: www.stat.gov.kz.

ӘОЖ 474.3

ӘЛЕМДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Нурбосынова Ж.Н., Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа: Автор мақалада әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында экономиканы дамытубағыттарын, әлемдік валюта АҚШ долларының әлемдік жағдайын қарастырған.

Түйінді сөздер: Дағдарыс, валюта, ЖІӨ.

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында экономиканы дамытуға қоғамды басқару мен өндіріс салаларында экономикалық тиімді және озық инновацияларды жетілдіру негіз бола алады. Ғалымдар мен мамандардың көпшілігі жиі қайталанып жатқан экономикалық дағдарыстар себептерін экономиканы басқару модельдеріненіздейді. Осыған орай, анағұрлым қолайлы басқару құралдарын анықтау мақсатында экономикалық модельдердің батыстық, исламдық және басқа да түрлерін зерттейді.Ұлттық экономиканы басқару үшін жекелеген елдердің үкіметтері әлемдік тәжірибеден негізінен екі үлгіні қолданатындығын көруге болады. Олардың біріншісі — басқарудың монетарлық үлгісі, ал екіншісі — өндірістік үдерістер технологиясымен басқару үлгісі. Шын мәнінде, бұл үлгілер бір экономикалық жүйенің екі жағы тәрізді, экономиканы басқарудың өзара толықтырушы құралдары болып табылады. Кезінде олардың арасындағы байланыстар өндірістің капиталистік және социалистік тәсілдері дамуының идеологиялық себептері бойынша ажырап қалған болатын. Басқарудың ұштасқан екі үлгісінің арасындағы ажырап қалған байланысты қалпына келтіру арқылы

әлем елдерінің көпшілігінде қолайлы экономикалық басқарудың сапалы жаңа технологиясы құрылуы мүмкін. Басқарудың аталған негізгі екі түрін талдау нәтижесінде бірінші үлгінің жеке секторды дамытуға негізделіп, нарықтық әдістермен басқарылғандығын, ал екіншісінің – экономиканың мемлекеттік секторын дамытуға негізделіп, жоспарлық әдістермен басқарылғандығы көрінеді. Бұл жалпы жүйелік айырмашылықтар салдарының нәтижесінде көптеген батыс елдерінің мемлекеттік басқаруларында қаржы ағындары арқылы реттелетін экономиканы басқару тәжірибесі қалыптасты, ал бұрынғы КСРО-да тауар ағындары арқылы реттелетін экономикалық дамудың үлгісі басым қолданылды.

ҚР егемендігін алысымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен ұлттық экономиканың негізгі салалары нарықтық қатынастарға бағытталды. Кеңес дәуірінде мемлекет өзі ғылыми зерттеулерге тапсырыс жасап, қаржыландырып, оларды мемлекеттік кәсіпорындарда іске қосатын болса, енді Қазақстан өнеркәсіптерінің 90% жуығының жекешелендірілуіне орай мұндай байланыс жойылып кетті.

Әлемде орын алған қаржы дағдарысының басты себебі — әлемдік валюта АҚШ долларының шектен тыс көп мөлшерде шығарылуы деп баспасөз беттерінде жиі жарияланатын болды. Алайда, бұл дағдарыстың себептері Елбасынының «Дағдарыстан шығу Түйіндіі» аты мақаласында нақты әрі тереңінен қарастырылып, оған келесідей анықтама беріледі: «Бүгінде елдер мен континенттерді тітірентіп тұрған жаһандық әлемдік дағдарыс – бұл адамзат әлі біліп болмаған айрықша құбылыс. Ол әлем тарихында теңдесі жоқ және әлемдік тәртіпті, барлық экономикалық бастауларды түбегейлі өзгертетін құбылыстар санатына жататыны анық. Сондықтан да оны талдауға, ой-елегінен өткізуге және еңсеруге барлық ескі догмалар мен стереотиптерді қайта қарастыратын жаңаша көзқарас қажет».Әрине, жаңаша көзқарастың қалыптасуына бірталай уақыттың кететіні сөзсіз. Алайда, мұндай игі бастаманың алғашқы қадамын Қазақстан жасап та үлгерді деп айтуға болады. Оған 2012-2018 жж. арналған ҚР Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы дәлел. Ғылыми-технологиялық саясат – экономиканың тұрақты дамуының басты тетігі. Алайда, елде ғылыми зерттемелерге деген сұраныстардың болмауы және осының салдары болып табылатын өнеркәсіптердегі инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі экономиканы реформалаудағы ғылымның ролін бағаламаудан туындайды. Шын мәнінде, өндіріс факторларының өнімділігіне тек қана ғылыми-техникалық және инновациялық прогресс арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қазақстандағы ғылымның дамуына басқа индустриалды дамыған елдердегімен салыстырғанда түбегейлі ерекшеліктер тән. Дамыған елдерде іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруға кететін шығындарға жыл сайынғы өсім, ғылым мен жекеменшік сектордың интеграциясы арқасында ғылыми жаңалықтарды жедел іске қосу, ғылымның корпоративтік секторын құру мен дамыту, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді пайдалану тән. Атап айтсақ, 2000 жылы ғылыми зерттеулерге жұмсалған мемлекеттік шығындар келесідей көрсеткіштерге ие: АҚШ – 246 млрд. долл. (ЖІӨ-нің 2,9%), Жапонияда – 94,2 млрд. долл. (ЖІӨ-нің 3,0%), Германияда – 45,8 млрд. долл. (ЖІӨ-нің 2,35%), Францияда – 28,0 млрд. долл. (ЖІӨ-нің 2,25%), ал Швецияда – 7,6 млрд.долл. (ЖІӨ-нің 4,0%) .

Қазақстанда ғылымды қаржыландыруға соңғы бес жыл ішінде ЖІӨ-нің 0,2% жұмсалады. Бұл, әрине, төмен көрсеткіш. Алайда, Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне орай, 2015 жылға дейін кезең-кезеңмен аталған көрсеткішті ЖІӨ-нің 2% дейін көтеру, ал 2017 жылы 2,5-3,0% жеткізу көзделіп отыр.Кейбір ғылыми-зерттеулерді қажетті деңгейде қаржыландырмау мен жауып тастау салдарларынан көптеген жас ғалымдар ғылым саласынан кетуге мәжбүр болды. Сондай-ақ, ғылымның

материалды-техникалық базасы тозып, ескірді.Индустриалды-инновациялық саясатты мемлекет тарапынан келесідей шаралар қолдану арқылы ғылыми тұрғыда қамтамсыз етуге болады:

- Ғылымды әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде анықтау;
- Ғылыми сиымдылығы мол, ресурстарды үнемдеуші, экологиялық таза өнім шығаруға бағытталған және экспортқа бағытталған жоғары технологиялық өнім өндіруге арналған зерттеуерді дамыту;
- Ғылыми жетістіктердің тәжірибелік тұрғыда іске асуын қамтамасыз ететін тетіктер жүйесін құру мен ынталандырушы жағдайларды жасау;
- Экономиканың жаңалықтарды қабылдау мүмкіндігін арттыру (сұранысты ынталандыру) және соларды отандық ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді қолдану арқылы қамтамасыз ету (ұсынысты ынталандыру);
- Ғылыми зерттеулер жүргізу үшін материалдық базаны нығайту;
- Кадрлық мүмкіншіліктерді сақтап қалу мен дамыту, ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша жоғары дәрежеде білікті ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау;
- Ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында ғылыми ұйымдарды аттестациялау мен аккредиттеу жүйесін жетілдіру;
- Ғылымның мемлекеттік емес секторын құру және дамыту, оған мемлекет тарапынан қолдау тетіктерін дайындау;
- Жас дарынды ғалымдарға қолдау көрсету;
- Мамандарды әлемнің алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтарынан тәжірибеден өткізу;
- Ғылыми зерттеулерді грант негізінде қаржыландыру тетіктерін құру мен жетілдіру;
- Қазақстан ғылымын халықаралық ғылыми-технологиялық қоғамдастығымен интеграциясын қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда мемлекет ғылыми зерттеулерге тапсырыс береді, оларды қаржыландырады, алайда олардың тәжірибе жүзінде пайдаланылуы іске аспай қалады. Өйткені жекеменшік сектор оларды қажет етпейді. Осылайша, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс ажырап кетті. Мұның себебі Қазақстандық өндірістің ғылыми жаңалықтарды керек етпеуінде емес, керісінше отандық өндіріс үшін жоғары технологиялар өте қажет, сол себепті де олар шет елдерден дайын технологияларды сатып алуға мәжбүр.Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметке үлкен көңіл бөлінеді. Өйткені оның түпкілікті нәтижесі болып өндірістің тиімділігінің артуы, еңбек пен капитал тиімділігінің артуы, жоғары технологиялық өнімнің көлемі табылады, ал бұлар, өз кезегінде – мемлекеттің экономикалық қуаттылығын білдіреді.Индустриалды дамыған елдерде кадрларды даярлауға, өндірісті ұйымдастыруға, технологиялардан, жабдықтардан көрініс табатын жаңа білім алуға ЖІӨ өсімінің 85-90% жұмсалады. Бұл елдерде жаңа технологияларды іске қосу нарықтық бәсекелестіктің маңызды факторына айналып, өндіріс тиімділігін арттырудың және қызмет пен тауар сапасын жетілдірудің негізгі құралы қызметін атқарады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық мәселелері болып бәсекеге қабілетті өнімдер алуға бағытталған отандық ғылыми сиымдылығы мол өндірістерді дамыту, жаңа ақпараттық технологияларды дайындау мен игеру, сондай-ақ республиканың өндірістік және ғылыми-техникалық мүмкіндіктерін сақтап қалу мен дамыту арқылы ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету табылады.Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді

белсенді етуге, жаңа технологиялық үрдістерді іске қосуға, өңдеуші өнеркәсіптерде жаңа бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық мүмкіншіліктерді дамытуға, ғылым мен өндіріс арасындағы ажырастықты қалпына келтіруге, инновация саласындағы қызметтерді ынталандыруға, алдыңғы қатарлы шет елдік технологиялардың нақты трансфертін қамтамасыз етіп, халықаралық стандарттарды енгізуге бағытталған. Ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай, инновация саласын дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіптік өндіріс құрамындағы және еңбекпен қамтамасыз етілгендер санындағы шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып, сәйкесінше 2,8-3,2% және 12,0-14,0% құрап отыр . Бұл көрсеткіштер индустриалды дамыған елдермен салыстырғанда бірнеше есе аз. Ірі кәсіпорындармен салыстырғанда шағын инновациялық кәсіпкерліктердің дамуына олардың бәсекеге қабілетті өнім өндіре алмауы кедергі жасап отыр. Ірі кәсіпорындар мен шағын кәсіпкерліктердің ынтымақтастықтарын қамтамасыз ету үшін қызмет көрсету бойынша табиғи монополиялардың қызметтерін шағын бизнестің бәсекелік ортасына ауыстыру тетіктерін жасау қажет. Сондай-ақ, шағын бизнестегі инновациялық және ғылыми сиымдылығы мол өндірістердің дамуына жағдай жасау қажет, мәселен, лизинг бойынша жабдықтар мен технологиялар алу және франчайзингтік қатынастарды дамыту.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми зерттемелерді нарықтық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі, менеджмент маркетинг және талдау салаларында білікті мамандар жетіспейді. Сол себепті де Қазақстандық мамандарды шет елдердегі алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу институттарында, компанияларында тәжірибеден өткізу үрдісін қалыптастыру қажет, сондай-ақ отандық кадрларды дайындау үшін шет елдік білікті мамандарды шақыру қажет. Қазақстан ғылымының қазіргі кезде көптеген аяқталған зерттемелері бар, алайда олар өндірістің сұранысына ие болмай отыр. Бұл үлкен мүмкіншіліктер береді және оның іске асуы — инновациялық қызметті дамытудың басты міндеттерінің бірі. Инновациялық қызметті дамытудың маңызды факторы болып зияткерлік меншікті пайдалану мен оның құқықтарын қорғау табылады. Инновациялық дамудың базалық моделінің негізінде инновацияның ішкі (өсіру) және сыртқы (трансферт) қайнар көздерінің арақатынастары жатады. Инновацияны өсіру стратегиясы көшбасшы-елдер АҚШ-қа, ГФР-ге, Ұлыбританияға, Жапонияға тән, бұл елдер өзіндік іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарына негізделген өздерінің технологияларын жетілдірумен айналысады. Трансферт стратегиясы өзіндік іргелі әрі қолданбалы зерттемелері жоқ және осы мақсаттарға арналған шектеулі ресурстарға ие елдерге тән.Осылайша, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы мемлекет саясатының басты бағыттары келесілер болуы керек:

- Мемлекеттің қатысуымен мамандандырылған венчурлық қор құру және венчурлық капиталды ғылыми-техникалық, инновациялық салаға тарту;
- Инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің формалары мен әдістерін даярлау;
- Инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және аймақтық мамандандырылған субъектілерін құрудан тұратын инновациялық инфрақұрылым құру;
- Инновациялық сала үшін кадрларды даярлау мен қайта даярлау;
- Өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық жағдайларды жасау;
- Авторлық құқық, патент және сауда белгілеріне қатысты барлық халықаралық конвенцияларды мойындау арқылы, яғни, өркениетті технологиялар нарығына жағдай туғызу арқылы шет елдік технологиялар трансфертін ынталандыру;
- Ең жақсы әлемдік тәжірибе негізінде отандық кәсіпорындарды сапа стандартына көшуін тездету;

- Шаруашылық және қаржы-несие құрылымдарына қызығушылық танытатын халықаралық донорлық ұйымдардың гранттарын тарту.

Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің 2016 және 2017 жылғы Халыққа жолдауларында қолданбалы ғылымды өндіріс пен бизнеске жақындату керектігін, әсіресе ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жекеменшік сектордың үлесіне тиесілі болу қажеттігін баса көрсеткен болатын.

Осы тұрғыда елімізде көптеген игі бастамалар қолға алынып та үлгерді. Айталық, «Парасат» холдингі өндіріс пен мемлекеттің ғылыми зерттеулерге тапсырысында «байланыстырушы арнасы» ретінде құрылып, холдингтің ғылыми ұйымдары мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік қызметін атқарады. Содай-ақ, өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірісіне ғылыми зерттеулердің озық нәтижелерін іске қосуда ынтымақтасуды көздеп, Қазақстандық экспорт өнімдерінде жоғары технологияның өнімдерін арттыруды мақсат тұтады.

Әлемдік қаржылық дағдарыс барлық елдердің банк жүйесін әбігерге салды, соның ішінде Қазақстанның да банк жүйесін және экономиканы мемлекеттік реттеудің мәселелеріне да жаңадан қарауға мұқтаж етті. Барлық елдерде рекапитализациялау жүйесі, банктік қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдер беру арқылы қаржы- банк секторын қолдауда мемлекеттердің белсенді қатысулары байқалады, сондай ақ банктердің ұлттандырылу толқыны болды. Банктік сектордың мәселелерін шешудің қазақстандық тәжірибесін талдау көрсеткендей, әлемдік экономикалық қауымдастыққа біріге отырып, Қазақстан дамыған елдерге тән сипаттағы қаржылық және экономикалық құралдарды белсенді пайдалана алады. Сонымен қорыта айтатын болсақ, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей «Дағдарыс мәңгілікке созылмайды. Дағдарыс жағдайында болашақта даму үшін шара қолданған мемлекеттер жетістікке жететін болады» дей отыра, бүгінгі таңдағы дағдарыстан кейінгі Қазақстанның банк секторы мемлекетіміздің жүзеге асырған экономикалық сабдарлы саясатының арқасында тұрақты және жетістікті даму үстінде. Алайда қазір Қазақстан дағдарыстан кейінгі даму жолымен жүріп келеді. Біздің экономика дұрыс жолда. Дағдарыс кезінде біз мынадай бірнеше қадамдарды алдын ала қабылдадық:

1. Коммерциялық банктерге қаржылық көмек көрсетілді. Бұл үдеріс өте транспарентті өтті, бұған барлығы да көз жеткізді.

2. Халықты қолдау, әлеуметтік маңызды міндеттерді шешуді қамтамасыз ету, елдегі тұрақтылықты сақтау үшін шаралар алдын ала қабылданды.

3. ШОБ, агросекторға, инфрақұрылымға көмек көрсетілді. Осы шаралар біздің экономиканың тұрақты дамуы үшін түрткі болды. Қазір дағдарыстан кейінгі даму өте орнықты түрде өтіп жатқанын айтуға болады. Қазір Қазақстан ұзақ мерзімді орнықты даму мақсатын алға қойды. Бұдан басқа, Қазақстан өз позицияларын азиаттық өңірде нығайтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 923 Жарлығы
2. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы
3. Бахмутова Е.Л. Банковский сектор Казахстана: реалии и перспективы. // Банки Казахстана, №10, 2015 год.- стр.5
4. Кенжеғали А.Дағдарысты еңсеруге Қазақстан Экономикасының әлеуеті жет еді. // Экономика негіздері. №2-3, 2015 жыл. –бет.31

ӘОЖ 722.1

КӘСІПОРЫНДА ТИІМДІ САЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТІН ҚОЛДАНУ

Нурбосынова.Ж.Н., Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Автор мақалада кәсіпорында тиімді салық менеджментін ұйымдастыру кезінде елдегі салық жүйесінің потенциалын және қазіргі қоғамда салық түсімдерін басқарудың бағыттарын қарастырған.

Түйінді сөздер: Менеджмент, салық, бюджет.

Кәсіпорында тиімді салық менеджментін ұйымдастыру - кәсіпорынның шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесіне тікелей әсер ететін процесс болып табылады. Қазіргі уақыттағы қалыптасқан экономикалық жағдай салық жүйесінен мемлекеттік бюджетті өз уақытымен толтыруды, оның кірістері мен шығыстарының сәйкес келуін, тапшылық пен сыртқы қарызды азайтуды, республикалық және аумақтық қажеттіліктерді қамтамасыз етуді талап етеді. Салықтық түсімдердің өсуін және салықтық төлемдердің жиналу деңгейін арттыру салық органдарының басымды тапсырмасы болып табылады.

Кәсіпорында салық менеджментін ұйымдастыру кезінде елдегі салық жүйесінің потенциалына көңіл бөлген дұрыс. Жекелеген аумақтардың салықтық потенциалын елдегі дамып келе жатырған экономиканың бағыттарына сәйкес жоспарлаған дұрыс.

Салық жүйесінің қызмет етуін реттейтін заң және нормативті – құқықтық актілерге сай бақылау оның басты тапсырмасы болып табылады:

- ✓ салықтық заңдылықтың бұзылмауын бақылау;
- ✓ салықтық міндеттеменің орындалуын бақылау;
- ✓ салықтардың дұрыс есептелуін бақылау;
- ✓ салықтардың толық төленуін бақылау;
- ✓ мемлекеттік бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің өз уақытымен төленуін бақылау.

Салықтық процессті басқаруға тек қана мамандырылған органдар қатыспай, солармен қатар Конституциялық кеңес, заң және атқарушы органдар қатысады. Мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы салықтық қарым – қатынасқа құқықты сақтау органдары, аудиторлық, адвокаттық және кеңес беру – заң қызметтері, салалық институттар сонымен қатар қоғамдық ұйымдар әсер етеді. Олардың қызметі – салықтық қарым – қатынасты басқару процессінің бір бөлігі.

Салықтық әкімшілік салықтық құқық баптарына негізделіп оларды толықтырады. Салықтық әкімшілік салықтық жоспарлаудан, салықтық есептен, салықтық реттеу мен салықтық бақылаудан тұрады. Олар билік органдарда мамандардың басқару іс әрекетін білдіреді.

Салықтардың жиналуының 100 % қамтамасыз етілмесе салықтық қарым – қатынасты реформалау оң нәтижелерге әкелмейді. Ал бұл көрсеткішке қол жеткізу тиімді салықтық әкімшілігінсіз мүмкін емес. Манызды тапсырма болып салық жүйесіндегі салықтардың фискалды және бөлу қызметтері арасында оңтайлы сәйкеске қол жеткізу табылады.

Салықтық әкімшілігі жүйесінің негізгі мақсаты болып оның барлық элементтерімен қамтамасыз етілетін салықтардың жиналуын арттыру табылады.

Салықтық әкімшілік – нарықтық экономика жағдайында салық органдарының қызметтерін реттейтін, салықтық қарым – қатынасты басқарудың жүйесі.

Кәсіпорында тиімді салық менеджментін қолдану үшін салықтық жоспарлауды жолға қою қажет. Себебі, салықтық жоспарлау қаржы – бюджеттік жоспарлаудың құрамдас бөлігі болып табылатындықтан, бюджеттік қажеттілікті қамтамасыз ету (салық төлеушілерден қаржылық ресурстарды өндіріп алу көлемін анықтау арқылы) және салықтық реттеу мен салықтық бақылауды оңтайландыруды көздей отырып жүзеге асырылады.

Салықтық жоспарлаудың негізгі тапсырмасы - бюджет жүйесінің кіріс бөлігін қалыптастыру бойынша қойылған тапсырмалардың сапалық және сандық параметрлерің қамтамасыз ету. Қазіргі кезде кәсіпорындарда салықтық жоспарлаудың екі түрі қарастырылады: стратегиялық жоспарлау және ағымдағы жоспарлау.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз болжау, негізгі мақсаты болып салықтық потенциалды болжау мен бағалау және бюджеттің барлық деңгейіне салық түсімдерін болжау табылады.

Салықтық әкімшілікте ағымдағы жоспарлау неғұрлым нақты тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді. Әсіресе:

- ✓ салықтыр мен алымдардың түрлері бойынша салықтық базаны анықтау;
- ✓ кірістердің көлемін есептеі және әр бір салық бойынша жиналуын анықтау;
- ✓ әр бір салық бойынша салықтық берешектің жағдайын анықтау және тағы да басқалары.

Қазіргі кезде салықтық жоспарлауда әр түрлі әдістер қолданылуда. Олар төмендегі факторлардан тәуелді болады:

- ✓ Салықтық түсімдердің деңгейі;
- ✓ Салықтық түсімдердің көлеміндегі маусымдық өзгерістер;
- ✓ Салықтық түсімдердің әр түрлі оқиғалардан тәуелділігі (саяси жағдайдағы өзгерістер, салық кодексінің өзгеруі және тағы да басқалары).

Қалыптасқан экономикалық жағдайда кәсіпорындарда салықтық жоспарлаудың тәжірибесінде келесі нысандар кен тараған:

- ✓ Тренд немесе экстрополяция әдісі
- ✓ Эксперттік әдіс

Тренд немесе экстрополяция әдісі - анықталған өткен кезенде салық түсімдердің хабары негізінде іске асырылады.

Эксперттік әдіс – салықтарды болжау негізінде жүзеге асырылады.

Салықтық түсімдерді бағалау және болжау (жоспарлау) үшін салықтық база, бюджет жүйесіне түсімдер туралы берілгендерді жан – жақты және көп факторлы талдау, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық тенденциялардың дамуына талдау жасау керек.

Салық тәжірибесінде салықтық түсімдерді болжаудың төмендегі әдістері қолданылады:

- ✓ салықтық түсімдердің детерменистік болжауы;
- ✓ салықтық түсімдердің динамикасы негізінде олардың уақытша көрсеткіштерінің болжауы;
- ✓ бір неше өзгермелі көрсеткіштер моделімен қолдану арқылы болжау.

Тәжірибеде салықтық түсімдердің детерменистік болжауы жиі тұрде салықтық түсімдердің шартты әдіс болжауымен және «салықтық калькулятор» әдіс арқылы іске асырылады.

Шартты әдіс ірі түсімдердің болжамды көрсеткіштерін анықтау үшін қолданылады және салық салу база бойынша салықтық түсімдердің өзгеруін бағалауда негізделінеді. Болжаудың шартты әдісінің екі типі бар:

- ✓ Салықтық түсімдерді болжаудың статистикалық әдісі;
- ✓ Салықтық түсімдерді болжаудың динамикалық әдісі.

Салықтық түсімдерді болжаудың статистикалық әдісі салықтық базаға, әсіресе салықтың құрылымына тікелей факторлардың әсер етуін есепке алуға бағытталған.«Салықтық калькулятор» әдісі корпоративтік табыс салығын және пайдаға салықты модельдеуде көп қолданылады. «Салықтық калькуляторды» құру кезінде қарапайым салық төлеуші моделі мен іріктелген моделі қолданылады. Бұл модель әр бір салық төлеушіге салық заңдылығы өзгеруінің ықпалын талдауға мүмкіншілік береді.Салықтық түсімдерді нақты болжау – салық органдарының тиімді жұмыс істеуінің маныызды шарты. Салық комитеті қызметкерлері ағымдағы болжаумен және қараныстағы аумақтық салық комитеттері үшін айлық тапсырмаларды қалыптастырумен жиі айналысады. Ай аяғына көрсеткіштерді болжаудың негізі болып өткен айда қалыптасқан көрсеткіштер табылады. Салықтық мүмкіншілікті бағалау мен болжау бюджет жүйесінің әр бір деңгейіне салықтық түсімдерді жоспарлау процессін жетілдіруге, салықтық мүмкіншілік пен аумақтың салықтық белсенділігін анықтау мен салыстыруға мүмкіндік береді.

Салықтарды басқару жүйесі (СБЖ) – қазіргі техникалық құралдарды, жалпы алғанда салықтық жүйенің, сонымен қатар оның жеке құраушыларының координирленген әрекеттерінің жұмыс істеуі үшін салықтық реформаның бағдарламалық мақсаттары мен мәселелеріне сәйкес салықтық әкімшіліктің күштерін қолданумен қатар, осы жоғарыда аталғандарды қамтамасыз ету бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық, өзара байланысты шаралар кешені. Әсіресе, салықтық жүйенің жеке құраушылары бойынша:

- салықтар құрылымын оңтайландыру;
- салықтарды алу оның ұйымдастырылуын, салықтық есепті және есеп берушіліктің дұрыстығын тексеру механизмін жетілдіру;
- бір жағынан салықтарды есептеу дұрыстығын, олардың толықтығын және уақытында төленуін, салықтық қызметкерлердің заңмен бекітілген құқықтарының және міндеттерінің сақталуын бақылау, ал екінші жағынан салық төлеушілердің мүдделерін қорғау;
- салық салу процесінің барлық қатысушыларының салықтык қарым-қатынастарын жақсарту;
- әр деңгейдегі мемлекеттік басқарудың салықтық түсімдерді бюджеттер арасында бөлу;
- алынған нәтижелерді жинау және талдау.
- оның негізінде жалпы алғанда салықтық жүйені және жеке түрде салықтарды басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Салықтарды тікелей басқару негізінен елдің бүкіл территориясында бір ғана Бас салықтық әкімгер принциптері бойынша жұмыс істейтін, басқарылатын біркелкі салықтық әкімшілікпен іске асырылады.Салықтарды басқару қосалқы жүйесі салықтық жүйедегі басқарушылық өзара байланыстарды сипаттайды және оның негізгі элементтері ретінде басқару қосалқы жүйесін (басқару субъектісі) - өтпелі кезеңдегі төлеушілер және банктер қосалқы жүйелері түрінде, ал олар арқылы соңғы басқарылатын қосалқы жүйені - әсіресе салықтар түрінде қосады.

Басқарылатын қосалқы жүйенің дұрыс таңдалуының (олар өтпелі кезеңде басқарудың соңғы басқарылатын объектісі – салықтар қосалқы жүйесіне үшін басқарушыларға айналады) арнайы мәні бар олардың арнаулы көп жағдайда басқарушы жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын және функцияларын алдын ала анықтайды. Осылай, салықтарды басқару процесінде келесі салықтардың құрылысын (кері байланысын функциясын) жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасау үшін бюджетке белгілі бір уақыт аралығында салықтық төлемдердің түсу нәтижелерін жалпылау және қорытындылау қажеттілігі салықтық саясаттың арнайы қызметінің

болуына итермелейді.Салықтар шеңберіндегі басқарушылық шешімдердің сәтті іске асуы осы шешімдердің мазмұнының біркелкілігінің қамтамасыз етілуіне, шешімдердегі қажетті берілгендердің толық, нақты және жеткілікті көрсетілуіне, шешімдер сипатының рәсімделуіне, қойылған мәселелердің орындау мерзімділігіне, оның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, жауапкер орындаушылардың фамилиялары мен қызметін міндеттеріне толық тәуелді. Осындай шешімдердің қабылдануы үшін сәйкес орындаушы құжаты бар, шешімдердің орындаушы қадағалайтын көпжақты бақылаушы ұйым болуы қажет.

Салықтық реформаны басқару, оның жобасындағы қарастырылған бағдарламалық және мақсаттылық мәселелерді өмірге енгізілуінің мерзімді және экономикалық тиімділігі жағынан күрделі таксономиялық процесс ретінде заңмен, ұйымдастырушылық – техникалық, әкімшіліктік қамтамасыз етілуі, салықтарды жинау және тарату бойынша шығындарды минимумға келтіру, салық төлеушілердің құқықтарын қорғайтын және салықтық заңдардың талаптарының қадағалануы, жоғарыда келтірілген салықтарды басқару функцияларының ұйымдастырылуының кейбір мәселелерін қарастырайық.

Мемлекеттік басқару органдарының формальды құрылымына және іс жүзінде салық қызметін тұрақтыға айналдыру әрекеттеріне, дұрыс қаржы саясатынан, қаржы органдарының жалғандыққа бас бұруына тәуелсіз, осы органдардың артындағы дәл сол салық түсімдерін жоспарлау бойынша белгіленген қызметтермен Бас әкімгерінің мәртебесі дәл сол күйінде, кір тимей қалады. Сондықтан бұл жоспарлау мемлекеттік тапсырманы орындау үшін өзіне ғана емес, салық қызметкерлер марапаттау – жазалау жүйесі ретінде емес, елдің әлеуметтік - экономикалық дамуының бағдарламасын жоспарлау үшін анықталған мемлекеттік бағыттаушы ретінде болуы қажет. Практикада СБЖ ұйымдастырылуы жобасының жалпы алынған әдістерінен ең кең таралғаны – ұқсастық әдісі. Бұл әдіс салықтар алымында әлеуметті–экономикалық тиімділігі жоғарырақ және сипаты, қолдану талаптары мен шекаралары бойынша жобалаушы әдіске жақын, бар және жеткілікті түрде жасап көрінген немесе типтік ұйымдастырушылық қалыптарды қолдануға негізделеді.Осындай жағдайларда нақты жағдайларда қолданылған ұйымдастырушылық қалып (форма) оны жобалауда, есептеулерді енгізу кезіндегі қателердің жіберілуіне мүмкіндік жасайды. СБЖ–ні ұйымдастырудың типтік жобаларында мұндай мүмкіншілік жоқ. Бірақ осы ақырғы жобалар салықтардың әртүрлі құрылымдарында, әртүрлі жағдайларда тиімді қолданылады, егер, әрине бұл жобалар келесілерді қарастырса:

- прогрессивтілік және көпнұсқалылық;
- сәйкес келетін нұсқасын таңдап алу, қолдану жағынан икемділік;

Салық бюджет жүйесі жеке ережелерінің түзетілуі мен қолданылу процесінде оның ұйымдастырылуының белсенділігін арттыру мүмкіндігі болып салық органның салықтарды басқару бойынша жұмыстарының нақты талаптары ауытқығанда немесе қарастырылған типтік құрылымнан бұл жүйенің айырмашылығы көп жағдайларда түзетулерді енгізу мүмкіндігі табылады.

Қазіргі кезде салықтық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының «Бюджетке төленуге тиісті салықтар және тағы басқа міндетті төлемдер туралы» Заңымен және тағы басқа Қазақстан Республикасының нормативтік – құқық актілерімен реттеледі. Салықтық құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілікті Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық Бұзылушылық Кодекспен, ал өте үлкен көлемдегі салық төлеуден жалтару Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодекспен реттеледі.Экономикалық және құқықтық әдебиеттерде салық менеджментінің қажеттілігі тек салық заңдылықтарын сақаталуындағы дұрыс есептелінуі мен төленуін бақылау деген тұжырнама кеңінен таралған. Бұл көзқарастар

салық органдарының өздігінен шынайы әрекет жасамауына негізделінеді. Бақылауды ұйымдастырудың дамуы соңғы жылдары салық заңдарынан тұрақсыздығы салдарынан, салық комитеті жұмысын ұйымдастырудағы мәселелердің туындауынан,салық төлеушілердің салық жүйесіне деген теріс пиғыл әсерінен көп қиындықтарға тап болуда. Бұл салық менеджментін ұйымдастыру және әрекет ету барысында көрініс беруде. Сондықтан, қазіргі қоғамда салық түсімдерін басқарудың мағынасы, оның экономикалық және қоғамның әлеуметтік салаларына әсері туралы салыстырмалы түрде бірқатар ойларды түйіндеп, дәлелдеудің маңызы артып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Салық Кодексі 2018ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша.
2. Салық kz ресми сайты.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы Минстрлігінің Мемлекеттік Кірістер Департаментінің ресми сайты.

ӘОЖ 91.796.5 (574)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ЖАҒАЛАУЫНДА ІШКІ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ

Нұрланқызы Гүлнәзида, студент, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.
Ғылыми жетекшісі: Әбдірайымова Г.Қ., э.ғ.к.,доцент,
«Тұран – Астана» университеті, Астана қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде Каспий теңізі жағалауындағы ішкі туризмді дамыту қарастылады.

Түйінді сөздер: туризм, рухани жаңғыру, круиз, реформа.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған.Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласында ішкі туризм саласын дамытуға назар аударылды. Сондай-ақ, соңғы жылдары үкімет экономиканы шикізатқа тәуелділіктен арылтуға және қазынаны толтырудың басқа қайнар көздерін табуға құлық байқатып отыр. Оның негізгі бағыттарының бірі – туризм. Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар

елдер сапында [1]. Туризмнің дамуы мен оның бәсекеге қабілеттілігі төмендегідей факторлармен тікелей байланысты:

- ел экономикасының даму деңгейі;
- туроператорлардың өнімдері мен қызмет саласының дамуы;
- көлік және инфрақұрылым жағдайы;
- туризм саласындағы мемлекеттік саясат;
- тиімді маркетинг.

Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. 2018 жылғы қаңтар-маусым қорытындылары бойынша өткен жылмен салыстырғанда саяхатқа шығушылар 7,1%-ға (4968,8 адам), елімізге келушілер 21,8%-ға (4156,4 адам) және ішкі туризмдегі саяхаттаушылардың саны 7%-ға өсті (2419,8 мың адам болды) [2]. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ – Каспий теңізі. Еліміздегі туризм мәселесінде Еуропа мен Азияның ортасында орналасқан Каспий теңізі жағалауының алатын орны ерекше. Каспий теңізімен Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түркіменстан, Иран мемлекеттері шектеседі.Тарихи дамудың әр сатысында Каспий теңізі 70 түрлі атқа ие болды [3]. Көптеген жылдарды артқа тастаған қарт Каспий тарихы кез келген туристі қызықтырары әбден мүмкін. Каспий теңізі жағалауындағы Маңғыстау даланың керемет ландшафтарының барлық түрін, қарт Каспийдің көкшіл суы мен шексіз құмды жағажайын, көшпелі сәулет өнерінің жарқын да, қайталанбастай үлгілерін, қазақтың алғашқы қауымдық дәстүрлі мәдениетін өзіне сіңіріп алған.

Каспий теңізі жағалауында туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі – өлкенің экономикасын дамыту. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» атты әйгілі принципі баршаға таныс [4]. Әлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап Түйіндіі болып саналады. Бүгінгі таңда осы сала қызметін тұтынушылардың әлемдік нарығында облыстың туристік ресурстарын белсенді насихаттаудың аса өзекті мәселелерін қарастыру қажет.

Ең алдымен Каспий теңізі жағалауындағы туризм транспорттық жүйеден басталуы шарт. Бұған бірден бір мысал ретінде американдық психолог Абрахам Маслоудың «Қажеттіліктер пирамидасының» үшінші бөлігі болып табылатын қауіпсіздік немесе өмір сүру жағдайларының тұрақтылығы. Яғни саяхатқа шыққан кез келген турист жоспарланбаған транспорттық жүйенің әсерінен немесе қиғаш орналасқан жолдардан мезі болуы мүмкін.

Екіншіден, Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту. Өлкеде туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі круиз (кемеге отырып саяхат жасау) және желкенді қайық спортын ұйымдастыру болып табылады.

Үшіншіден, Каспий жағасындағы демалыс орындары ұмытылмайтын әсер қалдырады. Ашық аспан астында, теңіз жағалауындағы астрономиялық құралдар көмегімен аспан әлеміне саяхат жасау кез келген туристерге әсер берері хақ.

Төртіншіден, Каспий жағалауындағы киелі орындармен, мұражайлармен және т.б. мекендерді үш тілде таныстыру. Солардың бірі - Қарақия ойпаты. Қарақия ойпаты – әлемнің ең терең ойпаттарының бірі. Сонымен қатар Шопан ата, Масат ата, Қараман ата, Шақпақ-ата, Бекет-ата, Темір баба киелі орындары, Форт-Шевченко мұражай қалалары, Үстірттегі Бозжыра шыңы, Марс тәріздес Көкесем жері, Көкала үңгір тауы, Шоманай таулары, Түпқараған жазығы, Сұлтан-үпі сайы, Қаракөл көлі сияқты әлі сыры ашылмаған керемет жерлер жетерлік.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, жаңа жағдайдағы рухани жаңғыру баршамыздан жаһандық өзгерістерге және жаңашылдықтарға дайындықты және

ұмтылысты қажет етеді. Өйткені, біз айрықша серпінділікпен жылжып жатқан зымыран уақытта өмір сүрудеміз. Әлемге танымал американдық экономист Джон Коттер өткен ғасырдың 90-ы жылдары өзінің «Өзгерістердің алдында» атты кітабында бәсекелестерден ілгері болу үшін міндетті түрде өзгерістерді алдын-ала біліп, оны басқара білу қажеттілігін айтқан болатын. Аталған тезис біздің заманымызда да өзінің өзектілігін жойған жоқ.Еліміздің 2023 жылға дейінгі туристік саланы дамыту үшін бекітілген тұжырым-дамасына сүйене отырып Каспий жағалауында әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи мекендерді әлі де жетілдіріп, инфрақұрылымын дамыта түссе болашақта туристер қазіргіден де көп ағыла түсері даусыз.

Сондықтан, мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің әрбір азаматы бүкіл қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барша мемлекеттік органдар ағымдағы жағдайға талдау жасап, біздің қай жерде тұрғанымызды анықтап, әрбіріміздің не істеу керектігімізді жете ұғынуы керек.

Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын: Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Драчева Е.Л., Заваева Ю.В., Исмаев Д.К. «Экономика и организация туризма: международный туризм».
2. www.stat.gov.kz
3. Богданов Д.В. «Океаны и моря накануне XXI века»
4. www.akorda.kz

ӘОЖ 91.796.5 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ. МЫСАЛЫ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Нысан А.Е., Ш. Есенов атындағы КМТжИУ-інің магистранты, Ақтау қаласы
Ғылымы жетекшісі: Естурлиев А.И., Ш. Есенов атындағы КМТжИУ, Ақтау қаласы

Аннотация: Бұл мақалада Маңғыстау облысының Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметіндегі рөлі қарастырылған.

Түйінді сөздер: Сыртқы экономикалық қызмет, индустрияландыру, қаржыландыру, өңірлік өнім, әлеуметтік-экономикалық даму.

«Сыртқы экономикалық қызмет» − республиканың нарықтық экономикасын құру және қалыптастыру мақсатында материалдық және басқадай өндіріс саласында бірлескен кәсіпкерлік қызметі, республиканың әлемдік экономикаға ену, ең бастысы, республика халқының қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелері бойынша жүргізілетін қызмет.[1]

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатына қазіргі таңда үлкен көңіл бөлінуде. Өйткені елдің сыртқы экономикалық саясаты бізді былайша айтқанда, әлемге танытады, еліміздің әлемдік сахнадағы орнын анықтайды. Яғни сыртқы экономикалық саясат Қазақстанның әлемде алатын орнын анықтайды. Бұл дегеніміз өте маңызды іс-шара болып табылады.

Қазақстан Республикасының сыртқы-экономикалық қызметі (СЭҚ) – бұл республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторы. СЭҚ бюджеттің табысты бөлігін толықтырудың сенімді қайнары болып табылады.

Қазақстан Республикасының жүйелі түрде және мақсатқа бағытталған белсенді сыртқы экономикалық қызметінің жүзеге асырылуы экономиканың ашықтығына, халықаралық еңбек бөлінісінде толық құқықты қатысуына және әлемдік шаруашылық жүйесіндегі интеграциясына сүйенеді, тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ету стратегиялық жоспарының маңызды факторы ретінде шығады.

Қазақстанда сыртқы экономикалық байланыстарды табысты дамыту үшін қолайлы алғы шарттарын жасайтын шарттары бар. Оларға саяси тұрақтылық, үлкен табиғи байлықтар, дамыған өнеркәсіп, жеткілікті мамандырылған жұмыс күші, салыстырмалы түрде қолайлы геосаяси жағдай, сыртқы экономикалық байланыстарын дамуына шешуші факторы болып қалатын ТМД-ның көптеген елдерімен тармақталған шаруашылық байланыстары жатады. [2]

Маңғыстау облысының **аймақтық сыртқы экономикалық қызметі.** Облыстың экономикалық белсенділігі негізінен өңірдегі пайдалы қазбалардың көп болуына, соның ішінде мұнай және газ кен орындарының игерілуіне байланысты. Соңғы 20 жылдың ішінде Каспий теңізінде орналасқан көптеген ірі мұнай және газ кен орындары игеріле бастады.

Маңғыстау облысы Каспий теңізінің бойында орналасқандықтан және басқа елдермен шекаралас болғандықтан жүк тасымалдау қарқыны да жыл сайын өсіп келе жатыр. Облыста "Жер-Теңіз-Аспан" ықпалдастық жобасы да қарқынды дамып келе жатыр. [3]

Облыстың 2010 жыл қорытындысы бойынша экономикалқ даму көрсеткіштері:

- Жалпы аймақтық өнім - 1 422,9 млрд теңге (5 орын)
- Өндіріс өнімдерінің жалпы көлемі- 1647, 4 млрд теңге (2 орын)
- Ауылшаруашылығының өнімі - 4.4 млрд теңге (14 орын)
- Негізгі капиталға жасалған инвестиция - 372 млрд теңге (3 орын)
- Бөлшекті сауда көлемі - 78 млрд теңге (14 орын)

Кесте 1. Облыстың әлеуметтік экономикалық көрсеткіштерінің динамикасы

	2006	**2007**	**2008**	**2009**	**2010**
Жалпы аймақтық өнім, *(млн. теңге)*	593 994,0	756 591,8	1 095 816,2	1 108 520,5	1 484 848,4
Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, *(мың теңге)*	1 552,9	1 896,2	2 631,0	2 248,8	2 890,4
Жалпы өңірлік өнімдегі аймақтардың үлесі, (%)	5,8	5,9	6,8	6,5	6,8

Еліміздің мұнай өндіру индустриясын, инфрақұрылым және көлік-логистика әлеуетін дамыту ісінде Маңғыстау облысы ұлттық экономикаға елеулі үлес қосып отыр. «Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында ірі көлік-логистика орталығына айналып отыр. Мұнда әуе, автомобиль жолдары, темір жол, паром және теңіз көліктері желісі тоғысқан. Атап айтқанда, халықаралық әуежай, «Жезқазған–Бейнеу» және «Өзен–Түрікменстанның мемлекеттік шекарасы» темір жолдары, «Атырау–Ақтау» автомобиль жолы салынып, заманауи Ақтау теңіз порты және Құрық паром

кешені іске қосылды. Бұл жобалар өңір экономикасының дамуына тың серпін беретін болады.

Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысы жөніндегі есебінде биылғы 6 айдың қорытындысы бойынша облыс экономикасының өсу қарқыны тұрақты екенін айтты.

